Ликвидация ханской власти и дальнейшее втягивание Казахстана в общероссийское общественное устройство оказали существенное влияние на расширение исследований по истории края и его общественно-экономических особенностей русскими учеными и путешественниками. Важное значение имели экспедиции и исследования Г.С. Карелина, Б.Ф. Фон Генса, А.И. Шренка, Н.И. Ханькова, Я.И. Ханькова, П.И. Небольсина, А.И. Левшина, А.Н. Макшеева, М.И. Венюкова, К.П. Семенова-Тян-Шанского, А.Н. Бутакова и других ученых [1, 244 с.]. Результатами данных исследований стала более полная изученность физико-географических свойств Аральского и Каспийского морей, большое количество сведений о полезных ископаемых, обширное

познание в области флоры и фауны, широкое картографирование местности, ознакомление русской общественности с отдельными сторонами хозяйствования и быта казахского народа, использование транспортных коммуникаций, расширение торговых связей.

Во второй половине XIX века, в особенности после открытия Русского географического общества, началось всестороннее изучение районов Казахстана. Развитие естествознания дало возможность пересмотреть методику и содержание экспедиционных работ, что привело к комплексному изучению, как природных ресурсов, так и всех компонентов в целостную связь человека и природы. Труды Н.А. Северцова И.В. Мушкетова, И. Гейера, М. Мейера, М. Красовского и др. обобщали сведения о географии, экономическом и политическом положении Казахстана, обнародовали сведения об истории казахского народа [2, с.11] Специализация разнообразного круга исследований постепенно складывалась с деятельностью научных обществ и исследовательских учреждений. Данная работа проводилась в тесной связи с подчинением Казахстана царской администрации. Вследствие этого исследовательские интересы охватывали значительные районы юго-западного, западного, северного, центрального, северо-восточного, восточного и юго-восточного Казахстана, а отдельные маршруты пролегли в горные системы юга Казахстана.

В конце XIX – начале XX веков в ходе формирования еще более тесных связей Казахстана и России и в результате новых изменений в общественно-политической жизни России, исследование Казахстана проводилось преимущественно на больших пространствах внутренних районов и юга края. Специализация исследований приобретает более узкий и более глубокий характер анализа обширных сведений по отраслям знаний, поэтому в трудах РГО приводится большое количество статистических данных и расчетов, видовая систематизация и классификация по отдельным признакам и в то же самое время и интегрирование отдельных свойств. Основным методическим пособием для изучения общественно-экономического положения казахского народа были инструкции и программы. В этих документах деятели РГО в сжатом виде предлагали вопросы, на которые должны были ответить местные корреспонденты. Как правило, инструкции и программы проходили цензуру и в центре, и у местной администрации. Такому подходу способствовало и то, что представители бюрократии, будучи в нескольких научных обществах и принимая участие в работе административного аппарата, имели в своем распоряжении большое количество фактического материала. Оформление ответов соответствовало предлагаемым формам. В итоге отдельные данные, касающиеся в основном социального положения трудящихся, не в полной мере отражали фактическое положение дел. С другой стороны, представители интеллигенции стремились в своих публикациях на страницах изданий РГО проделать большую аналитическую работу в соответствии с приемами и методами, сложившимися в родственных научных обществах и учреждениях. Таковы, например, сбор и обработка статистических данных по сельскому хозяйству, промышленности, народонаселения. Расширенное внесение в работу РГО самых разных приемов и методов стало для общества одним из решающих условий в продолжительности его работы. Более систематизировано проводится анализ физико-географических и естественнонаучных проблем.

В собственно-географическом смысле в этот период происходит оформление основ физической и экономической географии, гидрографии, климатологии, почвоведения и других дисциплин. На основе большого количества данных, полученных экспедиционной и исследовательской практикой, сформировались новые представления в изучении земной поверхности, которые тесно связывались с практическими задачами освоения края.

Данные по Казахстану способствовали созданию предпосылок общего землеведения и ландшафтоведения [3, с.107]. Получила гражданственность природоохранение, которое впоследствии выросло в экологию. Изучение обширных пространств Казахстана



установило определенные закономерности земной поверхности – это систематизация зон в регионе, проявления во флоре и фауне и т.д. Основным принципом в их изучении были взаимосвязи и взаимодействие, переход от простейших описаний и сведений к выявлению общих закономерностей явлений, а также изучение данного явления в исторической последовательности. Зачастую эти принципы переносились на общество и тем самым, складывалась мозаика жизни края.

Интерес к коренному населению края, его жизни и быту был среди ученых и исследователей РГО одним из главных аспектов их деятельности. Экспедиции и отдельные исследователи края в своих поездках по краю опирались на знание природы казахов. Многие из них были проводниками и содействовали успешному проведению исследований. Они знакомили ученых с топонимикой, с названиями растений и животных, в результате чего эти сведения запечатлевались в картографических и других изданиях. Эти сведения свидетельствуют о представлениях и понятиях казахов об окружающем мире.

Вместе с тем, во второй половине XIX-начале XX веков появились корреспонденты РГО из числа образованных казахов. Выдающийся сын казахского народа Ч.Ч. Валиханов - первый казах, ставший членом РГО. Многогранная деятельность Ч.Ч. Валиханова получила широкое освещение в дореволюционной и советской печати. Вся короткая жизнь ученого проходила в тесной связи с Русским географическим обществом. Влияние РГО на Ч.Ч. Валиханова было огромно, между тем его мысли и деятельность были положены в основу глубокого исследования общественно-экономического положения казахов. Архивные документы неопровержимо свидетельствуют о том, что мысли Ч.Ч. Валиханова о кардинальном изменении всей административно - политической системы в Казахстане, стали убедительным доказательством необходимости изменения политического переустройства края. Ратуя за сохранение прежних ценностей традиционной культуры и демократических институтов обычного права казахов, Валиханов подверг резкой критике колониальную сущность административно-правовой реформы царского правительства. Он писал: «...Тот закон хорош для народа, который более ему известен, закон родной, под которым человек вырос и воспитывался, как бы закон этот ни был несовершенен, должен казаться ему лучше, понятнее и яснее самых мудрых законодательств, взятых извне или навязанных сверху» [4, л.56].

Наряду с этим мысли и деятельность Ч.Ч. Валиханова оказали большое влияние на корреспонденцию близких ему людей, описанных в трудах РГО в изучаемый период. После смерти ученого, его отец Чингиз Валиханов оказывал всяческое содействие последователям РГО, а дядя Ч.Ч. Валиханова – Муса Шорманов опубликовал заметки о казахах [5, с.1].

Другой выдающийся просветитель И. Алтынсарин в 70-ые годы опубликовал этнографические статьи «Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства» и «Очерк обычаев при похоронах и поминках у киргизов Оренбургского ведомства» [6, с.20]. В этих статьях он проследил влияние обычаев на социально-экономические отношения. И. Алтынсарин был членом-сотрудником РГО.

В последующий период в деятельности РГО принимали участие Т. Сейдалин, Б. Даулбаев, М.С. Бабаджанов, С. Джантюрин, М. Карабаев, Д. Беркимбаев, С. Нурмухамедов, А. Букейханов, Ш. Кудайбердыев и другие представители казахской интеллигенции.

В 70-80-е годы XIX века провели значительное изучение общественно-экономической жизни казахского народа: Д. Беркимбаев - по вопросам этносоциального положения казахов, С. Джантюрин - по изучению казахского фольклора, Б. Даулетов - по исследованию социально-экономического положения казахов Николаевского уезда, Т. Сейдалин - о развитии земледелия среди казахов, М.С.Бабаджанов - по этнографии казахов.



В начале XX века многие казахские интеллигенты активно включались в работу местных отделов РГО. Так, материальная поддержка и участие в заседаниях Семипалатинского подотдела была проведена со стороны Ш. Кудайбердыева – видного казахского писателя из окружения Абая [7, Л.10]. В том же подотделе напечатаны труды Я. Акпаева, А. Букейханова. А. Букейханов был одним из активных деятелей Западно-Сибирского отдела РГО и избирался членом Распорядительного комитета [8, Л.150]. С.Н.Нурмухамедов, М. Карабаев участвовали в проведении Всероссийской переписи 1897 года [9, с.45].

Практическая деятельность членов РГО в конце XIX – начале XX веков сочеталась с политической деятельностью. В этот период в большей степени, чем прежде, происходит размежевание реакционного и демократического направлений в деятельности РГО, участие членов из среды интеллигенции в политических партиях, а также использование РГО как трибуны для выражения своих взглядов. В конце XIX века изменился и Казахстан. Он становится многонациональным краем. Переплетение различных социально-экономических укладов, наличие различных сословий и классов породили и многообразие политических воззрений. В годы революции 1905-1907 гг. и после нее значительно активизировалась деятельность членов РГО в политической жизни края. Так в январе 1905 года Н.М. Сизов прочитал доклад, где явственно прозвучали мысли о свободе, а А. Букейханов поддержал общую мысль докладчика. Этот инцидент получил широкую огласку. Необходимо отметить активизацию А. Букейханова и Я. Акпаева в связи с высылкой последнего в Капал. В документах администрации края они обвинялись в сепаратизме. Политические взгляды членов РГО вырисовываются в их научных трудах, переписке, выступлениях.

Некоторые из них, начав с простых наблюдений, стали постоянными корреспондентами РГО, и выдающиеся просветители Ч.Ч. Валиханов, И. Алтынсарин, в свою очередь, оказали большое влияние на практическую деятельность РГО.

Важнейшей частью деятельности Общества была экспедиционная работа. «Мировую известность русской географической науке создали экспедиции, в большом числе организационные и проведенные Географическим Обществом» [10, с.8-7].

В целом, экспедиций по изучению природы Казахстана была снаряжено очень много, как со стороны центрального общества, так и со стороны местных отделов. Одна из крупных экспедиций общества – экспедиция П.И. Игнатьева и А.Н. Краснова на Тянь-Шань в район Хан - Тенгри. В 1884 году П.П. Семенов-Тянь-Шанский обратился к Г.А.Колпаковскому о необходимости изучения именно Хан-Тенгри и прилегающих районов [11, Л.2].

Для исследователей РГО было очень важно хорошо организовать экспедиции, оснастить их необходимыми приборами. Это одно из направлений в организационной деятельности РГО не получила еще должного оснащения в печати. А между тем, имея под руками точные и отлаженные приборы, исследователи могли составить более глубокое представление о происходящих процессах.

Большая работа была проведена экспедицией в составе Л.С. Берга, П.Г. Игнатьева, В.С. Ельпатыевского в 1898 году по изучению озер Западной Сибири и Северного Казахстана [12, с.62-68]. В результате перед географической наукой были поставлены новые вопросы о соотношении пресноводной и соленоводной фауны рачков в зависимости от минерализации, проблемы высыхания озер; прекращение самосадка солей; увеличение некоторых озер в засушливом климате и т.д. В 1899-1902 гг. была проведена знаменитая Аральская экспедиция под руководством Л.С. Берга. Аральская экспедиция была организована Туркестанским отделом РГО. Еще в конце 1897 года на заседании отдела была определена роль Аральского моря и необходимость его изучения. В целом экспедиционная деятельность в конце XIX – начале XX веков носила более или менее планомерный характер, имела свою программу, зачастую экспедиции отправлялись в те



районы, которые были не исследованы, или мало исследованы. В результате этих экспедиций был собран обширный фактический материал, который из фрагментов, т.е. результатов экспедиций, стал превращаться в единое целое по мере накопления фактов и исследовательской деятельности ученых.

Другим важным направлением работы Общества было заслушивание докладов и сообщений на заседаниях, которые предусматривались уставом 1849 года. Краткое изложение доклада, как правило, печаталось в отчетах Общества, а полное содержание – как статья. На заседаниях вместе с устным изложением доклада происходило обсуждение его основных положений. Кроме докладов научного содержания, на заседаниях рассматривались самые различные вопросы внутренней жизни Общества. Как правило, все вопросы проходили тщательное обсуждение, и решение принималось на основе всестороннего рассмотрения. Поэтому многие доклады и сообщения являются ценными историческими источниками. В связи с тем, что доклады и сообщения проходили непосредственное обсуждение, возрастала роль руководителей Общества, отделов, комиссии. В исследуемом вопросе доклады и сообщения о Казахстане получили широкое распространение и интерес, так как они увязывались с освоением края, с ростом его значения. Иллюстрацией данного положения служит доклад В.А. Остафьева о колонизации степных областей, прочитанный в декабре 1892 года на заседании Западно-Сибирского отдела РГО, и его обсуждение, где заметна роль Г.Е. Катанаева как крупного администратора края. «Г.Е. Катанаев, в качестве председательствующего, заявил, что так как настоящее заседание назначено для обмена мнениями по поводу доклада, прочитанного в общем собрании 14 декабря действительным членом В.А. Остафьевым и ввиду желательности важного всестороннего выяснения вопросов, затронутых докладом, им помечены четыре вопроса, которые, по его словам, обнимают все главные положения доклада. Вопросы эти следующие: 1. Так ли шатки и противоречивы, как утверждает докладчик, сведения о Западной Сибири и Киргизской степи, что ими нельзя пользоваться даже для общих соображений с колонизации этих стран. 2. Настолько ли существенно необходимо знание тех географо-экономических деталей, о которых говорит докладчик, что отсутствие их можно было бы считать препятствием для колонизации страны даже в тех скромных размерах, в которых это проводилось до настоящего времени. 3. Насколько в настоящее время важен для колонизации Киргизской степи, в частности, в Западной Сибири вообще вопрос о степени плодородия и большой или меньшей быстроты истощаемости почвы этой страны. 4. Не может ли Западно-Сибирский отдел принять посильное участие в решении этого вопроса и какое именно» [13, Л.29]. В дальнейшем эти вопросы Г.Е. Катанаева получили самое широкое распространение на практике, а сам автор в 1903 г. в Омске выпустил книгу «Киргизский вопрос в Сибирском казачьем войске».

В начале XX века на заседании того же Западно-Сибирского отдела от 24 марта 1911г. был прочитан доклад Д.П. Севастьянова «Некоторые данные о древностях Атбасарского уезда», на обсуждении которого было высказано следующее: «Покровитель отдела спросил и о минеральных богатствах у докладчика, последний сказал: - Край богат особенно медью, для эксплуатации минеральных богатств организуется крупная иностранная кампания». По мнению покровителя отдела, Омск и Степной край имеют блестящее будущее, поэтому необходимо строительство учебных заведений, и т.д. Другим важным условием для развития края является устройство путей сообщения. Правительство решило провести Южную Сибирскую железную дорогу и соединить ее с существующей. В заключении покровитель отдела выразил пожелание, чтобы для эксплуатации этих богатств края пришли русские люди с русскими капиталами» [14, с.32].

Таким образом, доклады и сообщения Русского Географического общества имели очень большое значение для изучения края.

Суммируя вышеизложенное, можно сделать следующие выводы: научно-организационная работа РГО имела большое значение в изучении природы, окружающей среды, истории Казахстана. Являясь доступным для многих интеллигентов на местах, оно способствовало вовлечению их в дело освоения края. Такое положение общества определялось его структурой, организационной и научной деятельностью.

В работе общества проявились демократические и реакционные тенденции, которые были свойственны и характеру общественной жизни края, при этом определенное и благотворное влияние общество оказывало на рост сознания среди казахского населения и подъем его культуры.

Будучи одним из первых научных учреждений на территории Казахстана, РГО заложило основы подлинных научных исследований в крае, что определило затем успешное развитие науки и культуры в годы Советской власти. Разнообразная научная деятельность РГО по изучению Казахстана в конце XIX – начале XX века носила в целом прогрессивный, демократический характер.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Бейсенова А.С. Исследования природы Казахстана. – Алма-Ата. – Казахстан, 1979. – 244 с.
- 2 История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В 5 томах. Т.3. – А., 2001.
- 3 Есаков В.А. Теоретические проблемы физической географии в России XIX - начала XX вв. - М., 1987. – С.107.
- 4 ЦГА РК Ф.345. – Оп.1. – Д.1412. – Л.188-189, 236,237; Д. 1579. – Л.56; Д.807. – Л.39.
- 5 Потанин Г.Н., Валиханов Ч.Ч.. Иллюстрированное приложение к газете «Сибирская жизнь». – 1903. - №133. – С.1.
- 6 Ильминский Н. Воспоминания об Алтынсарине. - Казань, 1891. – С.20.
- 7 ЦГА РК Ф.460. – Оп.1. – Д.26. – Л. 10.
- 8 ГАОО Ф.86. – Оп.1. – Д. 115. – Л. 159.
- 9 Записки ЗСОРГО. Кн.1. – Омск.- 1879. – С.45.
- 10 Калесник С.В. Научно-организационная деятельность Географического общества и ее главные формы. // Географическое Общество за 125 лет. - Л., 1970. – С.8-9.
- 11 ЦГА РК Ф.64. – Оп.1. – Д.2871. – Л.2. – 2 об.
- 12 Берг Л.С., Игнатов П.Г. Соленые озера Селеты-Денгиз, Теке и Кызыл-Как Омского уезда // Записки Западно-Сибирского отдела РГО. – Кн. 28. – Омск. - 1901. – С.62-98.
- 13 ГАОО Ф.86. – Оп.1. – Д.29. – Л.29.
- 14 Отчет за 1885-1886 гг. // Записки Западно-Сибирского отдела РГО. – Кн. 8. – Омск, 1886. – С.32.

### ТҮЙІН

Мақалада мұрағат және әдебиет көздерін талдау негізінде Қазақстан территориясындағы Орыс Географиялық қоғамының ғылыми қызметінің аспектілері қарастырылған.

### RESUME

In the article on the basis of an analysis of a complex of archival and literary sources there are disclosed aspects of the scientific activities of the Russian Geographical Society on the territory of Kazakhstan.



### **Г.Т. Каженова**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті,  
тар. ғыл. канд., доцент

### **А.А. Шапкенов**

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау  
мемлекеттік университеті,  
гум. ғыл. магистрі

## **Солтүстік Қазақстандағы демографиялық ахуалдың ерекшеліктері**

### **Аннотация**

Мақала Қазақстанның солтүстік облыстарындағы демографиялық ахуалдың ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Статистикалық деректерге сараптама жасай отырып, авторлар ХХ ғасырдың аяғы – ХХІ ғасырдың басындағы Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі халық санының азаюының себептері мен оның әлеуметтік-экономикалық салдарын қарастырған. Қазақстанның солтүстігіндегі демографиялық жағдайды жақсартудың бірқатар жолдары ұсынылған.

*Түйін сөздер:* демографиялық ахуал, этнос, эмиграция, иммиграция, көші-қон, солтүстік облыстар, этникалық қазақтар.

Қазақстандағы демографиялық жағдай үкіметтік деңгейде бірнеше рет өзекті мәселе ретінде көтерілген болатын. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік демографиялық саясатының тұжырымдамасында» «демографиялық саясат елдің ұлттық қауіпсіздігінің жетекші басымдықтары қатарына шығарылғаны» көрсетілген. Оның алға қойған мақсаты «демографиялық процестердегі жағымсыз тенденцияларды жою, құлдырап азаюды болдырмау, ел дамуының ұзақ мерзімді стратегиясына сәйкес халықтың сандық және сапалық өсуін қамтамасыз ету» [1].

Соңғы жылдары Қазақстанда халық санының өсімі байқалады. БҰҰ-дың жасаған болжамына сәйкес 2050 жылға қарай Қазақстанда халық саны 4 миллионға көбейіп, 21 миллион адамнан асуы тиіс [2]. Дегенмен басқа да болжамдар бар. Бүкіләлемдік Банк мамандарының болжамы бойынша, Қазақстан халқы орта мерзімді және ұзақ мерзімді болашақта азаюы мүмкін: елдегі халық саны 2030 жылға қарай 14,5 млн адамға, ал 2050 жылға қарай 12,6 млн. адамға азаяды деп күтілуде [3, 14-19]. Осылайша, Қазақстандағы демографиялық ахуалға қатысты әртүрлі көзқарастар бар, бірақ Солтүстік Қазақстанның халық саны азайып бара жатқаны жөнінде мамандар бірыңғай пікір ұстануда. Бұл жағдай мемлекеттің ұлттық және экономикалық қауіпсіздігіне кері әсерін тигізеді.

Қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстандағы демографиялық ахуалдың өзіндік ерекшеліктері бар. XVIII-XIX ғасырларда басталған славяндар иммиграциясының кеңес дәуірінде жалғасуы нәтижесінде қазақтар өз жерінде азшылыққа айналды. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы репрессиялар, күштеп ұжымдастыру мен аштық халықтың үлкен трагедиясына айналып, соның салдарынан Қазақстандағы 6,2 млн. халықтың 2,1 миллионы ажал құшты, миллионнан астам қазақ Қытайға, Моңғолияға, Үндістанға, Ауғанстанға, Иран мен Түркияға қоныс аударды [4]. 1932-33 жылдары аштықтан Шығыс Қазақстанмен қатар Солтүстік Қазақстан да басқа аймақтармен салыстырғанда қатты зардап шекті. Қазақтардың саны екі еседен астам азайып (52,3%), олар саны жағынан аймақтағы екінші этносқа айналды [5]. Сонымен бірге, РКФСР мен УКСР-дан ішкі миграция есебінен орыс халқының үлесі бірден артып, ол тың игеру кезінде өзінің шарықтау шегіне жетті. 1959 жылы республикада қазақтардың үлес салмағы 30%-ға дейін азайып, 1990-шы жылдарға дейін едәуір төмен деңгейде қалды [6, 396].

1960-шы жылдардың соңында қазақ халқының демографиялық дамуында бетбұрыс кезеңі болып, қазақтардың жалпы санының өсуі басталды. Бірақ, соған қарамастан, 1989 жылғы санақ бойынша республиканың ұлттық құрылымындағы қазақтардың үлесі 39,1%, орыстардікі - 37,8%, украиндардікі - 5,4%, қалғанын басқа ұлттар құрады. Дегенмен, Қазақстанның солтүстік аймақтарында қазақтар айтарлықтай аз қоныстанды. Қазақтардың саны Солтүстік Қазақстан облысында - 18,6%, Шығыс Қазақстан облысында - 27,2%, Көкшетау облысында - 28,9%, Павлодар облысында - 28,5% және Қостанай облысында - 22,9% құрады [7]. Осыған байланысты, кейбір ресейлік саясаткерлердің тарапынан солтүстік өңірлерге қатысты аумақтық көз алартушылық байқалды (А. Солженицын, Э.Лимонов, В. Жириновский) [8].

1991 жылдан бастап Қазақстандағы орыстардың үлес салмағы Ресейге қоныс аудару есебінен қарқынды түрде қысқаруда. Ал қазақтардың үлесі ішкі миграция мен оралмандардың қайта оралуы нәтижесінде арта бастады. 2014 жылғы 1 қаңтардағы санақ бойынша Қазақстанда 17,16 млн халық тұрды. Қазақстанда тұратын қазақтардың жалпы үлесі 65,5% жетті. Осымен қатар, ел ішіндегі орыстардың саны 40,8% дейін төмендеді [7]. Алайда, орыс тілді халықтардың шетелге көптеп кетуін есепке алғанның өзінде, Солтүстік Қазақстанның барлық облыстарында дерлік қазақтардың үлесі халықтың жартысына да жетпейді. Бұл жөнінде солтүстік облыстардың ұлттық құрамы бойынша 2014 жылғы келесі мәліметтер көрсетеді. Ақмола облысында қазақтар – 49,2%, орыстар - 34,5%, украиндар - 4,7% құрады. Сәйкесінше, Павлодар облысында – 49,8%, 37,3%, 4,8%, Қостанай облысында – 38,8%, 42,1%, 8,9%, Солтүстік Қазақстан облысында – 34,2%, 49,9%, 4,5% [7].

Соңғы он жыл ішінде Қазақстанның халқы 14,95 миллионнан 17,28 миллионға дейін өсті. Республика халқының жалпы санының өсуіне қарамастан, Қазақстанның солтүстік облыстардағы халық санының азаюы жалғасуда. Осы он жылда (2014 жылғы мәліметтер) Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының саны 100 мыңнан астам адамға, ал 1999 жылдан бері - 152 мың адамға азайған. Осыған байланысты, айта кетерлік өткір мәселенің бірі - еліміздің солтүстігінде бала тууды арттыру болып табылады. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысында зерттеу жүргізілген 660 отбасының 55%-нда бір ғана баладан болса, 41,2%-да екі баладан бар екен. Белгілі демограф Мақаш Тәтімұлының айтуынша, халық санының шын мәнінде өсуі әр отбасында төрт баладан болған кезде ғана басталмақ. Жанұядағы екі бала ата-анасының орнын басады, үшінші бала әр түрлі ауруларға, жол апаттары мен соғыс жағдайына ұшырауы мүмкін, тек төртінші бала ғана халық өсіміне өз үлесін қосады [7].

Қазақстан өңірлерінің ішінде халық саны ең азы Солтүстік Қазақстан облысы болып отыр. Соңғы статистикалық мәліметтерге сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысының халық саны 2014 жылғы қаңтар-маусым аралығында 0,3% азайып, 574 329 адамды құрады. Айта кетерлігі, бұл өңірдегі халық санының азаюы бірнеше жыл қатарынан жалғасуда, осы





уақыт ішінде оны халқы едәуір аз Маңғыстау және Атырау облыстары қуып жетті. Қазақстанның өзге де солтүстік облыстарындағы демографиялық көрсеткіштер көңіл толарлық емес. Мәселен, Ақмола облысының халқы 2004 жылдың басында 748,9 мың адамды құраса, 2014 жылдың ортасында 735,6 мың адамға дейін кеміген. Осы жылдар ішінде Қостанай облысының халқы 913,4 мыңнан 881 мыңға дейін, Шығыс Қазақстан облысының халқы 1,455 млн нан 1,394 млн ға дейін азайды. Павлодар облысының халық саны 2004 жылдан бастап небәрі 8,8 мың адамға көбейіп, 754,1 мың адамға жетті. Айта кетерлігі, орыс тілді халықтың көшіп кету қарқыны 1990-шы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай төмендеген, мәселен, 1994 жылы Қазақстаннан жарты миллионнан астам адам көшіп кеткен болатын. Сарапшы мамандар еліміздің солтүстігі біртіндеп бос қалып жатқанын айтып дабыл қағуда [7].

Сарапшылардың айтуынша, Қазақстан әлемдегі халық аз қоныстанған елдердің қатарында қалып отыр. 2009 жылғы 1 қаңтарда республика бойынша халық санының тығыздығы бір шаршы километрге небәрі 5,6 адамды құраған [9]. Осындай кең-байтақ территорияда халық санының азаюы ең алдымен мемлекеттің аумақтық тұтастығына қауіп туғызады, ал келешекте демографиялық жағдайы неғұрлым жақсы көршілес мемлекеттер тарапынан территориялық дау-дамай объектісіне айналуы мүмкін. 1991 жылдан бастап солтүстіктегі жеті облыста орыс халқының сандық жағынан басым болуын, оның ішінде бес облыстың Ресеймен шекаралас жатуын Қазақстан өкіметі мемлекеттің аумақтық тұтастығына қауіп ретінде қабылдай бастады [10]. Осыған жол бермеу мақсатында бірқатар ірі көлемді шаралар атқарылды, атап айтқанда, республиканың астанасы Алматыдан солтүстік өңірге, Астана (бұрынғы Ақмола, Целиноград) қаласына ауыстырылды, солтүстік облыстарының әкімшілік-аумақтық бөлінісі өзгертілді, сондай-ақ ТМД елдері мен алыс шетелдердегі қазақтар осы өңірлерге көшірілді.

1990-шы жылдардың екінші жартысында жүргізілген әкімшілік бөлу реформасының барысында орыс тұрғындары басым облыстар «қазақ» облыстарымен біріктірілген болатын. Атап айтқанда, Шығыс Қазақстан облысы Семей облысымен, Қарағанды облысы Жезқазған облысымен біріктірілді, Көкшетау облысының аумағы Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарына, ал Торғай облысының аумағы Ақмола мен Қостанай облыстарына бөлініп берілді [11].

Халықтың жалпы санының азаюы жағдайында мемлекеттің қауіпсіздігіне бірқатар басқа да қауіп-қатерлер туындайды. Мәселен, Қорғаныс министрлігінде әскери бөлімдер мен құрамаларды сарбаздармен, оның ішінде сан жағынан ғана емес, сапа жағынан да жасақтауда белгілі бір қиындықтар туындауы мүмкін және ол болашақта елдің қорғаныс қабілеттілігінің әлсіреуіне әкеледі. Көріп отырғанымыздай, мемлекеттің демографиялық қауіпсіздігі – ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі ретінде өзекті мемлекеттік міндетке айналып отыр.

Демографиялық мәселенің қиындауы елдің экономикалық қауіпсіздігіне де қатер төндіреді. Бала туу көрсеткішінің төмен деңгейі халықтың демографиялық қартаюына әкеп соғады. Бүгінгі күні сарапшылардың есептеуінше, бұл мәселе қазіргі заманның басты сұрақтарының бірі болып отыр. Егер халықтың жалпы саны азаятын болса, онда еңбекке қабілетті жастағы халықтың саны да әлдеқайда жылдам қарқынмен кеме түседі. БҰҰ сарапшыларының топтастыруы бойынша, егер 65 және одан үлкен жастағы адамдардың үлес салмағы ел халқының 4%-ын құрайтын болса, онда мемлекеттің халқы жас, егер 4-тен 7% дейін болса - қартаюдың алдында тұр, ал егер 7% және одан жоғары болса - қартайған деп есептеледі [12, 193]. БҰҰ-дың берген бағасына сәйкес, Қазақстан «қартайған» мемлекеттердің қатарына жатқызылады. Егер 1996 жылы Қазақстандағы 65-69 жастағы тұрғындар саны барлық халықтың 3,1%-ын құраса, 2007 жылғы бұл көрсеткіш 7,8% жетті [13].

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ақпараттық-талдау орталығының мамандары 2018



жылға дейін еңбекке жарамды жастағы халықтың өсу қарқыны алдыңғы жылдармен салыстырғанда едәуір төмен болады деген қорытындыға келді [14]. Мұндай жағдай еңбекке қабілетті тұрғындарға демографиялық салмақты арттырады және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы бірқатар жағымсыз құбылыстарды туындатуы мүмкін.

Қазақстандағы демографиялық мәселенің жағымсыз салдарының тағы бір мысалы ретінде білікті мамандардың сыртқа қоныс аударуы мен арнайы кәсіби мамандығы жоқ адамдардың көптеп келуін атауға болады. Соңғы төрт жылдың ішінде жоғары білімді эмигранттардың саны иммигранттардың санынан 65% асып түсті. Сарапшылардың айтуынша, уақыт өте келе Қазақстанда жұмыс қолының жетіспеушілігі арта түспек, өйткені Қазақстан Республикасы дамуы қолайлы және демографиялық жағынан бала саны аз елдердің қатарына жатады [15]. Елімізде бүгінгі күннің өзінде еңбек ресурстары мен кәсіби дайындығы бар мамандардың жетіспеушілігі байқалады. Әсіресе, жас әрі болашағы зор мамандардың Қазақстаннан кетуі қауіпті болып табылады. Бұл көріністің ел экономикасына кері әсері - Қазақстанның өркендеуіне үлес қоса алатын, неғұрлым белсенді және білімді адамдардың азаюына әкеледі. Бұл шығындарға мемлекеттің елден кетуге шешім қабылдаған әр азаматы үшін балабақшада тәрбиелеуден бастап жоғарғы оқу орнында оқытуға дейін жұмсаған қаржысы да жатады.

Демографиялық мәселені шешу кезіндегі маңызды міндет – «ақылдылардың кетуін» тоқтату, өйткені бұл құбылыстың республика экономикасы үшін ұзақ мерзімді жағымсыз салдары бар. «Ақылдылардың кетуі» экономиканың көптеген салаларында білікті мамандардың жетіспеушілігін тудырады. Осыған байланысты, мемлекеттің сыртқа кеткен мамандардың орнына жаңадан мамандар дайындауға, елімізге көшіп келген, мамандығы жоқ адамдарды кәсіби оқыту мен қайта даярлауға жұмсайтын шығыны көбейіп отыр. Көп жылғы зерттеулердің нәтижелері көрсетіп отырғандай, сыртқы миграцияның басты себебі, жоғары жалақысы бар жұмыс орнын іздеу сияқты экономикалық мәселе болып табылады. Жастардың білім алуы, кәсіби деңгейде өсуі мен өзін-өзі танытуы үшін шын мәнінде барлығына бірдей мүмкіндіктер жасалуы тиіс.

1991-2008 жж. аралығында халықаралық көші-қон бойынша республикадан 3 331,1 мың эмигрант қоныс аударған және 1 294,5 мың иммигрант көшіп келген. Халықтың көші-қонының теріс сальдосы осы кезеңде 2 036,6 мың адамды құрады [3]. 1991 жылы тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Қазақстан шетелде тұратын этникалық қазақтарды тарихи отанына қайтару саясатын жүргізе бастады. Этникалық қазақтардың көшіп келуіне көмектесу, олардың тиімді қоныстануы мен бейімделуіне жағдай жасау мемлекеттік көші-қон саясатының негізгі бағытына айналды. Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтері бойынша, 1991 жылдан бастап Қазақстанға 944 тыңнан астам оралмандар келген, олар жалпы халық санының 5,5%-ын құрайды [7]. Солтүстік аймақтарда ТМД мен алыс шетелдерден келген репатриант қазақтардың басым бөлігі орналастырылды. 1991-1996 жж. 44,7% қазақ отбасылары Қарағанды, Павлодар, Көкшетау және Семей облыстарына қоныстандырылды [16, 42-48]. Алайда, осыған қарамастан, солтүстік өңірдің бос қалуы жалғаса берді. Мұның себебі, оралмандар уақыт өте келе өмір сүруге неғұрлым қолайлы өңірлерге қоныс аударды. Олардың 60%-ға дейін басым бөлігі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Маңғыстау облыстарына, дәл осы өңірлерде еңбек ресурстарының артылып жатуына және халық санының көптігіне қарамастан, осы төрт облысқа шоғырланды. Сонымен бірге, елге келушілердің негізгі ағымы елдің ең ауқатты қалалары - Астана мен Алматы қалаларына көшіп баруға тырысады.

2011 жылы Қазақстан Республикасында «Халықтың көші-қоны туралы» жаңа заң қабылданды, онда оралмандарға төленетін жәрдемақының олардың қоныстану аймағына қарай жіктелген көлемі қарастырылған, базалық жүктемеге қосымша коэффициенттер бекітілген. Атап айтқанда, еліміздің солтүстік өңіріне келген оралман отбасылары оңтүстік аймаққа келгендерге қарағанда жәрдемақыны 2,4 есе көп алуға тиіс болады [17]. Қазақстан үкіметінің 2014 жылғы 15 мамырдағы қаулысына сәйкес этникалық қазақтарды



Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарына қоныстандыру туралы шешім қабылданды. 2014 жылғы 6 тамыздағы үкіметтің кеңейтілген отырысының барысында Президент Н. Ә. Назарбаев мемлекеттік көмек тек республиканың солтүстік, батыс, шығыс және орталық аймақтарына тұрақты өмір сүру үшін көшіп келген оралмандарға ғана берілуі тиіс екендігін атап көрсетті [18].

Осыған байланысты, мемлекет, Қазақстанның солтүстігіндегі демографиялық мәселені шешу үшін, қабылданған миграциялық саясатты нақты ұстануы тиіс. Солтүстік аймаққа оралмандардың және ел ішінде қоныс аударушылардың көшіп-қонуын әрдайым басты назарда ұстаған жөн. Қазақстандық жоғары оқу орындарын бітірген жас мамандардың елдің солтүстік өңіріне, әсіресе, ауылдық жерлерге көптеп тартып, оларға материалдық қолдау беретін бағдарламаны қабылдау керек. Сонымен бірге, халқы тығыз орналасқан және еңбек ресурстары жетіп артылатын оңтүстік өңірлерге қарағанда, солтүстік өңірге келетін жас мамандардың айлық жалақысына үстеме ақша қосу арқылы оларды ынталандыруға болады. Мысалы, Маңғыстау облысында Қазақстан бойынша ең жоғары жалақы болса, ал Солтүстік Қазақстанға келушілерді еліміздегі ең төменгі жалақылардың бірі, ұзақ әрі аязды қыс, соған сәйкес қысқы жылы киім мен отынға жұмсалатын қосымша шығындар күтіп тұрады.

Еліміздің халық санын көбейту мәселесін шешудің бір жолы - бала тууды ынталандыру болып табылады. Солтүстік облыстардың көптеген тұрғындары ресейлік телеарналарды көретіндіктен және Ресей азаматтарымен жиі араласып тұратындықтан, олар көрші ел тұрғындарының өмір салтына жақын болып келеді. Олар қазақстандық өкіметтен отбасындағы екінші және үшінші баланы қолдау бойынша Ресейдегі сияқты шараларды, яғни кірістерден тыс, едәуір жоғары мөлшердегі аналық капиталдың төленуін күтуі мүмкін. Ресейде екінші балаға төленетін аналық капитал шамамен 12 мың АҚШ долларын құрайды, оны ипотекаға, білім алуға немесе басқа қажеттіліктер үшін жұмсауға болады. Сонымен бірге, Ресей Федерациясында үшінші бала туылған отбасыларға жеке меншік тұрғын үй салуға 10 сотық жер телімін беру мүмкіндігі бар. Ал Қазақстанда бір реткі жәрдемақы мөлшері тек төртінші бала туылғаннан кейін ғана айтарлықтай өседі. Көріп отырғанымыздай, екінші баланың өмірге келуі мүлдем ынталандырылмайды, ал мемлекет сәбиді күтуге арнап ең төмен мөлшерде жәрдемақы төлейді. Салыстыру үшін сәби үш жасқа толғанға дейін оны күтуге арналған жәрдемақы төленетін Өзбекстанды да атауға болады.

Өз үйінің болмауы немесе баспана жағдайының нашарлығы көптеген отбасылар үшін балаларының санын көбейтуге мүмкіндік бермей, бір бала туумен ғана шектелуге әкеледі. Қазақстандық балабақшаларға орналасу үшін ұзақ уақыт кезекте тұру, жоғары оқу орындарында оқыту ақысының қымбаттығы да бала тууды ынталандырмайтынын атап көрсеткен жөн. Осыған байланысты, ең аз дегенде солтүстік өңірлер үшін, ал ең жақсысы, жалпы ел бойынша, сәби күтіміне арналған жәрдемақы мөлшерін едәуір өсіру қажет деген ұсыныс жасауға болады. Сондай-ақ, солтүстік өңірлерде екінші баладан бастап төленетін жәрдемақы мөлшерін бірнеше есе арттыру керек.

Сонымен бірге, ресейлік сарапшылардың пікіріне де назар аударған жөн, олардың айтуынша, материалдық фактордың маңызы тым асырып көрсетілген және үкіметтің демографиялық саясатының аналық капиталға баса назар аударуы елдің демографиялық әлеуетін көтеруге соншалықты әсер етпейді. Ресейде өмір сүру деңгейі төмен аймақтарда бала туу деңгейінің жоғары екендігі байқалады. Олар бала тууға қоғамның идеялық-рухани жағдайы мен халықтың психологиялық жай-күйі айтарлықтай әсер етеді деп есептейді. Орыс және басқа да православиелік халықтардың идеялық-рухани жағдайының құлдырауын құндылықтар дағдарысы, кеш некелесу, ажырасудың көбеюі, маскүнемдік, нашақорлық және басқа да келеңсіздіктер түрінде көреді. Дегенмен, баланың дүниеге келуіне байланысты отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайларын жақсартудың

қажеттілігін теріске шығаруға болмайды. Сондықтан, ел өкіметіне бала туу процесін материалдық ынталандыру өте қажет.

Қарастырылған мәселелер шешімін тапқан жағдайда, алдағы уақытта Қазақстан халқының санының табиғи өсімінің артуына қол жеткізуге болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасы мемлекеттік демографиялық саясатының тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 тамыздағы № 1272 Қаулысы.
- 2 Демографические перспективы Казахстана // URL: <http://yvision.kz/post/362413/#>
- 3 Шокаманов Ю.К. Оценка демографического развития Казахстана до 2050 года // АльПари. – 2006. - № 1. - С.14-19.
- 4 Абжанов Х.М. Голод начала 30-х годов XX века в Казахстане: Преступление и Наказание // Date Views 20. 09. 2015 // URL: <http://www.tarih-begalinka.kz/ru/timetravel/page3265/>;
- 5 Алексеенко А.Н. Демографические последствия голода в Казахстане начала 1930-х годов (оценка потерь казахского этноса) // <http://demoscope.ru/weekly/2003/0101/analit02.php>
- 6 Масанов Н. Э., Абылхожин Ж. Б., Ерофеева И. В. и др. История Казахстана. Народы и культуры. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 608 с.
- 7 Мамышев Ж. Как обустроить Северный Казахстан // Информационно-правовой портал. 14.08.2014 // URL: <http://www.abiyev.kz/11192-oblast-bezlyudya.html>
- 8 Последует ли за Крымом север Казахстана? // URL: <https://kapital.kz/gosudarstvo/27716/posleduet-li-za-krymom-sever-kazahstana.html>
- 9 Шокаманов Ю.К. Демографическое развитие Казахстана: состояние и перспективы // URL: <http://ia-centr.ru/expert/3879/>
- 10 Мустафаев Н.И. Социально-политическая ситуация в Восточном Казахстане. 19.03.2002 // Казахстанский институт стратегических исследований при президенте РК // URL: <http://kisi.kz/ru/categories/politicheskaya-modernizaciya/posts/social-no-politicheskaya-situaciya-v-vostochnom-kazahst>
- 11 Панарин С. Русскоязычные у внешних границ России // Диаспоры. - 1999. - № 2-3.
- 12 Социальная политика в постсоциалистическом обществе: задачи, противоречия, механизмы / А. В. Кашепов, К. И. Миккульский, В. Матвиенко и др. - Москва: Наука, 2001. – 646 с.
- 13 Жанатаева У.К. Демографическая ситуация в Республике Казахстан: проблемы и пути их решения // URL: [http://enu.kz/repository/repository2012/demograficheskaya\\_situacia.pdf](http://enu.kz/repository/repository2012/demograficheskaya_situacia.pdf)
- 14 В ближайшие годы в Казахстане уменьшится прирост населения трудоспособного возраста // Капитал. 2015. 12 июня.
- 15 Квалифицированные казахстанцы уезжают из страны // Tengri News/ 2014. 12 ноября // URL: [http://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/kvalifitsirovannyie-kazahstantsyi-uezjayut-iz-stranyi-265079/](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kvalifitsirovannyie-kazahstantsyi-uezjayut-iz-stranyi-265079/)
- 16 Садовская Е.Ю. Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы. - Алма-Ата, 2001. – 259 с.
- 17 Ибраева А.С., Есетова С.К. Некоторые теоретические и практические проблемы правового регулирования репатриации в Республике Казахстан // URL: <http://nlib.library.kz/elib/library.kz/journal/Ibraeva%20Esetova0513.pdf>
- 18 Государство должно помогать только тем оралманам, которые едут на север, запад, восток и в центр Казахстана – Назарбаев // Информационно-правовой портал



Abiyev.kz 2014. 7 августа // URL: <http://www.abiyev.kz/11132-gosudarstvo-dolzhno-pomogat-tolko-tem-oralmanam-kotorye-edut-na-sever-zapad-vostok-i-v-centr-kazahstana-nazarbaev.html>

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматриваются особенности демографической ситуации в северных областях Казахстана, а также причины уменьшения численности населения и его социально-экономические последствия в данном регионе страны в конце XX – начале XXI вв.

### **RESUME**

The authors of this article discuss the features of the demographic situation in the Northern regions of Kazakhstan, as well as the causes of the decrease of population and its socio-economic consequences in this region of the country in the late XX<sup>th</sup> – early XXI<sup>st</sup> century.

### Аннотация

Мақалада авторлар Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бергі жылдардағы кино өндірісінің даму ерекшеліктеріне талдау жасаған. Сонымен қатар қазақ кинематографиясының дамуы мәселесін посткеңестік кезеңдегі Орталық Азияның бірқатар мемлекеттерімен салыстырмалы тұрғыда зерттеп, әлемдік киноөндірістегі орнын айқындаған. Қазақ кино өнерінің даму ерекшеліктерін талдай келе, оның дамуы – Ресей, Орталық Азия және алыс шетел мемлекеттеріндегі киноөндірісімен байланысты деген қорытындыға келген. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдардағы қазақ киносы бірнеше батыл қадамдар жасады және қазіргі таңда дамудың позитивтік жолында деген баға берілген. Соңғы жиырма жыл көлемінде қазақ киносы танымастай өзгерді. Сондықтан да, қазақ кинематографиясының тарихын, қалыптасуын, дамуын зерттеу қазіргі заман талабына сай және оларды тыңғылықты зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі деп көрсетеді. «Жаңа толқын киносы» кезеңін авторлар шебер талдау арқылы оқырманға жеткізеді.

*Түйін сөздер:* кинематография, фильмдер, қазақ киносы, өнер, мәдениет.

### М.С. Амрина

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,  
тар. ғыл. канд., аға оқытушы

### З.Е. Колумбаева

«Тұран-Астана» университеті,  
тар. ғыл. канд., профессор

## Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ ұлттық кино өнерінің дамуы (1991-2010 жж.)

Кеңес үкіметі дәуірінің кезеңі өтіп, жаңа қоғам орнаған тұста кино өнері саласында да жаңа нарықпен қосарлана келген көп жаңалықтың бірі - жеке шығармашылық кино бірлестіктердің құрыла бастауы. Бұл - ұлттық кино өндірісіміздің сапасы мен сандық деңгейіне тікелей әсер етті. 1990 жылдар тұсын ұлттық киномыздың әлемдік деңгейге көтерілген аса бір нәтижелі кезеңі ретінде жоғары бағалауға болады. Бұл жылдары «Жаңа толқын» режиссерлерінің фильмдерінің көпшілігі әлемдік деңгейдегі дәрежелі халықаралық кинофорумдар мен фестивальдарға қатыса бастады. Токио, Сан-Франциско, Турин, Стамбул, Париж, Бонн, София, Пекин, Вена, Брюссель, Будапешт, Карловы Вары, Москва және тағы басқа да бірқатар қалаларда қазақ киносының күндері





өтті. Әлем біздің киномызды таныды. Көріп қана қоймады, аса жоғары бағалап, қазақ киносының өзіндік ерекшеліктерін мойындай бастады. Бельгия, Франция, Австрия, Ұлыбритания сияқты зор қуатты киноиндустриясы бар мемлекеттер ендігі жерде жаңа инвестиция тұрғысынан қазақ киносына бет бұрды. 2001 жылы Нант қаласында (Франция) ұйымдастырылған «Үш континент фестивалінде» қазақ киносының фильмдері бойынша арнайы бағдарлама өтті [1, 95].

Қазақ киносының даму тарихында өндірістік нәтиже (сандық көрсеткіш тұрғысында) және киношығармалардың мазмұндық тереңдігі (сапалық көрсеткіші) жағынан да алып қарар болсақ, өрлеу жылдары мен тоқырау кезеңдері үнемі алмасып отырғаны белгілі. Бұл сипат қазақ киносының аталып отырған казіргі жағдайына да тән құбылыс болып отыр.

1990 жылдар тұсында жеке киностудиялардың саны шамамен 30-ға жетті. Бұл киностудиялар мен кинобірлестіктердің экономикалық мүмкіндіктері әзірге тек шағын бюджеттік авторлық фильмдер өндірісі төңірегінде ғана еді, сол себептен де осы жылдары экранға көптеп шығып жатқан фильмдердің біразы аз да болса мемлекет тарапынан да қосымша қаржыландырылып отырды. Мемлекеттік қаражат және жеке киностудиялар бірлестігі нәтижесінде 1990 жылы 14 көркем туынды экранға шықты (12 фильм жеке киностудиялар үлесінде, ал екі фильм мемлекет тарапынан қаржыландырылды). 1991 жыл көлемінде экранға 18 көркемсуретті фильм шыққан болса, оның тең жартысы жеке киностудиялардың үлесінде. Бұдан былайғы жылдарда да жеке киностудиялар өндірісі мемлекеттік қаржыландырулармен тепе-теңдікте болды, тіпті кей тұстарда басымырақ болды деуге дәлел бар: 1992 жылғы 12 толық метражды көркемсуретті фильмдердің ішінде 10 фильм, ал 1993 жылы экранға шыққан 15 көркемсуретті фильмнің ішінде 13 фильм жеке киностудиялардың үлесінде. Қоғамдағы экономикалық қатынастардың өзгеруі Қазақстан кино өндірісіне тоқырау кезеңін әкелді [2, 152].

1991-1997 жж. тәуелсіздіктің алғашқы жылдары отандық кинематография үшін маңызды жылдар болды. Бұл ең алдымен посткеңестік комплекстер мен постотарлық синдромдарды құрту кезеңі болды.

Бұл кезеңнің картиналарында кеңестік биліктің орнауы туралы шындық айтылған. Көп жылдар бойы ресми кеңестік идеология айтылмаған, ұжымдастыру кезеңіндегі, Ұлы Отан соғысы, сталиндік репрессия жылдарындағы барлық фактілер осы кезеңнің ең жақсы деген тақырыптарында көрініс тапқан. «Суржекей - ангел смерти», «Жизнеописание юного аккордеониста», «Людоед» фильмдерінде Орталық Азия аймағы халықтарының кеңестік замандағы қайғылы жағдайлары бірінші рет көрсетілген [3, 41].

Тарихи әділеттілікті де қайта қалпына келтіруге ерекше көңіл бөлінді. Кеңестік кинематографиялық тарихнаманың жетпісжылдығынан кейін Қазақстанның кинематографистеріне өздерінің елдері мен аймақтарының тарихындағы маңызды деген тарихи тұлғалары туралы айтуға мүмкіндік туды, сонымен қатар тарихтың өзгерісті кезеңдері туралы айтуға үлкен мүмкіндік туындады. Мұндай міндетті «Гибель Отрара», «Батыр Баян», «Юные годы Абая», «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу», «Юность Жамбыла» және т.б. фильмдерін құрастырушылар алға қойған еді.

Бұл жылдары ұлттық сәйкестілікті іздестіру белсенді түрде жүрді, сондықтан қашу, шексіз жол, Жерұйықты іздеу сарындары көптеп кездесті («Путешествие в никуда», «Айналайын»). Туған үйді сезіну әлі де әлсіз, сондықтан картинаның аты да – «Где твой дом, улитка?», «Квартирант», «Шанхай». Отбасының қалыптасу процесі көрсетілген бірде-бір картина жоқ. Керісінше, әлі де отбасыны бұзу тақырыбы кездеседі. Әсіресе «Голубиный звонарь», «Разлучница», «Сон во сне» фильмдерінде [2, 152].

Фильмдердің бір бөлігінде кеңестік биліктің соңғы жылдарындағы оқиғалар мен көңіл-күй көрініс тапқан, ол жерде тоталитаризмнің алауыздығы, билігі мен құлауы айқын көрінген – «Любовники декабря», «Аллажар», «Последние каникулы».

Әсіресе осы кезеңде кинематографияда ұлтшылдық пен космополитизм, гибридтілік пен түпнұсқалылық идеялары арасындағы шығармашылық даулар анық көрінеді. Режиссерлердің бір бөлігі картиналарда қайта құру рухындағы фильмдерді түсірсе, екінші бөлігі ұлттық түпнұсқалылық ортаны белсенді түрде қалыптастыра бастайды.

Картиналар өз заманының рухы мен көңіл-күйін көрсетеді. Жалпы алғанда, әр кезеңдегі фильмдерде Қазақстанның 1990 жылдар басындағы тәуелсіздік алуы, 1997-1998жж. шешілмеген әлеуметтік және экономикалық мәселелерден туындаған күйзеліске дейін байқалады. Бұл күйзеліс максималды деңгейде Дарежан Өмірбаевтың «Киллер» фильмінде көрініс тапқан, ол 1998 жылы Канн кинофестивалында «Особый взгляд» бағдарламасының бас жүлдесін жеңіп алған [4, 72].

90-жылдардың екінші жартысынан бастап басқа бағыт басталады – әрбір режиссер мәдени өз тағдырын шешудің жеке өзіндік бағдарын қармалап табуға тырысады. 1998 жылдан бастап қазақстандық кинематографияда, киноларда жағымды құндылықтарды орнатуға деген айқын бұрылыс байқалады, жалпы қоғамдағы жағдайдың тұрақтануы және отбасының қалыптасуы көріністері фильмдерде орын ала бастайды. Сірә, бұл неге дәл 1998 жылы біздің еліміздің жанаша тарихындағы өзгерісті кезеңі болғанын түсіндіруге экономистер мен социологтердің алдындағы міндет. Бірақ, кинематографияда бұл Орталық Азия аймағындағы барлық бес елде бір уақытта тегіс орын алды. Бұған куә – заманауи шындықтың оң бағасын теріске өзгертетін белгілі картиналардың пайда болуы. Қазақстанда бұл фильмдер Серік Апрымовтың «Ақсуат» фильмі, Қырғызстанда - Актан Абдыкалыковтың «Бешкемпир» фильмі, Тәжікстанда - Джамшет Усмоновтың «Повет пчелы», Өзбекстанда - Юсуп Разыковтың «Оратор» фильмі. Тек Түркіменстанның киносы ғана мұнда қосылмайды, бұл елде Керим Аннановтың «Роваят» картинасы жарыққа шығады [5, 73], бұл жерде, керісінше, қоғамның басты ұясы ретінде отбасының құлауы көрсетілген.

Жаңаша заманның фильмдерінде айтарлықтай өзгерістер туындалды:

1. Үй мен отбасының жағымды бейнелері қалыптаса бастады. Бір қызығы, барлық негізгі оқиға қаладан дәстүрлі кеңістік – ауыл мен қыстаққа ауысқан. Ғасырлар бойғы халықтың ғұрыптық өмірі мен салт-дәстүріне сүйене отырып, режиссерлер дәстүрлі мәдениеттің ерекше әлемін қайта жаңғырта бастады. Фильмдерде бірнеше ұрпақтардан тұратын – әжелер мен аталар, немерелер мен шөберелер бар үйлесімді отбасылар пайда бола бастады [6, 68]. Мұндай фильмдерді түсініп қабылдай бастады, сонымен бірге, ақыры біздің шынайы өміріміз бен менталитетімізді көрсететін фильмдер түсіріле бастады. Бұған таң қалатын ештеңе жоқ, себебі отбасы қоғамның негізгі әлеуметтік капиталы болған және болып қала береді, әсіресе, бізде, Орталық Азияда.

2. Алайда, толық үйлесімділікке жетуге әлі алыс. Кинематографиядағы көрініс тапқан қоғам өмірінің айқын индикаторы – бақытсыз балалардың бейнелері. Фильмдерде біз тағдыры ауыр балаларды көреміз, әсіресе, қазақ киносында. С.Апрымовтың «Три брата», Р.Кимнің «Подсолнухи», А.Каракуловтың «Жылама!» фильмдерінде балалар қаза болады, бұл режиссерлердің халықтың болашағы жоқтығы ойларын көрсетеді [6, 68]. Әкесіз, анасыз толық емес отбасында өмір сүріп жатқан балалар бейнеленген картиналар әлі де көп. Әсіресе, бұл қарастырылып отырған кезеңдегі өзбек және тәжік киноларында қатты байқалады. Тастандылар мен асырап алынғандар сарыны күштірек. «Шиза», «Охотник» фильмдерінің кейіпкерлері осындай. Бұның бәрі, болашақтың бұлыңғырлығын және болашақты құруға деген ұмтылыстың жоқтығын көрсетеді.

3. Егер 1991-1998 жылдар аралығында қазақстандық, Орталық Азиялық кинематографтан ана бейнесі толық жоғалып кетсе, 1998 жылы өзгерістер кезеңі туады. Экрандарда біздің ділімізде маңызды Отан нышаны ретінде ана бейнесі қайта шыға бастайды. Қазақстанда бұл картина Болат Шәріптің «Заманай», Қырғызстанда - Актан Абдыкалыковтың «Бешкемпир» мен Марат Сарулудың «Мандала», Түркіменстанда - Халмамед К. Жабаевтың «Тоба» картинасы, Өзбекстанда - Юсуп Разыковтың «Танец



мужчин», Тәжікстанда Джамшет Усмоновтың «Ангел на правом плече» картиналары [7, 26].

4. 1998 жылдан басталған қазақстандық кинематографиядағы ең маңызды өзгеріс – әке бейнесінің өзгеруі. Ол да біртіндеп жүзеге асырылады: өгей әкенің жоқтығы, кейін әлсіз әке пайда болады, ақырында, күшті әке. Тәуелсіздік заманындағы картиналарда ескі кеңестік жүйенің өзі ретінде әке әлсіз, сыртқы әсерге қарсы тұра алмайтын, алқаш немесе өгей әке етіп көрсетіледі. Дегенмен, жасөспірім ұлдар өте күшті және бұл – жаңа мемлекеттіліктің құрылуының көрсеткіші. Бұл жағынан алғанда, С.Апрымовтың «Охотник» фильміндегі әкенің бейнесі тұжырымдамалық түрде маңызды. Күшті, бір жағынан атақты, тіпті мифтік әкенің бейнеленуі ұлттың ұлттық сана сезімінің қалыптасуындағы сандық нүктесі деп санауға болады. Бір қызығы, күшті әкенің бейнесі 2004 жылдан кейін ғана шыға бастады, және де қазақ, өзбек фильмдерінде басымырақ болды [8, 48]. 1998-2007 жж. Орталық Азия киносының жаңаша тарихы үшін ең қызықты және ұлттық сана сезімді құрудағы жемісті кезең болды. Алдағы кезеңдер посткеңестік комплекстер мен посттоталитарлық синдромдарды құрту, кең кинокеңістікті меңгеру, өтпелі кезеңді сынаумен сипатталды деп айтуға болады. Тек 1998 жылдан кейін кинематографистер өмір шындығының түрлі қырларына қарсы тұрып қана қоймай, кинематографияда жаңа шынайылықты қалыптастыруға және ол шынайы өмірдің үлгі тұтатын затына айналатындай жасауға тырыса бастаған ұлттық сана сезімді құрудың үрдісін жолға қойды.

Қазақстан кинематографиясын Орталық Азия аймағының басқа елдерімен салыстырар болсақ, бұл елдер бойынша мәліметтерді Г.Абикееваның «Национальное строительство в Казахстане и других странах Центральной Азии, и как этот процесс отражается в кинематографе» еңбегінен көруімізге болады.

Қырғыз киносында соңғы жылдары ұлттың бейнесі шегі кеңейтілген отбасы ретінде қалыптасуда. «Бешкемпир», «Бекет», «Саратан» фильмдеріндегі қоғам моделі осындай. Мұндай модельдің саналы және санасыз құрастырылуының әбден қисыны бар: Қырғызстан – халық аз тұратын, кішкентай территориясы бар ел. Бірақ, мұндай амал ұлттық сәйкестіліктің нығаюы мен қалыптасуына күшті серпін береді: бір тіл, бір салт-дәстүр, бір мәдени кейіпкерлер, бір дүниетаным. Мұнымен қоса, фильмдерде өзіне және өз халқына деген көзқарасқа келгенде белгілі бір халықтық әзіл мен мысқыл байқалады, бұл мүмкін болатын шектен тыс ынтаны алып тастайды [5, 112].

Егер жалпы киноүрдіс туралы айтатын болсақ, онда қырғыз кинематографистерінің арасында Орталық Азияның басқа елдеріне қарағанда ұйымшылдық, елдің кинематографын сапалы басқа деңгейге көтеру ықыластары байқалады.

Қырғызстанда тәуелсіздік жылдары оннан астам толықметражды фильмдер жасалды. Осы картиналардың әрбірі ұлттық қырғыз мәдениетіне айтарлықтай үлес қосып, елдің шетелдерде таныстырылуында маңызды рөл атқарады. Осы жерде кинематографиялық қоғаммен мойындалған кино саласы дамуының бірінші стратегиясы – «Программа 10+» пайда болды [5, 112].

Қырғыз кинематографистері мемлекеттік бюджеттен кино саласын қаржыландырудың жоқтығына қарамастан, кинематографты сақтап қана қоймай, кино әлемінде азиаттық кинематографияның жаңа имиджін құрастырды. Кинематографистердің киноларда жағымды бейнелерді жасауда ғана емес, жалпы кино саласы құрылымының жасалуындағы белсенді қызметтері алдағы уақытта өзінің оң жемісін береді деп ойлаймыз. Қырғызстанның кинематографы посткеңестік кеңістік шеңберіндегі жарқын құбылыс болып қана қоймай, Еуропа мен Азияның арт-хаустық кинематографындағы жарқын құбылысқа айналады.

Тәжік киносы тәуелсіз мемлекет тарихындағы қиын жылдарда – Азаматтық соғыс жылдарында аяғына нық тұра алды. Шындығында, ол эмиграция жағдайында аман қалды. Көптеген кинематографистер елден кетіп қалды, осының арқасында, олардың кейбірі

шетелдік продюссерлердің қаржыларына фильмдер түсіре алды, оның ішінде халықаралық кинофестивальдарда жетістікке жеткендері де бар.

Негізінен екі режиссер - Бахтияр Худойназаров пен Джамшет Усмонов – тәуелсіздік жылдарында тәжік киносының имиджін қалыптастырды.

Бахтияр Худойназаровтың фильмдерінен «Братан» картинасындағы индивид портретінен, «Кош ба кош» лентасындағы жас отбасының қалыптасуынан, «Лунный папа» картинасындағы ұлт пен халықтың ойынан нақты қозғалысты көреміз. Бірінші картинада замандардың құлауы көрсетілген – «қайта құру» кезеңі, екіншісінде – Тәжікстандағы азамат соғысы, ал үшіншісінде – сандырақ пен бейберекетсіздікке толы соғыстан кейінгі кезең [5, 137].

Өтпелі кезеңнің көрінісі болып табылатын Б.Худойназаров пен Д.Усмоновтың фильмдерінде қашу мен тәжік қоғамы өмірінің жетілмеуі сарындары басым келеді. Мұндай көңіл-күй тек елдің ішінде түсірілген жас режиссерлердің фильмдері пайда болған соң ғана кинематографта өзгерді. Мұндай өзгерістер соңғы 2-3 жылда «Статуя любви», «Овора», «Махди» фильмдері шыққаннан соң байқалды, бірақ олар кәсіптік және шеберлік жағынан елден тыс жерде өзінің әріптестері түсірген фильмдерден төмен, оларда ұлттың қайта өркендеуіне деген сенім мен үміт көбірек көрінеді. Бұл картиналардағы басты кейіпкерлер – балалар.

Сонымен бірге Қырғызстанда да, Тәжікстанда да жастардың жоғары белсенділігі байқалады, бірақ жастар мен кинематографистердің аға буын өкілдерімен күшті байланыс жоқ. 2005 жылы Тәжікстан үкіметімен ұлттық кинематографияны қолдау туралы Қаулы қабылданғаны үлкен үміт тудырады. Бірақ, жастардың жобаларын қолдайтын С.Хакдодов пен С.Рахимов жетекшілігіндегі ООО «Киносервис» сияқты ұйымдардың, жеке меншік киностудиялардың, ынталы киномектептер мен бірлестіктердің дамуы маңызды [5, 138].

Егер үкіметтің қаулысынан кейін «Тәжікфильм» киностудиясының материалды-техникалық базасының әрі қарай дамуы жүргізілсе, онда 5-7 жылдан кейін Тәжікстанда тәжік киносының үлкен серпілісін күтуге болады, себебі, елдің жас кинематографистерінің жеткілікті жоғары шығармашылық мүмкіндіктері бар.

Өзбек кинематографиясының даму моделі Орталық Азия елдерінен өзгеше. Бұл жерде кино саласында күшті мемлекеттік саясат жұмыс жасайды, кино саласының техникалық дамуына үлкен қаражаттар бөлінеді, жыл сайын 10-12 толықметражды фильмдер шығарылады. Қазақстандық моделге қарағанда кинопрокат кино өндірісімен тығыз байланыста, сондықтан өзбек фильмдері ешқандай қиындықсыз кинотеатрларда прокатқа шығарылады және көрермендер отандық фильмдерге қызығушылықпен барады. Елдің демографиялық өсім көрсеткіші жоғары, халық санының көптігі, мемлекеттік тілді дамыту облысындағы саясат ұлттық кинематографтың дамуына жақсы жағдай жасайды. 2004 жылы наурызда ӨР Президентінің «Кинематография саласында басқаруды жетілдіру туралы» кезекті Бұйрығы шықты, бұл шығарылатын картиналардың санын өсіруге септігін тигізді [5, 204]. Фильмдердің саны өсуде және ол ішкі нарықта ынтамен қабылдануда, дегенмен, халықаралық фестивальдарда алға ұмтылыс, жетістік байқалмайды. Бұған ең алдымен себеп – басқарушылық қана емес, эстетикалық ескі кинематографиялық жүйенің жігерсіздігі.

Өзбекстанда кинопроцесс ескі кеңес киносы сызбасымен құрылуда деп айтуға болады. Фильмдер көбінесе «Өзбек-фильм» мемлекеттік студиясында түсіріледі, киноөндірісті тақырыптық-жанрлық жоспарлануы және цензура көрінеді. Өзбек фильмдерінде соңғы жылдарда кинематографты шектен тыс идеологиялау тенденциясы анық байқалады. Егер Зулфикар Мусаковтың «Мальчики в небе» диалогиясында бұл тенденция мүлдем байқалмаса – жай ғана заманауи Өзбекстан көрсетіледі, жастар шетелге кетпей өз отандарында тұрғысы келетін патриоттық сезімдері байқалса, ал режиссердың соңғы картинасы «Родинада» идеологиялық асыра сілтеушілік сезіледі [5, 204].





Елдегі жағымды имиджсіз жас мемлекеттің ұлттық құрылысын жасау мүмкін емес. Бұл жағынан келгенде өзбек кинематографистері бұрыннан ешқандай кедергісіз жұмыс істеуде: соңғы жылдардағы фильмдерден Жапония мен Америкада өз кәсіптерін ашқан өзбек кәсіпкерлерін көруге болады, ал екінші бір картинада өзбектер айға қонуда және т.б. Бұл америкалық, голливудтық амал, бізге қазақстандықтарға көршілерімізден үлгі алып, жағымды сюжетті және кейіпкерлі заманауи тақырыптағы фильмдер түсіру қажет сияқты [5, 205].

Жоғарыдағыларды ескере отырып, өзбек киносы прокаттық саясат арқасында кинематография саласында аймақта көшбасшы болуға үлкен мүмкіндіктері бар деп айтуға болады. Олардың фильмдері елде үлкен сұранысқа ие.

Бүгінгі таңда қазақ киносы аймақта көшбасшы. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдарда киноны мемлекет қаржыландырды. Қазақстанда «Көшпенділер» атты үлкен жоба жасалынды. Мемлекеттік киностудия «Қазақфильммен» қатар, жеке меншік продюсерлік орталықтар жұмыс істеуде және онда ауқымды кино өнімдер («Тюльпан», «Рэкетир», «Айнур», «Монгол», «Ближний бой», т.б.) шығарылуда [9, 120].

Жаңа толқын режиссерлері арқасында қазіргі уақытта Қазақстан кинематографы кино әлемінде өз орны бар және халықаралық белді кинофестивальдерге қатысып, жүлделі орындар алуда.

Алайда соңғы жылдардағы жеке көзқарасы мен шығармашылықта өз орны бар режиссерлердің кинематографтан кету тенденциясы орын алуда. Серик Апрымов Америкаға кетті, Абай Карпыков, Бахыт Килибаев, Александр Баранов Ресей кинематографының беделін арттырып, Мәскеуде жұмыс істеп және сонда өмір сүруде.

Қазақстан киноөндірісі құбылмалы түрде дамып жатыр деп айтуға болады: ойластырылған тақырыптық жоспар жоқ, тарихи және заманауи фильмдер арақатынасы тепе-тең емес, жоспарлы фестивальдік және көрермендік жетістіктер, жанрлық әртүрлілік және т.б. Сондықтан Қазақстан кинематографының ұлттық құрылыс элементі жоқ, тек «Көшпенділер» фильмі республика имиджі үшін жақсы әсер етті.

Басқа маңызды мәселе – қазақстандық фильмдер көрермендерге жетпейді, себетке немесе есеп үшін түсірілуде. Әрі кетсе, кинофестивальдерге қатысады. Бұл үрдіс киноөндірісті мемлекет қаржыландырады, ал фильмді прокатқа шығару жеке меншік қолда, және бұл үрдістер мемлекеттік деңгейде үйлестірілген. Осылайша, Орталық Азия аймағында қазақ киносы жетекші орынға ие және әлемдік қауымдастықта белгілі қызығушылық тудыруда [10, 254].

Қазақстан кино өндірісінің қалыптасуы мен дамуы, кино өндіріс қайраткерлерінің шығармашылық өсімі белгілі қиындықтармен қатар жүрді. Бұл қиындықтар қазақ киносының бастапқы кезеңінде, ол өзінің дәстүрі, өзіндік жазуы, ал жұмыскерлердің тәжірибесі болмаған кезеңде ерекше байқалды. Сондықтан Қазақстан кинематографистерінің алғашқы қадамдары өте жасық және сенімсіз болды. Оған кино өнерін зерттеп, спецификасын игеруге біраз уақыт, білім қажет болды. Қазақ киносы қайраткерлеріне жұмыста жетістікке жетіп және ұлттық кино өнердің дамуын қамтамасыз ету үшін әрдайым шығармашылық ізденіс жүргізу қажет болды. Қорытынды – сабақ және тәжірибе, бұл екеуінсіз өнерде, одан басқа да жұмыста да, алға жылжу мүмкін емес.

Әрине, жақсы немес жаман болжамдар жасауға болады, бірақ бізді позитивті даму жолы күтіп тұр деген ойдамыз. Алайда ол үшін кинематограф бизнес заңымен, мемлекеттік тапсырыс емес, жұмыс жасап, жас, келешегі мықты кинематографистерге көңіл бөлген жөн.

Қорытындылай келе, қазақ киносының құрылу мен даму үрдісі айтарлықтай дәрежеде ресейлік, Орталық Азия мемлекеттері және алыс шетел киноөндірісімен байланысты екендігін ашып көрсеткіміз келеді. Алайда қазақ киносының қалыптасуы мен дамуы барысында шығармашылық кадрлар да өсті: режиссерлер, операторлар,



суретшілер, дыбыс операторлары, өндірісті керемет ұйымдастырушылар: директорлар мен көріністі ұйымдастырушылар және т.б.

Сонымен, Қазақстанда және әлемнің басқа да мемлекеттері мойындаған ұлттық өнердің қиын, әрі жаңа түрін жасау, кино маманын және елеулі фильмдерді шығарып, даярлау қазақ кинематографиясы үшін маңызды.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Киноискусство советского Казахстана. – Алматы: Өнер, 1994. - 106 б.
- 2 Киноискусство Казахстана. - Алма-Ата: Өнер, 1992. - 323 б.
- 3 Кино Казахстана: Киносправочник. – Алматы: Жібек жолы, 2000. - 392 б.
- 4 Айнагулова К., Алимбаева К. Тенденции развития киноискусства Казахстана. - Алма-Ата: Ғылым, 1990. - 158 б.
- 5 Абикеева Г. Национальное строительство в Казахстане и других странах Центральной Азии, и как этот процесс отражается в кинематографе. - Алматы: Ғылым, 2006. - 308 б.
- 6 Ногербек Б. Кино Казахстана: быть или не быть? // Нива. - 2001. - № 3. - 68-79 бб.
- 7 Ногербек Б. Кино Казахстана. - Алматы: НПЦ, 1998. – 116 б.
- 8 Наурызбекова Г. Қазақ киноөндірісінің жаңа толқыны // Өмір. – 2004. - № 4. – 48-50 бб.
- 9 Ногербек Б.Р. Тернистый путь кинематографии // Нива. – 2005. - № 2. - 120-128 бб.
- 10 Ногербек Б.Р., Наурызбекова Г. Қ., Мұқышева Н.Р. Қазақ киносының тарихы. – Алматы: ИздатМаркет, 2005. - 288 б.

### РЕЗЮМЕ

В данной статье авторы комплексно исследовали особенности и специфику развития кинопроизводства в независимом Казахстане. В то же время, проведен сравнительный анализ кинематографии стран Центральной Азии и Казахстана, определена их роль в мировой киноиндустрии.

### RESUME

In this article the authors investigated the complex features and specific development of film making in the independent Kazakhstan. At the same time, a comparative analysis of cinematography of Central Asia and Kazakhstan determined the role in the global film industry.



### **А.Г. Шабамбаева**

Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті,  
PhD докторанты

### **З.О. Дукенбаева**

Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті,  
тар. ғыл. д-ры, профессор

## **Фарабитанудың көшбастаушы ғұлама ғалымы А.Ж. әл-Машани**

### **Аннотация**

Мақалада А.Ж. әл-Машанидің ортағасырлық ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің есімін оның тарихи отанына қайтарғандығын мұрағаттық құжаттар негізінде ғылыми дәлелдермен қарастырылады.

Ақжан Жақсыбекұлы өзінің саналы ғұмырын ұлы ғалымның әмбебап еңбектерін зерттеуге арнады, сол арқылы ұрпағына бай мұра қалдырды. Әл-Фарабидің мұрасы – қазақ халқының ұлттық құндылығы болғандықтан, ғұлама ғалым әл-Фарабидің мұрасына терең бойлап, ғылыми дәлелдерімен бүгінгі ұрпағына бай мұра қалдырды.

*Түйін сөздер:* ислам өркениеті, әл-Фараби, А.Ж. әл-Машани.

Тамырын тереңнен тартқан қазақ халқының алмағайып замандарда жер бетінен жоғалып кетпей, іргелі ел, жоралы жұрт қалпын, дінін сақтап қалғаны – оның еркіндікке ұмтылған ерік-жігерінің, асқақ рухының, отансүйгіш иманы мен ибалылығының арқасы. Еліміз егемендігін алып, дінімен, дәстүрімен қайта қауышты. Біз дін мен дәстүрді даналықпен үйлестіріп, өнегелі өмір сүрген халықпыз. Бұл – бабаларымыздан келе жатқан сара жол. Ислам өркениеті қазақ халқына Отырар, Сайрам, Түркістан, Өзкент, Сығанақ, Тараз, Баласағұн және т.б. білім һәм үлкен мәдениет ордалары мен талай ғұлама ғалымдарды, танымал теологтер мен шайырларды берді. Ислам қайнарынан сусындаған ондай кемеңгерлер ғылым мен білімді дамытуға барынша үлес қосты. Дүниежүзілік философия тарихында Шығыстағы Көне Қытай, Үнді, Парсы елдерінде пайда болған философиялық көзқарастардан тыс орта ғасырларда дүниеге келіп, өзінің ерекше болмысымен тарихта танылған Орта Азия мен Қазақстан елдеріндегі философиялық ой-пікірлерді айтуға болады. Мұсылмандық Шығысты зерттеумен айналысқан тарихи-философиялық және мәдениет танымдық еңбектерге қарағанда, ислам әлемінің

ойшылдары ерте грек ғылымы философиясымен қатар, Алдыңғы Азия, Орталық Азия және Шығыс мәдениеті мен философиясын қабылдай отырып, философиялық дәстүрлерді одан әрі жалғастырған. Егер орта ғасырлық Батыс Европада христиандық дінді идеологияландыру, философиялық интоксикациялау және негіздеу үдерісі жүріп өтсе, ал мұсылман аймағында, әсіресе VII-X ғасырларда философия мен ғылым өзінің гүлденген кезеңін бастан кешірді. Бұл кезеңде ғылымның мынадай салалары қарқынды дамыды: тригонометрия, алгебра, оптика, психология, астрономия, химия, география, зоология, ботаника, медицина. Арнайы білім салаларының дамуына әл-Хорезми, әл-Бируни, ибн Сина, Омар Хаям және т.б. ойшылдар өздерінің үлкен - үлестерін қосты.

Мұсылман әлемінің философтары мен ғалымдары Батыстың ғылымы мен философиясының қалыптасуына дүниетанымдық және теориялық зор ықпалын тигізді. Батыс мұсылмандық Шығыс арқылы алғаш рет антик мәдени мұрасымен, сонымен бірге Шығыс мәдениетінің озық жетістіктерімен танысты. Бұл ғылыми теориялық жетістіктер мен философиялық жаңашылдықтарды, прогресшіл рационалистік философия мен ғылыми шығармаларды мұсылман әлемінің ойшылдары араб тілінде жазғанымен, олардың біразы этникалық шығу тегі жағынан араб емес, түркі және парсылар болды. Осылай, Батыс әлемі Шығыспен рухани диалогы нәтижесінде ерте грек дүниесімен қатар, шығармашылық және жаңашылдық идеялар мен концепцияларға толы шығыстық мәдениеттің есігін ашты. Шығу тегі түрік философтар мен ғалымдар әл-Фараби, әл-Бируни, ибн Сина, әл-Кинди, Габари, әл-Газена, әл-Газали сияқты ойшылдар мен философтардың есімдерімен танысты.

Ислам философиясының бастапқы негізін қалаушылар қатарына әл-Кинди және әл-Фараби жатады. Әл-Кинди ортағасырлық дәуірде «арабтардың философы» деп аталынған болса, ал әл-Фараби X ғасырдағы Аристотельдің ізбасары болып саналады. Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлаг әл-Фараби-ат-Турки 870 жылы Сырдария бойындағы Фараб қаласында түрік отбасында дүниеге келген. Ертедегі мәліметтерде Отырар жоғары мәдениетті, оның кітапханасы дүние жүзіндегі кітапқа бай орын болған. Осы жағынан ол Александриядан кейінгі екінші орын алады деп жазған Александрия ғалымы Птоломей [1,10].

Әл-Фараби мұрасы – қазақ халқының ұлттық игілігі. Бүгінгі таңда қазақ жұрты әл-Фарабидің өмірі мен еңбегіне айтарлықтай қанық болса да, оны зерттеп, қазақтың бабасы екенін бүкіл әлем ғалымдарының алдында дәлелдеген және ұлы ғұлама туралы көптеген еңбектер жазған ғалым – Ақжан әл-Машани. Осындай баға жетпес ұлттық мұра Орта Азия мен Қазақстанға алғаш қалай әйгілі болды?

1971 жылы Мәскеуде өткен халықаралық конгрестің мәжілісінде әл-Фарабидің ЮНЕСКО ауқымында 1100 жылдық мерейтойын өткізу мәселесі қозғалған кезде бүкіл әлем ғалымдарын таңдандырған оқиға болды. Батыс пен Шығыс ғалымдарының бәрі араб ғалымы деп білетін әйгілі Әбу Насыр әл-Фараби арабтың да, түріктің де ғалымы емес, қазақтың тікелей бабасы болғаны бұлтартпастай дәлелденген еді. Бұл оқиға тек ұлы ғұламаның өмірі мен еңбегін тереңдеп білумен қатар, дүниежүзі зерттеушілері әлемде қазақ деген ұлт бар екенін, тіпті бүкіл адамзат өркениетінің бір бастауы көне қазақ жерінен таралғанын мойындап, таңғалысты. Сонда әл-Фарабидің қазақ бабасы екенін әлем ғалымдарына мойындатқан кім болды? Қазақ жұрты ғана емес, сол кезеңдегі Кеңес Одағы ғалымдары мұндай ірі зерттеуді жүргізген тарихшы да, рухани саланың ғалымдары емес, құжат бойынша геолог ғалым Ақжан Машани екеніне қанығып, таңырқасумен болды. Ал, осы айтулы тұлға Ақжан Машани деген кім? Бұл жөніндегі сауалға қазір қазақтың көптеген жастары жауап бере алмайтыны байқалады. Әл-Фарабиді зерттеуге бүкіл ғұмырын арнаған Ақжан Машанидің тұлғасын толыққанды тану үшін әуелі әл-Фарабидің қандай зор ғұлама екенін білу қажет.

Әл-Фараби бала кезінде Отырарда туған. Оның әкесі атақты, ауқатты, қолында билігі болған адам. Әл-Фараби сауатын балалық шағында өзінің елінде, өзінің ана тілінде



алған. Ол 16 жасында (кейбір мәлімет бойынша 12 жасында) керуенге ілесіп Бағдатқа оқуға келген. Алғашқы кезде әл-Фараби өзін ақын, әнші, күйші, музыкант ретінде танытқан. Кейін ол ірі ғалымдардан дәріс тыңдап, сабақ алған. Оның алғашқы ұстаздары Александриядан, Византиядан ығысып келген ғалымдар болған. Грек, араб тілдерін меңгерген соң, басқа шаһарларда тұратын ғалымдардан дәріс алады. Содан ол араб елдеріне келіп, еңбектерін араб тілдерінде жазып мәшһүр болды [2,65].

Әл-Фараби ғұмырының соңын Сирия-Шам елінде өткізген. Өйткені сол кезде Сирияның мәдени өркендеу деңгейі басқа араб елдеріне қарағанда жоғары болған. Әл-Фарабидай ұлы дананы атақты әмір Сайф ад-Даула Хамдани құрмет тұтқан. Мұның бір себебі, қыпшақ батырлары Бағдат әмірлері болған. Олармен жақсы қарым-қатынаста болу үшін, олардың ағалары қыпшақ ғұламасына ерекше қасиет көрсетуді мақсат етеді. Сөйтіп, әл-Фарабиді арнайы шақыртады. Салтанатты кешке келген ғалымның сәлемін ерекше ілтипатпен қабылдаған әмірге әл-Фараби: «Тақсыр сіздің көрсеткен жеріңізге отырайын ба, әлде өзімнің қалаған жеріме барып отырайын ба?» – дейді. Оны сынамақ болып: «Қалауыңыз білсін», – дейді әмір. Әл-Фараби жұртты айналып өтіп, тақтың қасынан әмірмен тізерлей келіп жайғасады. Мұндайды ұната қоймаған әмір тақ күзетшісіне тек қана өздері түсінетін тілде: «Мына қарт әдепсіздік көрсетті. Егер мәжілісті гүлдендіре алмаса оны қалай жазалауды ұмытпаңдар», – дейді. «Әлбетте тақсыр» дейді олар. Әл-Фараби сол тілде: «Сабыр түбі сары алтын, істің ақырын күткен дұрыс», – дейді. Патша сасып қалады: «Бұл тілді сіз де білетін бе едіңіз?» - дейді. «Танданбаңыз, мен жетпіс тіл білемін?» - дейді баба.

Отырғандар ғұламаға бірінен соң бірі сұрақ қойып, көп жайттан қанығады. Араларынан қыңыр сұрақ қойып, ғалымды сүріндірмекшілер де табылады. Бірақ ғұлама бәріне дұрыс жауабын беріп, жөнін айтып отырады. Сол кездегі әдет бойынша, яғни қазіргі кезде келелі кеңесте жүргізілетін стенограмма тәрізді, сол әмір мәжілісінде әл-Фарабиге қойылған 46 сұрақ пен оған берілген жауаптары белгілі фарабитанушы мәшһүр ғалым Ақжан Машанидің жеке қолжазбасында сақталынған [3, 35-36].

Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани 1970 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «әл-Фараби» тарихи романында сол әмір өткізген мәжілістегі оқиғаны нанымды түрде көркем тілмен жазған еді. Жалпы, ғұлама ғалым Ақжан әл-Машанидің терең ғылыми философиялық ойларының астары, біріншіден, жастарды ғылымға баулитын ғылыми-фантастикалық романы «Жер астына саяхат» болса, екіншісі – ұлы ғұламаның азаматтық бейнесін сомдаған «Әл-Фараби» тарихи деректі романы, үшіншісі – қазақтың дүниетанымына арнаған «Табу» романы.

Әл-Фарабидің қыпшақ перзенті екендігін замандастар арасында алғаш әйгілеген құжат А.Ж. Машанидің Қазақ ҚСР ҒА президенті Қаныш Сәтбаевқа жазған хаты. Егер Ақжан ағаның сөзімен айтсақ, бұл ҒА-да әл-Фараби еңбегін кеңінен баяндаған құжат.

ПРЕЗИДЕНТУ АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР  
АКАДЕМИКУ К.И.САТПАЕВУ

Как Вам известно, величайший ученый Аль-Фараби является уроженцом Казахстана: родился он в селе Отрар (между Туркестаном и Арысом), который по арабски назывался Фарабом (откуда и фамилия ученого), в тюркской семье рода Кипчак. Аль-Фараби является энциклопедистом раннего средневековья (870-950 г.г.), знаменитым комментатором Аристотеля, Платона и других ученых («первых учителей») Античного мира. Поэтому ему было присвоено почетное имя «Второго учителя». Такие знаменитые ученые, как Аль-Бируни, Авиценна и другие его (Аль-Фараби) считают своим учителем-наставником. Трудов Аль-Фараби насчитываются свыше 100 названий по различным отраслям науки и искусства: по математике, астрономии, химии, географии – геологии, философии, медицине, музыке и т.д.

Однако, к сожалению, мы не могли найти в СССР ни одной его подлинной работы.

После длительных поисков на днях нам удалось получить по межбиблиотечному абонементу три книги из Лейдена (Голландия). Две из них собственные труды Аль-Фараби на арабском языке:

- 1) «Рисала Фисус аль Хахим» («Жемчужина науки»);
- 2) «Рисала ...аль-Мадина... аль-Фабила» («Образец города»).

Обе эти книги сопровождаются предисловиями проф. Джетереци на немецком языке; общий объем двух книг 250 стр. (1890-1895 г.).

Третья книга проф. Брукнела на немецком языке: «Государственное управление по Аль-Фараби», около 200 страниц (1904).

Все эти книги имеют исключительно большую научную ценность. Поэтому мы их фотографируем и снимаем микрофильмы. Необходимо перевести их на казахский и русский языки. Просим Вас дать указание о финансировании данной работы через библиотеку.

Член.корр.АН Каз. ССР

Машанов А.Ж.

Директор ЦНБ АН Каз. ССР

Ахмедова Н. Б.»

На этом документе написано: Согласен. Реализовать 15.XI. 1960г. подпись К.Сатпаева [4, 22].

Әл-Фараби мұрасын іздестіру А.Ж. әл-Машани ұстанған жол болды. Бірі – кітапхана аралық абоненттік байланыс арқылы әлемнің ірі-ірі қалаларындағы кітапханаларға хат жолдау. Екіншісі – шетелге шығу. Үшіншісі – өз елінен табылар-ау деген қалаларға бару. Лондон, Каир, Париж, Берлин, Лиссабон, Бейрут тәрізді, қалалардағы ірі деген кітапханаларға жолданған хаттар сол 1958 жылдары басталып, үзіліссіз жалғасып жатты. Хаттар жазудың нәтижесінде А.Ж. әл-Машанидің қолына әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» («Китаб әл-мусихи аль-Кабир») тиді. Бұл кітаптың сол кездерде арабша нұсқасы жоқ болатын. Кітап 1930 жылы үлкен том болып, француз тіліне аударылып Парижде басылған. Ол уақыттарда шет жұрттарға баруға қаражат та, уақыт та көтермейтіндігі белгілі. Мұның алдында Мәскеу, Ленинград кітапханаларынан табылған баба жайлы аздаған деректердің ішінде неміс тіліндегі екі, ағылшын және түрік тілдеріндегі бір-бірден табылған әл-Фараби еңбектерінің библиографиялық тізімдері болды. Сөйтіп, Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидің қолында 1958-1960 жылдары әл-Фарабидің он шақты шығармасы және оның еңбегін зерттеушілердің дүниелері болды.

Осы жинақталған құжаттарды мына деректерден көруге болады: «СССР – Қазақстан, Алматы. Профессор Машанов А.Ж. 14 ноябрь, 1962 ж.».

Мырза (Мсье)!

Сіздің хат жазып сұраған музыка кітабының микрофильмін жібердім, сол үшін өзімді бақытты санаймын. Ол еңбек біздің Шығыс қолжазбалар жинағының ішінен 1423 нөмірден табылды. Сіз хатыңызда ол еңбек 1427 нөмірде деген екенсіз. (П/Х-62 жазылған хат). Онда басқа шығарма жатыр.

Өз тарапымнан сіздің назарыңызды біздің Лейден университет кітапханасындағы «Араб қол жазбаларына» және барлық Нидерландағы сол сияқты қол жазбаларға да аударсам деген ниетім бар, өйткені солардың ішінен де сізге жарарлық нәрселер табылуы мүмкін.

Қазақ халқының әдебиеті мен өнеріне арналған бізге сыйлыққа жіберген үш кітап бәлкі, кейін келетін шығар.

Біз жіберіп отырған микрофильм сізге пайдалы болар деп сенемін, және сіздің әл-Фараби жөніндегі табыстарыңыздың тез жарық көруін күтемін.

Менің сізге ең жақсы таза сезіммен тілектес екеніме сеніңіз, Мырза (Мсье).

Лейден университетінің директоры

Шығыс қорының сақтаушысы Т.Г. Пиге ауд.

Голландия, г. Лейден, Рапенбург, 70-74-14. XI. 1972. (01710) 21465 немесе 20741 [5, 23].



Осы сияқты олжалы хаттармен қатар, «Сіздің сұраған кітабыңыз бізде жоқ болды, немесе бұрын болған еді қазір жоқ» деп келген хаттар да баршылық болатын. Мысалы, Миланнан, Бейруттан сондай хаттар алынған. Әл-Фараби еңбектерін жинауға шет елге барған азаматтардың да үлкен септігі тиеді. Мысалы, академик дәрігер Сайын Балмұқанов Түркияға барған сапарында Стамбулда шыққан түрік тіліндегі еңбектерін алып келді. Сол еңбектердің ішінде А.Ж. әл-Машаниға зор көмек берген профессор Ахмад Аташтың «Әл-Фараби кітаптарының тізімі» (Стамбул, 1950). Аталған тізімде әл-Фараби еңбектерінің 160-тан астам кітап бар екені көрсетілген. Келесіде, академик Шаһмардан Есенов Канадаға барған сапарынан әл-Фарабидің шығармаларын табыс етеді. Осымен баба еңбектерін жинау ісіне зиялы қауым өкілдері өз үлестерін қосқанын қуаныш сезіммен айтып жеткізіп отырған. Іздену барысында шолақ белсенді коммунистерден, араб тілін білмеуден және т.б. секілді қиыншылықтарға кездескен әл-Фараби мұрасын зерттеуші А.Машаниге рухани көмек берген сол кездегі Алматыда имам қазы болып жұмыс істейтін, ұлт тұлғаларының бірі - Сәдуақас (Сәкен) халфе Ғылмани.

Әл-Фарабидің ұлылығын тек ғалымдығымен ғана емес, көп қырлы ғұлама, ерен өнершіл, әрі ақындығымен ұштастыра зерттеген А.Ж. әл-Машани: «...Бұл кісіден бұрын да, кейін де даналар болған. Бірақ олардың ішінде дәл әл-Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш салаға бірдей ұлы үлес қосқан, аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын. Платон, Аристотель, Птоломей музыканы жөнді меңгере алмағандығын өздері жазып кеткен» деп тұжырымдаған [6,161].

А.Ж. әл-Машани 1984 жылы Кувейтте шығатын «Әл-Фараби» журналына «Орта Азияның мәдениет шамшырақтары» атты мақала жариялап, онда Иоган Кеплердің «Аспан музыкасы» деген кітабындағы жазғандарының бірсыпырасы Әл-Фарабиден алынғандығын анықтап, өз пікірін дәлелдейді. Кейіннен осы мақала төңірегінде жарық көрген пікірлерде белгілі ғалымдар «Әл-Машани мырза өз көзқарасын толық дәлелдеді» деп жазды. Міне, содан бері «Әл-Фарабиді ашқан Әл-Машани» деген сөз тіркесі жалғасып кете берді. Заманымыздың заңғар жазушысы М.О. Әуезовтің: «Тұлғаны ақ алмастай заманда шыңдайды, ақ алмас қаттыны жарады, жұмсақты тіледі, замана талабы туған кезде оттан шығып, жалын құшқан ақ алмас қынабынан жарқ етіп қадір-қасиетімен халқына танылады, «тарих» деген дарияны еркін малтып өтіп, өз тұғырына, ұлылық тұғырына қонады» деген сөзінің жандылығын, барлығын айта отырып, тұлғалар тарихта күнде тумайтындығын, табиғат адам баласына тұлғаны анда - санда сыйлайтындығын айтады [7,2]. Бұл түсінікті де. Ғалымдар әр заманда болған, ал ғұламалар қатарына кіру – қоғамда сирек кездесетін құбылыстың бірі. Ғұламаның жарқ ете қалуы – замана сұранысынан. Айтылған ойымызды ұтымды тарқату үшін белгілі тарихшы ғалым Х.М. Әбжанов пен Г. Назарбаеваның: «Қазақстан: тарих, тұлға, теория» деген бірлескен ғылыми еңбектерінде Қазақстан тарихы мен мәдениетінің өзекті мәселелері, ұлт зиялыларының қалыптасу үрдісін ашатын теориялық пайымдауларында: «Көзінің тірісінде аты аңызға айналған тұлғалар тарихта өте көп кездесе бермейді. Олар ғылым саласында мейлінше аз. Қоғамның тұрмыс-тіршілігі күрделенген сайын еңбектің жаңа салалары пайда болып, оның әрқайсысына басие боларлық тұлғаларға қажеттілік туындайды... деген ғылыми ойларын алға тартады [8,12]. Тарихшы әріптестеріміздің пікірлерін құптай отыра, рухани саладағы білім мен ғылымның табыстары қандай қиыншылықпен келетіндігін Ұлы адамды ұлы ғана таниды деген қағиданың қаншалықты терең екендігін зердемізге тоқиды. Осы қағиданың түп тамырына терең бойласақ, қазақ менталитетінде оқу-білімнің қаншалықты жоғары бағаланғанын Абай, Шоқан, Ыбырай, Ахмет, Әлихан, Міржақып, Шәкәрім, Ақжан мұраларынан айқын көруге болатын «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жеңеді», «Оқу инемен құдық қазғандай» деген ұлағатты сөздер бүгінгі күнге дейін жетер ме еді? Ғұлама ғалым әл-Фарабиге байланысты зерттеу барысында көптеген қиыншылықтарға да кездеседі. Ойымыздың дәлелі ретінде машанитанушы ғалым, ғұламаның рухани шәкірті Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың

профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, техника ғылымының кандидаты, «Ақжан Машани» халықаралық қоғамдық қорының президенті Шамшиден Абдраманның: «Менің алдымда Ақаң мұрағатында 30 жылдай парақтары сары тапқа айналған еңбегі жатыр. Оның көкейтестілігі, қауымға қажеттілігі қазір де күмән тудырмайды, ескерудің орнына жаңғыра түскендей. Зерттелудің титулдық бетінде 1973 жылдан жазылған монографиясының «Әл-Фараби және бүгінгі ғылым» деген тақырыбы-ақ еңбектің маңызын айқын анықтап тұр. Еңбек орысша жазылған. Ақаң мұны ұлы бабамыздың 1100 жылдық мерейтойы қарсаңында бітіріп, мерекеге тарту етпек болғандығы айдан анық. Демек, мұндай еңбек кезінде оқушысына ұсынылса, ол фарабитанудың бас кітабы болып қалатындығы күмән тудырмайды. Дәл бүгінде осы тақырып көкейтестілігін жойды дей аламыз ба? Жоқ. Ақжан әл-Машанидың мынау сенің бабаң болады деп ресми баспа сөз бетінде әл-Фарабиді ашқанына 44 жыл өтіпті... Қазір бізде фарабитанушымын дейтін ғалымдардан құралақан емеспіз. Дей тұра, Фарабидің ғұламалығын, оның дүниежүзінің екінші ұстазы, Шығыстың Аристотелі атану себебі неде? деген сауалға жауап берген ғалымдарымыз бар ма? Шынтуайтына келсек, Ақжан әл-Машаниден басқа баба мұрасының сала-саласына қалам тартқан ғалым есімін атайтындай фактілер жоқ. Осы ретте фарабитанушылар арасынан Ақаңды даралайтын ерекшелігі неде, қандай құпиясы бар деген сауал туындары ақиқат? «Баба мұрасын зерделеуге бел буғанда *үш тірекке* сүйендім. Ол *ана тілім, ол- дінім, ислам, ол - бүгінгі ғылым жетістіктері*» дейтін рухани ұстазым. Ал, мен өз тарапымнан төртіншісі - ол кісінің бойындағы табиғи дарыны, бесіншісі - мақсатын жасытпай жігер отында үнемі шыңдап отырған Ақаңдағы ұлтшылдық құдыреті дер едім [9,187]. А.Машанидің он бір ғасырдан соң дүниежүзілік ғұлама әл-Фарабиді бүгінгі ұрпаққа баба етіп еншілеуі – ұлттық рухани жаңғыру болашағы, даму жолы емес пе?! Олар қазақ қоғамының тағдыры, болашағы, өркендеуі немесе өшуі ендігі жерде тек білімге, ғылымға, өнерге тіреліп тұрғанын айтудан еш жалықпаған ойшылдар.

Ғұлама ғалым А.Ж. әл-Машани «Кісіліктің өлшемі – білімділік», сондықтан да барлық ғылымдар тарихын жақсы білу керек» деген қағиданы біздерге айтудан жалықпады және өзі де өмірінің соңғы сағатына дейін ғылымды сүйіп, ұлы ғалымдарды құрмет тұтып кетті. Кіндік Азияда Фарабитанудың атасы аталған Ақжан әл-Машани Жақсыбекұлының ғұламалығы ұлы баба әл-Фарабиді он бір ғасырды араға салып, оның Отырарда кіндік қаны тамған Қыпшақ перзенті екендігін дәлелдеумен шектелмейді. Әл-Машанидің энциклопедиялық білімнің ерекшелігі әл-Фараби қағидаларын бүгінгі ғылым жетістігімен сабақтастырып, ұлттық дүниетанымымен ұштастыра отырып, ұлы баба ұстанған ғылыми-ислами ұғымды тұңғыш рет болмыстық нышанда қазақ ғылымына енгізілуінде жатыр. Антикалық дүниенің ұстазын Аристотель десек, жаңа заманның ұстазы әл-Фарабиді әл-мұғалім әл-сани атандырған баба мұрасының қыры мен сыры, энциклопедиялық ойдың абызы атанған әл-Машанидің зерттеулеріндегі ислами-ғылыми ой-пікірлері мен тұжырымдарының құндылығы ғылыми маңызға ие. Тұлғатанушы ғалым Г. Жүгенбаева: «Әл-Фарабиді таныту барысында, ғылымның барлық саласынан хабары мол А.Машанов дүниежүзілік тарих мәселелерін, әр кезеңдердегі қоғам мен саясат, адам мен табиғат туралы ірі тұлғалардың көзқарастарын талдап отыруды ұмытпайды. Онсыз әл-Фараби жұмбағын шешу, оның адамзат дамуына қосқан зор үлесін жете анықтау қиынға түседі. Сондықтан ғалым сол кезеңдегі дүниетанымдық көзқарасқа, тарихи ойлауға, жалпы қоршаған әлем туралы кең тынысты зерттеу жүргізген. Ортағасырлық тарихи ойлаудағы діни ұстанымды, оның өзіне дейінгі мифологиялық және рационалистік пайымдауға қатысты кезеңдеріне терең үңіле, ғылыми ой тұжырымдайды. Бұл әл-Фараби мирасын игерудегі тарихнамалық ірі мәселе болып табылады. А.Машанов осыны көрсетіп берді» [10, 105 б.].

XX ғасырдың 60-70 жылдарында тоталитарлық қасаң саясаттың таптауырында қыл үстінде тұрған сәтте, тұтастай бір мемлекеттің замана жүгін ұрпақ алдында толық



атқарып, XX ғасырдың әл-Фарабиі, патриот тұлға атанған, энциклопедиялық ойдың алыбы – Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани тұрды. «Ғылыми мұра қалдырмаған ғалым найзағай ойнатып, күркіреп тұрып, жаумай өткен бұлтпен тең» деген араб халқының дана мақалы мен Ұлы философ Гегельдің: «Апыр-ау! Фарабидің асқазаны қандай мықты! Оның қорытпаған ғылымы жоқ!» – деген аталы сөзге айналған пікірін бүгіндері ғұлама әл-Машанидің өзіне бағышталғандай. Осындай қанатты ойды ту қып ұстаған Әл-Машани ғылым мен өнердің барлық саласына өлшеусіз үлес қосып, артында теңдесі жоқ өшпес ғылыми мұраларын қалдырды. Аты әлемге мәшһүр Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерінен нәр алып сусындаған ғұлама, қазақтың дүниетанымдық пайымдауларын зерделеуде фарабитану методологиясының ғылыми-ислами негізінің концепциясын жасады және Орталық Азия мен Қазақстан бойынша фарабитанудың Көшбастаушысы болып, тарихтың төрінен берік орын алды.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Машанов А.Ж. Әл-Фараби және Абай. - Алматы, 1994. - 2010 б.
- 2 Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2006 жылы өткен «Ұлттық ғылыми құндылықтар және А. Әл-Машани мұрасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы, 2006. – 411 б.
- 3 ҚР ОММ 2285-қор. 1-тізімдеме. 13-іс. 35-36 б.
- 4 Машанов А.Ж. Әл-Фараби көпірі - А., 2005. - 350 б. ҚР ОММ 2285 – қор. 1 – тізімдеме. 175 – іс. 2 б.
- 5 Машанов А.Ж. Әл-Фараби, Кеплер, Галилей және ислам ғылымы // Зерде. - 1994. - №3. - 22-24 б.
- 6 ҚР ОММ 2285-қор. 1-тізімдеме. 2-іс. 160-165 б.
- 7 Машанов А.Ж. Әл-Фараби. Тарихи деректі кітап. – Алматы: «Жазушы», 1970. - 245 б. А.Ж. Машанов. Фараби санаты // Білім және еңбек. - 1967. - №12. - 1-3 бб.
- 8 Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: Тарих. Тұлға. Теория. - Алматы, 2004. – 340 б.
- 9 Ш.Әбдіраман Тарих тұңғығынан сыр толғаған атақты ғалым А.Ж. Машанов туралы бір үзік сыр // Егемен Қазақстан.-1996. – 20 маусым. ҚР ОММ 2285-қор. 1-тізімдеме. 17-іс, 187 б.
- 10 Жүгенбаева Г. Ақжан Машанов мұрасын зерттеудің тарихи аспектілері. Ғұлама ғалым А.Ж. Әл-Машанидің 110 жылдық мерейтойына арналған ғылыми танымдық жинақтары. Астана 2016 жыл. 391 бет.

### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются труды А.Ж. Машанова, посвященные наследию средневекового мыслителя Аль-Фараби.

### RESUME

This article deals with the works of A.Zh. Mashanova dedicated to the heritage of the medieval thinker Al-Farabi.

УДК 93\94: 341:34:304 (574) (045)

## **А.Ж. Габдулина**

Казакский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, канд. ист. наук, старший преподаватель

# **Особенности повседневной жизни военнопленных в Восточном Казахстане в 1942-1950 гг.**

## **Аннотация**

Общеизвестным фактом является то, что Казахстан для Российской империи, а затем и для Советского Союза являлся территорией, которая была не только сырьевым придатком, но и стала местом, для ссыльных, политически неблагонадежных, спецпереселенцев и военнопленных.

Множество исторических фактов исследовано, но не до конца осознано и принято. В связи с этим, основной задачей исследования является изучение архивных источников с современных позиций и предоставления объективного анализа и выводов, не подвластного тому или иному времени и политическому режиму.

Целью работы является изучение особенностей повседневной жизни военнопленных, отправленных на территорию Восточного Казахстана, как во время Великой Отечественной войны, так и после ее окончания.

*Ключевые слова:* история, регион, военнопленные, тяжелая промышленность, условия труда и жизни военнопленных, голод.

Современная общественно-политическая стратегия нашего государства предполагает глубокое изучение и переосмысление исторической действительности, определение причин, детерминирующих те или иные негативные процессы в отечественной истории, а также внедрение новых, прогрессивных возможностей для развития гражданского общества и демократической политики правового государства.

Победа в Великой Отечественной войне, бесспорно, являлась величайшим героизмом для советского человека, будь то на фронте или в тылу. Преобладавший дух патриотизма, единства, терпения, и неимоверно тяжелого труда был вынужден столкнуться с реалиями послевоенной ситуации: голод, нищета, высокая смертность. Духовные силы народов Казахстана находились на грани истощения.



В экстремальных условиях, как в период Великой Отечественной войны, так и после ее окончания повсеместно использовался принудительный труд спецпереселенцев, военнопленных.

После Великой Победы партийным руководством было принято решение о восстановлении ускоренными темпами народного хозяйства. Казахстану была определена важная роль в развитии промышленного сектора. При острой нехватке рабочей силы, советское руководство, как и прежде, сделало ставку на спецпереселенцев, «врагов народа» и военнопленных. И хотя правовое положение категорий населения было неодинаковым, повседневная жизнь сглаживала эти различия, часто делая правовой статус формальным.

Совершенно ясно, что к военнопленным отношение было иным, их обвиняли в страшной войне, которая унесла жизни большей части мужского населения, потери были почти в каждой семье, но игнорировать их поселение, жизнь и труд военнопленных никто не мог.

Активное использование принудительного труда в регионе объяснялось еще и тем, что в целом Усть-Каменогорск и прилегающие территории были регионом с развитой тяжелой индустрией, где предприятия строили с использованием труда военнопленных. Немалая доля в системе организации принудительного труда принадлежала военнопленным, но и труд кадровых рабочих тоже повсеместно рос.

По данным отчетов и докладных записок, обнаруженных в делах Восточно-Казахстанского государственного архива, дается описание бытовых жилищных условий военнопленных, отправленных в этот регион в военный и послевоенный периоды. Очевидно, что это были тяжелые условия жизни, но в таких условиях жил тогда весь советский народ.

В 1945 году в центральной зоне Усть-Каменогорска были размещены 890 человек военнопленных немцев. Один барак на 300 человек был занят под склад и лагерем еще не был освобожден. В феврале месяце после освобождения он был переоборудован под барак для немцев. На левом берегу были построены четыре барака, которые к концу 1945 года были готовы на 90%. Эти бараки были заселены более 1500 военнопленными немцами. Военнопленные замерзали, так как не хватало одежды, особенно обуви, рукавиц, шапок, не говоря уже о дровах и угле, которых не было даже у квалифицированных рабочих, получавших плату.

Из отчета по спецконтингенту было очевидным, что тяжелое положение военнопленных было связано с питанием, спецодеждой, постельными принадлежностями. Лагерь не был освещен, к концу 1945 года топлива хватало лишь на два месяца (до февраля 1946 г.), место работы военнопленных не обеспечено светом и др. [1].

Не привыкшие к ледяным морозам военнопленные немцы были вынуждены работать впроголодь. Наблюдалось негативное, а порой и агрессивное отношение к ним.

Регион Восточно-Казахстанской области всегда славился огромными запасами полиметаллических руд, еще до войны было принято решение о строительстве полиметаллических предприятий, имеющих стратегическое значение для оборонной промышленности СССР. Начатое в 1939 году строительство Усть-Каменогорской ГЭС, треста «Алтайстрой» и др. остановилось начавшейся войной. В тяжелых условиях начиналось строительство, так как катастрофически не хватало материальных и людских ресурсов. Об этом свидетельствуют архивные материалы Восточного Казахстана, основными свидетелями которого остаются докладные записки, отчеты, а также описания условий размещения и условий труда, при которых жили и работали военнопленные.

С первых лет войны Восточно-Казахстанская область стала местом размещения огромного количества раненых советских солдат, отправленных для восстановления и заживления ран, полученных на фронте. Имеется множество архивных документов, связанных с деятельностью эвакогоспиталя, открытого еще в самом начале войны в



Семипалатинске. Основной их задачей являлось лечение и восстановление боеспособности раненых советских солдат.

К 1945 году поступление раненых и больных в госпитали Семипалатинской области стало значительно уменьшаться. В госпитале системы ВЦСПС, в основном, проводилось восстановительное лечение для выздоравливающих раненых и больных. В ходе войны резко увеличилось количество солдат с ампутированными конечностями, возникла необходимость организации протезирования.

Переименованная в Семипалатинске ортопедотравматологическая больница стала постепенно превращаться в протезный госпиталь на пятьсот коек, так как здесь располагался эвакуированный Харьковский протезный завод. Однако после отъезда завода мощность Семипалатинского протезного завода сократилась на 65 %.

На окраине города еще долгое время после войны оставались захоронения солдат, которые, по видимости, находились в эвакогоспиталях и здесь они нашли свой последний приют. Это связано с продолжительностью войны, когда уже со второй половины 1942 года в эвакогоспиталь Семипалатинска, также как и в других областях Казахстана, стали поступать тяжелораненые. С 1943 года в Семипалатинском эвакогоспитале начали обслуживать спецконтингент военнопленных [2].

Так вот, в послевоенное время в Восточно-Казахстанской области были размещены 3000 военнопленных немецких солдат. Для их размещения строились бараки, в которых не было никаких условий для жизни. Их ждал тяжелый физический труд в суровых условиях резко континентального сухого климата.

Объем капиталовложений на 1946 год по строительству Усть-Каменогорской ГЭС по сообщению Главгидроэнергостроя был определен в размере 30 млн. руб. Однако за 1 квартал 1946 года был установлен объем капиталовложений в размере 3 млн. руб., что составляло лишь только 10% годового объема в год.

«В первом квартале предполагалось строительство на левом берегу лагеря для военнопленных, перешивки узкой колеи на нормальную до лесозавода, окончания строительства клуба, подготовка и разворот работ до скальной выемки шлюза на правом берегу» [3, 70].

Причинами невыполнения работ по графику в докладной записке, отмечается необеспеченность рабочей силой. К 1 февраля 1946 года на строительстве принимало участие 1745 человек, в том числе 590 человек – на лесозаготовках. Кроме того, 890 военнопленных японцев с 26 декабря 1945 года, которые находились на карантине.

В регионе вследствие сильной изношенности, отсутствия запасных частей не работали автомашины. Конный транспорт в связи с сильным истощением лошадей, из-за недостатка кормов, был катастрофически малочисленным. Полученные по приказу наряды на сено, а также необходимые материалы (лес, кирпич, кровли, труб, рельсы) в области не отоваривались. Железнодорожный транспорт, из-за частых снежных заносов путей снегом, работал с длительными перебоями [4, 71].

Сложное финансовое положение, тяжелые климатические и материальные условия жизни приводили к массовым болезням, голоду военнопленных.

Качественный состав рабочей силы, значительно снизился за период Отечественной войны. К примеру, в январе 1942 года строительство было обеспечено квалифицированной рабочей силой в 1501 человек, на 1-е января 1945 года этих же квалификаций имелось - 659 человек, на 1 января 1946 года – 570 человек.

Если в 1941 году вся рабочая сила состояла из кадровых рабочих в количестве 1781 человек, то в 1946 году из общего состава 2547 человек ИТК и военнопленных было 806 человек.

Потери рабочего времени по разным причинам в сравнении по периодам приведены в таблице [5, 42]:



Годы	Отраб. ч/дн.	Неявок				
		Прогулы	По болезни	Простои	Всего	% к раб. времени
1941	686393	292	28969	1633	30894	4,5
1942	531732	182	35073	1314	36569	6,9
1943	787168	1324	40696	4074	46094	5,8
1944	744051	2122	87748	16746	106616	14,3
1945	549121	1122	41011	4411	46544	8,5
1946	307443	463	13255	963	14681	4,8

Наибольшее число потерь рабочего времени было в 1944 году в связи с суровой зимой и прибытием на строительство значительного количества чеченцев - спецпереселенцев [6, 42]. Из категории неявок особенно большой удельный вес составляли неявки по болезни в результате скверных санитарно-бытовых условий, плохого питания, недостатка одежды, главным образом, обуви.

Кадровые рабочие, находящиеся на строительстве, на строймонтаже являлись костяком квалифицированных рабочих. Военнопленные использовались на работах, требующих массового применения рабсилы. В 1946 году из военнопленных были созданы бригады каменщиков, штукатуров, формовщиков кирпича и другие. К ним были прикреплены квалифицированные рабочие и в течение нескольких месяцев из военнопленных были обучены рабочие различных квалификаций. Неуклонный рост производительности труда, как кадровых рабочих, так и военнопленных в 1946 году показывает, что организация рабочего места, эффективное использование рабочей силы, обеспеченность фронтом работы, находились в поле зрения руководящих работников и инженерно-технических работников.

Тем не менее, имелся ряд фактов плохого обеспечения инструментами. Так, к примеру, на перекидке, на погрузке и выгрузке сыпучих и инертных материалов, употреблялись землекопные прямые лопаты, вместо шуфельных, что значительно снижало производительность труда на этих работах, где работали военнопленные. На скальных работах землекопы, на каменной и кирпичной кладке каменщики и подносчики не снабжались рукавицами. Вследствие отсутствия рукавиц и полученных травм рук, рабочие и военнопленные выбывали из рабочего процесса. Кроме того, кирпич и раствор разъедал пальцы рук, что значительно снижало производительность труда рабочей силы [7, 10].

На 1946 год был установлен план подготовки кадров. Планировалось пропустить через курсовое и индивидуальное обучение 278 человек и повышение квалификации 100 человек. В итоге, в первую половину 1946 года было обучено 147 человек или 53% к плану и пропущено через курсы повышения квалификации 38 человек, что составляло 38 % к плану. В 1945 году за год было подготовлено 254 человека и пропущено через курсы повышения квалификации 87 человек. Ко второй половине 1946 года на курсах в индивидуальном порядке обучалось 70 человек и проходило переподготовку 57 человек.

В зависимости от важности профессии и сложности обучения, например, ученики, экскаваторщики, машинисты паровозов, кузнецы, плотники, каменщики получали за работу 250-300 руб., то военнопленные и спецпереселенцы жили в условиях бесплатной рабочей силы.

Если в 1945 году за год со строительства ушло 994 человека, в том числе самовольно оставили производство 279 человек, то за первую половину 1946 года ушло со строительства 184 человека, сбежало 15 человек.

Основной причиной ухода со строительства являлись тяжелые условия, особенно, связанные с питанием, одеждой, обувью, а также, дровами, углем для отопления домов и

бараков. В первой половине 1946 года за нарушение трудовой дисциплины на военнопленных, которых насчитывалось 90, были заведены дела и переданы в суд [8, 43].

Таким образом, настоящее исследование показало, что военнопленные в Казахстане стали отражением глобальных процессов Второй Мировой войны и их пребывание с 1942 по 1950 гг. сопровождавшееся ухудшением здоровья, высокой смертностью, оставило свой особенный отпечаток и место в истории Казахстана.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 ГАВКО. - Ф.1п. Оп.1. Д.3315. 71 л.
- 2 Центр документации новейшей истории Восточно-Казахстанской области. – Ф.103. О.1. Д. 64. 374 л.
- 3 Центр документации новейшей истории Восточно-Казахстанской области – Ф. 103. О.1. Д. 64. 375 л.
- 4 ГАВКО - Ф. 1. О.1. Д.1355. 71 л.
- 5 Там же. – Ф.1. О.1. Д. 135. 42 л.
- 6 Там же. - Ф.1. О.1. Д. 135. 42 л.
- 7 Там же. - Ф.1. О.1. Д. 135. 43 л.
- 8 Там же. - Ф.1. О.1. Д. 135. 42 л.

## ТҮЙІН

Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі уақыттағы Шығыс Қазақстан территориясына жіберілген әскери тұтқындардың күнделікті өмірінің ерекшеліктері мұрағат деректері негізінде зерттелінеді.

## RESUME

Many historical facts are explored, but not fully realized and accepted. In this regard, the main objective of the study is the study of archival sources from modern positions and to provide objective analysis. The conclusions are not subject to a particular time and political regime.

The aim of this work is to study the peculiarities of the everyday life of prisoners of war, sent to the territory of East Kazakhstan during the great Patriotic war and after it.

### Аннотация

Мақалада авторлар Қазақстанның далалық облыстарын зерттеген ғалымның экспедициясы туралы баяндайды. Сондықтан да ең алдымен зерттеудің ішкі құрылымы, жариялау, баспаға дайындау мәселесіндегі атқарылған істерге талдау жасаудың маңыздылығын көрсеткен.

*Түйін сөздер:* экспедиция, қала, облыс, жер шаруашылығы, мал шаруашылығы, бюджет.

### М.С. Амрина

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,  
тар. ғыл. канд., аға оқытушы

### З.Е. Колумбаева

«Тұран-Астана» университеті,  
тар. ғыл. канд., профессор

## Қазақстанның далалық облыстарын зерттеген Ф.А. Щербина экспедициясы мәліметтерінің жалпы құрылымы

Ф.А. Щербина экспедициясы нәтижесінде жинақталған «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» жарыққа 13 том ретінде шықты. 12 том экспедицияның зерттеген 12 оязына арналған: Ақмола облысының Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Омбы, Петропавл; Семей облысының Павлодар, Қарқаралы, Семей, Зайсан, Өскемен; Торғай облысының Ақтөбе және Қостанай. 13-том барлық 12 ояз бойынша бюджеттік зерттеу мәліметтерінің жинағын көрсетеді. Сондықтан да ең алдымен бұл деректің ішкі құрылымы, жариялау, баспаға дайындау мәселесіндегі атқарылған істерге талдау жасаудың маңызы зор деп есептейміз. Томдарды басып шығаруда экспедиция басшылары біршама қиыншылықтарға кездесті: типографиялық базаның жоқтығы, қаржы жетіспеушілігі, біліктілігі жоғары мамандардың жетіспеушілігі т.б. Дегенмен ең маңызды материалдарды талдаудағы болса да, сол секілді жарыққа шығаруда да қиыншылық тудырған жағдай – экспедиция жұмысының практикалық міндеттерге тәуелділігі – яғни қоныс аударушылар үшін жаңа бос жерлерді табу мақсаты. Әрине, бірінші кезекте том мәтіндерінің жерге орналастыру шенеуніктеріне қажетті бөлімдерін талдау және баспаға дайындау жүргізілді. Бұл ең алдымен статистикалық кестелермен оған ескертулер және рулық схемалар болды. Бұл материалдар экспедиция тағайындаған қауымның пайдалануындағы жерлердің шекарасын көрсетіп, “артық жерлерді” анықтауға мүмкіндік берді. Сондықтан 1-томмен жұмыс

істеу барысында (Ақмола облысының Көкшетау оязы) алдымен «Ақмола облысының жерге орналастыру партиясының шенеунік жұмысы үшін талап етілген алдын ала дайындалған статистикалық кестелер басылды», - деп жазады Ф.А. Щербина. «Бұл экспедиция зерттеулерін жариялау тәртібі, қоныс аудару учаскелерін негіздеу ісінің ағымдық қажеттіліктеріне байланысты, басқа барлық ояздар үшін де тағайындалды», - деп мәлімдейді өз жазбаларында экспедиция басшысы. Жерге орналастыру партиялары үшін табылған мәліметтерді дайындау барысында экспедицияның ағымдық жұмысы кешенді болды, сондықтан көп жағдайда уақыт тапшылығына байланысты бағдарлама бойынша жүргізілу керек нағыз қажетті еңбек талдаусыз да қалып отырды [1, 105-107].

Деректің жалпы құрылымы бастапқы экспедицияның бағдарламасында қарастырылған мәселелерге сай келгенімен, әр облыс пен ояздың өзіне тән ерекшелігіне сай деректің құрылымы өзгеріске ұшырап отырды. Мәселен, қажетті жағдайларда жаңа кестелер қосылып немесе мәтінде бұрын қаралмаған тақырыптар да әр өлкенің өзгешелігіне сай дерекке қосылып отырған.

Басылымның құрылымына талдау жасау әр томдағы бар мәліметтердің арасындағы нақтылы айырмашылықтарды анықтауға негіз болады. «Мәліметтердегі...» 12 томның әрқайсысында бір оязға сипаттау бар. Сондықтан бірегей құрылымда, XIII том бюджеттік сипаттауға арналған және тіптен бөлек принципте құрылған. Томдардың құрылымы зерттеліп отырған ояздың ерекшелігіне байланысты кейде өзгеріске ие болған. Дегенмен, мұның бәрі әр томға қажетті қаңқаға байланысты құрылған. Мысалға алып қарағанда, әр том негізгі екі бөліктен құрылған: мәтіндік (жалпы) және кестелер. Оның алдында «Алғы сөз» бар.

«Алғы сөз» (XII-V томдарда-«кіріспе») томның маңызды құрамдас бөлігі және барлық томдарда бар. Бірақ әр томда өзіндік сипатта. Егер 1-томда, мысалы, «Алғы сөз» көлемі жағынан үлкен болып нақтылы оязды зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық түсіндірме жасаса, ал XII томда «Алғы сөз» - қысқаша бір бетке ғана жазылған және сондай да бір құнды ақпарат қамтылмаған. Мұндай айырмашылық басқа да томдарда бар. Бұл кей жағдайда әртүрлі авторлардың әр томға алғысөз жазуымен де түсіндіріледі. Негізінен алғысөзді экспедицияның басшысы жазған, ал басшылардың өзгеруіне орай алғысөздің авторы да өзгерген. «Алғы сөздің» басты құндылығы ояздың ерекшелігіне қатысты зерттеудің әдістемесін анықтаудағы өзгерісті көрсетуі. Ереже бойынша «Алғы сөзде» экспедицияның құрамындағы нақтылы оязды, зерттеуге қатысқан қызметкерлер тізімі, экспедиция басшысы көрсетіліп, сол сияқты томның мәтінін жазудағы әр автордың қатысын анықтауға қажетті мәліметтер де берілуі қажет болды. Өкінішке орай, мұндай толыққанды «Алғы сөзді» тек I, V, VII, X томдарға қатысты айтуға болады [2, 3-5].

Томның жалпы немесе мәтіндік бөлігі өз мазмұны бойынша әрқилы. Томдағы бұл бөлімдер де әртүрлі авторлардың қолымен жазылған. Жалпы бөлімде, бірінші кезекте ояздың шаруашылық суреттемесі мен ерекшелігі көрсетілген. Жерді пайдалану формасы, жер шаруашылығы мен мал шаруашылығын сипаттау барлық томдарға тән. Ояздың шаруашылық ерекшеліктерін анықтау негізгі бөлімде орын алған (VIII-ші том) немесе шаруашылықтың салаларын сипаттаумен бірге болып, әрине авторға байланысты болды. Бұл көпшілік томдарға тән. Ояздың шаруашылығына талдау жасауда маңызды орынды жерді жалға алу мәселесі алады. VI, IX, XI томдарда кәсіпшілік пен жерді жалға алуға ерекше көңіл бөлінген. Бұл осы мәселеге ерекше көңіл бөлген Л.К. Чермактың томдардағы мәтінді жазуымен түсіндіріледі. IV том да Л.К. Чермактың редакциялауымен жазылған. Кәсіпшілікті сипаттау жерді жалға алуға қарағанда аз жазылған. Мәтіннің жалпы бөлімде бұлай жазылуының себебін Семей облысының Павлодар оязының ерекшелігімен түсіндіруге болады, себебі жерді арендалау бұл аймақта кең тарады. Бұл мәтінді жазған И.Ф. Гусев болғанымен, Л.К. Чермактың нұсқауларымен жазылғандығы көрінеді. Шаруашылықтың кәсіпшілік деп аталатын саласына авторлардың көзқарасының әртүрлі болғандығын және оның мәтіннің құрылымына қалай әсер еткендігін келесі





мысалдан көруімізге болады. Ф.А. Щербина жазған I том мәтінінде кәсіпшілік жер шаруашылығы деген мақаламен біріктірілген, яғни оған маңызды рөл берілмеген. Қазақ шаруашылығының негізгі сипатын анықтаудағы авторлардың көзқарасы негізгі бөлімдегі берілген мәліметтердің құрылымын анықтады, сол сияқты шаруашылықтың әр саласын сипаттауға арналған мәтіннің көлемін де көрсетті [3, 12-15].

Статистиктер мал шаруашылығына қазақ шаруашылығындағы маңызды сала ретінде қарады. Шаруашылықтың бұл саласына сипаттама берген кезде зерттеушілер отардың құрамын анықтауға тырысып, малдың бұл түрінің шаруашылықта басым болуының себептерін іздестірді. Мысалы, Ақмола облысының Атбасар оязын 1897 жылы экспедицияның екінші жылы зерттегенде бұл ояздың шаруашылығында түйенің негізгі орын алғандығы белгілі болған. Бұл бірнеше себептермен түсіндірілді, оның ішінде ең алдымен Атбасар оязының табиғи жағдайымен Көкшетау оязын зерттегенде отардағы түйе малының санын анықтауға бағдарламада аз орын берілді, ал Атбасар оязын зерттегеннен кейін статистиктердің кейбір аудандарда түйе малының шаруашылықта құнының ірі қара малға қарағанда жоғары екеніне көздері жетті. Сондықтан түйе малын есепке алып, оның шаруашылықтағы үлес салмағын анықтап алғаннан кейін Ақмола облысының Ақмола оязын, Семей облысының Павлодар оязын, Торғай облысының Қостанай оязын, Семей облысының Қарқаралы оязын зерттеген кезде оған ерекше көңіл бөлінген (III, IV, V, VI) [1, 88].

Жер шаруашылығын суреттеу мал шаруашылығы секілді әр томда кездеседі. Жер шаруашылығы, отырықшылық барлық ояздарда бірдей дамымаса да, экспедиция қызметкерлерінің тарапынан мал шаруашылығын қарастырғандай дәйекті зерттеуге ие болды. Олардың пікірі бойынша отырықшылық қазақтар үшін мал шаруашылығына қарағанда перспективті іс деп есептелді. Ең алдымен, статистиктер ояздағы ең алғашқы жер өңдеудің қалыптасуынан басталған кезеңнен тарихын қарауды жөн деп есептеді. Олар жер шаруашылығымен, отырықшылықпен айналысудың қазақтар үшін тұрақты норма ма, әлде қашан да басқаша сипатта болды ма деген мәселені анықтауға тырысты. Мұнымен қоса, олар егістіктен алынған өніммен олардағы бар мал санының арасында өзара байланыс бар ма деген мәселеге көңіл аударды. Жер шаруашылығының жағдайын анықтау маңызды орынға ие болды. Еңбек құралдары, өнімнің сорттары, жұмыстың маусымдық айналымы, табиғи жағдайлар, бұл істегі қиыншылықтар-мұның бәрі экспедиция қызметкерлерінің назарынан тыс қалмады. Тек ғылыми мақсат қана емес, практикалық мақсат та басшылыққа алынды. Тек осындай жолмен, олардың есептеуі бойынша, орыс шаруаларын қоныс аударуға арналған аудандардың жер шаруашылығын жүргізудің тиімділігін анықтауға болды. Сирек кездесе де статистиктер бау-бақша өсіру мәселесіне арналған сұрақтарды да қамтуға тырысты. Бұл арада ормандар мен оған жақын жатқан шабындық алқаптар да суреттелді. Келесі міндетті түрде жалпы бөлімде қарастырылған әр томға қатысты сұрақ жерді пайдалануды сипаттау болды. Бұл сұраққа экспедиция қызметкерлерінің еңбектерінде көп көңіл бөлінгендігі көпшілікке мәлім. Бұл мәселені теориялық тұрғыдан ой елегінен өткізуге тырысып, өткен дәуірдегі және өзге халықтардағы жерді пайдаланудың ережелерімен қатарласа қарастырған. Өз бағдарламаларында қарастырғандай статистиктер қазақ қоғамындағы жерді пайдаланудың ережелерін көрсететін мәліметтерді практикада жинақтады. Олар жерді иемденудің маңызды формасын тағайындады. Жалпы пайдаланатын жайылымдық, шабындық, қыстаулық т.б. жер аудандарына көп көңіл бөлінді. Келесі жағынан, олар ауылдың қарамағындағы жерді пайдаланудың аудандарын нақтылы анықтауға тырысты, бірақ бұл көп жетістіктерге әкелмеді, себебі шекара ұғымы қашанда тұрақты болмады. Дегенмен зерттеушілер жерді бөлуге негіз боларлық сұрақтарға ерекше зейін қойды. Бұл көп жағдайда өзен аңғарларымен, тау шатқалдарымен, шұңқырлармен есептелді, тіпті шекара шартты түрде де көрсетілді. Экспедиция қызметкерлерінің өздері зерттеген аудандардағы жерді пайдалану мәселелеріне қатысты үлкен жұмыс атқарғандығын айтуымыз керек.

Далалық өлкенің әр түрлі ояздарына жүргізілген жұмыстар барысында кейбір қауымдарда «қой-бөліктер» деп аталатын қой малын қыста ұстауға арналған тиімді орындардың бар екендігіне көп көңіл бөлді.

Қой бөліктер жеке меншікте болып, көбінесе мұрагерлікке қалдырылған. Статистиктер мұны жеке меншіктің ерекше формасы деп бағалап, оны қауымның дамуындағы жаңа саты деп сипаттады. Бұл құбылыстың сипатын анықтап статистиктер 1898 жылдан бастап, қой-бөлікті жерді пайдалану бөлімшелерінде сипаттап көрсеткен [1, 91].

I томның жалпы бөлімінде «зерттеу кезінде кездескен қиыншылықтар», «жұмыс бағдарламалары және ұйымдастыру», «бюджеті мен сұраныстары» деп аталатын бөлімдер бар екенін көрсетуіміз керек. Өзге томдарда кездеспейтін, осы I томда ғана бар бұл бөлімдердің болуын түсіндіруге болады. Алғашқы том аз зерттелген проблемаға арналған үлкен басылымды ашты. Сондықтан экспедицияның өзі жөнінде, оның құрылу тарихы мен зерттеуші аймағы жөнінде алдын ала мәлімдемелердің болуы қажетті жағдайдан туындалды [2, 18-25].

Барлық томдарда (I томнан басқа) қазақ шаруашылығына қажетті шөптің есебі берілген. Шөп есебі әр томда әр жерде көрсетілген: IV, VII, X томдарда жалпы бөлімде, ал қалғандарында (III, 2-бөлім, XI, II) «Арнайы бөлім» деп аталатын бөлімге енгізілген Омбы облысының Петропавл оязына арналған XII томында шабындық нормалар «Арнайы бөлімге» енгізіліп, оған 20 беттік мәтін берілген. Осы томда басқа томдарға енгізілмеген «Қысқы малды ұстауға арналған арнайы санақ мәліметтердің нұсқасы» деп аталатын кесте енгізілген. Қазақ шаруашылығына қатысты шөп нормаларын анықтауға деген экспедиция қызметкерлерінің ерекше назарын олардың анықтау әдістемесінің жергілікті әкімшілік тарапынан, сол сияқты басқа да ғалым-статистердің тарапынан сынға ұшырауымен түсіндіруге болады. Сондықтан экспедиция қызметі бұл мәселеге қатысты кең түсіндірме жасауды қажет деп тапты.

«Мәліметтер» жаратылыстану ғылымының облыстарындағы мамандар үшін қызықты болып табылатын мәліметтерді де қамтыған. Бұл, ең алдымен, әр томда бар оязды геоботаникалық суреттеу мәселесіндегі топыраққа, өсімдікке, суды пайдалануға, климаттық жағдайға т.б. сұрақтарға қатысты. I томда зерттеліп отырған ауданның табиғи жағдайын игеруге байланысты экспедиция жұмысын толықтыру үшін арнайы гидротехникалық есептен үзінді берілген. Осыған қарап та экспедиция қызметінің жүргізілген зерттеулерді толыққанды етуге тырысқандығын көруімізге болады. Экспедицияда геоботаник мамандар жұмыс жасады. Экспедиция қызметі үшін мұндай суреттеулер ояздың бөлінуіне негіз болған жайылымдық аудандарды сипаттау үшін қажет болды. Әр томда аудандарды табиғи-тарихи суреттеу бар. Том соңында, әдетте, бұл ауданның картасы берілген.

“Аудандар мен ондағы артық жерлердің кестесі” деп аталатын кесте міндетті түрде әр томда бар, бұл барлық томдағы мәліметтер біріктіріліп экспедиция жұмысының негізгі қорытындысын көрсетеді, яғни артық жерлер тағайындалады. Бұл кесте «Түсіндірме жазбамен» бекітілген. Оны, әдетте, экспедиция меңгерушілері жазып, қазақ шаруашылығына қажетті нормасын тағайындауға түсіндірме жасап, жер параметрін есептеп көрсетеді. Негізінен алып қарағанда, «Материалдардағы...» қарастырылған бөлімдер осылар. Осындай жолмен, «Материалдардың...» мәтіндік бөлімі әр томға қатысты өзіндік сипатта. Бұл айырмашылық қарастырып отырған ояздың ерекшелігін және мәтіннің авторына да байланысты. Мәтіндік бөлім алынған мәліметтерге қажетті түсініктеме бере алатындықтан томдағы кестелерге талдау жасауда жоғарғы мәнге ие [1, 92-94].

«Материалдардағы...» келесі құрылымдық бөлім-кестелер. Кестелер әр томда, міндетті түрде ауылдық, қауымдық, аудандық кестелер деп берілген және бұл кестелер жылқы малының санын есепке ала отырып шаруашылықты топтаған статистикалық



мәліметтерді қамтиды. Мұнымен қоса, томдарда әртүрлі спецификалық кестелер де бар. Әрбір мұндай кесте анықталған практикалық міндеттерден туындалған. Ф.А. Щербинаның сөзі бойынша ««Материалдар...» «жерге қатысты шаруашылықтың практикалық қажеттілігін көрсететін басылым» болып табылады.

«Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» дерегінің екінші бөлігі кестелерден тұрады деп жоғарыда атап көрсеттік. Кестелер әр томда міндетті түрде кездеседі. Сонымен қатар әр бір зерттелген ояздың өзіндік ерекшелігіне сай басқа да кестелер қосылып отырған. Олардың бірқатарын төмендегі 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1 - Деректегі статистикалық кестелердің түрлері

№	Кестелердің түрлері	Кестелердің ерекшеліктері мен онда сақталған мәліметтер
1.	Ауылдық кесте	Әр болыс бойынша ауылдардың, қыстаулардың атауы, сол жерлерге қашаннан бері қоныстанған, ру басшыларының аты, тұрғындар (әйелдер, ерлер) саны, тұғын үйлер саны, шаруашылықтар, мал шаруашылығы (жылқы, сиыр, түйе, қой-ешкі) мен егін егетін жерлер мен дақылдар туралы статистикалық мәліметтер сақталған.
2.	Қауымдық кесте	Қауымға кіретін ауылдардың шаруашылығы, мал, жер өңдеу, аренда, тұрғындар саны туралы статистикалық мәліметтер
3.	Аймақтық кесте	Тұрғындардың жас ерекшелігіне байланысты саны, сауаттылар, оқып жүргендер саны, мал шаруашылығы мен жер өңдеу туралы статистикалық мәліметтер
4.	Шаруашылығы жөніндегі кесте	Шаруашылық топтар, олардың жалпы саны, жалдамалы жұмысшылар, мал шаруашылығы, қажетті сүт, жүн, ет, ұн мөлшері, жер өңдейтін құралдар саны, қолөнер туралы мәліметтер
5.	Ояздардың ерекшелігіне сай жасалған кестелер; қосымша, жалпы мәліметтер	Әр зерттеліп жатқан ояздың спецификалық ерекшелігіне сай жасалған кестелер
6.	Ру-тайпалардың кестесі: а) Зерттеліп жатқан ояздарға көшіп келетін қазақ руларының кестесі; б) ояздағы жергілікті ру-тайпаларының кестесі	а) Зерттеліп жатқан ояздарға көшіп келетін ру-тайпалардың атаулары мен олардың шежіресі беріледі; б) Ояздың әр болысы ауылдарында орналасқан ру-тайпалардың атаулардың шежіресі беріледі;

Бұл кестелер жер өлшеушілер мен статистиктердің белгілі бір практикалық міндеттерін жүзеге асырудағы қажеттіліктерінен туындалған. Сондықтан деректе бір-біріне ұқсамайтын кестелер де кездеседі [5, 9-10].

Негізінен кестелерде статистикалық материалдар сақталған. «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» дерегінде кездесетін карталардың деректік мағынасы өте зор. Олар тарихи деректердің ішінде ерекше, әрі әлі де зерттелмеген дерек түріне жатады. Оған бөлек аймақтар мен облыстар, ояздар, қалалар және белгілі бір территорияның картасы жатқызылады. Қазақ жерлерін зерттеген экспедиция мүшелерінің ішінде арнайы ояздар мен болыстарды картаға түсірген

топографтар болды. Бұл экспедицияда олардың ролі өте зор еді. Деректегі карталарды 1) рулардың орналасу картасы; 2) ояздардың жалпы картасы; 3) зерттеліп жатқан ояздағы болыстар мен ауылдардың картасы деп бөліп қарастыруға болады. Қазақстанның сол кезеңдегі территориялық бөліністі, ру-тайпалардың қоныстанған жерлерін анықтау үшін бұл карталардың маңызы зор. Ол туралы экспедиция басшысы Ф.А. Щербина «До работъ экспедиціи также не существовало никакихъ матеріаловъ по этому предмету. Схематическія чертежи площади фактическаго киргизскаго землепользованія и во многихъ случаяхъ больше или меньше точное нанесеніе такихъ площадей на карты Военно-топографическаго Отдела дали возможность какъ для приблизительнаго исчисленія распределенный между отдельными общинами земли, так и для правильной пастоновки дальнейшихъ работъ землеустроительныхъ чиновъ въ этомъ направленіи», - деген болатын. Бұл картаны және ру-тайпалардың кестесін Ә.Н. Бөкейхан жасаған болатын [5, 12-13].

Ауылдық кестедегі статистикалық мәліметтер шаруашылық санын, тұрғылықты халық санын, әр ауылдағы мал санын көрсету үшін қажет болып арнайы графалардан орын алды. Кестеде ауылдың орналасқан жері жөнінде, ауыл ақсақалдарының аты, тегі, жазылған, көрші елді-мекендермен, сауда пунктері мен ояздық қала арасындағы арақашықтық жөнінде мәліметтер де бар. Осы жерде ауылдың негізі қаланған мерзім, қыстау қарамағындағы су көздері көрсетіледі. Келесі бағана тұрғылықты халыққа арналған және ауылдағы шаруашылық санын көрсетеді. Бұл бағана жыныстық-жастық топтарды көрсететін бөлікке бөлінген. Мысалы, I томда бұл бағана тек бір «жұмыс жасындағылар» деп берілсе, қалған томдарда жасқа бөлу тиянақты көрсетілген. Мысалы, II, VII, VIII, IX, X, XI томдарда «жұмыс жасындағылар (еркектер үшін 18-60 жас, әйелдер үшін 16-55)» деп берілген және «жартылай жұмыс жасы» (еркектер үшін 14-17 және 60-тан жоғары, әйелдер үшін 14-15 және 55-тен жоғары деп берілген). Бұдан кейін тұрғылықты жай-киіз үй, жертөле, ағаш баспаналар жөнінде мәліметтер кездеседі.

Келесі бағанада ауыл экономикасы жөнінде мәліметтер бар. Ең алдымен бұл бағана мал шаруашылығы жөнінде және мал түріне байланысты өзге бағаналарға бөлінген. Бұл барлық томдарда кездеседі және жылқы, ірі қара мал, түйе, қой, ешкі деп көрсеткен. Малдың барлық түрі жасына қарай берілген себебі статистиктерге бұл барлық малды бір бірлікке аудару қажет болды. Мал шаруашылығы жөніндегі кестеге «Малды бағу» «Мал бағушылар мен жұмыскерлерді жалдау» (тек I томда «Мал бағушыларды жалдау» деп көрсеткен). «Сүт және жүн үшін өзгенің малын пайдалану» деген бағаналар қосылған. Бұл бағананы жазу зерттеу барысына байланысты қалыптасқан.

Уақыт өте келе, «Малды бағу» бағанасы өзгертілген V, VII томдарда оның орнына «Сүт пен жүн үшін малды дайындайтын шаруашылық» деп, оның ішінде сиыр, бие, қой, ешкі деп бөлінген. VIII, IX, X, XI томдарда тек саууға қажетті мал шаруашылығы деп көрсетілген. Бұл арада ауылдастарына сауу мен қыркуға малды беру, сол сияқты бағуға беру көшпенділердегі эксплуатациялаудың ерекше түрі деп көрсетеді. «Мал бағушылар мен жұмыскерлерді жалдау» бағанасы бастапқыда 2-ге бөлінді: «Шаруашылық саны» және «Мал бағушылар саны». II томнан бастап жылдық, жарты жылдық жұмыскерлердің санын есепке алатын қосымша бағана қосылды. VIII томнан бастап, бұл бағана «Жалдамалы еңбекте пайдаланған шаруашылық», «Мерзімді және айлық жұмыскерлерді пайдаланатын шаруашылық», «Жылдық жұмыскерлері бар шаруашылық» деп өзгертілген. Бұл мәліметтер қазақ ауылындағы эксплуатация деңгейі жөнінде ақпарат береді деп есептеді.

Жұмыстың жүргізілу барысында қазақ шаруашылығы жөнінде түсінік кеңейген сайын жер шаруашылығына қатысты бағаналар көбейтілді. Егер I-томда қарапайым «Егін себу» бағанасы екі бөлікке ғана бөлінсе: егін себу шаруашылығының саны, егін себудегі десятина саны, ал II томда бұл жерге қанша жыл егін салынды; алқаптан қыстауға дейінгі арақашықтық; ауылдағы орақ, соқа т.б. құралдардың саны; егін себудің әдістері-өз



күшімен бе, әлде жалдамалы еңбекті пайдаланды ма, аралас па деген мәліметтер қосылған.

VI, VII, IX, X томдарда қазақтардың жер шаруашылығындағы агроәдени дақылдар жөнінде мәлімдемелер кездеседі. Бұлар – сұлы, арпа, жүгері, асбұршақ т.б.

Ауылдық кестенің соңынан кездесетін бағана «Пішен шабу» шөпті пайдалану есебін анықтау әдістерінің өзгерісіне сай нақтылы көптеген өзгерістерге ұшырады және бүкіл кестеден қиын салыстырылған бағана болып есептелді. Тіпті өлшеу бірлігі де әр қилы: VII томның бір өзінде есеп біресе көпене, шөмеле деп алынса, кейде арбамен жүргізілген. Жалпы алғанда бұл бағанада (шаруашылықтың саны жөнінде) шөпті жинау (өз жерінде ме, әлде арендадан жерде ме); қанша шөмеле жинаған; қанша көпенені сатып алған; қашаннан бері пішен шабумен айналысқан; пішенді қалай пайдаланады-бірлесе ме, ауламен бе, пішен шабуға дейінгі арақашықтық деген мәліметтерді қамтыған шаруашылықтың саны жөніндегі мәліметтер бар [1, 95-96].

Келесі әр томда кездескен міндетті кесте-бұл «Статистикалық мәліметтерге арналған қауымдық кесте». Бұл кестедегі бағаналар ауылдық кестені қайталайды. Ауылдық кестедегідей бұған «Тұрғындар», «Құрылыс», «Кәсіпшілік», «Мал шаруашылығы», «Малды бағу», «Жалдамалы мал бағушылар мен өзге жұмыскерлер» деген бағаналар енген. Әр бағананың өзі көп жағдайда кішкене бағаналарға бөлінген. Жалпы жерді қауымдық пайдалану тәртібін сипаттау үшін жаңа бағаналар қатары да қосылған. Бұл әсіресе «жерді пайдалану»-бағанасы, қысқы қыстаудың күзгі жер жайылымы күзеудің ауданын десятинамен көрсетуге арналған. Шаруашылыққа арналған әр адамның жан басына шаққандағы малдық жайылымның есебі. Мал шаруашылығы жөніндегі барлық мәліметтер «Жылқы малына қатысты мал саны» деп аталатын кестеге шоғырландырылған. Барлық қауым мүшелерін мал санына қатысты топтастыру көрсеткіші үлкен қызығушылық туғызады. Бұл арнайы бағанада келесі шаруашылықтың бірден-бірге сатыланушылығы (градация) бар; жылқы малының; 2-ден 5-ке дейінгі жылқысы бар; 6-дан 10-ға дейінгі; 11-ден 25-ке дейінгі; 26-дан 50, 51-ден 100; 100-ден асқан. Тек I, II, III, VI, XI томдарда топтау 101-ден-300-ге дейінгі жылқыға жеткізілген. Бұл Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Қостанай, Омбы ояздары бойынша томдарда 100-ден 300-ге дейінгі жылқы малын есептеген топтау бай шаруашылықты топтастыруға мүмкіндік туғызған. Көптеген бай шаруашылықтың мың басқа дейін отары болғаны белгілі. “100 жылқыдан астам” бағанасы қауымдық кестеде қазақ қоғамының шаруашылық жағдайының шынайы бейнесін бүркемелеген [6, 18].

Ауылдық кестедегідей, қауымдық кестеде қазақ ауылындағы эксплуатацияның түрі мен көлемін саралауға мүмкіндік беретін бағаналар бар. Бұл «Малды бағу», «Жалдамалы мал бағушылар мен жұмыскерлер» бағанасында кездесетін мәліметтер. Ауылдық кестедегідей өзгерістерге ұшыраған. «Пішен шабу» бағанасы ауылдық кестедегіні қайталап сәйкестендірілген. Тек өзгеріс толықтыруларда, мысалы қауымдық кестеде пішен шабуға дейінгі аралық (барлық томдарда), шөпті жинау әдісі (II, III, IV, V, VI томдарда кездеспейді) бағаналары бар.

Қауымдық кестеге қарап пішен шабумен айналысатын шаруашылықтың жалпы санын анықтап және жиналған көпене саны жөнінде мәлімет алуға болады. Қауымдық кестедегі жер өңдеуге арналған бағана нышаны ауылдық кестедегіге қарағанда қарапайым. Тек V томда жер шаруашылығы дамыған Қостанай оязы суреттелгенде қосымша бағана енгізілген, онда соқа мен тырма, малалаудың шаруашылықтағы саны енгізілген. VI томда «Егін себу десятинасының саны» бағанасын «Сұлы пұтымен есептегендегі егін себу көлемі» бағанасына алмастырылған. Мұндай атау «Материалдардың...» өзге бөлігінде кездеспейді [1, 99].

Қауымдық кестеде ауылдық кестеде кездеспейтін бағаналар бар. Бұл жерді арендау, шөпті шабу, есептесу, көшіп-қону жөніндегі бағаналар. Дегенмен олар үнемі кездеспейді.



«Жерді жалға алу» кестесі жайылымдық жерді және шөпті шабуға арналған жерді жалға алуды екі жақты қарастырған (шаруашылық саны мен десятина санына сәйкес). I томда мұнымен қоса, «Шөп шабуды тапсыру» бағанасы кездеседі. Ол «Шаруашылық саны» және «Шөп көпенесі» деп аталатын бағаналарға бөлінген. Сол сияқты тек осы I томдағы қауымдық кестеде «Төлем төлеу» бағанасы енгізілген. Онда түтін салығы, облыстық земстволық жинақ, земстволық тәуелділік (барлығы сом, тиын есебімен) есептелген. II томнан бастап кестелерде көшіп қону жөніндегі бағаналар кездеседі. Ол статистиктерге шаруашылық ауыл мен қауымды топтастыру үшін қажет болды. Мұндай топтастыруға негіз болған нышан ол бірлесіп көшіп қону мен белгілі бір территорияны қысқы жайылым (қыстау) үшін бірлесе пайдалану болды. Бұл арада міндетті түрде қыстаудың территориясында болған күндер мен одан тыс мерзімдегі күндер есепке алынды. IV, V, VI томдардан басқа жеке томдарда барлық көшіп қону жолын шақырыммен есептеген бағаналар; қыстаудан шыққаннан оған қайтып келгенде дейінгі тұрақтар; жолға кеткен күндерді есептеп көрсеткен бағаналар кездеседі.

«Кестелерге қажетті түсініктемелер» немесе «Кестелерге ескертулер» (ауылдық және қауымдық) А.А. Кауфманның көрсетуі бойынша, «Зерттеу жазбаларының шынайы төзімділігін» көрсетеді. Мәтінге оларды енгізудің өзіндік себептері болды: жерді бөлуші партиялардың қызметкерлері экспедиция соңынан жүріп, олар тағайындаған артық жерлерді планшетке яғни бетіне сызба сызатын қағаз керілген кішігірім тақтаға енгізді, және бұл кестелерге статистиктердің мәтіндік түсініктеме, нақтылы түсінікті болу үшін ескерту жасауын қажет етті. Олар үшін арнайы келесі пунктерді қамтыған бағдарлама жасалды.

1. Қыстау маңындағы жайылым. Топтың өз ішінде бөлу (жеке қыстаудың ішінде өзінің қой бөліктері, яғни қыстаудан бөлек қой жайылымы бар, жоқ екенін анықтау). Жайылымды пайдалану дәрежесі: оның құнды, маңызды бөлігі; көп пайдаланатын ерекше маңыздысы. Су көздері, көшіп-қону жолы, малды қабылдау, айдау. Жайылымдық жерді арендаға беру. Көршілермен болған дау себептері.

2. Шөп шабу, пішен ору. Оның сипаттамасы, орналасуы. Малды шөппен азықтандыру мерзімі. Ескі шөптің қалғаны бар ма? Шабындық жерлерді тапсыру.

3. Айдалған жер. Егістік. Олардың орналасуы (қыстау ішіндегі территорияда ма, әлде маңында ма). Суландырылған жайылым. Жайылымды тапсыру.

Бұл бағдарлама қауымдық кестеге ескерту жасау үшін құрастырылғаны көрініп тұр. Осындай статистер жинаған нақтылы материалдарды чиновниктер пайдаланып, қауымдық бланктерден таңдап алып, жекеленген қауым құрамын зерттеп, олардың жерді пайдалану ауданын есептеген. Әсіресе бұл қауымнан «артық жерлер» қиып алынған кезде және жергілікті тұрғындармен конфликт-қайшылық туындалған кезде қажет болды. Нақтылы материал қауымдық кестені қарастырған кезде өте құнды болып есептелді [7, 72-77].

Үшінші міндетті кесте - «Жылқы малы бойынша әр томға енген шаруашылықты топтауға арналған статистикалық мәліметтердің аудандық кестесі». Бұл кестенің негізіне экспедицияның зерттеуіндегі әр оязды ауданға бөлу алынған, ол жердің сапасына қарай анықталған. Аудандық топтық кестелер әр өлке бойынша әртүрлі мүліктік топтарды анықтауға мүмкіндік туғызады. Бұл арада тағы да бұған дейінгі кестелерде болған: «Тұрғылықты халық», «Тұрғын үй», «Жалдамалы жұмыскер», «Мал», «Жайылымдық жерлер», «Шабындық жерлер», «Кәсіпшілік» бағаналары орын алған, тек көптеген басқа, жаңа ұсақ сипатталған нышандарға ие болған. Жаңа бағана ет пен ұнды пайдалану мөлшеріне арналған.

Осы үш негізгі кестеде ауылдық, қауымдық және аудандық, экспедиция мүшелері әр ауданның орта шаруашылығына қажетті жерді пайдалану нормасын есептеп шығарды. Сондықтан әр томда «Аудандар мен артық жерлердің кестесі» берілген. Бұл кішігірім кестелерде жер нормалары, жалпы жер аудандары мен артық жерлер немесе жайылымның жетіспеушілігі көрсетілген. Бұл міндетті кестелермен қоса, әр томда ерекше кестелер бар.



I, II томнан басқа барлық томдарда жалпы пайдалануға берілген жер көлемімен қоса жеке пайдаланылған тұрақтар жөнінде мәліметтер келтірілген. Кейбір жекеленген ояздар бойынша, мысалы, Қарқаралы оязы бойынша «Қауымдық-ауылдық топ аудандарын өзге шаруашылық ауылдарының жазғы жайлауға кеткенде пайдалануы жөніндегі статистикалық мәліметтер кестесі бар. Бұл арада ауылдар мен шаруашылықтың саны жөніндегі мәліметтер, олардың көшіп-қонуы әр табиғи межеде болатын уақыты жөніндегі мәліметтер кездеседі. Мұнымен қоса, ояздың руларының схемасы, олардың көшіп-қону жолы, рулық байланыстары орын алған. Экспедиция қызметкерлері зерттеудің соңында кәсіптік қызметі жөнінде жекеленген кестелерді құрастырған.

Кәсіпшілік жөніндегі кестелер барлық ояздар бойынша кездеседі және ауылдық, қауымдық кестелерге енгізілген. Зайсан, Өскемен, Семей, Ақмола ояздары үшін (III, VIII, IX, X) арнайы кәсіпшілік кестелері берілген. Бұл кестелер әр топқа бөлінген (әйелдер, еркектер, кәсіптік дайындықты қажет ететін және т.б.). Зайсан, Ақмола, Өскемен, Павлодар, Семей, Петропавл ояздары бойынша (VIII, II, IX, IV, X, XII) күрделі қисынды үш нысанды кестелер құрастырылған.

1) жалдауға және жұмысшыларды жіберу қатынасына байланысты;

2) отырықшылыққа байланысты;

3) жылқымен қамтамасыз етілуі. 12 томда бұл кесте «Қырғыздардағы әр түрлі экономикалық және шаруашылық топтарды сипаттау жөніндегі мәліметтің жинағы» ретінде нақтылы анықталған. Онда, шын мәнінде, шаруашылықтағы мал саны, отырықшылықпен өзара байланысы жөніндегі, жер шаруашылығы мен жалдамалы жұмысшыларды эксплуатациялау дәрежесі жөніндегі мәліметтер кездеседі [1, 101-103].

Кейінгі жылдары осы тақырыппен айналысып жүрген зерттеушілердің бірі Н.Тасилова осы мәселеге қатысты өз ойын былай деп тұжырымдайды: «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» ең алдымен екі ғасырдың тоғысындағы бүкіл қазақ қоғамының шаруашылық, әлеуметтік-экономикалық жағдайынан, географиялық орналасуы мен рулық-тайпалық құрылымынан құнды-құнды мәліметтер беретін жазба деректің түрі. Көптеген зерттеушілер бұл деректің мәліметтерін өз еңбектерінде кеңінен пайдаланады, бірақ та әлі күнге дейін экспедиция материалдары кешенді түрде деректанулық талдаудан өткен жоқ. Сондықтан да, «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» мәліметтерін деректанулық сыннан өткізудің маңызы аса зор екендігін атап өтуіміз қажет» [5, 9-10].

Автор Н.Тасилова бұл деректің ерекшелігі мен құндылығына байланысты мынандай пікір білдіреді: «Біріншіден, Қазақстан жерін зерттеу экспедициясы жұмысын аяқтамай-ақ, бүкіл материалдар сұрыпталып, жүйеленіп кітап болып басылып шығуында. Яғни, дерек сол кезеңнен алшақтамайды; екіншіден, бұл деректің материалдарын кітап етіп құрастырып, баспаға даярлаған авторлардың өздері сол экспедицияның бел ортасында жүріп, басынан соңына дейін қатысқан білімі жоғары зерттеушілер болған. Ол деректің объективтілігін жоғарылатады; үшіншіден, дерек басылып шыққаннан кейін қайта өңделмеген, басылмаған. Демек, дерек бұрмалаушылыққа ұшырамай, түпнұсқа күйінде жетуімен де ерекшеленеді [5, 9].

Автордың зерттеліп отырған тақырыпқа байланысты пікірін қолдай отырып мынандай қорытынды жасауға болады: «Материалдардың...» барлық басылымы өз негізінде мәтіндік, кестелік бөлімде болсын бір текті құрылымда. Зерттеудегі әдіс-тәсілдердің өзгерісіне сай және жекеленген ояздың өзіндік ерекшелігіне байланысты барлық томдарда өзіндік өзгертулер орын алып, жаңа мәтіндер мен кестелер енгізілген. Сондықтан басылымның I томы көп жағдайда өзгелерінен бөлектеу. Осы ерекшелікті және ұқсастықтарды есепке алған кезде басылымның томдарын салыстыруға толық негіз бар.

«Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» арнайы ғылыми түрде зерттелмеген үлкен деректер кешенін құрайды. Оларды жүйелеп, деректанулық талдаудан өткізіп, практика жүзінде пайдаланудың маңызы аса зор.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Волкова Т.П. Материалы по киргизскому (казахскому) землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Дисс. канд. ист. наук. - М., 1982. - 170 с.
- 2 Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская обл. Кокчетавский уезд. – Т. I. – Воронеж, 1898. - 860 с.
- 3 Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей под руководством Ф.А. Щербины. Семипалатинская область. Павлодарский уезд. – Т. IV. – Воронеж, 1903. - 762 с.
- 4 Портреты. Степь глазами извне. От Геродота до Гумбольдта. Авторс. колл: А.Х. Касымжанов и др. – Алматы, 2000. - 148 с.
- 5 Тасилова Н. «Материалы по киргизскому землепользованию» дерегінің ішкі құрылымы мен сақталу формасы. // ҚазҰУ хабаршысы. - Тарих сериясы. - 2006. - №4 (43). - 9-13 бб.
- 6 Очерки экономической истории Казахской ССР (1860-1970 гг.). – Алма-Ата, 1974. - 382 с.
- 7 Кауфман А.А. Переселенцы-арендаторы Тургайской области. 2-я часть отчета старшего производителя работ Кауфмана по командировке в Тургайскую область. – Спб., 1897. - 287 с.

### РЕЗЮМЕ

Авторы статьи в качестве главной цели определяют изучение внутренней структуры многоотного источника «Материалы по киргизскому землепользованию...», явившегося результатом работы экспедиции по изучению казахских земель в конце XIX - начале XX вв. Отмечая, что до настоящего времени данный источник не подвергался комплексному научному изучению, авторы проводят систематизацию документов, вошедших в данный источник, обращают особое внимание на его практическую деятельность.

### RESUME

The authors of the article determine the main goal as the study of the internal structure of a huge source “Materials on the Kirghiz land use...”. It is the result of the work of the expedition on the study of the Kazakh lands at the end of the XIX<sup>th</sup> and beginning of the XX<sup>th</sup> centuries. The authors note that such documents have not been considered completely by other scientists and they systematise the documents paying attention to their practical value.



### **А.Р. Исеналинов**

Колледж Казахского национального  
университета искусств,  
преподаватель

## **Вклад казахстанцев в оборону Ленинграда в период с сентября 1941 по январь 1943 года**

### **Аннотация**

Важной страницей в Великой Отечественной войне является оборона Ленинграда. Большую роль в защите города сыграли казахстанцы. Активное участие в обороне города приняли 310-я, 314-я и 8-я гвардейская стрелковые дивизии. 310-я стрелковая дивизия, сформированная в Акмолинске, сражалась на Синявинских болотах и высотах и способствовала разгрому немецко-фашистской армии в Южном Приладожье. 314-я Петропавловская стрелковая дивизия остановила финскую армию между Онежским и Ладожским озерами, не дав соединиться немецкой и финской армиям. Затем дивизия сражалась в районе Синявинских высот, внося существенный вклад в разгром противника в 1942 – 1943 годах. Другой, не менее важной частью, принявшей участие в обороне Ленинграда, стала 8-я гвардейская стрелковая дивизия, которая сражалась против окруженных немецких войск в районе Демянска. Исходя из этого, следует сделать вывод, что казахстанцы внесли существенный вклад в оборону Ленинграда.

*Ключевые слова:* оборона Ленинграда, участие казахстанцев в обороне Ленинграда, сражение за Синявинские болота и высоты.

Цель данного исследования: показать роль казахстанских подразделений в обороне Ленинграда.

Задачами исследования являются:

1. Осветить боевые действия 310-й стрелковой дивизии, сформированной в Акмолинске.
2. Дать характеристику действиям 314-й стрелковой Петропавловской стрелковой дивизии.
3. Осветить боевые действия 8-й гвардейской стрелковой дивизии.

Оборона Ленинграда стала важной страницей в истории Великой Отечественной войны. Больше 59 тысяч солдат и офицеров, призванных из Казахстана, приняли участие в обороне «Города трех революций». В обороне города приняли участие 4 стрелковые дивизии:

310-я, 314-я и 316-я (впоследствии 8-я гвардейская стрелковая дивизия) стрелковые дивизии. Самые тяжелые бои проходили против частей немецкой группы армии «Север», наступавших на Ленинград с юга.

В период с сентября 1941 года по январь 1943 года происходили бои, которые повлияли на дальнейшую блокаду. По сути, в этот период была обескровлена немецко-фашистская группировка, находившаяся под Ленинградом. О дальнейшем крупном наступлении высшее командование Германии уже не помышляло.

Одним из мест, где казахстанцы приняли бой с противником, были Синявинские болота и высоты.

Немецко-фашистские части, выйдя к Шлиссельбургу, замкнули кольцо вокруг Ленинграда 9 сентября 1941 года.

Для скорейшей деблокады Ленинграда были брошены свежие подразделения, среди которых находилась 310-я стрелковая дивизия, сформированная в Акмолинске.

Из формуляра дивизии видно, что времени для обучения не было. Это означало только одно: большие трудности в выполнении задач, которые ставили командиры. Будущее показало, насколько трудно было акмолинцам и как ошибочно бросило советское командование дивизию в бой, не проделав нужной работы. Так Красная Армия училась побеждать врага, и такую цену мы платили за Победу [1, 291].

310-й акмолинской стрелковой дивизии пришлось наступать в неблагоприятных условиях. Местность Синявинских болот и высот не располагают не только к атаке, но и к обороне. [2, 9].

Только что подтянутая из резерва 310-я акмолинская стрелковая дивизия была включена в состав формируемой 54-й армии и брошена на прорыв замкнутого кольца блокады. Внешний деблокадный удар дивизии был нацелен на самую узкую полосу кольца. Исходный рубеж для наступления проходил по деревням Тортолово, Гайтолово, Гонтовая Липка. Эти деревеньки стояли на пологих высотах и выделялись среди обширных Синявинских болот, все дороги проходили через них. Это и определило выбор направления деблокадного удара и судьбу этих деревень.

9 сентября 310-я акмолинская стрелковая дивизия с марша пошла в наступление. Левый фланг дивизии прикрывала 286-я стрелковая дивизия полковника Фетисова Ф.К., правый фланг – 128-я стрелковая дивизия полковника Сергеева И.Г. Две дивизии были ослаблены предшествующими боями и серьезную помощь 310-й стрелковой дивизии оказать не могли.

За первые два дня наступления 310-я акмолинская стрелковая дивизия вклинилась в оборону противника на 6 км. Ввиду отсутствия боевого опыта полки дивизии начали преследование противника, забыв о фланговом прикрытии. Поэтому акмолинцы попали в окружение и им пришлось с боем прорываться к основным частям Красной Армии.

1-я Синявинская наступательная операция по прорыву блокады Ленинграда завершилась неудачно. В боях по прорыву блокады города подразделения 310-й стрелковой дивизии понесли большие потери. Только за период боев с 8 по 26 сентября 1941 года части 310-й акмолинской стрелковой дивизии потеряли убитыми, ранеными и пропавшими без вести более 5 тысяч человек.

Но, несмотря на большие потери, командование Красной Армии добилось того, что немецко-фашистское командование начало спешно перебрасывать части, которые участвовали в штурме Ленинграда. Заметим, что активность 54-й Отдельной Армии вызвала беспокойство командующего немецкой группы армии «Север», фельдмаршала Лееба.

После первых боев, дивизия занималась улучшением позиций, проводя частые атаки. Однако, несмотря на провал 1-й Синявинской наступательной операции, командование Красной Армии стало готовиться к прорыву блокады в октябре 1941 года, в котором важное место отводилось пополненной 310-й стрелковой дивизии [1, 23].





Вторая Синявинская операция стала логическим продолжением первой. Наступление, проводившееся в октябре 1941 года ставило прежние цели, а именно, разгром противника на Мгинско-Синявинском выступе и прорыв блокады с суши.

20 – 28-го октября войска 54-й и 55-й армии и Невской оперативной группы Ленинградского фронта предприняли наступление с востока и запада по сходящимся направлениям на Синявино с целью уничтожить шлиссельбургско-синявинскую группировку противника и тем самым деблокировать Ленинград с суши [3, 652].

Выполняя указания Ставки, командование Ленинградским фронтом решило начать вторую Синявинскую наступательную операцию 20 октября 1941 года. 54-я армия должна была силами 3-й и 4-й гвардейских и 310-й акмолинской стрелковых дивизий, 16-й и 122-й танковых бригад при поддержке двух корпусных артиллерийских полков, двух дивизионов реактивной артиллерии и всей авиации прорвать оборону гитлеровских войск в районе Тортолово и, нанося удар на Синявино, во взаимодействии с войсками оперативной группы восточного сектора обороны фронта и Невской оперативной группы окружить и уничтожить шлиссельбургскую группировку врага.

На острие наступления снова была задействована 310-я акмолинская стрелковая дивизия, она и действовала довольно успешно.

Успех наступления был значительным, и прорыв блокады ожидался со дня на день. Однако наступление немецко-фашистских войск под Тихвином осложнило положение Красной Армии. Это обстоятельство не позволило развить успешно начатое наступление частей 54-й Отдельной Армии. Для парирования удара противника под Тихвином была выделена наступавшая на Мгинско-Синявинском выступе 310-й стрелковая дивизия. Таким образом, Синявинская группировка была сильно ослаблена.

310-я акмолинская стрелковая дивизия была маршем переброшена в район Тихвина, в расположение 4-й Отдельной Армии, где, по сути, прекратила свое существование ввиду ее полного уничтожения.

В то время, когда 310-я акмолинская стрелковая дивизия нанесла удар на линии Гонтовая Липка – Гайтолово – Тортолово, войска Ленинградского фронта пытались прорвать оборону противника со стороны Невы. Так, в начале сентября передовые части 115-й стрелковой дивизии генерал-майора Конькова захватили в районе Московской Дубровки крохотный плацдарм, вошедший в историю Великой Отечественной войны как «Невский пятачок», который вначале достигал 4-х км, по фронту и 2-х в глубину. Но, в конце концов, немецко-фашистские войска локализовали прорыв и сократили плацдарм до 2 км в ширину и 500-700 метров в глубину. В обороне «Невского пятачка» приняла участие созданная в 1941 году Невская Оперативная группа, в которую в разные времена входили многие подразделения Ленинградского фронта. В большинстве подразделений доблестно сражались и уроженцы Казахской ССР. Всего в рядах вышеназванных подразделений погибло более 600 человек, призванных из Казахстана. Имена упомянутого числа погибших казахстанцев известны благодаря директору музея «Невского пятачка». Погибшие казахстанцы входят в тот печальный список погибших защитников крохотного, но важного плацдарма на левом берегу Невы. Численность погибших по самым скромным подсчетам составляют около 50 – 100 тысяч человек [4].

История боев 314-й петропавловской стрелковой дивизии менее трагична, чем судьба 310-й акмолинской.

Личный состав дивизии был сформирован из жителей Омской, Кустанайской, Акмолинской, Кокчетавской, Павлодарской и всех сел и аулов Северо-Казахстанской области. Партийные организации Северного Казахстана направили в части своего соединения 1800 коммунистов и комсомольцев. Среди прибывших на сборные пункты было много добровольцев.

Большинство, призванных в разное время, проходили военную службу в рядах армии, на краткосрочных сборах, а часть из них уже имела и боевой опыт. Более 500

человек участвовало в первой мировой и гражданской войнах, 64 воевали у озера Хасан или на реке Халкин-Гол, 79 сражались в 1939 – 1940 году с белофиннами. Лишь немногие не имели армейского опыта, не держали еще оружия в руках [5, 12].

По приказу командования дивизия передислоцировалась в район Тихвина. Вместе с тремя другими казахстанскими дивизиями 310, 312, 316-й она входила в состав 52-й армии, составлявшей второй эшелон войск Северо-Западного фронта по реке Волхов. Однако обстановка заставила 312 и 316 дивизии перебросить под Москву, 310-я была отправлена в район Шлиссельбурга. А на долю 314-й дивизии выпало принять боевое крещение на Свири.

До середины июля 1942 года дивизия держала жесткую оборону на прежних рубежах. В начале лета войны 314-й с большой радостью встречали делегацию трудящихся Северо-Казахстанской области [6, 67].

С середины июля до середины сентября 314-я стрелковая дивизия находилась в резерве 7-й Отдельной армии. Ее воины осваивали опыт боев, готовились к новым схваткам. Этот опыт пригодился в наступательной операции на Синявино, где вновь пришлось действовать в тяжелых условиях против одной из самых сильных армий мира – германской военной машины.

Не вдаваясь в подробности 3-й Синявинской наступательной операции, можно сказать, что начавшись успешно для Красной Армии, в конце она стала превращаться в катастрофу. Если 27 августа части 8-й армии прорвали оборону и продвинулись на 10 км вглубь немецкой обороны, то уже через месяц, в конце сентября, части 8-й и 2-й ударной армий при поддержке 4-го гвардейского стрелкового корпуса были блокированы западнее рубежа Гонтовая Липка – Гайтолово – речка Черная. Подразделения немецкой 11-й армии фельдмаршала Манштейна наносили по блокированным войскам Волховского фронта бомбовые и артиллерийские удары.

В таких невыгодных условиях пришлось наносить деблокирующий удар воинам 314-й стрелковой дивизии. Получив приказ в начале сентября, части дивизии на своих руках перенесли все имущество к месту боев, пройдя по бездорожью более 300 км. Североказахстанцы вступили в бой без разведки в тот момент, когда Манштейн укрепил кольцо окружения. Батальоны и полки отступающих дивизий и бригад Красной Армии погибали полным составом. Несмотря на активность немцев, казахстанцы нанесли удар совместно с частями 73-й отдельной морской стрелковой бригадой. Удар был настолько мощным, что смял противостоящие немецкие части у Гайтолово и образовался на короткое время коридор, через который вышли из окружения 1500 человек разных дивизий и бригад. Но вывод из окружения стоил казахстанцам очень дорого. За 3 дня боев дивизия потеряла более двух тысяч человек, то есть  $\frac{1}{4}$  личного состава. И поныне останки павших находятся в квадрате «3400 а». Именно через заболоченные места, вышеупомянутого квадрата, части 314-й дивизии нанесли главный удар. Несмотря на потери, подразделения североказахстанцев заняли твердую оборону восточнее деревни Гайтолово [7, 37]. К слову стоит заметить, что удар североказахстанской дивизии обескровил 132-ю немецкую пехотную дивизию, которая весь октябрь только и делала, что восстанавливала свои силы [7, 233]. Но, несмотря на это, петропавловцы понесли такие потери, что в будущем сказались на боеспособности вышеназванного подразделения.

Начало 1943 года ознаменовалось переломом в Великой Отечественной войне. Так, 12 января началось сражение по прорыву блокады Ленинграда в самом узком участке фронта – Мгинско-Синявинском выступе. Наступление на данном рубеже вошло в историю как операция «Искра». В данном сражении принимала участие 314-я стрелковая дивизия. Североказахстанская дивизия обеспечивала левый фланг наступления, ведя ожесточенные бои на рубеже Гонтовая Липка – Роща «Круглая» – Гайтолово.



Дивизия наступала во втором эшелоне 2-й ударной армии, обеспечивая глубину прорыва. Основная борьба казахстанцев происходила за рошу «Круглую», которую противник превратил в серьезный узел обороны. В то время, когда основные силы армии выполняли задачу по деблокаде, в роше «Круглой» происходили жестокие бои. Ожесточенность сражения за вышеназванный лесной массив была такой, что противоборствующие силы порой решали исход атак рукопашным боем. Всего с 12 января по 1 марта 1943 года дивизия потеряла убитыми и ранеными 2544 человека. Несмотря на то, что североказахстанцы имели минимальное продвижение вперед, задача, поставленная командованием, была выполнена – противник не смог перебросить войска против основных сил Красной Армии. Однако, по замечанию командира поискового отряда «Мемориальная зона» М.К. Кусаинова, невозможно понять, какая часть роши «Круглая» была занята североказахстанцами [8, 89].

Большую роль в обороне Ленинграда сыграло участие 316-ой стрелковой дивизии, сформированной в Алматы. В течение августа – октября 1941 года в составе 52-й Отдельной Армии, находилась 316-я стрелковая дивизия. Сформированное из уроженцев Кыргызстана и Казахстана подразделение прибыло на фронт 27 августа 1941 года. Находясь в позиции второго эшелона, дивизия занималась боевой подготовкой, попутно уничтожая прорвавшиеся маленькие боевые группы противника. 6 октября 1941 года штаб 316-й стрелковой дивизии получил приказ о переброске из состава 52-й Отдельной Армии в распоряжение командующего Московским Военным Округом. Примечательно, что после ухода данной дивизии, подразделения немецко-фашистской армии перешли в наступление на Тихвинском направлении, разгромив противостоящие небольшие силы Красной Армии [9; л. 81-87].

Уже в ходе сражения за Москву 316-я стрелковая дивизия, входившая в состав 16-й армии, проявила свое боевое мастерство. Это отметили, как советские военачальники, и так и немецкие. Командующий 5-м армейским корпусом, генерал пехоты Р. Руофф, отмечал: «316-я русская дивизия...имеет в своем составе много хорошо обученных солдат, ведет поразительно упорную борьбу... Ее слабое место – широкий фронт расположения» [10, 235]. Высокая характеристика дивизии, данная офицером противника, оказалось верной и его слова подтвердились сражениями, в которых приняли участие панфиловцы.

- Эффект замалчивания или Денежное табу. Согласно исследованиям Мягкова А.Ю., Фенько А.Б. и др. – ограничения, связанные с определенной социокультурой общества, считающей, что темы о деньгах и их источнике крайне неприличные для публичного обсуждения как и темы, связанные с интимной жизнью, чем активно пользуются эзотерики, проповедующие таинственность магии денег и обряды по их привлечению [24].

- Эффект денежной профанации в западной культуре поощряется с детства [25].

- Денежный консерватизм – негативное восприятие любых денежных реформ, несмотря на их экономическую целесообразность исследовал Дж.Барг [26].

- Эффект денежного напряжения, по мнению Семенова М.Ю., – это эмоциональная составляющая денег, зачастую связанная с такими сильными чувствами как любовь, жертвенность, ненависть или зависть, характеризующие эту сферу как контрастную или амбивалентную по отношению к деньгам [28].

- Эффект иллюзии материальности денег - Семенов М.Ю., Зингер М., Д.Канеман, П.Словик, А Тверски, В.Новикова, С.И.Ерина и др. считают, что деньги, несмотря на свою материальную сущность, являются социально-конвенциональным средством, активно используемым для удовлетворения духовных потребностей [29, 30, 31,32].

- Эффект индивидуального экономического поведения существенно отличается от поведения групп потому, что у каждого человека своя индивидуальная мотивация, сформированная разными внешними и внутренними факторами. Денежное поведение человека, его формы и мотивация существенно различаются на макро-, мезо- и микроуровне, что и отмечено в исследованиях Паркинсона С.Н., Хиршлейфера Дж., Бэккера Г., Тамбовцева В.Л., Эрроу К., Верховина В.И. [33,34,35,36,37,38].

- Эффект разных денег – относится не только к разным формам монетарного понятия, но и к нравственным. П. Словик, А. Тверски, В.В. Новикова, С.И. Ерина, А.А. Капустин и др. отметили, что человек тратит «грязные» деньги намного быстрее, чем «чистые». Психосемантические исследования А.А. Капустина с использованием частного семантического дифференциала, проведенные в Ярославле, зафиксировали множественное отношение к различным монетарным формам и монетарным понятиям [39,40,41].

- Эффект размера денег. Мелкие деньги человек тратит не задумываясь, произвольно сберегая крупные купюры от размена [42].



- Эффект одалживания – сводится в последнее время как к источнику стресса, а также возникновению новых форм психологического поведения - не возвращают долги [43].

- Эффект преимущественной ценности денег над товаром, утрачивает свою актуальность в периоды войны, кризиса или денежной девальвации [44].

- Эффект денежной арифметики. Формально логические математические операции (сложение, вычитание, деление и т.д.) с абстрактными числами и с деньгами имеют отличные правила и нормы [45].

- Денежная иллюзия – восприятие номинального, а не реального количества денег без учета инфляции и реального положения дел [46,47].

Можно изучать огромное множество совершенно различных денежных теорий и эффекты их влияния на психологию человека и его поведение, но остается неизменным практически только одно – это наличие денег или их отсутствие в кошельке. Данный факт делает большинство из людей либо счастливыми, либо глубоко несчастными.

Психология потребления, грамотно навязанное человечеству, - это яркий пример работ американских психологов Д.Хокинса, Р.Беста и К.Кейни, направленных на активное формирование человеческого поведения [48].

По статистике, в «Черную пятницу» американцы каждый год оставляют в магазинах свыше 60 миллиардов долларов США, что сравнимо с годовым бюджетом небольшой страны. Практически 80 % этих покупок через неделю выкидывается за ненадобностью [49].

Изучение психологии денег и их влияния на ценностно-смысловые аспекты современной молодежи - актуальное направление психологии, изучающее не только отношение человека к деньгам, но и к другим людям. Как считает Шелкопляс Е.В., именно деньги являются глубинными причинами дисгармонии социальных и экономических отношений в обществе [50].

Безусловно, наличие денег у среднестатистического человека напрямую зависит от наличия у него работы. Соединив факторы наличия работы и денег, можно получить примерную, психологически направленную модель поведения человека.

Однако кризисное состояние мировой экономики, сопоставимое с Великой депрессией 1930-х годов в США, сказывается на наличии рабочих мест. В этой связи очень интересны изыскания Аристотеля, отметившего в своем трактате «Экономика» пути преодоления кризисных явлений. По его мнению, наличие у индивидуума даже небольшого земельного участка не только повышает его патриотизм по отношению к государству, но и занимает человека полностью, т.к. он практически всегда занят повседневным хозяйственными делами, которые в отличие от промышленного производства ждать не могут. В противоположность ремесленнику, писал Аристотель - который «толчется на городских площадях», владелец земельного участка мало интересуется политикой и редко ходит на собрания, т.к. вся его энергия направлена на собственное натуральное хозяйство.

По мнению Г. Джонсона, 11-й и 12-й пятилетние планы СССР в части продовольственных товаров были совершенно нереалистичными. Продовольственную программу удалось восполнить за счет раздачи части земли под дачные участки, выручивших многих в период нестабильности [51,52].

Любые денежные эффекты поведения человека базируются в первую очередь на удовлетворении его естественных потребностей, продиктованных элементарной физиологией, так хорошо выраженной в Пирамиде потребностей А. Маслоу [53]. Можно разрабатывать массу экономических теорий и исследовать массу денежных эффектов, но все они практически сведутся к элементарному обеспечению человека пищей, а уже после и ко всему остальному.

Рассмотрев денежные теории, можно сделать вывод, что деньги, появившиеся на определенном этапе развития общества, являются инструментом, необходимым для развития производства и потребления, а также механизмом для управления экономическими, политическими и социальными процессами. Государство, учредив деньги и направляя денежное обращение, регулирует эти процессы, поскольку без них оно неспособно существовать и выполнять свои функции.

Влияние денег на поведение человека связано с экономикой, социологией, политикой и психологией. Автор статьи считает, что в настоящее время выявлена только часть психологических эффектов предсказуемого денежного поведения человека. Маркетологи, опираясь на психологические исследования, успешно направляют предиктор продаж в нужное им направление и в этой связи у психологов есть бескрайнее поле для исследования по нескольким актуальным причинам:

- реакция человека на финансовые факторы не только оказывает влияние на его жизнь, но и на его поступки, а значит можно найти способы и методы для предотвращения или снятия социальной напряженности;

- нахождение действенных способов и методов для оказания реальной помощи в практической психологии при различных денежных расстройствах в виде финансовой паники, шопоголизме, игромании и т.д. и т.п.;

- вовремя проведенная профориентация молодежи в соответствии с их психофизиологическими параметрами позволит сохранить душевное здоровье и стать счастливее молодому человеку, его семье и коллективу, т.к. намного приятнее и легче зарабатывать деньги, занимаясь любимым делом;

- психология денег это не только отношение индивидуума к деньгам, но и к другим людям, попадающим в сферу денежного соприкосновения, что означает определенное денежное поведение и культурные установки.

Проведение эмпирического социально-психологического исследования отношения к деньгам молодежи требует тщательной подборки и апробирования всего методического комплекса в целом, с учетом социокультурного уровня современного Казахстана.

Методики исследования будут прорабатываться в соответствии с самими исследованиями по этому вопросу. Несмотря на то, что люди не всегда полностью искренни в своих ответах на тему денежных взаимоотношений и тем более влияния денег на них самих и психологию их поведения, тщательный контроль процедуры эмпирических исследований, сравнительный анализ и использование взаимодополняющих методик должен обеспечить достаточно высокую достоверность результатов.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 «Экономические взгляды Аристотеля» <http://econteor.ru/hste/bancmer.ph>
- 2 «A discourse of trade from England unto the East Indies»(Лонд., 1609; 2 изд.,1621) <https://www.abebooks.com/t.m-discourse-trade-engla>
- 3 Титова Н. История экономических учений. <http://www.gumer.info/bibliote>
- 4 W.S. «Критическое изложение некоторых жалоб наших соотечественников» Лондон 1581 г. [http://gufo.me/content\\_eco/uiljam-stafford-32](http://gufo.me/content_eco/uiljam-stafford-32)
- 5 Н.С. Четвериков О теории стабильности статистических рядов. - М., 1968.
- 6 Туган-Барановский М.И. Очерк VI. Социально-политическое направление. - СПб.: Изд. журнала «Мир божий», 1903. - С. 191-192.
- 7 Быховский Б.Э.«Мыслители прошлого Дж.Беркли». - М.: Мысль, 1970. - 220с.
- 8 Денежно-бумажное обращение Ф. Бендиксен. <http://ecouniver.com/914-d>



- 9 Аникин А. Дж.Стюарт Милль // Юность науки: Жизнь и идеи мыслителей-экономистов до Маркса. 2-е изд. - М.: Политиздат, 1975. - С. 279-287.
- 10 Д. Юм «О деньгах» Сочинения в двух томах. Том 2. - М., 1965. - 927 с.
- 11 Блауг М. Фишер, Ирвинг. - СПб.: Экономикс, 2008. - С. 317-322.
- 12 Фридмен М. «Количественная теория денег» <http://www.koob.ru/fridmen>
- 13 Мойсеев С.Р. «Взлет и падение монетаризма» // Вопросы экономики. — 2002. - № 9. - С. 92-104.
- 14 Кейнс Дж. «Общая теория занятости, процента и денег» /Дж. Кейнс, [пер. с англ. Н.Н. Любимова]. - М.: Прогресс, 1978. - 494 с.
- 15 Президент Казахстана – Н.А. Назарбаев телеинтервью 28.11.2016 г. <https://lenta.ru/news/2016/11/28/nazarbaev>
- 16 Карандаев Г.Н. «Теории денег. Денежное обращение и его закономерности». – Москва, 2008 <http://www.pandia.ru/text/77/210/87201.php>
- 17 Шевчук Д.А. «История экономических учений». [http://www.razlib.ru/nauchnaja\\_literatura\\_prochee/istorija\\_yekonomicheskikh\\_uchenii\\_konspekt\\_lek](http://www.razlib.ru/nauchnaja_literatura_prochee/istorija_yekonomicheskikh_uchenii_konspekt_lek)
- 18 Из предисловия «К критике политической экономии»(1859) К. Маркса (1818 - 1883): [http://dic.academic.ru/dic.nsf/dic\\_wingwords/273](http://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_wingwords/273)
- 19 «История экономических учений». Под ред. А.А. Кузнецова, 1998. <http://www.alleng.ru/d/econ/econ432.htm>
- 20 Смит А. «Исследование о природе и причинах богатства народов». - М.: Издательство социально-экономической литературы, 1962. - 684 с.
- 21 Маркс К., Энгельс Ф. «Из ранних произведений». Политиздат, 1956. - С. 519.
- 22 Фромм Э. О «Бытии человека - OnBeing». 1997. <https://www.directmedia>
- 23 Фернхем А. «Личность и социальное поведение» <http://www.studfiles.ru/preview/2626377/page:30/>
- 24 Мягков А.Ю. «Искренность респондентов в массовых опросах» <http://socioline.ru/book/myagkov-ayu-iskrennost-responentov-v-massovy>
- 25 Кийосаки Р. «Богатый папа, бедный папа» [http://loveread.ec/view\\_global](http://loveread.ec/view_global).
- 26 Bargh J.A. «The automated will: Nonconscious activation and pursuit of behavioral goals» *Journal of Personality and Social Psychology*, 2001. 81, p.1014-1027
- 27 Семенов М.Ю. «Испытание деньгами» LAMBERT Academic, 2010. - 184 с.
- 28 Семенов М.Ю., Мацнев Ю.В. «Ценность денег в разные возрастные периоды» Материалы конференции», 28-29.04.2005. - Омск.
- 29 Зингер М. «Жизнеспособность мифических чисел»
- 30 «Принятие решений в неопределенности: Правила и предубеждения» Д.Канеман, П.Словик, А.Тверски. - Харьков, 2005. – С. 466-472.
- 31 «Люди и деньги» /В.В. Новиков, С.И. Ерина. - Ярославль: ЯрГУ, 1999.
- 32 Паркинсон С.Н. «Закон Паркинсона». - М.: Гранд:Фаир-Пресс, 2001. - 317 с.
- 33 Hirschleifer J. «The Expanded Domain of Economics» - *American Economic Review*, December. 1985, V.75. с. 92.
- 34 Беккер Гэри С. «Экономический анализ и человеческое поведение» THESIS, Начала-пресс, Зима 1993. Т. 1. Вып. 1. С. 26.
- 35 Тамбовцев В.Л. Опыт эмпирического исследования экономического поведения // Вест. Моск. университета. Серия 6. Экономика. 1994. №3. С.46.
- 36 Эрроу К. «Информация и экономическое поведение». 1995. - №5. - С.98.
- 37 Верховин В.И. «Экономическое поведение как предмет социологического анализа». - Социс. - 1994. - №10. - С. 120.
- 38 Словик А., Тверски А. и др. – Харьков: Изд-во Института прикладной психологии «Гуманитарный центр», 2005. – 632 с.
- 39 «Люди и деньги» В.В. Новиков, С.И. Ерина. - Ярославль: ЯрГУ, 1999.

- 40 Капустин А.А., Маслова Н.П. «Математические и статистические методы в экономике и естествознании» "РИНХ". - Ростов н/Д, 2004. Ч.2. - С. 94-96.
- 41 Семенов М.Ю. «Субъективная ценность монет» «Экономическая психология». 24-26.11.2010. - СПбГУЭФ, 2010. - С. 220-222.
- 42 «Конфликт с банком-кредитором» <http://www.bankist.ru/article/091116/>
- 43 Варга Е.С. «Деньги: их власть в мирное время и крах во время войны» Будапешт, 1917 г. <http://fintrest.ru/dengi.html>
- 44 Семенов М.Ю., Мацнев Ю.В. «Ценность денег в разные возрастные периоды»г. Омск. /Гл. ред. В.И.Разумов, зам. гл. ред. В.А.Баринов.
- 45 Фишер Ир. «Покупательная сила денег»<http://www.biznesbooks.com/boo>
- 46 Кейн Дж.М. «Трактат о деньгах» (A Treatise of Money, 1931) <https://snoska.ru/f52230fa-70b9-498b-a75c-f462853824dd>
- 47 Лекции «Психология потребления»<http://www.studfiles.ru/preview/4384>.
- 48 «Черная пятница»<http://www.calend.ru/holidays/0/0/3277/>
- 49 Шелкопляс Е.В.«Деньги, собственность и массовая психология: психолого-экономическая утопия». – М., 2005. <http://selfmoney.narod.ru/shel.ht>
- 50 David Gale Johnson. Prospects for Soviet Agriculture in the 1980s. — Indiana University Press, 1983. - 214 с.
- 51 Горланов И.А., Флорентьев Л.Я., Копанев Н.Г. «Продовольственная программа СССР: вопросы и ответы.» - Изд-во полит. лит-ры, 1986. - 214 с.
- 52 Maslow А.Н. «Motivation and Personality». — New York: Harpaer& Row, 1954.[http://pedlib.ru/Books/1/0467/1\\_0467-460.shtml](http://pedlib.ru/Books/1/0467/1_0467-460.shtml)

## ТҮЙІН

Мақала авторы әдебиетті талдай, зерттей отырып, ақшаны және оның жастардың мінез-құлқына әсерінің психологиялық қызметін қарастырады. Ақшаның адамның мінез-құлқына ерте әсер етуі сатылым предикторы ретінде маркетингтер үшін үзік-үзік зерттелген.

Бұл тақырыпты зерделеудің маңыз сол, Қазақстанның ұзақ жыл бойы халықтың тұтынушылық ойлауын қалыптастырған жоспарлы экономикаға өтуі бұрын да айтарлықтай өзгерістерді талап ететін, яғни нарықтық экономиканы және оның барлық моральдық идеологиялық аспектілерін ескере отырып, икемді ақша психологиясын қалыптастыру жеке тұлғалар мен қоғамды тұрақтандырады.

## RESUME

Analyzing literature and researches, the author of the article considers money and their psychological functions of influencing the behavior of young people. Previously, the impact of money on human behavior was mainly studied fragmentarily for the work of marketers as a predictor of sales.

The importance of studying this topic lies in the fact that the transition of Kazakhstan from a planned economy, which has formed consumer thinking in the population for many years, already requires considerable changes for a long time, because the formation of a flexible monetary psychology, taking into account the market economy and all moral and ideological aspects, stabilizes the individual and society.





### **Аннотация**

Мақалада педагогикалық тәжірибеде қолданылып жүрген білім стандартына сай оқытудың инновациялық технологиялары мен педагогикалық құралдарды жетілдіру және студенттердің құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Пәннің типтік бағдарламалары мен жұмыс жоспарларына сәйкес оқу үдерісінде студенттерде құзыреттілікті қалыптастырудағы қолданылып жүрген қазіргі кезеңдегі оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері қарастырылады. Сонымен қатар, тәжірибеде қолданылып жүрген оқытудың инновациялық технологияларын студенттердің құзыреттілігін қалыптастырудағы қызметі негізделген.

*Түйін сөздер:* инновациялық қадам, тұлғаның қалыптасуы, сыни танымдық көзқарас.

### **Э.Ж. Әлімқұлова**

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,  
пед. ғыл. канд, доцент

### **А.Қ. Әшірбекова**

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,  
химия магистрі

## **Студенттерде құзыреттілікті жетілдіру – оқу үдерісін ұйымдастырудағы маңызды құрал**

Еліміздің білім жүйесін дамыту тұжырымдамасында: «Білім берудің мақсаты - жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше оң, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» [1, 2], деп көрсетілген жолдары бүгінгі өзекті мәселе. Білім – болашақ бағдары, білікті маман даярлайтын білім беру мекемелерінің басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзыреттілік – оқыту технологиясының қатысында білім алушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі.

Бүгінде жаратылыстану пәндерін оқыту жүйелі түрде, табиғи жолмен жүзеге асырылады деген түсінік бар. Бірақ зерттеуші ғалымдар жаратылыстану ғылымдарының пәндік мазмұны терең білім алушылардың терең ойланып зерделеуге азық бола алмайтындығымен келісіп отыр. Бірақ оқу үдерісі барысында білім алушылардың тұлғалық ерекшеліктеріне, таным сапасының деңгейіне байланысты оқыту технологиясы кездейсоқ белсендірілетіні де кездеседі. Демек, оқу үдерісінде қалыптасатын

білім, білік, дағды кәсіби бағытталу, құзыреттілік жүйесіз қалыптасады. Белгілі бір білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған оқыту жолы мақсатты сипатта болады, бірақ көп жағдайда шектелген шеңберде болады.

Технология – жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе. Технология оқытудың, білім берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың жаңа әрі нәтижелі ізденістерін талап етеді. Бірақ, технология оқытудың тың әдістемесі немесе бұрын болмаған мүлде жаңаша жолдарын қарастырады деп түсінудің өзі артық. Оқыту мен тәрбие беру үрдістері «науқандық», «өтпелілікті» қаламайтыны белгілі. Қай кезеңде болмасын, адамзат өз ұрпағын оқытып, тәрбиелеудегі заманның ең озық, тиімді ізденістерін тәжірибеге кіріктіріп, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңа заман талабына сай жетілдіре отырып, сабақтастыра жалғастырып келеді. Технология қарапайым тілмен айтқанда, жүзеге асатын, айқын мақсаттардың алдын ала ойластырылған нақты жобасы, белгілі педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асатын жобасы. Демек, технология ол, біріншіден, диагностиканы басшылыққа алған, жеке тұлғаға қарай бағытталған мақсатты, сапалы оқу әрекетін ұйымдастыру. Жеке тұлға, ең алдымен, өзінің саналы іс-әрекеті арқылы ғана дамиды. Кез келген әрекет іс-қимылдармен жүреді. Қазір педагогика ғылымында біршама зерттеліп, білім сапасын көтеру мүмкіндігінің кеңдігімен танылған витагендік (Vita) латын тілінде өмір, «gen» грек тілінде тәжірибе), яғни адамның «өмірлік тәжірибесі» оқыту технологиясын атауға болады. Бұл технология оқытуды Субъект-Субъект қатынасына сай ұйымдастыруға негізделген жаңа педагогикалық парадигманың талаптарына толық сәйкес келуімен, оқытушы мен білім алушы арасындағы қарым-қатынастың демократиялық жағдайын қалыптастыруымен, білім алушылардың басты мәселені бірігіп шешуімен, бірлесе тәжірибе жинақтауымен және әр білім алушының өз тарапынан нәтижелі шешімге жетуіне мүмкіндік тудыруымен ерекшеленеді. Витагендік тапсырмалар білім алушының танымын кеңейтіп, ой-өрісін нығайтуды, өз сөзін дәлелді жеткізуге дағдыландыруды көздейді. Мұның өзі витагендік амал-тәсілдер мен тапсырмалардың білім алушылардың еркін тілдік қатынасқа түсу, танымдық, жан-жақтылық, сондай-ақ топпен тіл табыса отырып әрекет ету қабілеттерінің жетілуінде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Сондықтан, білім алушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында витагендік оқыту технологиясын қолдану болашақ маманның заманауи сұраныс үдерісін қанағаттандыратын саналы әрі сапалы білім мен білікті меңгеруін қамтамасыз етеді. Оқытушы мен білім алушылар арасындағы тиімді өзара педагогикалық ойластырылған іс-қимыл білім алуға ынталандырудағы ең өзекті мәселе.

Қазіргі кездегі білім беру сапасы білім алушының өздігінен шешім қабылдауға мүмкіндігін қамтамасыз ететін қалыптасқан негізгі құзыреттілік, түріндегі білім нәтижелерімен түсіндіріледі. Олай болса, бүгінгі таңда педагогтердің алдында тұрған міндет те табысты және тиімді әрекетке дайын, өзінің пікірін білдіруге және өзінің іс-әрекеті мен өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті, отбасындағы, қоғамдағы, еңбек ұжымындағы әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұнда педагогтердің кәсіби шеберлігі мен оның компоненттері (1- сурет) маңызды қызмет атқарады.



1-сурет - Педагогикалық шеберліктің құрылымдық компоненті

Оқыту үдерісінде оқытушының шеберлігі білім алушының рефлексиясын, яғни өзінің санасын танып, талдау жасай білуге (ойына, көзқарасына “басқа көзбен” қарау), өзін өмір сүру әрекетінің субъектісі ретінде сезінуге қатысты қадамдарына дұрыс бағыт беру. Білім алушыға өз білімі негізінде жаңа білім мазмұнын қалап, болашақта зерттеу жүргізулеріне бағыт алуларына және орындалуы керек тапсырмалар жөніндегі жеке және топтық түсініктерді қалыптастыруға көмектесетіндігін ұғындыру. Білім алушының жаңа идея мен жаңа білімді игеріп үйренуге және оны өзіндегі білім негізімен ұштастыруда іштей немесе сырттай белсенді болатын – болмайтындықтарын шешуі де алғашқы таным кезеңінде іске асады. Таным кезеңі дәрісті ой елегінен өткізіп талқылау, материалдарды ғылыми басылымдар мен арнайы кітаптарды оқу, бейнетаспа, өнер қойылымдары немесе басқа да нұсқаулықтармен, деректі ақпараттармен, жаңа идеямен сабақтастырып жұмыс жасағанда іске асады. Білім алушы жаңа білім мазмұнының қолданбалылығы мен қолайлылығын қарастыра отырып, белгісізден белгіліге қарай жүретін ақпарат пен идеяның маңыздылығы жөнінде шешім қабылдаулары қажет.

Ой толғаным – үйрену үдерісінің соңғы кезеңі, бұл кезеңде білім алушылар алған білімдерін айналасындағыларға, көпшілік талқысына салып, жеткізе бастайды. Саналы талқылаулар және оны тәжірибеде қолдану, жаңа идеялар мен ұғымдарды жинақтаумен, мазмұн жөніндегі өздерінің ашық ұсыныстар берумен, белгілі бір зерттеулер бастаумен айғақталады. Бұл үдеріс арқылы білім алушылар өздерінің ойын нақтылайды, қатарластары мен оқытушымен байланыса отырып мәліметтер жинағы мен құрылым мағынасын сынақтан өткізеді. Осы кезеңде әртүрлі стратегиялар, яғни оқу әдіс-тәсілдерді қолдану ойлануға үйретеді, ой алмастыруға дағдыландырады, білім қорын толықтырады. Бұл ең ұзақ та, маңызды шешуші кезең. Мұны тұлғалық бағдарлы көзқарас тұрғысынан қарастыратын болсақ, оқытушы мен білім алушы арасындағы қарым-қатынас, түсіндіруден түсінуге, монологтан диалогқа, әлеуметтік бақылаудан дамытуға, жалпы басқарудан өзін-өзі басқаруға көшу болып табылады. Демек, оқытушының негізгі міндеті – білім алушымен іскерлік қарым-қатынасты орнықтыру, олардың ғылыми негізделген шығармашылық деңгейін дамытып жетілдіруге жағдай жасау, еркіндік беру болып отыр.

Сыни ойлау философиясындағы басты мақсат: білім алушы өзінің тұлға ретінде қалыптасып жетілу жолында қажетіне жарата алатын маңызды деген ақпараттарды игеріп, әмбебап тәсілдерді үйренуі керек. Білім алу білім алушы тұрғысынан белсенді үдеріс болуы қажет, тек белсенді түрде жұмыс жасаған жағдайда ғана қандай да болмасын білімді игеріп одан нақты бір нәтиже шығаруға болады. Сыни тұрғыдан ойлау әрбір білім алушыны терең ойланып, философиялық тұжырым жасауға бағыттайды. Өмірде ең керекті құзіреттілік екендігін ескере отырып, әр сабақта білім алушы топ мүшелерімен араласып коммуникативтік қарым – қатынас үдерісінің белсенді мүшесіне айналады және ұжымда, жалпы қоғамда өзара байланыс құру мәселесі төңірегінде ой толғандырады.

Сыни ойлау философиясындағы басты мақсат, біз өзіміздің педагогикалық тәжірибемізде оқу үдерісінде білім алушылардың құзыреттіліктерін дамыту бағытында жоспарлы педагогикалық ізденіс жұмысын жүргізу. Осы бағытта «Сыни тұрғыдан ойлау» жобасын сабақта білім мен тәрбие беру үдерісінде тиімді үш жағдай ескерілуі тиіс:

1. Дәстүрлі емес, яғни аудиторияда студенттердің дәстүрлі 2-3 қатарда екі-екіден отыруы сақталмайды.

2. Аудиторияда студенттер жұпшен немесе топпен жұмыс, әркім өз көзқарасын қорғау үшін жеке бұрыштарға бөлініп отыру т.б. еркін қозғалыста орналаса алады.

3. Аудиториядағы өзгерістер: қағидалар, идеялар тақтасы, ең үздік сұрақтар тақтасы, пікірлер бұрышы, үздік шығармашылық жұмыс тобы т.с.с сабақты ұйымдастырудың ерекше әдістері жүзеге асырылды.

Сабақты ұйымдастыру кезеңдерінде білім алушылардың мәселені шешу құзыреттілігі, ақпараттық құзыреттілігі және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытыту мақсатында әртүрлі стратегиялардың тиімді қолданылуына ерекше мән береміз.

«Техникалық ғылымдар және технологиялар», «Ветеринария» бағытындағы мамандықтарда білім алатын студенттер арасында оқу үдерісін ұйымдастыруды бағалау парағындағы «Оқу үдерісінде қолданылып жүрген оқыту технологияларына көзқарасың» деген сауалнамаға: “Егер мен білім беру саласында қызмет жасаған болсам, онда мен мектепте қазірде қолға алынып отырған ең алдымен технология пәндерін, сонымен қатар нақты пәндерді заманауи бағытта ұйымдастыруға, оқытудың жаңа әдіс тәсілдерін сабаққа кіріктіруге тырысар едім. Білемін, ол үшін педагогтерге жан-жақты ізденіс қажет. Осы жолда менің арманым - өзімінің таңдаған мамандық саласы бойынша мамандар дайындайтын алыс және жақын шет елдердің алдыңғы қатарлы білім беру мекемелерінің оңды тәжірибесін игеру. Менің негізгі мақсатым - заман талабын қанағаттандыратын білікті маман болу”, деп жазады. Мұнда студенттің ойынан құндылықты-бағдарлы құзыреттілікті аңғаруға болады. Сонымен қатар ол өзінің Отан алдындағы азаматтық борышын, отанды сүю, құрмет тұту тәрбиесін ісі арқылы дәлелдегісі келетіндігін көрсетті. Ал келесі студент: “Қазіргі заманғы оқыту технологиялары көңілге қонымды, ұнайды. Мен – педагог болсам, оқушының оқытушы қойған талаптарды қанағаттандыруын өте қатаң бақылар едім. Өзімді қоғамдағы жағдайға тез бейімдеуге тырысып, оқушының білім алуға деген ынта-жігерін арттыратындай пәннің ерекшеліктерін және оның маңызын ашып көрсетіп, білім алуға қызықтырып, рухтандыар едім. Оқушымен өзімді тең дәрежеде ұстап, қажет кезінде тірек, бағыт беруші, кеңесші болуға тырысып, педагогикалық міндетімді шынайы жауапкершілікпен атқарар едім”, - деп жазады. Бұл жерде студенттің өзінің азаматтық борышын, міндетін нақты сезінгендігін аңғару қиын емес және студент қатаң талап пен тәртіпті, түсінушілікті қалап отыр. Мұнда білім алушының коммуникативтік құзыреттілік нышандарын байқауға болады. Тағы бір студент: “... ауылдық жерлерге білікті педагогтер жетіспейді, сондықтан ауылдық жерлердегі жұмыс істеп жатқан білікті мұғалімдерге және жолдамамен жіберілген жаңашыл, кәсіби білігі жоғары педагогтерге қолдау жасау керек. Пәндік үйірмелерді құрылып, онда пәнге қызықтырудың әдіс-тәсілдерін іздестіріп оқушылардың білім алуға



қызығушылығын ояту қажет”, дейді. Бұл жерде әлеуметтік-еңбек, тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттіліктерінің қалыптасқандығын байқауға болады.

Дәріс және зертханалық, практикалық сабақтарда білім алушылардың білім сапасының жоғары деңгейде көрінуі оқытудың дәстүрлі әдістерінің компьютерлік технологиялармен, жалпы оқытудың инновациялық технологияларымен сабақтастырыла, кіріктіріле жүргізілу шеберлігі мен қолданыс аясына байланысты [3,4,5,6].

Оқытудың инновациялық технологияларының элементтерін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырып өткізудегі маңызы зор. Бұл жерде дәрісханалық сабақтардың алатын орны ерекше. Өйткені өзіндік жұмыс барысында студенттерді дәрісте берілген материалды түрлі ғылыми басылымдардан, ғылыми оқу және оқу әдістемелік құралдардан, ақпарат көздерінен алынған материалдармен толықтырып, салыстыру қызықтыратындығы байқалады. Бұл сапалы және деректі материалдардан құрылған рефераттар мен оны баяндау барысында кейбір қазақша ұғымдары мен терминологияға ерекше назар аударып, өз пікірлері мен ойларын талқыға салып еркін көзқарастарын білдірулерінен байқауға болады.

Студент үшін жұмыстың маңыздылығы, онда студент:

- ойларын жазбаша түсіріп, құжаттарды рәсімдеу талаптарын меңгереді;
- шығармашылық ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу негізін бекітеді;
- білім шеңберін кеңейтіп, түпнұсқалық материалдарды талдау, пікір беру дағдысын қалыптастырады;
- оқу бағдарламасына сәйкес белсенділік, шығармашылық бағытта қаншалықта өскендігін бақылауға мүмкіндік береді.

Өзіндік жұмысты орындаудың тәрбиелік мәні ерекше екендігін атап көрсеткен жөн. Себебі, студентте өзіндік жұмысқа дайындалу кезеңдерінде жоспарлаған жұмысқа ынтасы мен жауапкершілікті сезіну, алдына қойған мәселені табандылықпен орындау, топ ішінде өзін еркін ұстау, сөйлеу және қарым-қатынас мәдениеті, яғни жан-жақтылық қабілеттерін дамыту дағдысы қалыптасады. Өкінішке орай, барлық студенттер қауымында осындай деп айта алмайсың. Өйткені студенттердің 30-40%-ы ғана тапсырманы дер кезінде орындауға тырысады, ал қалған бөлігі оны көбіне ертеңгі күннің үлесіне қалдыруды әдетке айналдырып алғандығын байқамай қалады. Дегенмен, сабақ барысында құрылған әр топша мүшесі өзара бірлесіп жинақталған ақпарат ағымынан ең маңыздысын бөліп алып, оны өзара талқыға салуға атсалысады, кейіннен дайын материалды аудиториямен бөлісуге мүмкіндік алады, мұнда ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілік жүзеге асады.

«Талқылау» стратегиясы бойынша студенттер өзара пікір таластырып дұрыс, қате немесе екі жақты пікірлерін ортаға салып, әр топтан сайланған спикер уәждемелі қорытындыны аудитория назарына ұсынады. Сайланған спикер жұмыстың мақсаты мен міндетін айқындап алады. Жұмыстың негізгі бөлімі мен қорытындысын аудиторияға жеткізуде, тыңдаушылардың ықыласын өзіне аудару, айтқандарына сендіре білу, сөйлеу мәдениеті мен шеберлігін меңгеру, яғни білім алушыларда ақпараттық, коммуникативтік құзіреттіліктердің қалыптасуы жүзеге асады. Демек, студент оқу үдерісінде танымдық іс-әрекет иесі; өзінің даму шеңберін кеңейтуші; оқыту үдерісінің белсенді мүшесі; өзіндік ой-пікірі бар, сыншыл көзқарас, әділ пікір иесі; өзін-өзі тануға әрекет жасаушы тұлға; сарапшы рөлін еркін атқарушы; өзінің және топ мүшелерінің жұмысына сыни көзқараспен қарап, ойының даму кезеңдерін қадағалап бағалай алушы; алдағы қадамдарын болжап, айқын мақсат қоя білуші т.с.с. мүмкіндіктерін көрсете алады.

Ал зертханалық сабақтар көп жағдайларда тек пәннің типтік бағдарламасы бойынша тек оқытылатын тақырыптармен ғана шектеледі. Әрбір студент зертханалық жұмысқа арналған әдістемелік нұсқауларды басшылыққа ала отырып, барлық қажетті іс-әрекеттерді орындаулары тиіс. Осының нәтижесінде сабақтан сабаққа кәсіптік іскерлік пен дағдыға негіз болатын, дағдыға бірте-бірте ауысатын қажетті эксперименттік іскерлік саны артады. Теориялық материал жүйеленеді, бекітіледі, алынған тапсырмаларды шешудің әдіс-



тәсілдері қолданылады. Мұнда теориялық білім нақты жағдайларда пайдаланылып, өлшеу құралдардың көмегімен өлшеу әдістемесі бойынша жаңа практикалық іскерліктер мен дағдылар алынады. Зертханалық сабақтардың басты ерекшелігі орындалатын жұмыстың дербестілігі. Әрбір сабақ түрінде өзіндік әрекеттер студенттердің шығармашылық ынта-ықыластары және өзіндік қалыптасатын дағдылар зертханалық жұмысты практикалық жұмыстармен ауыстыруға болмайтынын көрсетеді.

Құзыреттілікті жетілдіру білім мен біліктіліктен қалыптасатындықтан, ол үздіксіз жүретін үдеріс. Мысалы, бүгін еліміздің білім беру жүйесінде болып жатқан реформалар мен саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, яғни өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағына жіті назар аударуына, жаңа идеялар мен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болып отыр. Жоғары оқу орнын бітіруші жас маман еліміздегі өзгерістер мен жаңалықтардан толық хабардар, өмірдің кез-келген тығырығынан оңтайлы жол тауып шыға білетін алғыр да білікті жас маман болып тәрбиеленуі тиіс. Олай болса сапалы білімнің берілуі, білікті мамандардың тәрбиеленуі білім беру жүйесіндегі зиялы қауымның қоғамдағы орнына да байланысты [7, 8].

Әрбір педагог:

- алдыма келген білім алушының білімге деген сұранысын қанағаттандыра алдым ба?;
- білім беруде қандай бағдарламаны, қандай бағытты, қандай оқыту технологиясын қолданып ұстанғаным жөн?;
- қолданған оқыту әдісі студенттің шығармашылық қабілеттерін ашуға, білім алуға деген құлшынысын тудыруға себеп бола алды ма? т.с.с. педагогикалық мәселелердің төңірегінде ойлана отырып, жұмысын белгілі бір жүйеге келтіріп жүргізгенде ғана заман ағымы талап етіп отырған білікті мамандарды даярлауға мүмкіндік туады. Өткен жылдары елімізде студентті жаппай біліммен қаруландыру мақсат болып келді, ал бүгінде білімді жеке тұлғаға бағыттай отырып, таным қызметін жетілдіру- басты мақсат болып отыр. Бұл жүйеден құзыреттілік-қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өз-өзінің біліктілігін арттыру, өз ісін басқару қабілеттілігі деп түсінуге болады. Ендеше әр педагогтың кәсіби құзыреттілігі нақты жағдайда ғана тұлғаның құзырлылық қабілетін ашатын тапсырмалар жүйесін ұсына алатынымен анықталады. Олай болса білім саласындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үдерісінде кез келген пәннен берілетін тапсырмалардың мазмұнымен сабақтастырып бастаудың қажеттілігі айқын көрінеді.

Студент берілген тапсырмаларды орындау барысында жинақтаған мәліметтерді тәжірибемен байланыстыру білігі арқылы жаңаны танып білуге жол табады. Оқу үдерісінде жаппай білім алуда кейбір білім алушы өз мүмкіндіктерін өзі ашқан болса, кейбірі «жабулы қазан жабулы күйінде» тіршілік ағымымен жүре береді. Кешегі педагог білім беруші ақпарат көзі және оқу үдерісіндегі мәселенің дұрыс бұрыстығын саралаушы болып келді. Ал, бүгінгі оқытушы жұмысты дұрыс ұйымдастыру білігі арқылы студенттің өздігінен білім алуына мүмкіндік жасайды, жаңа идеялар мен жаңалықтар, болжамдар мен нәтижелер әкелетіндей тұлға даярлауды көздейді.

Біз өзіміздің педагогикалық тәжірибемиз негізінде ең әуелі білім стандартына сай, пәнінің бағдарламалары мен жоспарларын, әдістемелік нұсқаулары мен оқу, оқу әдістемелік құралдарын зерттей отырып, әр студентке жеке тұлға ретінде көңіл аударып пәнге, ғылымға деген қызығушылығын ояту, ізденіс жұмыстарын жасау, әр студенттің жаңаға ұмтылу, жаңаны сезіну деңгейін жетілдіруге қатысты тапсырмалар жүйесін дайындаймыз. Дайындалған тапсырмалар мен сұрақтардың мазмұны берілген тақырып және ондағы көтерген мәселе бойынша жан-жақты ізденуге, толықтырулар мен өзгерістер енгізуге, болжамдар айтуға, өз ойларын еркін ортаға салуға, еркін сөйлеуге негізделеді. Әр сабақтың соңында студенттің қойған сұрақтары мен олардың берген жауаптары арқылы білім сапасын бақылауға, басқаруға мүмкіндік бар. Осындай тәжірибелер арқылы студенттердің «жасырын» ашылмаған мүмкіндіктерін көрсету, шығармашылық



қабілеттерін тану; ғылыми ұғымдар мен түсініктерді пайдаланып өз ойын жинақтап дұрыс жеткізуге дағдыландыру; мәдени қарым-қатынас дамыту; жаңашыл іс-әрекет жасау; қателесуден қорықпау, білім алудың қажеттілігін сезіп білу; өмірде кездесетін түрлі жағымды-жағымсыз жағдайларды зерделеу, жедел оңтайлы шешім қабылдай білу; жаңа дүниені танып білуге деген құлшынысты белсендіру т.б заман талабына сай маман «жасап шығаруға» мүмкіндік туады деп болжам жасауға болады.

Оқу үдерісін ұйымдастырып жүргізу тәжірибемізде біз студенттердің пәнді меңгеруге, өз ойын еркін айтуға, ғылыми ұғымдарды қолдану білігі мен мәдениетін жетілдіруге, берілген тапсырманы жан-жақты қарастыруға дағдыландыруға, білімнің жеткіліксіздігін сезінуге (дискомфорттық), белгісізге қарай табысты қадам жасай білуге үйрете отырып құзыреттілікті, яғни құндылықты-бағдарлы құзыреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық болу); Мәдениеттанымдық құзыреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті); Оқу-танымдық құзыреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу); Коммуникативті құзыреттілік (адамдармен өзара қарыс-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болу); Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік (ақпараттық технологиялармен техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті); Әлеуметтік-еңбек құзыреттілік (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті); Тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілік (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті) қалыптастыратын орта жасауға болатындығына көз жеткізіп отырмыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 2 ҚР-дың 2015 жылға дейінгі білімді дамыту тұжырымдамасы: теория мен тәжірибеге қатысты мәселелері. / <https://www.azattyq.org/a/1151833.html>
- 3 Imanzhanova K.T., Abeldina Zh.K. Bilimgerlerdi gylymi-zertteu zhumysyna belsendendiru tasili, Novinata za naprednali nauka. - Sofia, 2013. - 70-74 p.
- 4 Abeldina Zh.K., Moldumarova Zh.K. The virtual environment is aware of general education disciplines, Strategy of Development of Economy of Kazakhstan during the Crisis and Post-crisis Periods, Management Institute. - Astana, 2009. - 228-232 p.
- 5 Құдайбергенова К.С. Құзырлылық табиғаты-тұлғаның өздік дамуында. – Алматы, 2006.
- 6 Білім берудегі инновация арнайы білім беру порталының материалдары [Электр. қор] // <http://sincom.ru>
- 7 Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. - М., 2014. - С. 41.
- 8 Әлімқұлова Э.Ж., Абельдина Ж.Қ., Абельдина Р.Қ. Жаратылыстану пәндерін оқытуда инновациялық технологияларды қолданып, студенттердің құзыреттілігін жетілдірудегі педагогикалық мәселелер // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, 2014. - Б. 117-124.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается процесс формирования компетенций как процесс взаимодействия студентов и преподавателя, при котором педагог и обучающийся взаимодействуют друг с другом в ходе урока посредством применения активных форм и методов обучения, когда преподаватель и студент находятся на равных позициях. В такой ситуации обучение носит позитивный характер, повышается уровень самооценки студента, что способствует качественному восприятию учебного материала.

## RESUME

Process of competences formation is considered as process of interaction of students and lecturers when the lecturer and student interact with each other during a lesson by means of application of active forms and methods of training when the lecturer and the student are on equal terms. In such situation training has positive character, the level of a self-assessment of the student increases that promotes qualitative perception of a training material.



### Аннотация

Бұл мақалада мектептерде үштілді білім беру арқылы оқушылардан көптілді тұлға қалыптастырудың алғышарттары мен негізгі ұғымдарға анықтама берілген. Тілдерді меңгерудегі басты аспектілер байланысы сұлба түрінде көрсетіліп, шетелдік тәжірибе нәтижелері сараланады. Сонымен қатар үштілді білім берудің мақсат-міндеттері анықталып, оны жүзеге асыру жолдары аталған.

*Түйін сөздер:* үштілді білім беру, көптілділік, полилингвалды тұлға, көпмәдениеттілік, құзыреттілік.

### Л. Нәби

Ш.Уәлиханов атындағы  
Көкшетау мемлекеттік  
университеті,  
пед. ғыл. канд., профессор м.а.

### С.К. Молдабекова

Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті,  
PhD докторанты

### М. Талпакова

Ш. Уәлиханов атындағы  
Көкшетау мемлекеттік  
университеті, магистрант

## Көптілді тұлға қалыптастыру - үштілді білім берудің негізгі шарты

Жалпы білім беретін мектептің оқыту үрдісінде үш тілде білім беруді енгізу – алға қойған мақсат-міндеттерді жүзеге асырудың сөзсіз маңызды қадамы. Үш тілде білім алу және оны шын мәнінде меңгеру білім алушыларға түрлі халықтардың мәдениеті мен дәстүрінен хабардар болуына ықпал етеді. Көптілділікті Қазақстан үшін көптілді білім – бұл оқытудың мақсатқа бағытталған, ұйымдастырылған, шамаланған үштұғырлы үрдісі.

«...Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», – деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында нақты бағыт көрсетті [1].

«Көптілділік» термині (ағылшын тілінде – multilingualism, mehrsprachigkeit) қоғамда әртүрлі тілдердің таралуы, жеке тұлғалардың бірнеше тілдік құралдар арқылы сөйлесу мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі [2]. Көп тілді тұлға қалыптастыру – бір мезгілде бірнеше тілді меңгеріп, адамзат тәжірибесінің әлеуметтік маңызды «фрагменті» ретінде тіл білімі мен оны үйрену дағдысын, сөйлеу әрекетін нақты көрсете алатын, сондай-ақ тіл мен мәдениетке деген құндылықты тұрғыдағы қатынасына дербес тәрбиеленуі мен дамуы.

Полилингвалды тұлғаны қалыптастыру – көпмәдениетті білім кеңістігін дамытудың негізгі бағыттарының бірі. Ю.Н. Карауловтың пікірі бойынша «тілдік тұлға – дұрыс идея», ол «тілді үйренудің барлық аспектілерін тесіп өтеді және адамның тіл үйрену барысында пән арасындағы шекараларды бұзып өтеді». Тілдік тұлға толыққанды тұлға болып табылады, оның бойында өзінің тілі, дискурсы арқылы икемделген психикалық, әлеуметтік, әдептілік және басқа да компоненттер жинақталған [3].

Осы тақырыптағы негізгі ұғымдарды қарастырайық:

Көпмәдениеттілік – заманауи әлеуметтік мәдени кеңістіктегі, тұлғаның өмір сүретін және қалыптасатын ортасындағы мүмкін болатын мәдениеттердің көпқырлылығы.

Тұлғаның көпмәдениеттілігі (мультимәдениеттілік) – демократиялық гетерогендік қауым жағдайында түрлі мәдениеттің өкілдері ретінде бейбіт қатар өмір сүру субъектілерінің мүмкіндігін қамтамасыз ететін, әлеуметтік психологиялық сипаттамалардың жиынтығы.

Құзыреттілік – (латын сөзі –сәйкесті, қабілетті) – орындалатын жұмыстың мәнін, қойылған мақсатқа жетудің тәсілдері мен құралдарын терең және түп-түбіріне дейін білу, сонымен қатар сол жұмысқа сәйкес келетін іскерліктер мен дағдыларын болуы [4].

Әлемнің көптеген елдерінде көпмәдениеттіліктің орнатылуы педагогикалық білім бағдарламаларына енгізілген. Осы және басқа дәрежеде көпмәдениетті тәрбие саясатын қарастырған елдерді бірнеше топтарға бөлуге болады:

- ұлттық және мәдени ерекшеліктері тарихи тұрғыдан көне және терең елдер (Ресей, Испания);

- өз тарихында отарлық метрополия болғандықтан көпмәдениеттілік жасаған елдер (Ұлыбритания, Франция, Голландия);

- жаппай ерікті көшіп келушілердің нәтижесінде көпмәдениетті болған елдер (АҚШ, Канада, Австралия).

Табысты көпмәдени тұлға аралық қатысымға түсу үшін, шетел тілін үйреніп жатқан білім алушылар бойында келесі бірнеше арнайы қасиеттерді қалыптастырып дамыту қажет. Атап айтқанда, оларға эмпатия, ақкөңілділік, шынайылық, айқындылық, жігерлілік, табиғилық, өзін-өзі тану қабілеті жатады [5].

Қазіргі заман жағдайында адам өмірі бірыңғайлыққа салынған, көптеген ұлттық ерекшеліктер жоғалуда, адам өз тамырынан айырылуда, алдыңғы буынның адамгершілік тұрғыдағы тәжірибелері құнсыздануда. Сондықтан да, мұғалімдерге маңызды үлкен міндет жүктеліп отыр – әлеуметтік-белсенді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін, білім мен тәрбиенің қайнар ортасын қалыптастыруда жалпыадамзаттық құндылықтар мен әлемдік мәдениеттің, халықтар мен ұлттардың мәдени дәстүрлеріндегі теңдессіз тәжірибелері мен білімдерін барынша пайдалану қажет.

Бұл міндеттерді шешу үшін:


1. Тұлғаның жалпыадамзаттық құндылықтарын, белсенді азаматтық ұстанымдарын, рухани-адамгершілік дәстүрлерін қайта өркендету мен сақтауын қалыптастыруға ықпал ету;
2. Өз Отанын, оқу орнын, мектебін құрметтеу сезіміне және патриотизм мен намысқойлыққа тәрбиелеу;
3. Тұлғада төзімділік сезімін, позитивті бағдар тәрбиелеу;
4. Әлемдік көркем әдебиетті оқыту негізінде қазақстандық қоғамның мәдени құндылықтарына оң көзқарасты қарым-қатынасын дамыту;
5. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарын қалыптастырып, мәдениспорттық шараларға қатысуға тарту қажет [4,15].

Мұғалімдер мен мектеп оқушыларының алдында тұрған басты мақсат – әлеуметтік және кәсіби тұрғыда өзін-өзі айқындауға қабілетті, өз халқының тарихы мен дәстүрін білетін, бірнеше тілді меңгерген, барлық жағдайда үш тілде коммуникативтік-әрекеттік



операцияларды жүзеге асыра алатын, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын көпмәдениетті тұлғаны дамыту.

Жоғарыда айтылғандарды сызба түрінде былайша ұсынуға болады (1 сурет):



1 сурет - Үштілді білім беруді жүзеге асырудағы тілдер сызбасы

Көп тілдерді оқытуға байланысты ХХ ғасырдың екінші жартысында ЮНЕСКО ұйымдастырған халықаралық іргелі зерттеулерден туындайтын қорытындылардың да практикалық шешімдер қабылдау үшін мәні зор. Салыстырмалы зерттеулер белгілі швед ғалымы Терстен Хюсеннің басшылығымен 20 жыл бойы 21 елде жүргізілді [6]. Ұзақ жылдар бойы жүргізілген осы зерттеулерде қойылған кейбір көкейкесті сұрақтарға және оларға жауап ретінде алынған ғылыми ұсыныстарға тоқтала кетейік. Шетел тілдерін қандай әдіспен оқыту ұтымды: ана тіліне сүйенбейтін тура әдіспен оқыту ұтымды ма, немесе ана тіліне сүйене отырып үйрететін жанама әдіспен оқыту ұтымды ма? Қай жастан бастап шетел тілдерін оқыту тиімдірек? – деген сұраққа байланысты ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізудің алдында ғалымдар екі жақ болып, кейбірі тура әдісті жақтап, балаларды мейлінше ерте бастан бірден шет тілдеріне оқытуды жөн деп тапса, қалғандары мұндай көзқарасты қолдамаған еді. Зерттеу жетекшісі Т. Хюсен тура әдісті және мейлінше ертерек оқытуды қолдаушылар жағында болды. Алайда, 20 жыл бойы осы екі әдістің тиімділігін бір-біріне салыстыра жүргізілген зерттеулердің нәтижесі шетел тілдерін ана тілі негізінде оқыту әлдеқайда тиімдірек, сондықтан да оларды мектептегі оқу жылдарының бастауында емес, орта тұстарынан бастап оқытқан ұтымды екеніне көз жеткізді [7].

Осыған орай білім берудегі жаңашыл қадамдарды эксперименталды түрде жүргізу кезінде белгілі шарттарды ұстанған дұрыс деп есептейміз. Жапон елінің тәжірибесіне сәйкес шетел тілін оқыту бала есін білген шақтан, яғни өз тілінің негіздерін меңгергеннен кейін ғана шет тілі оқытыла басталатын көрінеді. Шет тілін толыққанды меңгеру үшін өз тіліндегі тілдік элементтерге сүйене отырып, ой-жалғаулардың негізінде өзге тілдің тілдік, грамматикалық және синтаксистік ерекшеліктерін тереңірек түсінуіне мүмкіндік алатыныны дәлелденген. Алайда ол уақыт аралығында оқушының білім алуға деген қызығушылығының жоғалмауы сонымен қатар әр түрлі психологиялық, физиологиялық, әлеуметтік факторларға байланысты тұлға ретінде қалыптасу тетіктері және ерекшеліктерін де ескерген жөн.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілуіміз керек. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой- пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет. Тілдерді меңгеру - әрбір Қазақстан азаматының парызы мен міндеті, бұл олардың қоғамдық өмірде бәсекеге қабілеттілігі мен белсенділігін айқындайды. Қазақстан білімінің жақсы дәстүрін сақтай отырып, білім алушыларды халықаралық біліктілік сапасымен қамтамасыз ету кейінге қалдырылмайтын мәселе

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына Жолдауы, 2017 ж., 27 ақпан.
- 2 Энциклопедиялық сөздік. – Алматы, 2002.
- 3 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. - М.: Издательство ЛКИ, 2010. - 264 б.
- 4 Оқушылардың жалпықазақстандық мәдениетін қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал – Астана: Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014. – 64 б.
- 5 Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика. – 7-е изд., стер. - М.: Издательский центр «Академия», 2013. – 336 с.
- 6 Разумовский В.Г. Государственный стандарт супердержавы мира к 2000 году // Педагогика. – 1993. - № 3. – 92 б.
- 7 Интернет материалы. Сыродеева А.А. Поликультурное образование: Учебно-методическое пособие. – М.: МИРОС, 2001. – 53 б.

### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются основные понятия трехязычного образования и способы формирования полиязычной личности. Также определены основные аспекты ведения языков в виде схемы и проанализирован иностранный опыт внедрения полиязычия в образовательную систему. Названы основные цели, задачи трехязычия и пути их осуществления.

### RESUME

The authors of this article examine the basic concepts of a trilingual education and ways of forming a multilingual personality. The main aspects of the languages of the educational system are identified and presented in a form of a scheme, and there was analyzed experience of foreign countries of introducing multilingual learning in the educational system. The main goals and tasks of trilingualism and ways of its implementation are defined.



### Аннотация

Мақалада білім беру жүйесін жаңғырту барысында оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізіп, бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және барлық мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияларды қолданып еліміздегі білім беру қызметін сапалы деңгейге көтеру, педагогикалық тәжірибе қолданылып жүрген білім стандартына сай оқытудың инновациялық технологиялары мен педагогикалық құралдарды жетілдіру және студенттердің құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар тәжірибеде қолданылып жүрген оқытудың инновациялық технологияларын студенттердің құзыреттілігін қалыптастырудағы қызметі негізделген.

*Түйін сөздер:* оқытудың инновациялық технологиялары, құзыреттілік, тұлғаның қалыптасуы, сыни көзқарас.

### Э.Ж. Әлімқұлова

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, пед. ғыл. канд, доцент

### Г.Қ. Райсова

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, пед. ғыл. магистрі

## Оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері

Бүгінде еліміздің білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеру мақсатында жасалып жатқан талпыныстар көп, мысалы, түрліше бағдарламаларға негізделген жаңа түрдегі оқу орындары, лицей, колледж, жаңа типті мектептердің пайда болуы, болашақ маман даярлау ісіне заман өзгерісіне сай нақты талаптар т.с.с. Педагог-ғалымдардың осы заман талабына сай, орта мектептерде, жоғары оқу орындарында білім беру жүйесін қайта құруға байланысты жүргізіліп жатқан жаңа технологиялық құрылым мен әдіс-тәсілдерді зерттеп енгізуі, әлемдік стандартқа сай мамандарды дайындау мақсатында ғылыми негізделген психологиялық, педагогикалық қызметтері - өмір талабы, заман сұранысы.

Педагогикалық ғылыми зерттеу жұмысымыздың мақсаты да білім беру жүйесін жаңғырту барысында оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізіп, бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және барлық мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа

қолдану. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияларды қолданып еліміздегі білім беру қызметін сапалы деңгейге көтеру. Бүгінде кафедрадағы атқарылып жатқан педагогикалық ғылыми зерттеу жұмыстарының бағыты «Агротехникалық жоғары оқу орындарында студенттерді пәнаралық байланыста өздік және ғылыми зерттеу жұмыстары негізінде дайындаудың методологиясы», «Аграрлық техникалық жоғары оқу орындары мамандықтарымен сабақтастықта қазіргі заманға бейімделген химиялық білімді жобалау», «Қашықтықтан оқыту жүйесінде жалпы білім беретін пәндер бойынша (физика және экология пәндері) мультимедиялық оқыту курстарының моделі», «Қашықтықтан оқыту жүйесі үшін on line режимінде виртуалды білім беру кеңістігі және бағдарламалық өнімдерді дайындау және зерттеу») тақырыптарымен тығыз байланыста жүргізіліп отыр. Осы тақырыптар бойынша атқарылған педагогикалық ізденістер келесі міндеттерді жүктейді:

- жетілдірілген оқыту технологиясын қолдана отырып оқу үдерісіндегі ғылыми педагогикалық іс-әрекетті дамыту, үздіксіз жетілдіру, тәжірибеде қалыптастыру;
- білім беру саласының гуманистік парадигмаға аяқ басуында білім беру үдерісіндегі әрбір студенттің таным сапасын жетілдіруді қамтамасыз ету;
- ақпарат легі үздіксіз жаңарып отырады, сол себепті жаңартылған ақпараттан құлақдар болып, уақтылы қол жетімділікті қамтамасыз ету;
- бүгінгі қоғамымыздың талаптары жаңа оқыту және ақпараттық технологиялар құралдарын еркін меңгерген, ақпарат көздерімен еркін жұмыс жасай алатын сауатты, білікті жастарды тәрбиелеу;
- өндірісте, күнделікті өмірде ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану талаптарын қанағаттандыру;
- ҰБТ нәтижелері мектеп бітірушілердің жаратылыстану пәндерінен (әсіресе химия, физика) білімдерінің жеткіліксіз екендігі мәлім, сондықтан оқыту технологияларын жетілдіре отырып студенттердің білім сапасын көтеру.

Осы бағыттағы педагогикалық қызметімізде біз оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы химия, физика пәндерін оқыту үдерісінде жаңа ақпараттық технология құралдарын қолданып жұмыс істеу біліктіліктерін қалыптастырудағы ұйымдастырылған жұмыстар жүргізілуде, мысалы:

- химия курсында оқытудың жаңа технологияларын қолдану мәселелерін зерттеп, тиімділігін анықтау мақсатында психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау;
- химияны пәнаралық байланыс арқылы оқытуда қазіргі заманның оқыту технологияларын қолдану мәселелерін талдау;
- химияны пәнаралық байланыс арқылы оқыту үдерісінде жаңа оқыту технологияларын қолдану әдіс тәсілдерін қарастыру;
- химияны пәнаралық байланыс арқылы оқытуда қазіргі замағы оқыту технологияларын қолдану бойынша ұсыныстар жасап, тиімділігін анықтау;
- химияны пәнаралық байланыс арқылы оқытуда кейбір физикалық, химиялық құбылыстардың модельдерін жасау;
- химияны пәнаралық байланыс арқылы оқыту үдерісінде қазіргі заманғы оқыту технологияларын қолдану әдістемесінің контент-талдауын жасау.

Бүгінде ақпараттандыруды кең мағынада кез келген елдің ғылыми-техникалық даму деңгейінің маңызды көрсеткіші болып табылатын ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау құралдарының инфрақұрылымын қажет ететін адам іс-әрекетінің барлық қоғамдық маңызды түрлеріндегі шындыққа сай, толық және уақытында жеткізілетін білімді белсенді және толық қолдануға негізделген қоғам өмірін қайта құру үдерісі ретінде қарастыруға болады. Осы жағдайда ақпарат қоғамның негізгі стратегиялық қоры болып табылады және экономикада, білім беру саласында және мәдениетте маңызды орынға ие болады. Ақпаратты оқу үдерісінде қолдануда ақпараттық мәдениет қалыптасуы тиіс.



Педагогикалық зерттеулерде ақпараттық мәдениет – бұл әлемнің қазіргі көрінісін түсіне білу, ақпараттық ағымдарды кеңінен қолдану және оларды талдай білу, айнала қоршаған ортаға бейімдеу мақсатында тура және кері байланыстарды іске асыру, компьютермен сауатты түрде қатынас жасай білу, оның мүмкіндіктерін және адамның интеллектуалдық ортадағы орны мен рөлін ұғына білу екендігін көрсетеді.

Бүгінде педагогикалық жүйелерді компьютерлендіру және ақпараттандыру негізінде оқытудың жаңа технологияларының пайда болуына төмендегі әлемдік тенденциялар әсер етеді:

- ауқымды өндірістік инфрақұрылымның дамуы;
- ғылымның, техниканың және технологияның барлық салаларын ақпараттандыру және автоматтандыру;
- қоғамның кәсіби құрылымының және адам баласының еңбекке деген дүниетанымдық көзқарасының жаңа бағытта өзгеруі;
- білім беру саласының әлемдік жүйедегі ақпараттық интеграциясы.
- кадрлардың көпдеңгейлі және озық дайындығы;
- білім берудің үздіксіздігі, үздіксіз білім беруді жетілдіру және білім мен білікті толықтырудың қажеттілігі;
- тұлғаны әлеуметтендіру және кәсіби деңгейін жетілдіру.

Сонымен, білім беруде оқытудың жаңа технологияларын қолдану білім беру мазмұнының сапасын арттыруға, зерттеулер жүргізуге, әдістемелік нұсқауларды дайындауға, оқытудың дәстүрлі және жаңа технологияларын кіріктіріп білім беру жүйесіне енгізуге бағытталған үдеріс ретінде қарастыруға болады. Өйткені білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану қоғамның сұраныстарын қанағаттандыратын білім беру сапасының тиімділігін арттыру болып саналады. Ауқымды мақсат көпжақты, ол өз кезегінде төмендегідей ішкі мақсаттардан тұрады:

- жаһандану заманында білім алушыларды қоғамның барлық салаларында толық және тиімді қатысуға дайындау;
- білім беру сапасы мен білігін арттыру;
- ұлттық білім беру жүйесінің әлемдік бірлестіктің инфрақұрылымына ақпараттық интеграциялануы.

Білім беру жүйесін модернизациялаудағы технологиялық ішкі жүйенің рөлін қарастыра отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: жаңа ақпараттық технологияларды қолдану білім беру жүйесіндегі қазіргі заманғы маңызды мәселелерін шешуді сол жағдайда ғана қамтамасыз етеді, егер технологиялық ішкі жүйенің дамуымен қатар, барлық басқа ішкі жүйелерде: педагогикалық, ұйымдастырушылық, экономикалық, айтарлықтай өзгерістер орын алса және де білім беру жүйесінің теориялық және әдіснамалық негіздеріне әсері байқалса. Басқаша айтқанда, жаңа оқыту технологияларының дамуы миллиондаған адамдарға оқыту қызметтерін салыстырмалы аз шығынмен ұсына алатын түпкілікті жаңа білім беру жүйесінің орнауына әкеледі.

Қазіргі кезде барлық деңгейдегі оқу орындары компьютерлермен толық жабдықталған. Білім беру саласын, ұсынылған бағдарлама бойынша оның теориясы мен практикасымен қамтамасыз ету және оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған жаңа технологияларды пайдалану білім беру саласын ақпараттандыру деп аталады [1]. Ақпараттандыру (А.П. Ершов бойынша) үдерісі:

*ақпараттық* – әлеуметтік маңызы бар барлық ақпаратты сақтауға, өңдеуге, электрондық құралдармен беруге қолайлы түрде ұсыну;

*танымдық* - қоғамға, өзінің барлық деңгейде дамуын динамикалық реттеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әлемнің тұтас ақпараттық моделін құру және сақтау; жеке қызметтен жалпы адамзаттық институттардың қызмет істеуіне дейін жету.



*материалдық* – ақпаратты сақтаудың электрондық құралдарының, өңдеу мен берудің толық инфрақұрылымын құру.

Білім саласын ақпараттандырудағы біздің басты мақсатымыз: білім алушыларды ақпараттық қоғамда өмірдің қоғамдық, кәсіптік, тұрмыстық салаларында толыққанды және тиімді қатысуына дайындау, бағыт беру.

Қазір «Ақпараттандыру» және «компьютерлендіру» деген түсініктер жиі қолданылады. Білім саласын ақпараттандыру дегеніміз - білім алушының мәліметтер базасында, компьютерлік бағдарламаларда, түрлі анықтамалық әдебиеттерде ұсынылған зор көлемді ақпаратқа қол жеткізуі. Ал компьютерлендіру оқытудың жекелеген жағдайы», дейді [2]. Біз педагогикалық қызметімізде «білім саласын ақпараттандыру дегеніміз – «білім беру саласын, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыру мақсатында, қазіргі жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мен жасаудың теориясымен және практикасымен қамтамасыз ету үдерісі» деген көзқарасты қолдаймыз. Өйткені бүгінде білім беруде ақпаратты сақтау, өңдеу, беру жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.

Оқытудың қазіргі заманғы инновациялық технологиялардың бірі - ақпараттық технологияларды қолдану педагогикалық қызметіміз үнемділік (уақытты, еңбекті, материалдық ресурстарды үнемдейді), оңтайландыру (тапсырысты т.б. іздеудің автоматтық жүйесін жақсартады), шығармашылық (ақпаратты өңдеу мен пайдалану жүйесіне енгізеді) бағыттағы жаңа деңгейге көтеріледі.

Педагог ғалымдардың пікірінше, «...қазіргі кезде оқытудың ақпараттық технологиясы (ОАТ) дегеніміз – бұл ақпаратпен жұмыс істеу үшін түрлі арнаулы жолдарды, бағдарламалық және техникалық құралдарды (кино, дыбыстық- және бейне құралдарын, компьютерлерді, телекоммуникациялық тораптарды) қолданатын педагогикалық технология және «...ОАТ білімді беруге (педагогтің қызметі), қабылдауға (білім алушының қызметі), оқытудың сапасын бағалауға, білім алушы тұлғасының оқу-тәрбие үдерісінде жан-жақты дамуына жағдай жасауға арналған ақпараттық технологиялардың қосымшасы деп түсіну қажет». Компьютерлік технологияларды пайдаланып ақпаратты табу және оны пайдалана алу, нысана жасау мен ақпаратты жеткізудің барлық типтерінен тұратын гиперортада байланыс орнату; шынайы өмірде нысаналар мен қызметтерді конструкциялап және олардың модельдерін компьютердің көмегімен жасай білу деп түсіндіреді. Компьютерлік сауаттылық тұлғаның әлемнің ақпараттық бейнесін символдар мен белгілердің және тура және кері ақпараттық байланыстардың жүйесі деп қабылдап, өзі ақпараттық қоғамда еркін бағыт тауып, соған ыңғайлану қабілетін танытатын ақпараттық мәдениетінің бөлшегі болып табылады.

Біз оқу үдерісінде оқытудың жаңа технологияларын қолдануда, мысалы, жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану түрлі мәселелер тудырумен қатар білім алушылардың танымдық қызметін, соның нәтижесінде оқудың тиімділігін арттыратынын көрсетеміз. Танымдық әрекетсіз ешбір ғылыми түсінік толық қабылданбайтындықтан, белсенді танымдық әрекетті ұйымдастыру үшін өздік жұмыстарының жүйесі мен «түсініктерді, заңдарды, және теорияны қабылдаудағы қателерді уақытында танып, оқытушының өзінің педагогикалық қызметінің нәтижелерін бағалап, өзінің қолданған әдістері мен оқыту тәсілдерінің тиімділігін танып, оларға тиісті өзгерістер енгізуі үшін» берілген білімді қабылдау сапасы мен нәтижесін бақылауы тиіс».

Оқытудың қазіргі заманғы технологияларын қолдануда:

- оқу-тәрбие үдерісін білім алушылардың қабілеттерін, дайындықтарын, материалды игерудегі жеке-тұлғалық ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерінің деңгейін есепке алып жекелендіру;
- білім алушының танымдық әрекеті сипатының өзіндік жұмыс істеуге және танымдық сипат жағына қарай өзгеруі;
- білім алушының үнемі жетілуіне және өздігімен оқып-білуге ынталануы;



- оқудағы пәнаралық байланыстың белсендірілуі, құбылыстар мен оқиғалардың кешенді оқылуы;
- оқу үдерісінің жылдамдығының, қолайлылығының артуы, оның тез және үнемі жаңаруда болуы;
- білім алушының оқу үдерісінен тыс әрекеті мен олардың бос уақытын ұйымдастырудың түрлері мен әдістерінің өзгеруі.

Ал химияны пәнаралық байланыста оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану бізге келесідей мүмкіндіктер береді:

- информатика және физика сабақтарында алған білімдерін химияда пайдалануға мүмкіндіктер тудыру;
- пәнаралық деңгейде білімді жалпылау үдерісін жеңілдету және осы деңгейде білім алушылардың қоршаған ортамен байланысын жетілдіру, таным сапасын қалыптастыру;
- химияны физика, информатикамен пәнаралық байланыста оқытуда жеке пәндер мен құбылыстардың, заңдылықтардың арасындағы байланыстарды жан-жақты ашып таныту;
- түрлі деңгейдегі күрделі оқу материалдар базасын құру, жинақтау жағдайын тудыру;
- оқу үдерісінің барлық кезеңдерінде статистикалық ақпаратты тез жинау және жеткізу жағдайын жасау;
- оқу үдерісі барысында білім алушылардың жұмысын бақылап, түзетіп отыруға мүмкіндік беретіндей кері байланыстың болуы және білім алушылардың жұмысын жекелендіру.

Компьютерлік техникалармен жеке жұмыс істеу өзіндік жұмыс үлгілерін дамытады, нақтылыққа, әрекеттің жүйелі болуына үйретеді, талдау мен жалпылау жасау білігін, қабілеттілікті арттырады. Компьютер абстракцияны, сұлба, модель, сурет түріндегі көрнекі үлгілер түрінде нақтылау арқылы қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда дамыта оқыту әдістері мен қағидалары жүзеге асырылады. Білім алушылардың ойлау әрекеті дамиды, танымдық қажеттілігі қанағаттандырылады. Білім алушы жұмыстың өзіне тән әдістері мен тәсілдерін қолдануға мүмкіндік алады. Жаңа ақпараттық технологиялардың аппараттық құралдарына біз компьютерді ғана емес, сонымен бірге оған қоса берілетін құралдарды (принтер, сканер, цифрлік және web-камералар, мультимедиапроектор, бейнемагнитофон т.б.), бағдарламалық құралдарға – бағдарламалық қамтамасыз етуді, соның ішінде оқу үдерісіне арналып жасалған бағдарламаларды да жатқыза аламыз.

Химия, физика курстарының бағдарламалық жабдықталуы, біріншіден, курсты оқытуға (теориялық сұрақтарды оқу, есептерді шешу дағдыларын дамыту және т.б.), екіншіден, оқыту үрдісін басқаруды қамтамасыз етуге, білім бақылауды автоматтандыруға, үшіншіден, зертханалық жұмыстарды сүйемелдеуге, төртіншіден, ақпараттық іздеу жүйелерімен жұмыс істеуге бағытталған.

Дәстүрлі оқыту құралдарын бірте-бірте жаңа ақпараттық технологиялар арқылы алмастыруда мультимедиялық жүйелердің мүмкіндіктері ерекше орын алады. Компьютер мен аудиобейнелік ақпаратты ұсынудың қазіргі заманғы құралдарын біріктіре отырып, химияны оқыту үдерісін көптеген қосымша мүмкіндіктермен байытуға болады:

- дыбыстық сүйемелдеуге ие қозғалатын немесе қозғалмайтын бейнелер қорына тікелей қатынас жасау;
- мәліметтер қорынан сол сәтте қажет аудиобейнелік ақпаратқа қол жеткізу;
- дыбыстық сүйемелдеуге ие мәтіндік, бейнелік, мультипликациялық ақпараттарды тақырып аясына сай қажет ретпен орналастыру.

Әрине, бұл жағдайда мультимедиялық жүйелерді қолдану жаңа ақпараттық технологиялардың жан-жақты мүмкіндіктерін пайдалануға жол ашатын химияны оқыту үрдісін ұйымдастырудың мүлдем жаңа деңгейінің туындауына жағдай жасайды. Компьютерлік желілер мен телефондық, теледидарлық, спутниктік байланыстардың бірігу деңгейіндегі телекоммуникация құралдарынсыз оқыту үрдісіне жаңа ақпараттық технологиялар құралдарын енгізу айтарлықтай тиімді болмайды.

Оқу үдерісінде телекоммуникациялық желілерді пайдалану аз уақыт аралықтарында алдыңғы қатарлы педагогикалық технологияларды тарату мүмкіндігін тудырады. Сол себепті оқу әдістемелік кешенде педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру құралдарының модулі орын алды. Ұйымдастыру техникасы баспа жұмыстарын орындауды, үлестірмелі оқыту материалдарды көбейтуді, оқыту-анықтамалық материалды сақтау мен оны тез уақытта табуы іске асырып отыр.

Бүгінде өзіміз дәрістерде, зертханалық жұмыстарда қолданылып жүрген Power Point бағдарламасында жасалған презентация, тек графопроекторларға арналған диафильмдерді және транспаранттарды ауыстырып қоймайды, сонымен бірге кадрларды кез-келген ретпен қолданып, олардың тек қажеттілерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Оқу сапасын арттырудың бір жолы оқу танымы үдерісінде көрнекілік құрал түрлерінің үлесін көбейту болып табылады. Көрнекілік тұжырымы оқытушының жұмысын ұйымдастырудың қажетті шарты, оқытудың тиімділігін арттыру құралы болып табылады. Мысалы, ОТҚ қолдануды ірі маманы И.И. Дрига: «...білім алушы қоршаған ортаны өзінің барлық сезіну мүшелерінің көмегімен таниды. Бірақ, олардың өткізу қабілеті бірдей емес. Ақпаратты қабылдаудың негізгі каналдары есту мен көру анализаторлары. «Құлақ – ми» жүйесі секундына 50 бит (ақпарат бірлігі) өткізе алады. Көру анализаторының өткізу қабілеті 100 есе көп. Білім алушылардың ақпараттың барлығының 90 % көру арқылы, 9% - есту арқылы, тек 1% - сезіну арқылы алады. Білім алушылардың есте сақтауда ең дамығаны көру қабілеті» [3], деп атап көрсетеді. Жаңа ақпараттық технология құралдары оқу материалын ұсыну үшін ғана емес, өзіндік жұмысты ұйымдастыру үшін де қолданылады. Бұл оларды қолдану оқушылардың танымдық қызметін арттыруға, білім алушының шығармашылықпен айналысуларына, оқудың жаңа түрлері мен әдістерін жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды.

Пәнаралық байланыстар ғылымның негіздерін тереңінен ұғынудың дидактикалық құралы және шарты болып келеді. Пәнаралық байланыстар оқушылардың білімдерінің ғылыми деңгейін жоғарылатады, қисынды ойлаудың, шығармашылық қабілеттердің дамуына себеп болады, дүниетанымның қалыптасуына жағдай жасайды. Мысалы, химия, физика және информатика пәндерінің арасындағы пәнаралық байланыс келесі бағыттарда іске асырылуы мүмкін: жалпы дүниетанымдық түсініктерді қалыптастыру (әлемнің ғылыми көрінісінің бір бөлігі болып келетін әлемнің ақпараттық моделі, жүйе), химия, физика және информатика пәндеріне жалпы болып келетін түсініктерді қалыптастыру (модель, ақпарат), жалпы заңдарды (ақпаратты тасымалдау және тіркеу) және теорияларды оқу, танымның жалпы әдістерін қолдану.

Химия курсының, оның ішінде электр химиясының сұрақтарын талдау кезінде қарастырылып жатқан құбылыстарды ақпаратты жинау және өңдеу құрылғыларында қолдану тұжырымдамаларына сілтеме жасауға болады. Мысалы, электр химиясын қарастырғанда білім алушылар жартылай өткізгіш құралдары: диодтар және транзисторлардың жұмыстарымен жақынырақ танысады. Осы кезде оқытушы бұл құрылғылар арқылы әр түрлі электрондық құрылғыларды: ЖӘНЕ, НЕМЕСЕ, ЕМЕС шарттарды орындайтын логикалық элементтерді, импульстер генераторын, ақпарат сақтай алатын триггерлерді жасауға болатынын мәліметтерді келтіруге болады. Сонымен қатар электр магниттік толқындар арқылы іске асырылатын радиобайланыс пен ақпаратты тасымалдау, яғни телекоммуникациялық желілер саласындағы жетістіктер, байланыс желілерінің жиіліктік және уақыттық жіктелуі, сыртқы және ішкі фотоэффект



құбылыстарына лазерлік принтердің, сканердің, фото- және бейнекамералардың жұмысын сөз етуге болады. Идеал газдың молекула-кинетикалық теориясы (сиретілу дәрежесі анықталған техникалық вакуум алу), Электрондық шоқтардың магнит және электр өрістеріндегі қозғалысы (дисплей экранындағы бейнені жаймалау, шоқтарды келтіру, бейне геометриясын түзету), түстердің араласу заңы және флуоресценция (түрлі түсті бейне алу), электромагниттік индукция және өздік индукция, сұйық кристалдар (LCD-мониторының экраны), төмен жиілікті газ разряды (плазмалық панельдер), Бугер заңы (экрандардың қорғағыш беттері), лазерлер, дәлдік оптика (CDR, CD RW және DVD) т.б.

Оқыту үдерісінде компьютерлік құралдарды қолдану білім алушылардың білім сапасына, оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігіне, білім алушының танымдық әрекетінің белсенділігіне әсер ететін дидактикалық жағдайлардың бірі болып табылады. Соның көмегімен материалдық әлемнің және әсіресе, білім алушының түрлі себептермен өздері бақылай алмайтын құбылыстары мен нысаналары туралы толық және көрнекі түрде ақпарат алуына болады.

Біз оқыту үдерісінде техникалық құралдардың статистикалық (мультимедиапроектор, фотоаппарат, цифрлық фотоаппарат, сканер, ксерокс), динамикалық (бейнекамера, цифрлік камера, web камера, кинопроектор, теледидармен немесе мультимедиапроектормен біріктірілген бейне-магнитофон) және интерактивтік (арнайы бағдарламалы компьютер (модем, камера, сканер) түрлерін қолданамыз. Ал білім алушылар да өз кезегінде өздік жұмыстарды орындауда танымдық іс-әрекетін белсендіру үшін жаңа ақпараттық технология құралдарын іс-әрекеттерінің құралы ретінде қолданады. Бұл олардың компьютерлік моделдермен жұмыстарында, виртуалды зертханалық жұмыстарды орындауда, аралық және қорытынды тестік бақылау жұмыстарын компьютерлік бағдарламалармен тапсыруда, ғылыми жобаларға қатысуда, реферат жазу және пән тақырыптары бойынша презентацияларды даярлауында дәстүрлі ақпарат көздерімен қатар, компакт дискілерде және Интернет желісінде ұсынылған ақпараттарды сараптап қолданулары дәлел болып отыр. Енді осы айтылғандарды негіздейтін болсақ, онда біз келесідей айқын артықшылықтарды атап өтуімізге болады:

1. Нақты көрсетілімділігі немесе зертханалық тәжірибеде бақылануы қиынға соғатын химиялық (полимерлерді алу, өндірістік химиялық технологиялар т.б.), физикалық құбылыстарды ұсыну (гравитациялық өрістегі Жер серігінің қозғалысы, электромагниттік өрістегі зарядталған бөлшектің күйі).

2. Түрлі теориялық үлгілерде алынатын нәтижелерді көрнекі түрде салыстыру (классикалық және релятивистік механика тұрғысынан есептегендегі күштік өрістердегі бөлшектердің қозғалысын салыстыра отырып бақылау).

3. Көп қаражатты қажет ететін немесе білім алушының денсаулығына қауіп төндіретін зертханалық қондырғыларды компьютерлік үлгілер арқылы алмастыру (үдеткіштің жұмыс режимін таңдау, электрондық сұлбаны тексеру).

4. Құбылыстың теориялық үлгісінің тәжірибеде бақыланатын нақты құбылысқа бірте-бірте жақындауын нақты тәжірибеде міндетті түрде кездесетін жанама құбылыстар мен әрекеттесулерді кірістіре отырып, көрсету (электрондардың қозғалысы, атам құрылысы, сәулеленуге кететін энергия шығынын ескеру, үдетілген зарядтардың өзара әсерлерін ескеру және т.с.с.).

5. Тәжірибе жүзінде бақылауға мүмкіндік болмайтын құбылыстарды көрсету (мысалы, зарядталған бөлшектің магнит өрісіндегі қозғалысы).

6. Математикалық дайындықтары төмен білім алушылар тобында құбылыстың теориялық сипатының негізгі идеяларын химия және физика үшін дәстүрлі болып саналатын математикалық баяндау арқылы көрсету.

7. Кейбір тәжірибелерді, эксперименттік ойын түрінде компьютерде өткізу т.с.с.

Оқу үдерісінде кейбір тәжірибелердің кейбір бөлігі қажетті құрал-жабдықтардың, химиялық реактивтердің жетіспеуінен, ал кейбір бөлігі өмірге қауіптірек тәжірибелерді

жүргізу мүмкін болмайды, ал тәжірибелердің кейбір түрлері тым ұзақ уақытты талап етеді және оларды бақылауға да көп уақыт қажет болады, кейде керісінше, бірқатар тәжірибелер өте жылдам өтетіндіктен оларды бақылауға мүлдем мүмкіндік болмайды. Сондықтан, осындай қайшылықты жағдайда оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын қолдану тиімді екенін біз өз тәжірибеден көріп отырмыз. Демек, оқу үдерісінде оқытудың инновациялық технологияларын қолдану білім алушының білім сапасын жетілдірумен қатар, оқу барысында жаңа ақпараттық технология-лармен, техникалық құралдармен еркін жұмыс жасай алатын креативті жас мамандарды қалыптастырудағы маңызы зор.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген жалпы мәселелерді қорытындылай отырып философиялық, психологиялық, педагогикалық қағидаларды және алдыңғы қатарлы ой-пікірлерді негізге алып, тұжырымдасақ, онда:

1. Болашақ мамандарға пәнаралық байланыс арқылы білім беруде берілетін білім мазмұнының ғылыми теориялық, тәрбиелік мәнімен қаруландыру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Өйткені, ауыл шаруашылық мамандарының болашақтағы іс-әрекеті айнала қоршаған ортамен, өндірілетін өнімдер мен қайта өңдеу технологияларымен тікелей байланысты.
2. Инновациялық технологияларды оқу үдерісінде қолдану арқылы білім беруді жүзеге асыру жолдары сан алуан, соның ішінде жаратылыстану ғылымдарының бағытындағы мазмұндас пәндер байланысы негізінде жүзеге асыру мүмкіндігінің шексіздігі.

Оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды қолдануда пәндерді өзара байланыстыру арқылы оқыту – оқытушы мен білім алушының іс-әрекет үрдісінің үйлесімділігі мен педагогикалық іс-әрекет тәсілдері.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Скрипко Л.Е. Внедрение инновационных методов обучения: перспективные возможности или непреодолимые проблемы? // Менеджмент качества. - 2012. - № 1. - С. 76-84.
- 2 Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 2004. - Б. 28-52.
- 3 По материалам сайта Открытый класс, сетевые образовательные сообщества, Суворина В.Г. [Электронный ресурс] // <http://www.openclass.ru>

### РЕЗЮМЕ

В данной статье авторы рассматривают актуальные проблемы инновационных приемов в процессе обучения. В статье аргументировано обоснованы преимущества инновационного подхода в сравнении с традиционными формами обучения студентов, оптимизация современных методов обучения и внедрение их в образовательный процесс. В процессе обучения используются информационные технологии, являющиеся неотъемлемой частью инновационных приемов образования, которые позволяют подготовить нестандартно мыслящих молодых специалистов.

### RESUME

The actual problems of innovative methods in the process of training have been considered by the author of this article. The authors tried to solve the problems of introduction of these methods in the process of students' training. In the article the advantages of the innovative approach in comparison with the traditional forms of students' education are reasonably shown. Optimization of modern methods of training and their introduction in the educational process are also considered by the authors. In the process of training information technologies that are an integral part of this method of training are used. The given innovative methods allow training unconventionally thinking young specialists.





### Аннотация

Мақалада дене мәдениеті ұғымына түсініктеме берілумен қатар мектептерде ұлттық және спорттық ойындар арқылы дене мәдениеті мен салауатты өмір салтына тәрбиелеудің маңыздылығы қарастырылады.

*Түйін сөздер:* дене мәдениеті, дене тәрбиесі, ойын, салауатты өмір салты.

### Л. Нәби

Ш.Уәлиханов атындағы  
Көкшетау мемлекеттік  
университеті,  
пед. ғыл. канд., профессор м.а.

### Ж.Б. Мукашев

Ш.Уәлиханов атындағы  
Көкшетау мемлекеттік  
университеті,  
магистрант

## Мектептерде дене мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығы

Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке, демократиялық дәстүрге өту жағдайында адамзат қоғамының ғасырлар бойы жинақтаған жалпы құндылықтар мұрасына ден қоюы, рухани-адамгершілік негізінде дене тәрбиесін және спортты сабақтастықта дамытып, салауатты өмір сүру дағдылары арқылы *дене мәдениетін* қалыптастырудың өзектілігі артуда. Бұл мәселе ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» бағдарламасында, ҚР «Білім туралы» заңында, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған бағдарламасында», «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің стратегиялық жоспарында» білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде көрініс тапқан. Дене мәдениеті өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны отансүйгіштікке даярлауға қызмет етеді. Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Спорт - игілікті іс. Спортта мінез-құлық, мәдениет қалыптасады. Спортпен айналысқан адам ар-ұятқа тиетін іс жасамайды. Жастайынан дене тәрбиесімен шұғылданған адам бүкіл ғұмыр бойы табысқа жетуге талпынады. Мен мұны өз тәжірибемнен білемін», - деуі тарих сахнасының төрінен спорт қозғалысының өзіндік орны бар екендігін дәлелдейді [1].

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін бағдарламасында көрсетілген: спорттық ойындар, ұлттық ойындар, шаңғы тебу, жеңіл атлетика, жүзу, Президенттік сынамалар, сыныптан тыс спорттық іс-шаралар оқушыларды

жан-жақты дамытып, дене мәдениетін қалыптастырады.

Дене мәдениеті жүйесінің басты мақсаты-күш-қуаты мықты, жан-тәні сау, елімізді қорғауға әзір, шығармашылық жұмысқа құштар, жан-жақты дене тәрбиесі дайындығынан өткен адамдарды тәрбиелеу [2].

Дене мәдениеті - жалпы мәдениеттің бір саласы. Адамның денесін бүкіл ағзасын жаттықтыратын, шынықтыратын, денсаулығын нығайтатын, қимыл- әрекетін әдемілендіретін, кеңістікте дұрыс, үйлесімді қозғалуға үйрететін, дене қуатын жетілдіріп, жоғарғы спорттық көрсеткіштерге жеткізетін – дене мәдениеті.

Тарихи деректерді сараптасақ, адамзат қоғамы пайда болып, алғашқы өмір сүру кезеңінен-ақ дене тәрбиесіне көңіл бөлініп, сол еңбек пен тұрмыстық өмірдің шарты ретінде дамыды. Алғашында дене тәрбиесі арнайы ұйымдастырған ойындар мен ойындық-қимыл қозғалыстар түрінде көрініс берді. Бұл кезеңдегі ойындар мен денені шынықтыру жаттығулары қарапайым түрде болғанымен, олардың тұлғаны қалыптастыру мен тәрбиелік маңызы зор болды. Дене тәрбиесінің басқа тәрбиелермен сабақтастығы мәселесі Орта Азия және Ұлы дала ғұламалары еңбектерінде де ерекше аталған. Солардың ішінде ерекше тұлға Әл-Фараби тәрбие мәселесіне бағыт-бағдар бере отырып, «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» атты еңбегінде бала денесін жетілдіруді, оның бойындағы абзал қасиетті тани біліп, мінез-құлқының жақсы сипаттарын тәрбиелеп, өзін-өзі үнемі дамыту қажеттігіне тоқталады. Ұлы ағартушы Абай дене тәрбиесі мен ақыл-ой тәрбиесі үйлескенде ғана әр адам сымбатты болумен қатар, жан-жақты қалыптасқан жан болмақ деген пікірді қуаттайды. Дене күшін, дене мәдениетін қалыптастыру, оның ақыл-ой тәрбиесіне тікелей байланысын көрсете отырып, «тәрбиелеу керек» деп жай ғана сөзбен емес, оны дұрыс жолға қоюды нақты істермен, жолдармен насихаттау, тәрбиенің өзегін философиялық, психологиялық арнадан іздеу қажеттілігіне тоқталады.

Мәдениет ұғымына ғылыми тұрғыда нақты түсінікті Ю.Л.Ожегов берген. Ол: «мәдениет – әлеуметтік құндылықтарды игеру мен дамытудағы адамдардың шығармашылық қызметінің тәсілі мен нәтижесі, ол арқылы қоғам мен жеке адамның біркелкі дамуы қамтамасыз етіледі» дейді [2]. Бұл жағдайда мәдениет өндірістік, саяси және тағы басқа қызметтің ерекше түрі ретінде қарастырылмайды, олардың кез-келгенінің сапалық көрінісі ретінде қарастырылады. А.К.Уледов өзінің ғылыми еңбектерінде – «Мәдениет қоғамдық өмірдің, адамдардың өмірінің жеке шеңберінің бөлігі ретінде болмайды. Ол қоғамдық өмірдің барлық сферасына оның сапалық сипатына тән» деп жазады [2, 10].

Адам тұлғасының мәдениеті – бұл оның маңызды, материалдық және рухани құндылықтарды құру мен тұтынудағы шығармашылық қызметінде қолданатын әдісінің жоғарғы даму деңгейі. Адамның негізгі күш-қуаты тек оның қызметінде, ең алдымен еңбек нәтижесінде көрінеді. Тек қана, еңбек іс-әрекеті арқылы адам қоғамға өзгеріс енгізе алады және өзінің күші мен қабілетін іс жүзінде көрсете біледі. Мұндай іс-қимыл педагогикалық зерттеулерде «мәдени әрекет» деп түсіндіріледі.

Дене мәдениеті қоғамдық құбылыс ретінде пайда болып қалыптасты және дамыды. Құрылу ерекшеліктері мен қызмет ету жүйесі жайлы өзінің заңдылықтары бар ғылымның саласы болып табылды. Дене мәдениетінің мәнін түсіну үшін алдымен олардың мағыналы мазмұнын анықтап алу қажет.

*Біріншіден*, дене мәдениеті — адамның денсаулығын нығайтып, күш — жігерін арттыруға, қозғалыс белсенділігін жетілдіру мақсатында қоғамның жасайтын және пайдаланатын рухани, материалдық құндылықтарының жиынтығы. Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың «дене мәдениетіне жеңіл қарауға болмайды, дене тәрбиесінің адамдарды тәрбиелеуде қанша керегі бар деп ойлау дұрыс емес. Дене - жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі зат та берік болмақ. Дене - жанның құралы. Құрал мықты болса, иесі де мықты» [3] деп пайымдауы өте орынды.



*Екіншіден*, әрбір мемлекеттің өсіп-өркендеуі мен даму көрсеткіштерінің бірі дене мәдениетінің жүйесі, спорт. Мемлекетті немесе белгілі бір ұлтты күллі әлемге танытатын да спортшылары мен олардың жетістіктері, көрсеткіштері. Әлемдік қауымдастықта көптеген мемлекеттер жазушылары, ғалымдарымен ғана емес, сонымен қатар осы спорттың арқасында да бүкіл елге танылады.

*Үшіншіден*, дене мәдениетінің тағы бір атқаратын аса маңызды қоғамдық қызметі бар. Ол - қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастырудың ең басты құралы болып табылады [3, 20].

«Дене мәдениеті» деген ұғым жалпы мәдениеттің жеке бір бөлігі. Қорытып айтқанда дене мәдениеті жалпы халық мәдениетінің құрамдас бір бөлігі болып, қоғамның материалдық, рухани құндылығының жиынтығын құрап, ол адамдардың дене шынықтыру жүйесін жетілдіру үшін құрылып және оларға қызмет етуі тиіс. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене мәдениеті тұрғысынан зерттеу болып табылады. Әрине, мәдениет теориясының құбылыстары және олардың түрлеріне сай, жасалып жатқан қандай да теориялық ережелер, тұжырымдамалар көп және олар әлі де жүргізілу үстінде.

Дене мәдениетінің қызмет ету жүйесі дене тәрбиесі деп аталады. Тәрбие дегеніміз адамдардың мәдени қызметінің аясы, оларға мәдениет жетістіктерін беру, игеру және жетілдіру болып саналады. Дене тәрбиесі адамның дене сапаларын жетілдірудің педагогикалық жүйесі. Қозғала білуді, дағдыларды, арнайы білімді, қимыл-қозғалыс қабілеттерін, дене сапаларын дамыту және ағзаның құрылысы мен түрлерінің қызметін жетілдіру үшін дене тәрбиесі жүйесінде жан-жақты өңделіп дайындалған табиғаттың жаратылыс күштерімен және гигиеналық қозғаушы күштерімен үндескен дене шынықтыру жаттығуларының жиынтығы, яғни дене мәдениетінің қызмет ету жүйесі қолданылады. Дене тәрбиесінің міндеті әрбір адам өзінің мүмкіндігі жететін дене мәдениетінің мазмұнын игеруден тұрады. Сонымен, адам дене тәрбиесі арқылы дене мәдениетінің жетістіктерін өзінің жеке игілігіне айналдырады, денсаулығын жақсартады, дене сапаларын дамытады, спорттық шеберлігін жетілдіреді.

Дене мәдениеті – қоғамдық өмірдің өзге салаларымен байланысты, әртүрлі функциялар атқаратын күрделі қоғамдық құбылыс болып табылады. Сондықтан, адамның жан-жақты жарасымды жетілуіне негіз болып табылатын дене мәдениеті жөнінде айтқанда біздің назарымызды оның ерекше маңызы - дене тәрбиесі, жеке адамды қалыптастыруда үлкен рөл атқаратын денені шынықтыруға ғана аударып қоймайды. Бұл дене тәрбиесін зерттеуші ғалымдар айтқандай, адамның дене тәрбиесін жетілдіруге бағытталған педагогикалық қызмет аясын ғана емес, сонымен бірге жеке адамның еңбек, мінез, ақыл, ой, эстетикалық, отансүйгіштік, саяси тәрбиесін де қамтуы тиіс. Ол мәдениеттің бір түрі ретінде қандайда бір дене көріністеріне жатқызылмауы керек, оның элементтерін тұтас күйінде білдіруі тиіс. Дене мәдениетінің негізгі бір саласы- спорт, әртүрлі жаттығулардың көмегімен жоғарғы жетістіктерге қол жеткізуге бағытталған өнер түрі. Спорттық әрекеттің негізгі мақсаты адамның қабілетін, жақсы қасиеттерін дамыту. Дене мәдениетінің бағыттары: негізгі дене мәдениеті, спорт, сауықтыру, қолданбалы дене мәдениеті, жеке басылық дене мәдениеті. Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру - қазіргі міндеттердің бірі. Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік сияқты қасиеттер біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық

әдебиеттер арқылы таныса алады. Педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ойын жатады. Ойын дегеніміз - адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу. Халық педагогикасының адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Ол тарихи даму барысындағы әлеуметтік мәні бар ақпараттар жиналып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Қазақ күресі», «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Ханталапай», «Тоғызқұмалақ» қазақ балаларының дене мәдениетін қалыптастырады [4].

Ұлы педагог В.И. Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы баии түседі. Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады [6]. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оқушыларды әсіресе, «Асық», «Тоғызқұмалақ», «Қазақ күресі» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Оқушы ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын - деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек. Кеңес Одағы кезіндегі ұлттық ойындардың маңызы мен қажеттілігін көрегендікпен қарастырған ғалым Б.Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» атты еңбегінде қазақ ойындарын бірнеше топқа бөліп, ойын шарттарын жазып, жастар үшін тәрбиелік мәнін зерделеп, ойын білдірген [4]. Сабақта және тәрбиеде, яғни мектеп жасындағы балаларға ұлттық ойынды ұтымды пайдаланса, дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады [2, 15].

Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді. Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді. Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрін құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене тәрбиесінің негізгі даму белгісі деп тұжырымдайды. Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрі, яғни дене мәдениетін қалыптастырудағы бірегей құралы.

Дене мәдениетінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениетін, адамгершілік қарым- қатынасы әрекетімен көрінетін тұлға деп танылуымен айқындалады.



Мектеп жасындағы балалардың денсаулығына, дене қуаты дайындығына, өмірге қажет әр түрлі қозғалыс шеберлігі мен дағдысының қалыптасуына дене тәрбиесінің маңызы өте зор. Осы кезеңде оқушылар дене мәдениеті және спорттық қимыл әрекеттермен белсенді шұғылданбаса, олардың денесі жан- жақты, толық дамымайды. Қимыл әрекет белсенділігінің аздығы баланың денсаулығын нашарлатады, ағзаның қорғаныш күшін әлсіздендіреді, толық дене дамуын қанағаттандырмайды. Бала ағзасының табиғи даму шыңы жоғарғы сынып оқушыларының жасына келетіндіктен негізгі дене қуаты қабілеттілігі мен функционалдық мүмкіншіліктерін осы мектеп жасында жетілдіру қажет. Барлық дене қуаты қасиеттерін дамыту және тәрбиелеуге ең қолайлы, тиімді кезең- мектеп жасындағы уақыт. Одан кейінгі кезеңдерде оларды дамыту өте қиынға соғады. Мектеп жасындағы кезең әр түрлі қимыл әрекеттерді үйретуге, жетілдіруге, өмірге қажет қимыл ептілігі мен дағдысын қалыптастыруға ең қолайлы кезең болып есептеледі. Осы кезеңде үйренбеген қимыл әрекеттерді, кейін адам денесі қатып, буын жылжымалылығы, сіңір созылымдылығы азайып, қозғалыс шеберлігі нашарлап қалған кезде үйрену, жетілдіру қиынға түседі. Бала кезінде әр түрлі, көп үйренген, жетілдірілген, дағдыланған қимыл әрекеттер адамға кеңістікте оңтайлы, епті, жеңіл қозғалуға мүмкіншілік береді. Жаңа күрделі қимыл әрекеттерді жылдам үйреніп алуға жол ашады. Ал мектеп жасын босқа, әрекетсіз өткізіп алған адамдардан мысал іздегіңіз келсе, дене тәрбиесі сабақтары дұрыс өтпеген мектептерді бітірген адамдардың ебедейсіз, ыңғайсыз қимыл әрекеттерін көресіз, солардан мысал табасыз. Дене тәрбиесі сабақтары және спорттық жаттықтырулармен айналысқан оқушылардың бос уақыттары аз болады, олар әр минуттарын санап, қадірлеп өмір сүреді. Спортпен шұғылданатын балалар шылым шекпейді, ішімдік ішпейді, нашақор болмайды, бос уақыттарын үнемді пайдаланады. Өйткені олардың бос уақыттары аз, адам ағзасына зиянды нәрселерді біледі, ондай әрекеттерге барса денсаулық нашарлайтынын, спортта жоғарғы нәтижеге жете алмайтындықтарын түсінеді. Жалпы қорытындылай келе мектептегі дене тәрбиесі сабақтарының жүйелі өткізілуі оқушылардың дене мәдениетінің қалыптасуына ықпалы зор. Сондықтан әр сабақтың қызықты да мәнді өтілуі мұғалімнің шығармашылығы мен біліктілігіне тікелей байланысты. Әр оқушының болашақта адам капиталының негізін құраушы тұлғасы деп санағандықтан, мектеп, ата-ана, қоғам болып үлкен жауапкершілікпен қарауымыз керек. Тәрбие үдерісінде дене мәдениеті және салауатты өмір салты бір бөлімі ретінде қарастырылса, үздіксіз білім беруде дене тәрбиесі сабағының алар орны ерекше болмақ.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2030» Жолдауынан. 2013 жыл.
- 2 Уанбаев Е.Қ. Спорт және дене тәрбиесі пәнін оқыту әдістемесі. – Өскемен, 2014. - 279б.
- 3 Абусейтов Б.З. Жалпы орта мектептерде оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру. – Түркістан, 2009.
- 4 Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары / Оқулық. - Алматы, 1994.
- 5 Интернет жүйесі <https://kk.m.wikipedia.org/wiki/>
- 6 [www.rusnauka.com](http://www.rusnauka.com)





### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматривается важность воспитания физической культуре и здоровому образу жизни посредством национальных и спортивных игр в школах.

### **RESUME**

The article gives definitions of the notions of physical culture, as well as the importance of education for physical culture and a healthy lifestyle through national and sports games in schools.



### **Аннотация**

В статье приведены актуальные направления развития системы экологического образования, проанализированы аспекты эколого-педагогической подготовки учителя в системе постдипломного образования, а также предложен вариант модели региональной системы непрерывного экологического образования.

*Ключевые слова:* постдипломное образование, экологическая подготовка, экология, подготовка учителей.

### **Ш.Ш. Хамзина**

Инновационный Евразийский университет,  
канд. пед. наук, профессор

## **Эколого-педагогическая подготовка учителя в системе постдипломного образования**

В числе первоочередных задач, стоящих сегодня перед системой непрерывного экологического образования, ученые и практики называют подготовку и повышение квалификации педагогических кадров по вопросам экологического образования. При этом экологическое образование должно быть органической составной частью системы образования и подготовки кадров.

Актуальность исследования определяется следующими аспектами:

- социальным заказом общества на учителя, способного решать задачи экологического образования;
- признанием важности и перспективности создания мобильной, вариативной системы экологической подготовки, переподготовки и повышения квалификации учителя;
- потребностью в разработке концепции и модели экологической подготовки учителя в системе постдипломного образования.

В настоящее время имеются отдельные исследования в области экологической подготовки учителей на этапе постдипломного образования.

Однако теоретическое осмысление проблем экологической подготовки учителей на этапе постдипломного образования, создание ее методической системы является начальным этапом комплексной программы обеспечения системы непрерывного экологического образования.

При переходе Казахстана на модель устойчивого развития вся система образования обретает две новые глобальные функции. Первая «сводится к ориентации образовательного процесса на вливание и непрерывающееся развитие всего человечества». Вторая, экологическая функция, акцентирует внимание на сохранение биосферы, природы вообще, обеспечении благоприятных экологических условий и природных ресурсов. Все это говорит о том, что как экологизация, так и профессиональное экологическое образование должны быть сформированы таким образом, чтобы обеспечить приоритет целей экологической безопасности и устойчивого развития [1].

Десять и более лет назад система повышения квалификации традиционно выполняла компенсаторные функции (ликвидация пробелов в предшествующей подготовке учителя), а также функции адаптивные (оперативное приспособление учителя к различного рода изменениям в содержании или методах обучения), в настоящее время на первый план начинает выдвигаться развивающая функция постдипломного образования.

В новых условиях учитель должен быть способен не только осваивать новое, но и активно участвовать в развитии современного образовательного процесса.

По оценкам американских экономистов ежегодно обновляются 5% теоретических и 20% профессиональных знаний, которыми должны владеть врачи, педагоги и др. специалисты [2, 3].

В США установлена даже своеобразная единица измерения устаревания знаний специалистов - «период полураспада компетентности». Под этим термином понимается продолжительность времени (с момента окончания вуза), когда в результате появления новой научной и технической информации компетентность специалистов понижается на 50%. Например, для сегодняшних выпускников (медиков, учителей) устаревание знаний происходит через 5 лет [2, 3]. Таким образом, постоянное овладение новыми знаниями становится непрерывным условием сохранения квалификации специалистов.

Педагогическая квалификация является результатом обучения в системе основного (базового) педагогического образования, либо в системе постдипломного профессионального образования (повышения квалификации, переподготовка) и должна быть константой, в рамках которой существуют и сохраняются профессиональные качества специалиста.

Одним из актуальных направлений развития системы экологического образования сегодня являются:

- разработка механизма взаимодействия различных этапов непрерывного экологического образования (ВУЗ - постдипломное образование);
- разработка методики экологического образования на разных этапах непрерывного образования;
- подготовка, переподготовка и повышение квалификации педагогических кадров по вопросам экологического образования.

Анализ научно-педагогической литературы по вопросу современного состояния системы экологической подготовки учителя позволяет сделать вывод об актуальности рассматриваемой проблемы и сложности ее эффективного решения в структуре профессионального педагогического образования.

Учителю сегодня необходимо уметь разбираться не только в предмете избранной специальности, но и уметь находить приемлемые методы и средства формирования экологической культуры школьников в условиях, обострившихся в настоящее время проблем взаимодействия общества и природы. В связи с этим современный учитель должен обладать достаточным уровнем экологической культуры. При этом экологическая переподготовка учителя должна быть многоуровневой (в зависимости от преподаваемой дисциплины).

В школах РК курс экологии не является обязательным компонентом базового учебного плана, многие образовательные учреждения ведут экологическое образование через систему факультативов, кружков и др.

Широкие возможности в этом направлении в основном используют системы дополнительного образования школьников, как например экологические центры.

Результаты исследования показали, что, как правило, экологические знания школьниками приобретаются только на уроках биологии, химии, географии, т.е. учителя целенаправленно используют экологические знания при изучении материала преподаваемого предмета. На остальных предметах учителя практически не включают экологический материал в изучении своей дисциплины.

Анализ программного обеспечения, содержание учебно-методической литературы также нам дают основание сделать вывод о недостаточном внимании авторов к практическим знаниям, умениям в области современной экологии, необходимым любому человеку хотя бы на уровне функциональной грамотности.

Поэтому назрела необходимость создания модели осуществления экологического образования, разработанной нами.

Предлагаем модель экологического образования, в которой приоритетными должны быть экологические знания, присутствующие во всех предметах, что соответствует многопредметному подходу к организации экологического образования, предполагающему включение экологического материала в содержание преподаваемых дисциплин.

В процессе адаптации нами разработан вариант модели региональной системы непрерывного экологического образования (рис. 1).




Рисунок 1 - Модель региональной системы непрерывного экологического образования

В качестве системообразующих факторов модели являются этапы и организационные формы реализации непрерывного экологического образования.

На этапе постдипломного образования можно выделить два направления:

1. Профессиональное образование в рамках магистратуры.
2. Профессиональное образование в рамках повышения квалификации.

Основная цель первого направления профессионального образования экологов и экологизации основных видов постдипломного профессионального образования - развитие проектной, экологической культуры исследователя. Данное направление успешно развивается в ВУЗах Казахстана.

Второе направление профессионального образования имеет свои специфические особенности.

Основная цель второго направления экологического образования - всестороннее удовлетворение потребностей учителя в экологических знаниях, их углубление и расширение. Основной задачей данного направления является непрерывное повышение

экологической культуры и экологической компетентности учителей в связи с постоянным повышением экологических образовательных стандартов.

Профессиональное образование в рамках системы повышения квалификации имеет 2 аспекта:

1. Переподготовка учителей с базовым педагогическим естественнонаучным образованием (учителя географии, биологии, химии, физики).

2. Переподготовка специалистов в области естественных наук, включая экологию (без базового педагогического образования), по квалификации - учитель экологии.

Анализ литературы по педагогическим условиям реализации системы постдипломного образования позволяет выделить основные проблемы и трудности, возникающие на пути его эффективного осуществления:

1. Недостаточная подготовка педагогических кадров по проблемам экологического образования.

2. Отсутствие методико-дидактического комплекса по образовательной области «Экология и устойчивое развитие».

3. Необеспеченность преемственности на разных этапах непрерывного экологического образования.

В заключении необходимо отметить, что реализация системы непрерывного экологического образования возможна при обязательном выполнении следующих двух действий:

1. Обеспечение функциональной грамотности (при непрерывном качественном возрастании профессиональной составляющей) всех педагогических кадров, от учителя предметника до классного руководителя.

2. Развитие экологической компетентности учителей предметной области «Экология и устойчивое развитие».

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Моисеев Н.Н. Экология и образование. - М.: «ЮНИСАМ», 1996. - 192 с.
- 2 Тенденции в образовании по вопросам окружающей среды. - ЮНЕСКО, 1979.
- 3 Оманов Х.Т. Методологические проблемы экологизации химического образования // Материалы конференции «Экология, культура, образование». - М., 1989. - С. 216-219.

## ТҮЙІН

Мақалада экологиялық оқыту жүйесінің дамуының көкейкесті бағыттары келтіріліп, диплом алғаннан кейінгі оқытушылардың эколого-педагогикалық дайындық аспектілері сарапталып, үздіксіз аумақтық экологиялық оқыту жүйесінің моделінің нұсқасы ұсынылды.

## RESUME

The paper presents the actual trends in the development of environmental education. The aspects of ecological and pedagogical teacher training were analyzed in the system of postgraduate education. And also, a version of the model of a regional system of continuous environmental education was provided.



**Ш.Ж. Рахметуллина**  
Международный Университет  
Кыргызстана,  
докторант PhD

## **Зарубежный опыт решения экологических проблем в результате индустриализации**

### **Аннотация**

В статье рассматривается положительный зарубежный опыт решения экологических проблем в результате индустриализации. Экономическое развитие за счет индустриализации привело к экологическим проблемам в различных формах; правительства, и граждане каждой страны вынуждены искать методы борьбы с данными проблемами. Опыт развитых стран мира свидетельствует о том, что в улучшении экологической ситуации важная роль принадлежит государству.

В статье сделаны выводы, в которых рассматриваются характерные особенности решения экологических проблем как следствие индустриализации в развитых странах.

*Ключевые слова:* индустриализация, экологическое развитие, экономические рычаги экологического регулирования, экологические налоги, субсидии, экологическое страхование.

В современных условиях экологическая ситуация в мире сложна и неоднозначна, поэтому в теории и практике человеческого общества особую роль играют проблемы достижения экономического роста без причинения ущерба для будущих поколений. Для того чтобы победить нищету, повысить социальное благополучие и обеспечить политическую стабильность, большинство правительств многих стран способствовали экономическому развитию путем индустриализации. Чем быстрее индустриализация реализуется, тем выше уровень промышленного загрязнения, что может привести к серьезному повреждению окружающей среды и здоровья человека, если соответствующие контрмеры не проводятся одновременно.

Политика экономического развития, во многих случаях, является одним из факторов в причине экологических проблем. Поскольку экономика становится все более глобальной, экологические вопросы превращаются в проблемы, которые не могут быть решены одной страной.

Государство в качестве основного института призвано решить проблему путем достижения компромиссов в структуре интересов субъектов, задействованных в системе «экономика – экология».

В Японии, после того, как правительство признало серьезность промышленного загрязнения, борьба с этой проблемой была определена в качестве части промышленной политики.

Прямое регулирование с помощью стандартов выбросов было реализовано в сочетании с льготным оздоровлением, таким как займы под низкие проценты от финансовых учреждений и специальных налоговых мер.

Экологические стандарты и нормы выбросов в Японии не являются одинаковыми по всей стране. Есть много вариантов, в некоторых случаях правила являются более строгими, а в других случаях делаются исключения и правила частично смягчены. Япония по большинству видов сырья и топлива сильно зависит от импорта, именно поэтому в стране уделяют проблеме переработки отходов особое внимание.

В сфере переработки отходов в Японии сложилась весьма активно действующая организационная система. Деятельность этой системы опирается на финансовую помощь государства, стимулирующую развитие отраслей по переработке отходов [1].

Южная Корея и Тайвань являются двумя из наиболее известных примеров новых индустриальных стран, которые были очень успешными в течение последних трех десятилетий. Тайвань – страна, вошедшая в число «Четырех азиатских тигров», с 1960-х экономически развивалась очень высокими темпами.

Экономический рост, за счет индустриализации привел к серьезным экологическим проблемам, таким как: обострение промышленного загрязнения, деградация среды обитания и деградация природных ресурсов.

Для решения экологических проблем в стране были пересмотрены существующие законы, и правила стали строже. Уровни штрафов были подняты, и крупным предприятиям было выгодно платить штрафы, чем устанавливать оборудование по снижению загрязнения. Если не было социального давления со стороны НПО или движений по борьбе с загрязнением, которые стремились помочь местным жителям и контролировать выбросы загрязняющих веществ, частные компании не имели бы достаточных причин для снижения выбросов загрязнителей.

В Тайване снижение темпов уплаты штрафа можно рассматривать как эффект регулирования со стороны администрации, а затем поднимая максимальный штраф может обеспечить более мощный стимул в плане уменьшения выбросов, а не увеличения количества проверок со стороны властей. Введение экономических инструментов: налог на загрязнение, на использование энергии и косвенное регулирование, также является основным фактором в улучшении экологии. В Тайване большое внимание уделяется проведению исследований в области новых технологий и их внедрению на экологически вредных производствах [2].

Южная Корея добилась значительных темпов экономического роста, и вошла в элиту мировой экономики. Национальная стратегия «зеленого роста», охватывает широкий круг областей, включая новые и возобновляемые источники энергии, переработку отходов, транспорт, очистку пресных вод и озеленение. Также предусматривает реформы в экономике, в том числе создание льготных условий для участия бизнеса в развитии природоохранных проектов. В настоящее время цели правительства в сфере экологии значительно расширились, включив в себя необходимость стимулирования потребления экологически чистых товаров, программу распространения электромобилей и т.д. В 2011 году была запущена система «зеленых карточек», позволяющая получать денежные и неденежные поощрения за экологическую активность, которая с помощью специальных чипов, добавленных на обычные кредитные карты,



учитывает потребление экологических товаров из переработанного сырья, пользование общественным транспортом вместо личного и другие виды деятельности.

В настоящее время Южная Корея является одним из региональных лидеров, преуспевших во внедрении природоохранных технологий на производстве, а также в защите окружающей среды [3].

В Китае экономический рост является приоритетом, несмотря на то, что высокие темпы экономического развития способствуют резкому ухудшению экологической обстановки. Экологические проблемы Китая тесно связаны с индустриализацией и наращиванием использования ископаемого топлива, для их решения в сфере энергопотребления было значительно сокращено использование традиционного топлива.

Месторождения каменного угля были во многих территориях страны, добыча на мелких шахтах приветствовалась местными властями. Ущерб, наносимый атмосфере, дополняет проблема утилизации твердых отходов горения.

К началу нынешнего десятилетия в стране уже была создана современная транспортная инфраструктура, обновление основных фондов в крупной угледобыче и энергетике сопровождалось «сплошной модернизацией» тяжелой промышленности.

Правительство Китая планирует обеспечить стимулы для компаний, чтобы использовались более энергоэффективные объекты и методы производства. Помимо экономических стимулов, прилагает усилия по внедрению технологии очистки сточных вод, предотвращению загрязнения воздуха и улучшения системы мониторинга окружающей среды.

Политика в Китае рассматривает компромисс между экономическим ростом и защитой окружающей среды. Рост общего коэффициента производительности играет важную роль в росте ВВП. В долгосрочной перспективе самый важный единый критерий, по которому можно судить о состоянии окружающей среды, реализация политики, которая стимулирует новые технологии в направлении повышения эффективности и сохранения качества окружающей среды.

Особенности понимания устойчивого развития в Китае заключаются в продолжении и модификации индустриализации как средства решения экологических проблем, в осуществлении ряда инфраструктурных мегапроектов, борьбе с бедностью, а также защиту от неблагоприятных внешних воздействий, включая противодействие ввозу в страну «грязных» производств. Все это привело к превращению Китая в одного из лидеров в области использования возобновляемых источников энергии – среди как развитых, так и развивающихся стран [4].

В зарубежной практике регулирования природопользования налоги используются как одно из важных направлений стимулирования природоохранной деятельности.

Налоги и сборы за загрязнение окружающей среды являются одним из наиболее широко распространенных видов сборов, накладываемых на тех, кто является виновником загрязнения. Данный вид сборов имеет форму налогов и рассчитывается в зависимости от объема выхода и вида загрязняющих веществ.

Введение специальных экологических налогов направлено на ограничение развития экологически опасных производств и их замену альтернативными производствами, не приносящими вреда окружающей среде и здоровью человека.

Кроме того, элементом экономического механизма, стимулирующего рациональное природопользование в развитых зарубежных странах, является предоставление различных видов ссуд и субсидий. В частности, ссуды предоставляются на установку очистного оборудования, на выплату процентов по льготным кредитам для осуществления природоохранных мероприятий. Так, правительство Финляндии из 10% обычной ставки по займам для инвестиций на строительство объектов по борьбе с загрязнениями субсидирует 7% в течение первых четырех лет и 8,5% - следующие четыре года.

В развитых странах субсидии могут предоставляться в виде инвестиций, направленных на покрытие части расходов на разработку новых технологий, уменьшающих или полностью устраняющих загрязнение окружающей природной среды. Субсидии, направляемые в энергосберегающие и безотходные технологии, позволяют снижать объемы сжигаемого органического топлива. Так, на исследовательскую деятельность по предотвращению загрязнения воздушной среды в Испании выделяются субсидии в размере до 30% от инвестиционных расходов.

Ускоренная амортизация является одним из экономических рычагов экологического регулирования. Введение ускоренной амортизации способствуют быстрейшему накоплению капитала для обновления устаревшей техники и переходу на оборудование, приносящее природе минимальный вред. Например, на очистное оборудование в Канаде предусмотрен двухлетний срок амортизации, а во Франции – 50% очистного оборудования амортизируется за один год. В Великобритании, Германии, США срок составляет 5 лет амортизации очистного оборудования. В Италии – до 45 % этих фондов амортизируется в трехлетний срок.

Во многих странах мира платежи за загрязнение окружающей среды аккумулируются в экологических фондах, а экологические налоги – как в экологических фондах, так и в соответствующих бюджетах. Объекты и формы экологического налогообложения достаточно разнообразны [5].

В европейских странах индустрия экологического страхования достаточно развита, чему способствовали создание соответствующей законодательной базы, эффективная система судебного преследования за экологические правонарушения и формирование развитого общественного экологического сознания. Экологическое страхование способствует повышению ответственности предприятий-источников повышенного экологического риска за причинение убытков в связи с аварией, техническим сбоем или стихийным бедствием, приводящим к загрязнению окружающей среды. Преимуществом является то, что экологическое страхование позволяет получить компенсацию убытков, образующихся у застрахованного предприятия и третьих лиц в результате загрязнения окружающей среды, повышается эффективность использования денежных средств, сконцентрированных в страховых фондах, экономическое стимулирование предотвращения аварий за счет увеличения противоаварийных затрат со стороны страховой компании при уменьшении затрат самого страхователя [6].

Опираясь на зарубежный опыт в решении экологических проблем в результате индустриализации, можно сделать следующие выводы:

- необходимо регулярно проводить оценку влияния деятельности объектов промышленности на окружающую природную среду с целью выявления нарушений экологических стандартов;

- необходимо изучить экономические рычаги экологического регулирования (налоги, субсидии, ускоренная амортизация и т.д) с целью дальнейшего практического применения;

- необходимо внедрить новые технологии, направленные минимизировать выбросы в окружающую среду;

- необходимо расширить использование и переработку вторичного сырья;

- необходимо развитие экологического страхования.

Кроме того, необходимо совершенствовать систему природопользования с таким расчетом, чтобы, с одной стороны, обеспечить задачи экономического роста и, с другой стороны, остановить дальнейшее разрушение окружающей среды, а также провести работу по восстановлению ресурсного потенциала.



## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Тимонина И.В. Энциклопедия местного самоуправления / А.И. Тимонина // Использование экономических инструментов в экологическом регулировании: опыт Японии. – 2014. – №6 (01). – С. 24-26.
- 2 Морозова В.Н. Мировая экологическая политика и международное экологическое сотрудничество. Учебно-методическое пособие. - Воронеж: ИПЦ ВГУ, 2007. - 125 с.
- 3 Токарева О.С. Экологические проблемы Южной Кореи и их решения/ О.С. Токарева // Сборник материалов XI Международной молодежной научной конференции. Вопросы истории, международных отношений и документоведения. - Томск, 08–10 апреля 2015. - С 187-192.
- 4 Салицкий А., Семенова Н. Китай: роль энергетики в модернизации и инфраструктурном развитии / А. Салицкий, Н.Семенова // «Перспективы. Электронный журнал». - 2017. - №1(9). - С. 56-66.
- 5 Семенова О.В. Налогообложение природных ресурсов в развитых странах / О.В. Семенова // Налоговый вестник. - 2010. - № 4. - С. 109-116.
- 6 Бурматова О.П. Проблемы и перспективы в области финансирования природоохранной деятельности / О.П. Бурматова // Вестник Новосибирского государственного университета. Серия: Социально-экономические науки. - 2005. - Т. 5, вып. 2. - С. 36-48.

## ТҮЙІН

Мақалада дамыған елдердің индустриализацияның салдарынан пайда болған экологиялық мәселелерді шешудің тәжірибесі қарастырылған. Шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, біздің елге де қоршаған ортаға зиян келтірмей экономикалық өсудің міндеттерін қамтамасыз ету керектігі айтылған.

## RESUME

The article is devoted to the experience of developed countries in solving environmental problems as a consequence of industrialization. Based on foreign experience, our country also needs to ensure the tasks of economic growth without harm to the environment.



УДК 335.23

**Д.М. Ботин**

Национальный университет  
обороны имени Первого  
Президента Республики  
Казахстан – Лидера Нации,  
докторант PhD

## **Проблемы внедрения кредитной технологии обучения в систему военного образования**

### **Аннотация**

В статье рассматриваются наиболее актуальные проблемы, связанные с переходом военного образования на кредитную технологию обучения. Автором доказывается необходимость взаимоувязки основных принципов кредитной технологии обучения со спецификой военного образования. В статье раскрываются основные перспективы дальнейшего применения кредитной технологии обучения в сфере обучения и воспитания военных специалистов.

*Ключевые слова:* военное образование, Республика Казахстан, кредитная технология.

На фоне реализации реформ системы военного образования и процесса стандартизации образовательной системы в целом, актуализируется вопрос о гармонизации современных технологий обучения со специфическими принципами и целями военного образования.

Сложившаяся в последние годы система военного образования представляет собой непрерывный образовательный процесс. Основные ее составляющие – начальная военная подготовка; подготовка в Республиканских школах Жас-улан; обучение в военных училищах, на военных кафедрах гражданских вузов; профессиональная подготовка; повышение квалификации и переподготовка на курсах при военно-учебных заведениях; обучение в Национальном университете обороны имени Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации [1].

Главная цель реформы системы военного образования – придать ей гибкость, способность оперативно реагировать на текущие и перспективные потребности войск, развитие военной науки и техники [2]. Безусловно, для достижения данной цели многое сегодня уже сделано: внедрена многоуровневая структура военного образования, развивается научно-прикладная деятельность в области военного дела.

Тем не менее, можно выделить ряд проблем: первое – осуществление образовательной



реформы в сфере военного образования осуществлялось до недавнего времени фрагментарно, при этом, устаревшие организационные принципы образовательного процесса были совмещены с новой структурой, что не позволяет:

Первое – в полной мере раскрыть возможности современных технологий обучения в области подготовки военных кадров. Одним из основных сдерживающих факторов являлись трудности перехода на современные образовательные стандарты. В рамках многовекторной политики Республики Казахстан одним из основных направлений совершенствования кадрового потенциала вооруженных сил является международное сотрудничество в области военного образования, восприятие наиболее успешного международного опыта, что предполагает наличие определенной академической мобильности и ратификации отечественной образовательной системы. В свою очередь, это предполагает глубинные реформы, направленные на стандартизацию и унификацию казахстанских образовательных стандартов в соответствии с международными.

11 марта 2010 года Казахстан подписал Болонскую декларацию. Присоединение к Болонскому процессу ознаменовало собой процесс внедрения кредитной технологии обучения во всей образовательной системе Республики Казахстан, и военное образование не стало исключением.

Второе – несмотря на то, что Вооруженные Силы Республики Казахстан располагали и располагают достаточным количеством кадров, имеющих боевой опыт, современные условия требуют несколько иного подхода к организации военного образования, соответствующей кредитной технологии обучения. Специфика кредитной технологии обучения заключается в прикладном своем значении, в рассмотрении подготовки кадров любого профиля в ракурсе целостного педагогического процесса, в котором в соответствии с главной целью подобраны формы, средства, методы, техники и технологии обучения [3].

Третье – военное образование отличает жесткая привязка к принципам военной доктрины и задачам текущей военной стратегии, что накладывает определенные объективные ограничения на возможности прямого переложения принципов кредитной технологии в сферу подготовки военных кадров. Соответственно, не только форма, но и принципы кредитной технологии должны быть в достаточной степени проработаны с точки зрения целесообразности применения в системе военного образования. С другой стороны, современные условия предполагают потребность в действительно гибкой и мобильной системе подготовки военных специалистов, в соответствии с вызовами времени, интенсификацией рисков и непредсказуемостью развития событий [4]. В данном случае, кредитная технология открывает существенные возможности для организации гибкого и эффективного образовательного процесса. Кроме того, кредитная технология является базовым условием для внедрения в процесс подготовки не только относительно новых для военного образования методов и подходов к обучению, но и новых дисциплин, способных обеспечить более разностороннюю и глубокую подготовку военных специалистов.

Четвертое - основной проблемой является процесс взаимоувязки итогового результата процесса обучения, воспитания и новых организационных форм обучения.

В то же время, военное дело обладает своими специфическими особенностями, которые в определенной степени накладывают отпечаток на характер реализации профессионально-личностного потенциала по окончании обучения и в процессе несения службы. Соответственно, совокупность современных методов, методик и технологий обучения должна быть вписана в модель обучения, адаптированную к специфике военного дела.

1. Первоочередной проблемой применения кредитной технологии обучения является готовность организационной и кадровой структуры военного образования, а также проработка педагогической деятельности с учетом современных требований.

2. Немаловажным вопросом является и разработка системы контроля эффективности образовательного процесса в сфере военного образования. Кредитная технология обучения предполагает оценку согласно унифицированной бально-рейтинговой системе [5]. В сфере военного образования на данный момент процессы совершенствования процесса подготовки и внедрение кредитной технологии обучения протекают параллельно, что в определенной степени обуславливает некоторые прикладные трудности.

Кроме того, на данный момент в сфере Государственных общеобразовательных стандартов существует определенная проблема в области учета специфических требований к качеству военного образования в современных условиях.

3. Одной из основных проблем остается и готовность преподавательского состава к работе по новой технологии обучения. Современная специфика организации образовательного процесса в рамках кредитной технологии обучения предполагает формирование прослойки профессиональных кадров, отвечающих основным требованиям к готовности применения современных образовательных технологий. Фактически, для построения новой эффективной системы военного образования необходимо нивелировать трудности, которые возникают у преподавательского состава в освоении кредитной технологии обучения. Недопустимы непонимание сути кредитной технологии обучения, формальный подход к вопросу ее организации. Крайним вариантом формального подхода к организации кредитной технологии обучения является применение принципов отбора и подачи содержания образования, присущих линейной системе в рамках новых образовательных программ.

В данной ситуации основную нагрузку по нивелированию ситуации должна нести система подготовки научно-педагогических кадров, основанная на принципах, отражающих наиболее эффективное использование кредитной технологии в рамках военного образования и обеспечивающих готовность преподавательского состава военно-учебных заведений к работе по данной технологии. Обозначенная готовность может быть измерима следующими критериями соответствия результатов преподавательской деятельности:

- соответствие преподавательского состава в части своих профессионально-личностных компетенций и возможностей, положениям Военной доктрины о реформировании военного образования и Вооруженных Сил;
- соответствие учебных программ и планов современным достижениям военного дела, задачам по подготовке военных специалистов и положениям Болонской Декларации;
- соответствие предметно-прикладной специфике военного дела;
- соответствие комплексному характеру содержания современного образования;
- соответствие учебных планов потребностям, как в оперативных, так и фундаментальных знаниях;
- соответствие содержания образования проблемному и открытому характеру современной концепции высшего образования.

4. В соответствии с разницей между современными подходами, внедряемыми в практику работы военно-учебных заведений, и десятилетиями сложившейся концепции деятельности научно-педагогического состава возникла проблема адаптации уже имеющегося научно-педагогического потенциала к актуальным требованиям их деятельности.

Данная проблема существует не изолировано и характерна практически для всей системы образования Республики Казахстан в целом, но в сфере военного образования выражена в наибольшей степени. Причина тому лежит в сугубо прикладной специфике военного образования.

Ключевым критерием нивелирования проблемы является готовность научно-педагогических кадров к работе в рамках кредитной технологии.



## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Алтынбаев М.К. Основные задачи современного этапа военного строительства // Багдар. - 1999. - № 1. - С. 6.
- 2 Тасбулатов А.Б. Особенности элитарности системы военного образования // Вестник КарГУ. – Караганда, 2005.
- 3 Ефремов О.Ю. Военная педагогика. - ВУЗ: ПСТГУ, 2008. - 640 с.
- 4 Военная доктрина Республики Казахстан. – Астана, 2011.
- 5 Болонская декларация / Зона Европейского высшего образования // Совместное заявление европейских министров образования. – Болонья. – 1999.

## ТҮЙІН

Әскери білімнің кредиттік оқу технологиясына өтуіне байланысты, осы мақалада маңызды мәселелер қарастырылады. Әскери білімнің ерекшелігі мен кредиттік оқу технологиясының негізгі қағидаттарының байланысы қажеттілігін автор дәлелдейді. Әскери мамандардың кредиттік оқу технологиясы білім беруде және тәрбие саласында болашақта пайдаланудың негізгі перспективалары қарастырылады.

## RESUME

The most important problems connected with the transition of military education into credit technology training are considered in this article. The author proves the necessity of agreement of main principles of credit technology training with the specific features of military training. The main perspectives of further usage of credit technology in education and military specialists training are discussed in the article.

### Аннотация

Мақалада көркем әдебиет саласының ерекше түрі – поэзия жайлы айтылады. Поэзияның прозадан ерекшеліктерін тізбектеп, түрлеріне де жіті тоқталады. Сонымен қатар жалпы орта білім беретін мектептерде поэзиялық шығармалардың оқытылу әдістемесі мен оқушының қабылдау ерекшеліктерін де баяндайды.

*Түйін сөздер:* поэзия, оқыту әдістемесі, көркем әдебиет, өлең, лирикалық шығарма.

### Ғ.Р. Акманова

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,  
пед. ғыл. канд., доцент м.а.

## Поэзиялық шығармалардың түрлері мен оқытылу ерекшеліктері

Көркем әдебиеттің үлкен бір саласы – поэзия екендігі белгілі. Оны мектепте оқыту, оқушыларды оның сыры мен қырына қандыру – абыройлы қиын жұмыстардың бірі деп білеміз. Шындығын айту керек, мектеп оқушыларының көпшілігі поэзиялық шығармаларды оқуды ұната бермейді. Ал поэзияны сүймеу оқушының қиялын тежеуге алып келеді.

Оқушылардың поэзияға деген сүйіспеншілік сезімін оятып тәрбиелеу үшін ең алдымен олардың поэзияға ынта-ықыласының мөлшерін анықтап алу керек деп есептеймін. Ол үшін ұстаздың өзінің поэзия туралы түсінігі кең болуы шарт. «Дала көшпенділерінің поэзия мен шынайы сезімге бейім болуына өмір бойы табиғат құшағында жүруі – жасыл майса дала, ашық, мөлдір аспан, көші-қоны көп тұрмыс әсер етпесіне кім кепіл?» – [1, 434] деген Шоқан Уәлиханов өз сөзінде. Ендеше, поэзия - табиғаттың өзі сияқты, белгілі бір ырғаққа түскен, үзуге болмайтын дүние. Оны сол өз табиғатымен қабылдау керек, сәулесін, нұрын көре білуіміз керек. Поэзия құдіретті күштің иесі екендігі де мәлім. Себебі поэзия - адам сезімінің, ақыл-ойының, жүрегінің серігі. Ол - сезімнің сөзбен жазылған шындығы. Мұнайса да, қуанса да, жыласа да, шындықты сыртқа шығарады. Ал осы өнерді біз өз дәрежесінде оқушыға жеткізе аламыз ба? Оларды поэзия әлеміне қалай әкелеміз? Өлеңді оқу оңай сияқты көрінеді. Прозалық не драмалық шығарма емес, оқуға жеңіл деп ойлаймыз. Шындығында, поэзияны, яғни өлеңді оқыту – ең қиынның қиыны екенін бірі білсе, бірі білмесі анық.





Қиын деуіміздің себебі, біріншіден, мұғалімнің алдымен өлеңді өзі сүюі қажет. Өйтпеген жағдайда өлеңнің бүкіл дыбыстары сылдырап естілмейді, оқушыны өлең-өмірге ендіре алмайды, екіншіден, қандай өлең болсын жақсы-жаман, бір сарындылыққа айналады, сауатты талданбайды. Бала өлеңге бармайды. Мектеп оқушыларының 5-10%-ы ғана поэзиялық кітаптарды оқитыны белгілі. Онда да көбісі өз қалауларымен емес, мектепте, сыныпта өтетін шараларға байланысты өлеңдерді пайдаланады. Туа біткен талант иесі болып, өлеңге құштарлығы бала кезінен басталмаса, арнайы даярлық орталықтарына да көп білім алушылар бара бермесі анық.

Поэзия жанрдың да өзара түрлері бар. Бұл түрлер көрсетпек болған өмір құбылыстарын қалай суреттеуі, ақынның көңіл күйі қалай берілуіне байланысты болып келеді. Бұл жанрға тән ақынның дүниетанушылығы, көзқарасы мен өзінің ішкі сезімін, күйініш-сүйінішін ұштастыра жырлау десек, айырмасы, жоғарғы айтылғандар тәрізді, қалай жырлауында ғана. Кейде шаттық, қуаныш, асқақты білдірсе, кейде мұң, зарды, кейде көңілдің бейжай қоңыр күйін сездіруі мүмкін. Міне, осы сипаттарына қарап, поэзиялық жанр әлденеше түрлерге бөлінеді.

XVIII ғасырда дворян әдебиетіндегі поэзиялық шығарманың негізгі бір түрі ода болып есептелінген. Бір таптық топтың ең керекті санаған адамы не нәрсесі туралы ақынның өте қуанышты, өте көтеріңкі тілмен жазған лирикалық өлеңдерді ода деп атайды (мысалы, әскердің жеңуі, сарайда болған мейрам т.б.). Бұл тек біз айтпақ болып отырған топтың бір бөлігі ғана. «Поэзия – өнердің асыл тегі, өмірдің әрі мен нәрі, қайнап қорытқан жамбасы», – [2, 510] деген екен В.Г.Белинский.

Қазақ әдебиеті тарихын алсақ, элегияның күшейген кезін XIX ғасыр деп айтуға болады. Қазақ хандығы жойылып, отарлау саясаты күшейіп, қазақтың ескі феодалдық өміріне өзгеріс ене бастаған кезде кейбір қазақ ақындарында элегияға берілушілік көп болды. Мысалы, Шәңгерей ақынның көп өлеңдері де элегияға жатады [3,9].

«Поэзияда қорытындылау, жинақтау мен даралау, ортақ сипаттар ұштасып, ұласып жатады. Осы екі жағы тұтасып, бірігіп келгенде ғана көркем бейне туып, өмірдің көркем суреті жасалады» – [4, 212] деген құнды пікір білдіріп, поэзияны ең биік шыңға қойғандар да кездеседі. Тіпті поэзия туралы өлең жазып, қаламдарына арқау еткендер де аз емес. Айтылған ойдың дәлелі ретінде Алатаудың мұзбалағына айналған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың мына бір өлең жолдары дәлел бола алады.

Поэзия!  
 Менімен егіз бе едің?  
 Мен сені, сезесің бе, неге іздедім?  
 Алауыртқан таңдардан сені іздедім,  
 Қарауытқан таулардан сені іздедім.

XIX ғасырдағы қазақ ақындарының ішінде сатиралық лириканы көп жазған адам Абай болды. Ол елдегі болыс, билерді шенеп-мінеп, сынға алып, мысқылдап жазған «Дүтбайға», «Болыс болдым, мінекей» деген өлеңдері сатиралық лирикаға жататынын да ескерте кеткеніміз жөн.

«Сөз өнерінің өзге тектері тәрізді лириканың да суреттейтін құбылыстары көп. Қандай суреткер болсын, көркем шығарма жазудағы мақсат – өмірдегі өзекті шындықты көрсету. Осы тұрғыдан алғанда, лириканың өзге текстерге, айталық эпосқа принциптік қайшылығы жоқ, олардан тек тәсіл жағынан айырмасы бар. Ендеше эпостық шығармалардың өмірдегі қат-қабат, шытырман оқиғаларды суреттеуде мүмкіндігі лирикадан әлдеқайда мол, құрамы кең. Эпикалық шығармалардың көбі сюжетке құрылады. Адам образын жан-жақты бейнелеп, шындық сырын неғұрлым толық ашуға бейім болып келеді.

Ал лирикалық шығарма олай емес. Көлем жөнінен эпосқа қарағанда, әлдеқайда ықшам. Сюжетке де көп бара бермейді. Оқиғадан гөрі отты сезім басымдау, күллі сюжет

сол сезім маңына, бас-аяғы тұжырымды бірер философиялық ой маңына жинақталады [5, 32].

Мәселен, «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны» хан-сұлтандарға деген кекті ашу-ызадан туған сөздер екендігі мәлім. Өлеңді оқығанда ақынның қандай көңіл-күйінен туындаған не сол сөзді айту үстінде оның жанын тербеген сезімнің көрінісі байқалғандай болады.

Өзекті жанға бір өлім,  
Орданды талқан қылып шабармын...  
Күндердің күні болғанда,

Бас кесермін, жасырман... деген жолдарынан Баймағамбет сұлтанның алдында тұтқын дәрежесінде тұрып-ақ қаймықпай, көтеріліс бағдарламасына сай халықтың қайнаған кегі мен өшпенділігін білдіретін ерлікті айқын аңғаруға болады. Сол дәуірде бұл мәселеге Махамбетпен ешкім таласа алмайды. Академик Зейнолла Қабдолов лириканы: «Нұрлы ой, ішкі сырлы дүние жанры. Бір өленде бірнеше сөз болуы мүмкін. Лирикадағы бас қаһарман - ақынның өзі. Лирикалық кейіпкер, әдетте ұнамды кейіпкер. Лирикада тартыс та болады. Лирикада негізінен мінез болады» [6, 365] –деп бағалайды.

Лириканың табиғаты, сипаты, түрлері туралы сонау көне дәуір ойшылдары Аристотель, Әл-Фарабиден бастап ХІХ ғасырдағы орыс классикалық сыны өкілдерінің бүгінгі қазақтың белгілі ақын-жазушылары, ғалымдары еңбектерінде кеңінен сөз болады.

Лирикалық шығармаларды жүйелегенде тағы бір ескертетін нәрсе-оларды тақырыптық тұрғыдан қарастырып талдау екендігін де тілге тиек ете кеткенді жөн санап отырмын. Соңғы кездері қазақ әдебиеттану ғылымында да қазақ лирикасының жанрлық ерекшеліктері жайында ғылыми еңбектер жариялана бастады. Солардың бірі Б.Кәрібозұлының «Қазақ лирикасының жанрлық спецификасы» атты еңбегі [7, 35]. Ғалым өз еңбегінде лириканы – арнау, толғау, баяндау лирикасы деп үш топқа бөледі. Бұл қазақ өлеңдерінің ерекшеліктеріне өте жақын келеді ғой деп ойлаймын. Дегенмен, мектеп бағдарламасындағы берілген лирикалық шығармалардың дені қалыптасқан тақырыптық түрлеріне қарай талдауға бейім боп келетіндігі. Бұл жерде «лириканы тақырыбына қарай топтап талдау, оны жазған ақынның шығармашылық бітімін пайымдау үшін айрықша мәні бар нәрсе: әр түрінен ақынның әр қырын тануға болады» [6, 331] – деген академик Зейнолла Қабдолов пікірін ескеруіміз керек. Лирикалық шығармаларды толық қабылдаудың басты шарты да оны келістіріп, мақамдап оқу. Бұл – алғашқы саты. Шығарманы тыңдай, оқи білмеген жерде қабылдау жоқ. Қабылдау – күрделі процесс. Ең алдымен шығарма сөйлеуі керек. Нақтылап айтсақ, Абайдың «Қысы» шын мәніндегі қыс, «Жазы» жаз суретімен берілсе, қабылданса, мақсаттың орындалғаны.

Әрине, шығарманы бір рет оқу жеткіліксіз. Оның үстіне лирикалық шығармаларды бір оқығаннан оқушылар ол шығарма жайында бірден онша түсінік ала алмайды, тіптен екі рет оқып шыққанның өзінде де оқушылар сол шығарманың эмоциялы бейнелі мазмұны жағынан ішінара ғана түсінік, әсер алады. Олай болса, оқып шығумен ғана іс тынбайды. Оған қоса әңгіме тәсілін қолданып, шығармаға талдау жасау керек. Сонда ғана шәкірт ақын жасаған бейнелі ой сырына тереңдейді. Кез келген мұғалім әр оқушының кішкентай кезінен бастап байқалатын жалпы не жеке қабілеті болатынын біледі. Сондықтан мұғалімдердің баланың қабілетін тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған оқыту процесін ұйымдастырғанда бағдарламалық материалдарды меңгерту, дағдыға үйрету, түсіндіру, жаттықтыру, көрсету, істету, оларды қайталау әрекеттеріне ғана сүйеніп қоймай, психологиялық негізге де сүйеніп ұйымдастырудың мәні зор. Мәселен, қабілетті дамытуға тікелей негіз болатын фактор баланың қызығуы дейміз. Ал, мұғалімге осы қызығудың қайнар көзі неде екенін білу пайдалы. Қызығу сезімге әсер етуден, сол арқылы зейінді аударудан басталады. Сондықтан мұғалімге сезімге әсер ету жолын, тәсілін білу керек.



Бұл ерекшеліктер оқушылардың жылдан-жылға өсіп, дамуы барысында біртіндеп қалыптасып, бірінен екіншісіне ауысып отырады. Сөйтіп, психикалық процестер қабілетінің пайда болуы мен дамуының ішкі жағдайларына жатады. Олай болса, лирикалық шығармаларды жанрлық ерекшеліктеріне байланысты оқытқанда оқушылардың психикалық ерекшеліктерін білумен қатар оқытудың психологиялық негізін басшылыққа алып, тиімді әдістерді қолдану керек» [8, 10]. Оқушының оқудағы ынта-белсенділігі дегеніміз оның оқуға қажетті білім, дағды, іскерлік қабілетті меңгеру және оларды өмірде, іс-тәрбиеде қолдану жолындағы саналы, ерікті әрі мақсатты әрекеті болып табылады. Мәселен, мұғалімнің түсіндіріп тұрған материалын ұғып, түсініп алу үшін, оқушы оған көңіл қойып тыңдауы керек, ал мұғалімнің айтқандарынан алған білімін кеңейтіп, толықтыру үшін өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу-сызу сияқты жұмыстар жүргізуі қажет. Осы өтілген материалды сапалы қайталау да, жаңадан білім алу да, оның жолдары мен дағдыларына үйрену де белсенді ой мен іс-әрекетсіз мүмкін емес. Мәселен, өлеңді мәнерлеп оқуға үйрену үшін оның мазмұнын біліп, интонациясын аңғару, негізгі ой қазығы қызметін атқарып тұрған сөздерді айқындау, немесе өлең оқыған адамды тыңдау жеткіліксіз. Ол үшін айтылғандарды білумен қатар, оқушы өзі жаттап оқып, өзі айтып үйренуі керек. Лирикалық шығармаларды оқытқанда, ой ағысына, ақынның сезім қозғалысына, жан лүпіліне, шығарманың сөзбен өрілген қалтарыс қатпарына, автор позициясына шәкіртті жетектеу керек.

Лирикалық шығарма сонда ғана оқушы бойына дариды, жанымен тіл қатады да шұғыласын себеді. Шығарманы тікелей қабылдау үстінде туған оқушылардың эмоционалдық реакциясы мен эстетикалық сезімі неғұрлым күшті болса, соғұрлым шығарма оқушы жүрегіне жол табады, автор ойына тереңдейді. Мәселен, Абайдың 7-сыныпта өтілетін «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінің:

Қансонарда бүркітші шығады аңға,  
Тастан түлкі табылар андығанға.  
Жақсы ат пен тату жолдасы-бір ғанибет,

Ыңғайлы ықшам киім аңшыл адамға, - деп басталатын жолдары мен қыран мен түлкі арасындағы айқастың суреттелуі:

Лирикалық жанрлық ерекшеліктеріне сай оны оқытудағы басты компоненттер туралы әдіскерлер мен зерттеуші ғалымдардың, психологтар мен әдебиеттанушылардың еңбектерінен өз жұмысымызға қажетті тұжырымдар мен пікірлерді алып қарастырдық.

Мұғалімнен бұл жерде төзімділік пен педагогтік әдісті талап етіледі, өйткені поэзиядағы бейнелеу мен өмірдегі шындықтың сәйкес келуін лирикалық шығармаларды оқытқанда белсенді, шығармашылық үрдіс ретінде түйсіну, кез келген өлең жолдарына немғұрайлы қарауға болмайтынын ұғыну естен шығармайтын қағида ретінде саналуы қажет. Бұл үшін бәрінен бұрын оқушылардың қабылдауы мен елестетуіне, қиялына сүйену олардың белсенді ойлау қабілеті мен эмоционалдық бағалауына жол беру керек. Мұнымен қатар (әсіресе 5-6 сыныптарда) өлеңді оқу алдында оқырмандық әсердің тууы үшін жекелеген дайындық негізін жасауға болады. Мәселен, 5 - сыныпта берілген Абайдың «Қыс» өлеңін өту кезеңінде, оқушылардың қыс туралы сезінулерін ояту үшін мынадай сұрақтар беріледі:

1. Қысқы табиғат көрінісінің қандай сәті ұнайды?
2. Қысқы дала көрінісінің есінде қалған (орман, тау, аспан) кезін ауызша бейнелеп айт.
3. Қыста күн батар шақтағы көңіл-күйің қандай?
4. Қыстың ашық, аязды таңындағы әсерің мен көңіл-күйің? Осылайша оқушылардың «Қыс» туралы жекелеген есте қалғандарын оятудан кейін Абай өлеңі қызығушылықпен қабылданары анық.

Лирикалық шығармаларды оқытқанда тағы бір ескертетін жай, оқушыларға әсер ету үшін өлеңнің талапқа сай жақсы оқылуы. Бұл жерде біз мәнерлеп оқу шарттарын

қарастырмаймыз, ол лириканы оқыту бөлімінде арнайы тоқталатын компоненттердің бірі. Өлеңді әдетте, сыныпта (мұғалім, дайындалған оқушы, ұнтаспаға жазып алынған –артист үні) оқиды. Дәстүр бойынша өлең оқылғанда күшті әсер етеді.

Қорыта келгенде, лириканың жанрлық ерекшеліктерін оқыту үрдісінде танытуға байланысты зерттеуші ғалымдар мен әдіскерлердің пікірлерін саралап қарағанда байқағаным, мұғалім көркем мәтіндердің тақырыбы мен кейіпкерлерін, идеялық мазмұнын талдап қана қоймайды. Сол мәтіннің түрін (табиғат, көңіл күй, саяси т.б.) де атап, қай жанрға жататынын, сол жанрдың ерекшелігін таныстырып отыруы дағдыға айналуы тиіс. Өйткені, жанрлық ерекшелік деген - көркем мәтіннің өзге шығармалардан өзін айырып, танытатын ерекшелік.

### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Уәлиханов Ш.О. Формах казахской народной поэзии собр. соч. В 5-ти т. Т.1. / Ш.О.Уалиханов. – Алматы, 1961. – 434 с.
- 2 Белинский В.Г. Избранное. В двух томах. / В.Г.Белинский. – Москва, 1959. – 510 с.
- 3 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1991. – 337 б.
- 4 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы /З.Ахметов. - Алматы, 1973. - 212 б.
- 5 Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар. /Е.Ысмайылов. – Алматы, 1991. - 320 б.
- 6 Қабдолов З. Сөз өнері /З.Қабдолов. – Алматы. - 365 б.
- 7 Кәрбозұлы Б. Өмір және поэзия. /Б.Кәрбозұлы. – Алматы, 1960. - 485 б.
- 8 Мәшһүр Жүсіп К. Өлең сөздің патшасы. /К.Мәшһүр Жүсіп. - Алматы. - 1991. - 215 б.

### РЕЗЮМЕ

В данной статье речь идет об особенной форме в отрасли художественной литературы – о поэзии. Автор последовательно перечисляет отличительные черты поэзии от прозы, полностью раскрывая их вид. Вместе с тем, изложена методика изучения поэтических произведений и восприятие их учащимися общеобразовательных школ.

### RESUME

In this article the author analyses a special form of fiction-poetry. The author accounts for distinctive features of poetry and proze. Furthermore, the author concentrates on the methods of studying poetic works and their perception by the pupils of the schools of general education.



### **Б.С. Омаров**

Қ.А. Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университеті,  
PhD, қауым.профессор

### **Б.Т. Ортаев**

Қ.А. Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университеті,  
пед. ғыл. д-ры, профессор

### **А. Саипов**

М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік  
Қазақстан мемлекеттік  
университеті,  
пед. ғыл. д-ры, профессор

## **Оқушының дене тәрбиесі – болашақ педагогтерді даярлау бағдары**

### **Аннотация**

Оқушылардың дене тәрбиесі аға ұрпақтың өзінен кейінгі саналы, елді қорғайтын, еңбекке жарамды ұрпақты тәрбиелейтін педагогикалық жүйе.

Мақалада баланың дене тәрбиесімен шұғылдану керектігі жөніндегі педагогикалық идеялар айтқан ғалымдардың пікірлері келтіріледі, дене тәрбиесін жүзеге асыратын мұғалімдерді даярлаудағы бардарлар айтылады.

*Түйін сөздер:* тәрбие, дене тәрбиесі, дене шынықтыру, дене шынықтыру мұғалімі, болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімдерін даярлау, күзырет, метақүзырет.

Білім беру жүйесінің толық мәнді жұмыс жасауы және дамуы негізінен мамандардың жеке бас ерекшеліктері мен жұмысқа деген даярлығына тікелей байланысты. Сол себепті де, оған маман кадрларды даярлау тарихы адамзат баласының терең тарихынан басталады. Ал білім беру жүйесінің негізгі мақсаты оқыту ғана емес, сонымен қатар тәрбиелеу мен дамыту, жеке тұлғаны қалыптастыру, дене күш қуаттарын жетілдіру екендігі белгілі.

Адамның күш-жігерін дамыту мен денсаулығын жақсартуға бағытталған –іс-шаралар жиынтығы дене шынықтыру ұғымдарын қалыптастырады. Оның құрамына дене тәрбиесі, арнаулы ғылыми бағыттар, спорттағы табыстар жүйесі енеді. Денені шынықтыру еңбек пен тұрмыс гигиенасын, демалыс пен еңбек етудің дұрыс режимін, сондай-ақ денсаулықты нығайтып, шынықтыру үшін күн мен ауаны, суды тиімді пайдалану тәсілдерін қамтиды.

Салауатты өмір сүру салтын қалыптастыруда дене шынықтырудың өзіндік орны бар. Еліміздегі дене шынықтырудың мазмұны мен оны жүзеге асыру жолдары, тәсілдері қоғамдық қатынастардың өзгеруіне, білім беру, оның ішінде жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау жүйесімен тікелей байланысты.

Білім беру ісіне болашақ педагогтерді дайындау тарихы ерте заманнан басталғанын көруге болады. Сократ кәсіби педагогтерді «ой



«дайын» күйде берілетін білім емес, ойлау нәтижесінде пайда болатын құндылықтар ретінде қарастырды [1].

Дене тәрбиесі адамның денсаулығын нығайтып, күш-жігерін, ақыл-ойын арттырады. Дене тәрбиесі ертеде Грецияда, Римде едәуір дамыған. Сол кезде Францияда Ф.Рабле, М.Монтель дене тәрбиесін ақыл-ой, біліммен бірге қарау керек екенін насихаттаған. Чех педагогы Я.А.Коменский «Ұлы дидактика», «Ана мектебі» деген еңбектерінде балалар гигиенасы, денсаулығы, тамақ режимі мәселелеріне, ойындары мен дене шынықтыру жаттығуларына ерекше мән беріп, дене тәрбиесі балалардың жас кезінен-ақ басталуы қажет екенін дәлелдеп, оны педагогикалық үдерістің аса маңызды бөлігі деп қарады [2].

Дене тәрбиесіне қатысты өзінің ойын, Н.К. Крупскаяның айтуынша, К.Маркс: «Тәлім-тәрбие деп, біз үш нәрсені түсінеміз: біріншіден: ақыл-ой тәрбиесі. Екіншіден: гимнастика мектептерінде және әскери жаттығулар арқылы берілетін дене тәрбиесі. Үшіншіден: өндірістің барлық үдерістерінің негізгі принциптері мен таныстыратын және сонымен бірге баланы немесе жеткіншекті барлық өндірістің қарапайым құралдарын пайдалану дағдысына үйрететін техникалық оқыту» - деп, жазды [3]. Бұл балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу бағдарламасының негізгі құраушысы болды.

К.Д. Ушинский дене тәрбиесін еңбекпен байланыстыра қарады. Ол адамның ақыл-ойы мен көзқарасының, күш-жігерінің қалыптасып дамуына еңбектің маңызын атап көрсетті. Гигиеналық жаттығулармен ұдайы шұғылдану, жүгіру, шаңғы тебу, жүзу, қайық есу сияқты спорт ойындары мен арнаулы жаттығулар адамның тыныс алу үдерісін күшейтетінін, қан айналымын, зат алмасуын жақсартатынын айтқан [4].

Зерттеулерге сәйкес дене шынықтырудың маңыздылығын төмендегідей атап көрсетуге болады:

1. Денсаулықты жақсартады, дене мүшесі дұрыс дамиды, еңбекке жарамдылықты арттырады, әртүрлі ауруларға дене мүшесі қарсы тұра алады;
2. Негізгі қозғалмалы мүшелердің сапасы артады;
3. Дене мүшесі дұрыс қалыптаса отырып, ептілікке үйренеді;
4. Жеке арнайы білім мен қоғамдық гигиена қалыптасады;
5. Дене шынықтыруға, спортқа, белсенді, дұрыс, салауатты өмір сүруге, сүйіспеншілікке тәрбиелейді;
6. Дене шынықтыру - көңілге қуаныш сыйлайды, сергітеді, ширатады.

Дене тәрбиесінде тек дене мүшелері, ағза ғана сауығып қана қоймай, оның рухани ақыл-ой, адамгершілік, имандылық қасиеттерімен де сауығыуы жүзеге асырылады.

Еліміздегі дене шынықтыру мәдениеті мен спорттың жүйелі дамуы Кеңес Одағының құрылуымен байланысты. Дене тәрбиесіне үлкен үлес қосқан, Ресейде дене тәрбиесінің ірге тасын қалаушы Л.Ф.Лесгафт өз еңбектерінде дене жаттығуларын орындау үдерісін рухани және дене жетілуімен тұтас бір уақытта жүретін үдеріс деп қараған [5].

«Дене шынықтыру» пәні мазмұны мен оның мақсатын анықтауда көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілген. Қазақстанда дене тәрбиесі ісін алғаш ұйымдастырып, дамытушылар арасында Г.Белоглазов, М.Гуннер, Д.Мурашко, В.Баканов, В.Зимин, М.Жайшыбаев, Е.Колокольников, Г.Абдурахманов, С.Струге, В.Колокольников, Н.Колокольников, Г.Виноградовтар, т.б. үлесін айтуға болады [7]. Дені сау жастар қоғамның ертеңгі толық қанды мүшесі ретінде қарастырылды. Осы мақсатта Ұлы Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде дене шынықтыру мен спорт еңбекшілердің денсаулығын нығайту, жалпы гигиеналық мәселелер, әскери шынықтыру дайындығын жақсарту жұмыстары жүргізілді. 1918 жылдың I жартысының өзінде партия және кәсіподақ ұйымдарының жұмысшылар клубтарында негізінен гимнастикамен айналысқан дене шынықтыру үйірмелері ұйымдастырыла бастады. Дене тәрбиесі мәдениетін іске асыруда жаппай оқу («Всеобуч») органдары мен комсомол ұйымдары көп жұмыс істеп, жастар күшімен спорт алаңдарын, әскери іске жаттығу өткізетін орындар жасады. Қазақстанда



жаппай оқу орындары Орал, Семей, Павлодар, Өскемен қалаларында 1919ж. құрылды. 1920-1927 жылдары кәсіпорындарда, мекемелерде, транспортта, Қызыл Армия бөлімшелерінде секциялар және дене мәдениеті ұйымдары құрыла бастады. Бұл өз кезегінде, өзінің ісін жетік білетін мамандарды қажет етті және болашақ мамандарды даярлау бағытында да зерттеулер жүргізілді, тәжірибелер қалыптастырылды.

Дене тәрбиесі – денені жетілдіруге бағытталған өз алдына әлеуметтік педагогикалық үдеріс. Оның негізгі ұсынатын компоненттері сауықтыру сияқты ағзаның қызметі мен құрылысын жақсарту. Дене тәрбиесінің қорытындысы қоғамда байқалмаған жағдайда, яғни дене тәрбиесінің сауықтыру тиімділігі төмендеуінен, денсаулықтың нашарлауына және аурудың артуына әкеп соғатыны белгілі.

Педагогикалық тұрғыдан дене тәрбиесі:

- денсаулықтың денелік және рухани негізін қалайды, ал ол, жалпы алғанда, тұлғаның әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуына ықпал етеді;
- оқушылардың өз денсаулықтарына және психикалық саулықтарына дұрыс түйсінуге итермелейді;
- дене тәрбиесі және спорт саласындағы теориялық білімді қалыптастыруға және практикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді;
- оқушылардың төзімділік, жылдамдық, күш, ептілік және иілгіштік секілді қимыл-қозғалыс сапалары дамытады;
- оқушылардың патриоттық сезімдерін, жалпыадамзаттық құндылықтарын, коммуникативтік дағдыларын тәрбиелейді және дамытады;
- оқушыларды салауатты өмір салтын сақтауға, бойға сіңірген дағдыларын болашақта қолдануға ынталандырады;
- оқушылардың бойында дене тәрбиесінің жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі екендігі туралы түсінікті қалыптастырады [7].

Жалпы білім беретін мектепте дене тәрбиесін жүзеге асыруда «Дене шынықтыру» пәні оқытылады, оның мақсаты: оқушыларды өз денсаулықтары мен психикаларын нығайтуға ынталандыру болып табылады. Оқушылардың жасқа сай және дербес ерекшеліктерін ескеріп, бойда қалыптасқан арнайы спорттық дағдылар мен сапаларды қолданып, сол арқылы олардың денелік тұрғыдан дамуларына ықпал ету.

Баланың салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастыруға көптеген ғалымдардың: В.К. Бальсевич, П.А. Виноградов, В.И. Жолдақ, Л.П. Матвеев, Л.И. Лубышева, А.В. Царик, Г.Д. Иванов, Л.И. Орехов, Б.К. Каражанов, А.В. Чоговадзе және т.б. еңбектері арналды. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда бұл үдеріс педагогтар мен білім беру мекемелерінің барынша белсенді зерттеу үдерісі болды.

Дене мәдениеті және дене тәрбиесі мамандарының міндеті өскелең ұрпақ пен жастардың денсаулығын нығайтудың әдістері мен тәсілдерін зерттеу және жүзеге асыру. Осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстарды және олардың жақсы нәтижелерін жоққа шығаруға болмайды. Сондай-ақ, еліміздің қалалық, ауылдық жерлерінде спорт кешендері, оқу-жаттығу орындары ашылуда.

Жеке тұлғаның дене тәрбиесі мен спорттағы психологиялық қалыптасуын педагогикалық тұрғыдан талдау болашақ спорт саңлақтарының, мамандардың, оқушылардың дұрыс дамуын, орта ықпалын айқындау үшін қажетті шарт. Өйткені спорттың кез келген түрінен белгілі бір нәтижеге жету үшін спортшының басқа дайындықтармен қатар олардың психологиялық жағдайлары бірқалыпты болуы тиіс.

Дене тәрбиесі мен спорттағы бірегей оқыту(үйрету) және тәрбиелеу үдерісі тек қана дағдыларды, іскерлікті, арнайы спорттық қабілеттерді дамытуға бағытталып қана қоймайды, сонымен бірге адамды жеке тұлға ретінде қалыптастырады. Оның қалыптасуы тәрбиенің барлық жүйесі, деңгейі арқылы қамтамасыз етіледі және адамның сан түрлі қызметі түрлерінде әлеуметтік айқын белсенділігі үдерісінде жүзеге асырылады.

Қазіргі күнде дене тәрбиесі пәндерінің өз алдына қойылған шешілмеген мәселелері мол. Егер балалардың арасында ауру көрсеткіші жоғары болса, онда қанағаттанарлық денсаулық деуге болмайды, ондай жағдайда денсаулық және еңбекке қабілеттілік деңгейін бағалаудың да қажеті жоқ. Бала денсаулығы білім сапасына тікелей байланысты екенін ескерсек, әрбір мұғалімнің оқушы денсаулығы туралы мәліметі жеткілікті болуы тиіс.

Жеке тұлғаның дене мәдениеті, баланың «өзіне», дамуына игі әсерін тигізсе, сонымен қатар, қоғамдық және кәсіптік әрекет арқылы «басқаға» игі әсері болады. Сол себепті де, білім беру жүйесіндегі тарихи кезеңдердегі зерттеулер бірқатар мәселелердің шешімдерін тапқанын көруге болады.

Жоғары оқу орындарында білім алушылар – болашақ дене шынықтыру мұғалімдері, оқытушы-жаттықтырушылар жалпы тәрбие мен дене тәрбиесі теориясына сүйене отырып, мыналарды оқып игереді:

- Білім беру мекемелерінде дене тәрбиесін ұйымдастыруды және оны жүзеге асыру тәсілдерін;

- дене тәрбиесінің жаратылыс-ғылыми негіздерін;
- дене мәдениеті мен спорттың гигиеналық негіздерін;
- дене мәдениеті мен спорттың әлеуметтік қызметін;
- кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесі дайындығын;
- еңбекті ғылыми ұйымдастырудағы дене мәдениетін.

Сондай-ақ, оның негізгі түсініктері мен терминдерінің мәнін ұғынады, олар: тәрбие, дене тәрбиесі дайындығы, оқу сабағы, оқу-жаттығу сабағы, оқу бөлімдері (негізгі, спорттық, арнаулы), оқу топтары, медициналық топтар (негізгі дайындық, арнаулы), тұлғаны дамыту, дене тәрбиесі дайындығының дәрежесі, дене қабілеттерін жетілдіру, т.б.[8].

Жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі үдерістерінің негізгі түрлері сабақ кезіндегі (практикалық, теориялық, жекелей) және сабақтан тыс кездегі (оқу күні режимі бойынша дене тәрбиесі жаттығулары, секцияларда жаттығу, өз бетінше жаттығу, жаппай сауықтырғыш, дене тәрбиесі спорттық шаралар) жаттығулар болып табылады. Жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі - таңдаған мамандығына, болашақ кәсіби еңбегіне, әскери қызметіне өзінің функционалдық және тұлғалық жағдайына сай келетін, жеке адамның дене тәрбиесі дайындығын қалыптастыратын мамандандырылған педагогикалық үдеріс. Ол білім берудің басқа да құрылымдарымен сабақтастықта жүзеге асырылады.

Дене шынықтыру сабағының өзіндік құрылымы, тәсілдері бар және оған жалпы педагогикалық тәрбие мен жеке ерекше қызмет жүктеледі. Болашақ дене шынықтыру пән мұғалімінің осы бағыттағы даярлығы да қалыптастырылады. Мәселен, «Дене шынықтыру» пәні бағдарламасына «Дене шынықтыру» бойынша теориялық және практикалық сабақтарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану (видео, ілеспелер, графиктер, кестелер, өсу динамикасы)енгізілген [7]. Бұл өз кезегінде арнайы дайындықты қамтамасыз ететін пәнді оқыту қажет етеді және оны жүзеге асыратын пән (АКТ) оқу жоспарында көрсетілген, сонымен қатар «Дене шынықтыру пәнін оқыту» әдістемесі пәнінде АКТ қолдану жағы нақтыланады. Дене шынықтыру пәні мұғалімдерін даярлау мазмұнында АКТ оқыту әдістемесі пәнінде оқытудың және білімді бақылаудың техникалық құралдары ретінде қолдану тұрғысынан қарастырылады.

Орта мектептегі «Дене шынықтыру» пәнінің бағдарламасы оқушылардың түрлі қимыл-қозғалыс әрекеттерін кең ауқымда қолдануды, сонымен қатар, техника қауіпсіздігі ережелерін сақтауды, жекебас гигиенасы, психикалық саулық, салауатты өмір салты қағидаларын зерттеу аспектілерін дамытуларына ықпал ететін алға дамытушы құжат екені белгілі.

Аталған құжатты мақсатты жүзеге асыру болашақ маманнан: пән мұғалімінен, оқытушы-жаттықтырушыдан арнайы дайындықты талап етеді. Оларды:



- оқыту мазмұнын (дене тәрбиесі және спорттың даму тарихын; негізгі дене сапаларын және оны жетілдіруді, арнайы спорттық біліктіліктер мен дағдыларды; түрлі дерек көздері арқылы ақпараттарды алуды, т.б.) меңгеруді;

- оқыту әдістемесін (дене шынықтыру пәнін оқыту әдіс-тәсілдерін, ұйымдастыру формаларын, т.б. жүзеге асыруды; коммуникативті дағдыларды дамытуды, т.б.) жүзеге асыруды;

- педагогикалық-психологиялық қарым-қатынасты меңгеру мен психологиялық қалыпты жағдай (адамгершілік-жігер сапаларын қалыптастыру міндеттерін шешуді, оқушылардың өзіндік шығармашылық, эмоциональдық-құндылық қатынастарын қалыптастыру т.б.) қалыптастыруды үйренеді.

Еліміздің егемендік алумен байланысты дене тәрбиесі мен дене шынықтыруда ұлттық ойындарға басымдық беріле бастағаны белгілі. Мектеп практикасын зерделеу және тәжірибелерді талдауда бірқатар кемшіліктердің орын алғаны анықталды (олар, тәрбиелік, дамытушылық мол мүмкіндіктері жоқ, ғылыми-негізделмеген ұлттық ойын түрлерін, жаттығуларды қолдануы, жүзеге асыруы, т.б.). Сол себепті де, болашақ дене шынықтыру пән мұғалімдерін даярлауда дене шынықтыру мен тәрбиелеуді оқу-жаттығу жұмыстарын, спорт құралдарын таңдауда төмендегідей талаптарды меңгеру оқыту үдерісіне енгізілді, олар:

1. Антропомериялық көрсеткіштерге;

2. Гигиеналық; физиологиялық және психофизиологиялық; психологиялық талаптарға;

3. Қауіпсіз оқу-жаттығуды жүзеге асыру талаптарына сәйкестілігін анықтауды қамтамасыз ету. Аталған талаптарды айқындау мен оны келешекте оқу-тәрбие үдерісінде қолдануды қамтамасыз ету мақсатында элективті курстар енгізілген.

Қазіргі кезеңде жоғары оқу орындарында болашақ «Дене шынықтыру пәні мұғалімдерін», оқытушы-жаттықтырушыларды даярлауда құзыреттілікке бағдарланған білім беру бағдарламасы әзірленуде. Жоғары оқу орындары базасында әзірленетін маман даярлаудағы білім беру бағдарламалары мазмұны Еуропалық, ұлттық біліктілік шеңберіндегі құзыреттерді, білім стандарттарындағы құзыреттерді, алдыңғы қатарлы тәжірибелерді, т.б. назарға алуда. Бұл заман талабы болып табылады және оқу орындарының білім беру бағдарламасын сапалы етіп әзірлеу мен маман даярлауды жетілдіруге бағытталады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлауда 2013-2014 оқу жылынан қалыптастырылатын құзыреттерге басымдық берілуде, олар: жалпы мәдени, кәсіби және арнайы құзыреттер (жалпы саны 28 құзырет). 2014-2015 оқу жылынан бастап барлық құзыреттер метақұзыреттерге біріктірілді, олардың саны 4 бірлікті құрайды (бакалавриат деңгейінде):

1. Оқу-танымдық;

2. Жеке тұлғалық;

3. Коммуникативтік;

4. Кәсіби және арнайы құзыреттер.

Сәйкесінше, кейбір құзыреттер қажеттілікке байланысты қосылса, керісінше кейбіреулері білім беру бағдарламасы мазмұнынан алынып тасталды. Арнайы құзыреттер маманның даярлық бағытына сәйкес белгіленіп, оны қалыптастыру арнайы (спорттың дайындық бағыты және оны оқыту бойынша) пәндер мазмұны арқылы жүзеге асырылуда.

Қорыта айтқанда, мектептегі «дене шынықтыру» пәні мазмұны мен оқушылардың дене тәрбиесі және мектептің, спорт мектептерінің сұраныстары, талап-тілектері болашақ мамандарды даярлауда бағдар алатын бірден-бір фактор болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 История образования и педагогической мысли как учебная дисциплина. <https://studfiles.net/preview/4665573/page:3/>
- 2 Коменский Я.А. Великая дидактика, Избр. пед. соч. - М., 1955.
- 3 Крупская Н.К. О политехническом образовании, трудовом воспитании и обучении / Сост. и авт. примеч. Ф.С.Озерская. – М.: Просвещение, 1982. - 223с.
- 4 Ушинский К.Д. Педагогические сочинения: в 2-х т. – М., 1974. - Т. 1. - С. 145-159.
- 5 Лесгафт П.Ф. Избранные труды. – М.: Физкультура и спорт, 1987. – 311 с.
- 6 Дүйсенов О.Қ. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің волейбол спортына кәсіби бейімділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары (Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ материалдары негізінде). Пед. ғыл.канд. ... дисс. – Түркістан, 2006. - 133 б.
- 7 Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптары үшін «Дене шынықтыру» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2016. - 33 б.
- 8 Выдрин В.М. Теория физической культуры. – Л.: Физкультура и спорт, 1988. – 145 с.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются мнения ученых, высказывающих педагогические идеи о важности занятий физической культурой детьми, а также излагаются основные направления подготовки преподавателей физической культуры.

## RESUME

This article deals with the opinions of the scientists stating the pedagogical ideas on the need to be engaged in physical culture of children and also the main directions about training of teachers of physical culture are described.





### Аннотация

Мақалада эссе жазу технологиясы қарастырылады. Эссенің негізгі ерекшеліктері анықталып, құрылымы көрсетіледі. Эссеге қойылатын талаптар, эссе жазуға қажетті нұсқаулық ұсынылады.

*Түйін сөздер:* оқу үрдісі, эссе жазу технологиясы, шығармашылық қабілет, эссе ерекшелігі.

### Қ.Қ. Мұқанова

Семей қаласының  
Шәкәрім атындағы  
мемлекеттік университеті,  
пед. ғыл. канд., доцент

### М.Д. Жорокпаева

Семей қаласы мемлекеттік  
медицина университеті,  
пед. ғыл. канд.

## Эссе жазу

## ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Қазіргі таңдағы білім беру саясатының басты міндеттерінің бірі – жоғары сапалы білім беруге қол жеткізіп, өз ойын еркін жеткізе алатын, бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға қалыптастыру. Ол үшін оқу үрдісі білім алушылардың ізденімпаздығын, танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық әлеуетін дамытуға жол ашуға бағытталуы қажет. Білім алушыны шығармашылық тұрғыдан дамыту, қызығушылығын арттыру, өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіруде эссе жұмысын жаздырудың маңызы зор.

Бүгінгі таңда эссе жаңа рөлге ие болып, білім беру саласында жаңа қызмет атқарады.

Эссе – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін, таңдай қақтыратын, өзінше ойлап сезіну қажеттілігін туғызатын, қаныңды қыздырып, рухани әлемнен азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдаумен ерекшеленетін көркем туынды. Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшекейлі композицияға құрылады. Өзгеше бітімді бұл өнер туындысында эссеист интеллектуалдық байлығын, өмір саяхатындағы көрген-білгенін, сезінген-түйгенін тәжірибелерін жомарттықпен жайып салады. Эссе сипатында туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көкейге қонымды, таным көкжиегін кеңейтуге қозғау салатын байламдар тән [1, 378].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Эссе - бір нәрсенің әсерінен, толғаныстан туған шағын әдеби шығарма» деген анықтама берілсе [2, 96], француз тілінде талпыныс, байқау, очерк, латын тілінде салмақтау деген мағыналарды береді [3, 18].

Эссе – білім алушының пәндік білімі мен білігін танытатын қорытынды жазба жұмыс түрі, яғни білім алушының тар шеңбердегі өзекті сұрақты шешуі. Эссенің басқа жұмыстардан өзгешелігі – берілген тақырыпты қысқа әрі нақты жеткізе білуінде.

Эссенің мақсаты – әртүрлі тезис, дәлелдер келтіре отырып берілген тақырыпты ашу, өз ойын жазбаша түрде жеткізу және өз бетімен шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту.

Эссе – өздік шығармашылық жазба жұмысы болғандықтан білімалушының қандай да бір мәселені талдау-талқылауы іске асырылады, сондықтан онда сұрақ-жауап, сұраулы сөйлем, қыстырма сөздер, бірынғай мүшелер қолданылады.

Эссе жазудың дайын ережесі жоқ және болмайды да, бірақ эссе жазу дағдыларын жүзеге асыруға көмектесетін ережелер мен нұсқаулар бар. Ең алдымен өзінің хабарлайтын, жазатын, ой толғайтын, талқылайтын мәселе туралы анық білу керек. Эссе жазуға итермелеген не нәрсе, эссені кім оқитынын түсіну өте маңызды. Оқырманның назарын өзіне аудартатын, мүмкін болса қарсы жауап тудыратындай өз ойыңды, сезіміңді, көңіл-күйіңді жеткізу үшін мазмұнды, күшті сөздерді дұрыс таңдай білу, басқалардың сезіміне әсер ететіндей дәл, анық бейнелі етіп сабақтастыра жаза білу керек.

*Эссенің негізгі ерекшеліктері:*

- нақты тақырып немесе сұрақтың болуы;
- мәселені шешу мен талқылаудағы жеке көзқарастың болуы;
- эссе көлемі (шағын);
- эссе құрамы;
- баяндау қарапайымдылығы;
- мағына бірлігі;
- жеке көзқарасының еркін мазмұндалуы

*Эссеге қойылатын талаптар:*

1. Көлемі 250-500 сөзден аспау немесе 1-2 беттен аспау;
2. Мағыналық тұтастығы, тілдік байланысы, тізбектей жеткізілуі, идея нақты және түсінікті болу керек;
3. Қысқа және нақты жазылу керек. Эсседе өз көзқарасыңыз бен пікіріңізді ашуға қажетті ақпараттардан артық ештеңе болмау керек;
4. Эссенің әр абзацында бір ғана негізгі ой болу керек;
5. Ұсынылған тезистер сауатты дәлелдер арқылы қолдау табуы, түрлі көзқарастардың келтірілуі, проблеманы өзіндік бағалауы болу керек;
6. Эссе барысында автордың өз ойы анық көрініп тұруы қажет және автордың көтеріліп отырылған мәселе бойынша жан-жақты теориялық білімі, өзіндік идеялары бар екендігі байқалып тұру керек;
7. Автор эсседе көтерілген мәселе бойынша ұсынылған дәлелдемелеріне сенімді болу керек.

*Эссе құрылымы*

Эссе құрылымы эссеге қойлатын талаптарға сай анықталады:

- Эсседе көтерілген мәселе бойынша автордың ой-пікірі қысқа тезис түрінде беріледі (Т);
- Берілген әр пікірге дәлел болу керек, сондықтан әр тезистен кейін аргумент (А) беріледі.

Тезис – автордың пікірі, оны міндетті түрде дәлелдеу керек.

Аргумент – фактілер, қоғамдық өмірдегі құбылыстар, оқиғалар, өмірлік тәжірибе, ғылыми дәлелдер, ғалымдардың пікірлері және т.б. Әр тезиске екі аргумент берілгені дұрыс. Бір аргумент жеткіліксіз, үш аргумент мазмұны мен талабына нұсқан келтіруі мүмкін. Эссе бір-біріне байланысты шеңбер тәріздес құрылымға ие болады (тезис пен аргумент саны көтерілген тақырып пен мәселеге байланысты болады):

Кіріспе



Тезис, аргумент

Тезис, аргумент

Тезис, аргумент

Қорытынды

Сонымен, эссе құрылымын былай көрсетуге болады:

1. Кіріспе

2. Негізгі бөлім

3. Қорытынды.

Жоғарыда көрсетілген тезис, аргумент негізгі бөлімде қарастырылады.

Кіріспе бөлім - тақырыпты таңдау себебі мен мәні көрсетіледі және тақырып негізделеді. Бұл бөлімде шешімін табуға қажетті сұрақтың дұрыс қойылуы өте маңызды, өйткені оның шешімі мен жауабын өзіңіз бересіз және соны растайтын дәлелдер реттілігі қажет. Кіріспе бойынша жұмыс жасағанда мына сұрақтарға жауап көмектесуі мүмкін: «Эссе тақырыбында кездесетін терминдерге түсініктеме беру керек пе?», «Көтеріліп отырылған тақырып қазіргі кезде маңызды ма?», «Тақырыпты бірнеше шағын тақырыпшаларға бөлуге бола ма?».

Кіріспе бөлімі 2 ойдан тұрады: Жалпы пікір – оқырман көңілін аудару мақсатында жазылады және бірнеше сөйлемнен тұруы мүмкін (бұл жерде терминдерге т.б. түсінік берілуі мүмкін); тезистік пікір – эсседегі талқыланатын негізгі ойлардан тұрады және ол тақырыптық сөйлемге ұқсайды. Тезистік сөйлем нақты, түсінікті әрі оқырман қызығушылығын арттыру керек. Оқырманға эссе мазмұны туралы жалпы идеяны береді. Кіріспе эссенің қызықты әлде қызықсыз болатындығын көрсетеді. Бұл оқырманға эссе жайлы алғашқы пікір тудырады, сондықтан басынан бастап қызықтыруға тырысу керек.

Негізгі бөлім – қойылған сұрақтың немесе көтерілген мәселенің шешімін табу бөлімі. Негізгі бөлім кемінде 3 бөлімнен, яғни 3 абзацтан тұрады. Әр абзац тезистен, дәлелден тұрады, яғни бөлімдерге бөлінген тақырыпшалар дамытылады, ой талқыланып ашылады. Эссенің негізгі мазмұны осында. Сондықтан, маңыздысы тақырыпшалар олардың негізінде дәлелдемелердің жүйеленуі жүзеге асады, яғни ұсынылған пікірді негіздеу қажет. Қажет болған жерде талдаудың құралы ретінде кесте, сызба, диаграмма, сонымен қатар өз тәжірибені де пайдалануға болады.

Негізгі бөлімде міндетті түрде автордың көзқарасы болуы керек және оны дәлелдеу қажет.

Эссе жазу бойынша әдістемелік нұсқаулықта И.В. Кузина негізгі бөлімде аргументтерді ұсыну бойынша ПОПС формуласын ұсынады:

П- бекіту – Мен ... есептеймін

О – түсіндіру – Өйткені ...

П – мысал – Мысалы...

С – шешім (қорытынды) - Сонымен, ... [4].

Қорытынды бөлім – кіріспе бөлімде қойылған сұрақтың, көтерілген мәселенің шешімі қорытындыланып, негізгі идея ашылады. Негізгі бөлімде талқыланған мәселелерді қорытып, бір тұжырымға келген сөйлемдерден тұрады. Қорытынды бөлімде жаңа ой берілмейді.

Эссе құрылымында ескеруге тиісті мағлұматтар төмендегі кестеде көрсетіледі.

Кесте 1

	Кіріспе бөлім	Негізгі бөлім	Қорытынды бөлім
	- Тақырып және эссенің мақсаты	- Мағынасы бар. Логикалық, сендіретін дәлелдер мен тіл	- Негізгі идеяларды қорытындыла Жаңа мағлұмат енгізбе
	- Эссенің реттілігі	- Тақырыптан ауытқымау және қайталамау	- Негізгі идеялар оқырманға түсінікті
	- Оқырманды қызықтырады		

<ul style="list-style-type: none"> <li>- Болжайды</li> <li>- Келіспеушілік – Қандай жолмен шешімге келесің?</li> <li>- Мәселе – көзқарасын дәлелдейді, талқылайды</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Дәлелдер сенің пікіріңмен ұштасуы керек.</li> <li>Мысалдар (дәлелдер идеямен байланысатын)</li> <li>Орындылығы (неге?)</li> <li>Қысқаша қорытынды</li> <li>Келесі абзацпен байланыстыр</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>болуы керек</li> <li>- Ұсыныс жасау, жауап беру, қолдау, бейнелеу, түсіндіру және маңыздылығын көрсету өте тиімді</li> <li>- Эссенің маңызы және одан алған мораль</li> <li>- Эссені аяқтайды</li> </ul>
--	--	---

Эссе құрылымының пайыздық көрсеткіші

#### Кесте 2

Эссе құрылымы	Жалпы жұмыс көлемінің %
Кіріспе бөлім (эссе тақырыбының өзектілігін көрсету)	20 %
Негізгі бөлім Автордың жеке пікірін, көзқарасын көрсететін, дәлелдемелермен бекітілген тезис	60%
Қорытынды бөлім Мәселенің шешімі	20%

Эссе жазу барысында төмендегі нұсқаулықты ескеру де өте маңызды.

- Кіріспе бөлім мен қорытынды бөлімде қойылған мәселеге көңіл аударылады, яғни кіріспе бөлімде мәселе қойылады, қорытынды бөлімде сол мәселенің шешімі, түйіні көрсетіледі;
- Абзац, азат жол, абзацтардың логикалық байланысының болуы міндетті, сонда мағыналы біртұтас бір жұмыс шығады;
- Баяндау стиліне мән беру маңызды. Эсседе автор сезімі, көңіл-күйі беріледі, көркемдеуіш құралдар қолданылады.
- Эссе жазуда қысқа, айтылу мақсатына қарай жай сөйлем түрлерінің қолданылуы, сондай-ақ тыныс белгісі – сызықшаны қолдану эсседе өзіндік әсер береді.

Эссе жазу барысында төмендегілерді пайдалану да ұсынылады.

- *Эпиграф*, таңдап алынған эпиграф эссе тақырыбымен, онда көтерілген мәселемен сәйкес болу керек, негізгі ойды толықтырып, тереңдететіндей болу керек;
- *Мақал, мәтел, қанатты сөздер*, аталғандарды эсседе қолдану автор пікірін, көзқарасын, дәлелдемелерін нақтылай түседі;
- *Басқа ойшыл, ғалымдардың пікірлері*, олар да автор көзқарасының, пікірінің дұрыстығын дәлелдей түседі, оқырманды ойландырады, сендіреді.
- *Риторикалық сұрақ*

Эссе жазу барысында төмендегі тәртіпті негізге алуға болады.

1. Эссе тақырыбын мұқият оқып шығыңыз.
2. Эссе тақырыбының ерекшелігін анықтап алыңыз.
3. Эссе тақырыбының өзектілігін анықтаңыз.
4. Теориялық материалдар қарап шығыңыз.
5. Қандай теориялық ұғымдардың, ғылыми теорияның, терминдердің өз көзқарасыңызды дәлелдеуге негіз болатындығын анықтаңыз.
6. Негізгі ой, тезис, идеяны анықтап алыңыз және оны дәлелдеу қажет.



7. Ұсынған тезисіңізді дәлелдейтін аргумент іріктеп алыңыз. Оған мыналар жатады: логикалық дәлел, мысал, оқиға, өз өміріңізден немесе әдебиеттен алынған факті, ғұламалардың пікірлері, қанатты сөздері.
8. Іріктелініп алынған аргументті реттеңіз, яғни тезистік жоспар құрыңыз.
9. Кіріспе бөлімін жазыңыз, негізгі ой, идеяны, тезисті негізге алыңыз. Кіріспе бөлімін эссе тақырыбына сай риторикалық сұрақтан да бастауға болады.
10. Өз көзқарасыңызды дәлелдеп жазып шығыңыз.
11. Жалпы қорытынды жасаңыз.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 402 б.
- 2 Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 3 Методические рекомендации по написанию эссе. Государственный университет Высшая школа экономики Санкт-Петербургский филиал. – СПб., 2005.
- 4 Кузина И.В. Методические рекомендации по написанию эссе / И.В. Кузина [электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://pionerov.ru>.

### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается технология написания эссе. Определены особенности эссе, отображается структура эссе. Определены основные требования, даны методические указания по написанию эссе.

### RESUME

This article is devoted to technology of writing an essay. The basic features of an essay are defined. The authors recommended basic requirements, guidelines on writing essays.



УДК 355.23

**А.В. Никифоров**

Национальный университет  
обороны имени Первого  
Президента Республики  
Казахстан – Лидера Нации,  
докторант PhD

**Исторические  
предпосылки  
развития системы  
физической  
подготовки  
в Республике  
Казахстан****Аннотация**

В статье рассматриваются основные этапы процесса становления и развития системы физической подготовки в Республике Казахстан в контексте военной истории периода 20-х – начала 90-х годов XX-го века.

Автор раскрывает сущность и взаимосвязь исторически значимых событий и специфики физической подготовки в вооруженных силах. В статье изложен анализ факторов, определяющих нормативы и характер физической подготовки в вооруженных силах на основе исторического опыта военного строительства.

*Ключевые слова:* вооруженные силы, физическая подготовка, военная история, РККА, Казахстан, САВО, ТуркВО.

История системы физической подготовки в Республике Казахстан, отражает хронологию и динамизм множества факторов, в основе возникновения которых лежит, с одной стороны, специфика внутренней и внешней обстановки в конкретно взятый временной промежуток, и, с другой стороны, целенаправленное формирование военной доктрины, как основного источника специфики военного строительства. Физическая подготовка является прикладным инструментом достижения цели и задач военной доктрины и военной стратегии, при этом, во многом ее эффективность предопределяет обороноспособность государства. В то же время, система физической подготовки формируется в контексте достижений передовой научной мысли. Так, интенсивное развитие познаний в области физиологии и анатомии человека в конце XIX-го века и далее предопределило и рост уровня физической подготовки, как целенаправленного процесса выработки определенных навыков и умений. Поэтому, рассматривая развитие системы физической подготовки, небезынтересно обратиться к историческим предпосылкам данного процесса, что может быть полезно для совершенствования физподготовки в современных вооруженных силах Республики Казахстан.



Когда речь идет о физической подготовке как системе, то подразумевается этап ее становления – начало XX-го века. Если в дореволюционный период физическая подготовка являла собой скорее процесс наложения специфических навыков и знаний, на уже имеющийся физический функционал бойцов, то в период 20-х годов, под влиянием развития общемировых тенденций в области систематизации физической подготовки, происходит трансформация последней в целенаправленный процесс выработки личностно-профессиональных качеств. Иными словами, сегодняшний личностно-ориентированный и компетентностный подходы имеют достаточно долгую историю развития в вопросе совершенствования подготовки личного состава вооруженных сил.

В 20-х годах XX-го века теснейшее переплетение задач физического и идейно-политического воспитания являлось спецификой того периода в целом.

Тем не менее, в отношении физической подготовки в регулярных частях продолжали использоваться дореволюционные стандарты, изложенные, в частности, в «Обучении штыковому бою» от 1907 года и «Наставлении для обучения войск гимнастике» от 1910 года [1]. Таким образом, система физической подготовки в частях РККА в начале 20-х годов XX-го века базировалась на комплексе гимнастических упражнений, направленных на формирование навыков преодоления препятствий, ловкости, силы и выносливости, а также специфических навыков ведения штыкового боя. Такой комплекс в основе физической подготовки был оправдан с точки зрения специфики технического оснащения армий и ведения боевых действий начала XX-го века. Тем не менее, уже в первой половине 20-х годов XX-го века, назревает необходимость, во-первых, в пересмотре принципов и содержания физической подготовки в меняющихся условиях, и, во-вторых, – в форсированной подготовке резервов.

В период 20-30 годов XX-го века была проведена широкомасштабная работа в отношении подготовки армейских резервов, сочетавшая одновременно несколько направлений:

1. Улучшение качественных показателей подготовленности;
2. Обеспечение полного охвата населения (обеспечение количественных показателей);
3. Формирование единой по своей структуре системы физической, спортивной и идеологической системы подготовки населения к несению военной службы.

Для реализации названных задач в 1918 году разрабатывается и реализуется программа Всеобуча, в начале – на территории РСФСР, а немного позднее – и на территории Союзных Республик.

На территории Казахской АССР программа всеобуча стартовала в 1921 году. Было создано Казахское Краевое Управление Всеобуча при Казахском Краевом Военном Комиссариате, координировавшее деятельность по осуществлению физической подготовки резервов Красной Армии на территории КазАССР [2].

Из анализа архивных данных можно сделать вывод, что в тот период работа по физической подготовке резервов проводилась в ускоренном режиме, для охвата как можно большей части боеспособного населения. Зачастую, предполагалось прохождение подготовки без отрыва от производства и учебы. Именно ускоренный формат подготовки, с отказом от казарменного порядка службы отличал систему физической подготовки в рядах Красной Армии [2].

Как отмечается в бюллетенях всеобуча, спорт и гимнастика для самых широких слоев населения, обеспечивал надежный фундамент военного строительства, вовлекая в это процесс ранее не задействованные слои населения.

На территории Советского Союза, несмотря на сложные социально-экономические условия, открываются спортивные кружки и клубы, активно комплектуемые всеми желающими. Активизируется и всячески поощряется спортивное движение и в

регулярных частях Красной Армии. Основным центром развертывания спортивной работы были красноармейские клубы, которые начали функционировать в 1918 году.

В программах подготовки резервов армии значительное место отводилось занятиям гимнастикой, использовалась как прикладная гимнастика, так и упражнения на снарядах, реализуемая в военно-спортивных центрах на всей территории СССР.

Распределение времени, отводимого на занятия по программе Всеобуча предусматривало специальные 4-х часовые занятия по полевой гимнастике и 2-х часовые занятия по рукопашному бою [3]. Для укомплектования программы инструкторским составом в г. Оренбург были открыты курсы молодежи.

На протяжении периода Гражданской войны, всеобучи и популяризация гимнастики внесла существенный вклад в формирование резервов и наращивание кадрового потенциала Красной Армии. Однако, уже к середине 20-х годов 20-го века, по мере затихания фронтов и укрепления советской власти на большей части территории, на первый план выходят новые задачи, предопределившие специфику военного строительства. В то время начинает актуализироваться задача по развитию физического функционала красноармейцев и резервов, специализация навыков и умений, которой раньше уделялось меньше внимания.

В 30-е годы, в условиях нарастания угрозы глобальных вооруженных конфликтов, рисков интервенции и прочих угроз безопасности страны, в соответствии с общемировой тенденцией основной чертой специфики физической подготовки стало культивирование спорта и физкультуры с упором на военно-прикладные виды спорта и целесообразные для дальнейшего развития военно-прикладных навыков. Данная тенденция была направлена, прежде всего, на повышение физического потенциала возможных резервов. Так, в 1931 году вводится комплекс ГТО с обязательной сдачей, развивается культ парашютного спорта, плавания, спортивного ориентирования и туризма.

Первый, а затем и второй комплекс ГТО включали в себя такие упражнения: бег на различные дистанции (от 25 до 100 метров), туристский поход, метание гранат, подтягивания на перекладине, прыжки в длину и высоту, лазание по канату и шесту, поднятие патронного ящика, плавание, умение ездить на велосипеде, мотоцикле, умение водить трактор, лыжи, верховая езда, движение в противогазе. Позднее в ГТО были добавлены: прыжки в воду с трамплина, прыжки на лыжах, преодоление военного городка. Таким образом, по мере нарастания программы всеобщей физической подготовки и нарастания внешних угроз, комплекс ГТО приобретал все более прикладные черты. Аналогом комплекса ГТО в регулярных войсках был - военно-спортивный комплекс, тем не менее, многие кадровые военные добровольно сдавали и ГТО, что всячески поощрялось, как самостоятельные занятия спортом и гимнастикой. В условиях сокращения численности армии, мероприятия по культивированию военно-спортивных занятий среди широких масс населения способствовали эффективному, разностороннему процессу подготовки армейских резервов, без отрыва населения от основной трудовой деятельности [4].

В конце 30-х годов, в условиях, когда неизбежность войны становится очевидной, (особенно с принятием всеобщей воинской обязанности) в 1939 году, немаловажную роль в вопросе физической подготовки сыграли так называемые общие сборы. Помимо реализации физической подготовки призывников, общие сборы были призваны повысить боеспособность населения, находящегося в резерве, а также непризывного возраста. Программа физической подготовки, в соответствии с КФП-37, НПРБ-38, была достаточно серьезной, и включала комплексное развитие таких навыков, как преодоление водных и наземных препятствий, метание гранат, штыковой бой, различные физические упражнения на укрепление силы, ловкости и выносливости. Стоит отметить, что программы общевойсковой подготовки и программы подготовки резервов в последние



предвоенные годы максимально сближаются по своим нормативным и содержательным характеристикам [5, 6].

Указанная выше широкомасштабная работа по подготовке населения в целом сыграла впоследствии немаловажную роль в эффективности подготовки РККА в период Великой Отечественной Войны. Как известно, с первых дней войны основными нормативными документами, регламентирующими физическую подготовку, становятся РПРБ-41, РПРБ-42, в ГТО в соответствии с реалиями военного времени вносятся соответствующие коррективы, приближающие стандарты комплекса к целесообразным навыкам, применяемым в бою:

- Изучение материальной части винтовки;
- Изучение топографии;
- Оказание санитарной помощи;
- Метание гранат.

Основной упор в РПРБ-41-42 также делался в подготовке бойцов с учетом необходимых в бою навыков, умений и знаний:

- Приемы боя винтовкой со штыком;
- Приемы боя винтовкой без штыка и подручными средствами (большая и малая лопата);
- Приемы боя невооруженного с вооруженным противником (револьвером, винтовкой, ножом);
- Преодоление препятствий (передвижение по бревну сидя и стоя, прыжки через препятствия, влезание и перелезание);
- Метание ручных гранат [7, 8].

При этом, развитие физического функционала было отодвинуто на второй план и задействовано в тот период лишь в программе подготовки допризывной молодежи.

Тем не менее, несмотря на сжатый характер физподготовки и военной подготовки в целом, проведенные в 30-х годах мероприятия всеобща позволили инструкторам в период Великой Отечественной войны работать с уже достаточно подготовленными резервами. Очевиден тот факт, что постепенная довоенная подготовка резервов и итоговый высокий уровень общей физической подготовленности внесли огромный вклад в повышение обороноспособности страны в период тяжелых испытаний. В общей сложности, ускоренные курсы на территории КазССР выпустили 80 000 специализированных бойцов, всего же в процессе военной подготовки от КазССР в разгром фашистской Германии внесло вклад более трети населения республики, то есть практически все население того времени, способное держать оружие в руках [9].

В первое послевоенное десятилетие в отношении системы физической подготовки действовали те же нормативные документы довоенного (КФП-37) и военного времени (РПРБ-41-42). Существенная часть боеспособного населения и кадрового состава Советской Армии обладала достаточным боевым опытом, который лег позднее в основу дальнейшей проработки и совершенствования процесса физической подготовки. Усложнение структуры войск, расширение боевых задач в виду усложнения условий ведения боевых действий и технологического совершенствования накладывают свой отпечаток и на специфику физической подготовки. В связи с необходимостью формирования определенного физического функционала бойцов, в НФП-48 вводится новый раздел - легкая атлетика. Для развития базовых критериев физподготовки допризывной молодежи разрабатываются и внедряются учебные планы по начальной военной подготовке в учебных заведениях.

В 50-е годы, в связи с изменениями в характере, стратегии и тактике ведения боевых действий, возникает необходимость в пересмотре и принципов физической подготовки бойцов. В 1955 году выходит НФП-55, в 1959 году - НФП-59 Советской Армии и военно-морских сил, предусматривающее введение еще одного раздела - «подготовка к

ускоренному передвижению». Таким образом, в период конца 40-х – середины 50-х годов происходит процесс унификации нормативно-правовой базы, регламентирующей основы физической подготовки в вооруженных силах. Происходит объединение некоторых методических аспектов подготовки сухопутных войск и флота, что нашло отражение и в содержании наставления [10,11].

Стремительное развитие новых типов вооружения, усложнение организационной структуры войск, широкий диапазон прикладных навыков предопределили и усложнение, усовершенствование физподготовки личного состава. Общей чертой физподготовки (НФП-55,59) в 50-е годы 20-го века в армии СССР стало разностороннее физическое развитие бойцов. В 1959 году наставление по физической подготовке было дополнено разграничением специальных задач физической подготовки по подразделениям.

В 60-е годы, в связи с обострением внешнеполитической обстановки и советско-китайских территориальных противоречий, назревает необходимость очередного пересмотра опыта ранее примененных на практике принципов физической подготовки. Внедряется НФП-66, в котором дана более детализированная система организации физподготовки в войсках.

В НФП-66 особенно важным нововведением являлось распределение ответственности за подготовку и организацию отдельных видов спорта в Вооруженных силах СССР, согласно вышедшего в 1963 году Приказа Министра Обороны №13[12]. В связи с усилением потенциальной угрозы и учащением конфликтов на приграничных территориях САВО, из нового наставления от 1966 года была исключена излишняя политизация и усилен содержательно-методический аспект в соответствии с возможными специфическими условиями ведения боевых действий. В НФП-66 и позднее вводится комплекс критериев, описывающих психофизическую выносливость.

Содержание процесса физподготовки в НФП-66 было ориентировано на создание условий для универсальной подготовки, продиктованной новыми условиями ведения боевых действий, с учетом специфики локальных конфликтов, в которых СССР в той или иной мере принимал участие [12].

Резкое обострение внешнеполитических условий с усилением локальных вооруженных конфликтов в глобальном пространстве, наличие угроз экстремизма и терроризма, а также необходимость в усложнении и расширении специализации материально-технического и кадрового обеспечения вооруженных сил способствовали очередному пересмотру порядка физической подготовки.

В 1978 году выходит НФП-78 Советской Армии и Военно-морского Флота, по своим структурно-содержательным характеристикам достаточно близкое к НФП-66, но отличающееся большей конструктивностью материала и ее прикладной целесообразностью. Так, были введены нормы проведения занятий в соответствии с температурой воздуха, диапазон которой предопределялся потенциальными локациями основных стратегических угроз (центрально-азиатский регион и, прежде всего, - Афганистан). Кроме того, содержательный компонент по своей структуре и форме подачи был приближен к формату инструкции, что облегчало процесс физической подготовки, как для обучающихся, так и для инструкторского состава [13].

Опыт боевых действий в Афганистане, нашел свое отражение в НФП-87[14]. Наставление от 1987 года отличает, как и предыдущее, достаточно четкая и лаконичная форма изложения принципов и содержания физической подготовки бойцов. Одной из отличительных особенностей является уделенное особое внимание горной подготовке [14].

Необходимо отметить, что все перечисленные принципы и форматы физической подготовки на протяжении XX века наряду с достоинствами имели и свои недостатки. Для периода 20-х годов характерно отсутствие систематизации процесса подготовки и слабая проработанность вопроса повышения физического функционала бойцов. В 30-е годы





достаточно мало уделялось внимания организационным вопросам процесса физической подготовки. Отдельно стоит рассматривать 40-е годы, когда отмеченные экспертами недостатки в РПРБ-41 были учтены в РПРБ-42, а сам характер подготовки и время на нее отводимое было продиктовано жесткими требованиями в скорейшей и широкомасштабной подготовке как можно большего количества бойцов. В 50-е годы, наряду с имеющимся опытом подготовки, обогащенным в период Великой Отечественной войны, прикладными знаниями и навыками, в качестве недостатка в целом можно отметить излишнюю политизацию нормативного и инструкторского материала. В 60-е годы - 70-е годы, на мой взгляд, были учтены и нивелированы ранее отмеченные недостатки, раскрыта методологическая основа проведения физподготовки и, при этом, в полной мере учтен прикладной характер системы физической подготовки. Позднее, в 80-е годы, ощущается потребность поиска нового формата физподготовки в условиях учащения локальных конфликтов, происходящих зачастую в специфической обстановке (например, густонаселенные объекты). Тем не менее, указания по физподготовке того времени отличает расширение малополезного, с прикладной точки зрения, теоретического аппарата, слабое оформление иллюстрационного материала, что создает впечатление, что процесс совершенствования физической подготовки в условиях нарастающих кризисных явлений в политической и военной среде постепенно отходил на второй план.

Резюмируя вышесказанное, стоит отметить, что вплоть до 1998 года, организация физической подготовки в Республике Казахстан проходила на принципах, изложенных в НФП-87, а введенное в 1998 году НФП-98 в части содержательного компонента не имело принципиальных отличий от НФП-87. Как бы там ни было, процесс развития и совершенствования физической подготовки на протяжении нескольких десятилетий основывался на полученном боевом опыте, расширялся и модифицировался в соответствии с актуальными задачами по повышению обороноспособности, и современный порядок физической подготовки являет собой итог долгого и сложного пути формирования оптимальной системы физической подготовки вооруженных сил.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Штурм Л.К. Архитектура воинская. Гипотетическая, и эклектическая... — М.: Московский Печатный двор, 1709. - 237 с.
- 2 Бюллетень всеобуча. - Оренбург Р.В.Ц., 1921.
- 3 Руководство физической подготовкой РККА и допризывной молодежи. - М.: Воениздат, 1924. - 47 с.
- 4 Истягина-Елисеева Е.А. История ГТО. - М.: Государственный музей спорта, 2015. - 48 с.
- 5 Курс Физической подготовки сухопутных войск РККА. - М.: Государственное военное издательство Наркомата Обороны Союза ССР, 1937. - 189 с.
- 6 Наставление по подготовке к рукопашному бою РККА. - М.: Государственное военное издательство Наркомата Обороны Союза ССР, 1937. - 78 с.
- 7 Руководство по подготовке к рукопашному бою Красной Армии. - М.: Воениздат МКО СССР, 1941. - 127 с.
- 8 Руководство по подготовке к рукопашному бою Красной Армии. - М.: Воениздат МКО СССР, 1942. - 126 с.
- 9 Алтынбаев М.К., Балакаев Т.Б., Белан П.С., Григорьев В.К., Козыбаев М.К., Нурмагамбетов С.К., Нурпеисов К.Н., Тасбулатов А.Б. Исторический опыт защиты Отечества /Учебное пособие для курсантов военных и студентов гражданских учебных заведений. - Алматы: национальная академия наук Республики Казахстан. Институт истории и этнологии Им. Ч.Ч. Уалиханова, 1999. – 356 с.

- 10 Наставление по физической подготовке Советской Армии и Военно-Морских Сил (НФП-55). - М.: Воениздат, 1955. - 217 с.
- 11 Наставление по физической подготовке Вооруженных Сил Союза ССР (НФП-59). - М.: Воениздат, 1959. - 447 с.
- 12 Наставление по физической подготовке Вооруженных Сил СССР (НФП-66). - М.: Воениздат, 1966. – 351 с.
- 13 Наставление по физической подготовке в Советской Армии и Военно-Морском Флоте (НФП-78). - М.: Воениздат, 1978. – 197 с.
- 14 Наставление по физической подготовке в Советской Армии и Военно-Морском Флоте (НФП-87). - М.: Воениздат, 1989. – 319 с.

### ТҮЙІН

Мақалада ХХ ғасырдың 20–жылдардың басы мен 90-жылдар кезеңіндегі әскери тарихындағы Қазақстан Республикасының дене дайындығы жүйесінің қалыптасуы және даму процесінің негізгі кезеңдері қарастырылған.

Автор қарулы күштердің дене дайындығын тарихи маңызды оқиғалармен байланыстырып мәнін ашады. Мақалада әскери құрылыстағы әскери тәжірибе негізінде қарулы күштердегі дене дайындығының нормативін анықтайтын факторлар анализі жазылған.

### RESUME

The main stages of formation of the process of physical training system development in the Republic of Kazakhstan in the context of military history in the period of the 20<sup>s</sup> and the beginning of 90<sup>s</sup> of the XX<sup>th</sup> century are discussed in this article.

The author considers the essence and interrelationship of historical significant events and some characteristics of physical training in the Armed Forces. The analysis of factors is developed which determines the standards and the character of physical training in the Armed Forces on the basis of historical experience of military building.



### Аннотация

Мақалада ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың қазақ тілін оқытудағы маңызы қарастырылады. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Сондықтан да компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасап қана қоймайды, тіл үйренушілердің қазақ тілін оқып үйренуге, сөздік қорларын арттыруға, дұрыс сөйлем құрылысын құруға дағдыландырады.

*Түйін сөздер:* ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, интерактивті тақта, қашықтықтан оқыту, электронды оқулық.

### А.Б. Абилмажинова

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті, оқытушы

### С.Қ. Ережепова

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті, фил. ғыл. канд., доцент

## Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы оқытудың ерекшеліктері

Қазіргі кезде компьютер қоғамның барлық саласын толық қамтып, әр адамның өміріндегі қажетті құралға айналған. Сабақ өткізу барысында компьютерді пайдаланбайтын пән жоқ. Басқа пәндер сияқты қазақ тілі сабағында да компьютерді пайдалануға толық мүмкіндік бар. Компьютерді қолдана отырып, білім беру қазақ тілі пәнінің оқытылуын жаңаша құруға мүмкіндік береді. Пәнді компьютер арқылы оқыту үшін бізге көп ізденіс керек. Ақпараттық-коммуникациялық технология ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді қолдануға, қазақ тілінен электрондық оқулықтарды, интернет желісінде жұмыс істеуге, интерактивті тақтаны қолдануға, қашықтықтан оқытуға негізделеді. Компьютер арқылы оқытуда оқытушы-ның маңызы және рөлі ерекше. Өйткені, ол студенттерге қажетті білім береді, сол білімнің көмегімен студент өзінің нақты дайындық деңгейі негізінде компьютерді пайдалана отырып өзін-өзі дамыта алады. Бірақ, компьютер оқытушының орнын толық алмастыра алмайды, себебі ол оқу үрдісінің орталық тұлғасы бола тұра студентке тек бағыттаушы ретінде әсер етеді, оқу материалын дайындайды, көмек беру деңгейін анықтайды. Компьютер тек қана ақпарат беретін құрылғы ретінде қызмет атқарып қоймайды, компьютердің көмегімен біз ақпаратты енгізуге, жүйелеуге, сақтауға және беруге болады.

Оқу материалын өзге ұлт өкілдеріне саналы меңгерту принципін жүзеге асыруда компьютердің маңызы зор болғандықтан, компьютер суггесивті қайта оралу байланысын қамтамасыз ете алады. Суггесивті термині ағылшынша suggest – ұсыну, кеңес беру деген мағынаны береді. Компьютердің көмегімен тіл үйренуші өз жұмысын дер кезінде түзеп отыру мүмкіншілігі бар. Әрбір тапсырманы орындаған сайын, оның қандай деңгейде өтіп жатқандығы туралы мәлімет беріп отырады. Дұрыс нәтижеге өзі ойланып, еңбектеніп, қателерін түзей отырып жеткендіктен, тілдік материалдың саналы меңгеруін қамтамасыз етеді.

Компьютер оқытушыға техникалық және технологиялық жағынан көмек беріп, тіл үйренушімен байланысын өзара жақындастыратындай жолдармен жүргізуге мүмкіндік береді. Яғни, компьютер тіл үйренушінің қателігіне оперативті реакция көрсете отырып, оның білімін бағалау функциясының көп бөлігін өзіне алады. Барлық көрсетілген қателер есепке алынады. Сондай-ақ, білімді бағалау көрсеткіштері нақты, дәл болады. Оқытушы үшін компьютердің бұл жерде қызметі, маңызы ерекше екені сөзсіз. Компьютер тіл үйренушінің өз ритмінде, өз қарқынымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Оқытушы топтағы оқушылардың материалды меңгеру деңгейін көріп, бағалап әрбір тіл үйренушімен оның қабілетіне қарай жеке жұмыс істеуге мүмкіндігі болады. Компьютермен өткізілген әрбір сабақтан соң студент тест, бақылау жұмыстары арқылы өз білімдерін бекітеді. Студент өз білімін өзі тексере алады. Студенттің өзінің өз бетінше оқуға қызығуы артады, өз білімін көтеруге тырысады. Белгілі бір тәсіл болмаса, оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде қажетті нәтижеге жету, студенттердің танымдық іс-әрекетін дамыту мүмкін емес. Оқытушы мен студент белгілі нәтижеге жету үшін жүйелі жұмыс атқарса ғана оқыту және тәрбиелеу әдісі өз нәтижесін береді. Оқытудың барлық жүйелері бір-бірімен тығыз байланысты. Оқыту үрдісінде пайдаланған әдіс-тәсілдерін дамытуға тырысу керек. А.Қ. Омарова «Қазақ тілін оқытуда мультимедиа технологиясын қолдану» атты мақаласында тіл үйренушінің компьютерлік әдістемелік қызметін былай айқындап көрсетеді:

«1. Көмекші қызметі:

- қатысымдық – чат арқылы тілдесуге болады.
- ұйымдастырушылық-қызықтырушылық – қазіргі уақытта компьютер адамдарды қатты қызықтырады, осының өзі жағымды фактор болып саналады.

2. Негізгі қызметі:

- ақпарат берушілік – компьютердің ең тиімді жағы ақпаратты сақтауға және оны өңдеуге мүмкіндік беруі. Сондықтан компьютер тіл үйренуде ақпараттық жүйе ретінде пайдаланылады.

- жаттықтырушы – компьютер арқылы тіл үйренуде студенттің тілдік материалдары жаттап алуы үшін бірнеше рет қайталауына мүмкіндік болады.

- бақылаушылық – түзету – ағымдық және қорытынды бақылау жұмыстарын тексеруге, тексерудің объективті, яғни шынайы болуына, оқытушының бақылау жұмысын тексеруге уақытын бөлмеуге, бақылау жұмысының қорытындысын жасауға тиімді» - , дейді [1, 11].

С.Қ. Байтасова «Компьютерлік технология әдістерін практикалық сабақта қолдану» атты мақаласында, компьютерді қолдану арқылы студенттердің өз бетінше жұмыс істеулерін қамтамасыз ететін жаттығулар мен әдістемелік тәсілдерді ұсынады:

«1. Сұрақ-жауап диалогы. Студенттер сұраққа құрылған лексика-грамматикалық материалдар негізінде сұрақтарға жауап беруі керек.

2. Таңдамалы жауаптармен жүргізілетін тапсырма. Компьютерге жауап беру үшін студент ұсынылатын нұсқалардың бірін таңдауы қажет.

3. Еркін құрылған сөйлемдерді стильдік түзету.

4. Толықтыруды керек ететін жаттығулар. Компьютер толықтыруды керек ететін сөйлем жиынтықтары мен мәтіндерді ұсынады. Сөздерді аудару үшін көмекші құрал



ретінде беріледі, немесе компьютер ұсынған жауаптардың нұсқалары ішінен қажетті сөздер мен сөз тіркестермен толықтырылады.

5. Сөздікті меңгерудегі өзін-өзі бағалауға арналған жаттығулар. Бұл жаттығуларды орындау кезінде компьютер аударма үшін тізім ұсынады; компьютер сөздердің екі тізімін (қазақ тілі мен орыс тілінде) қалыптастырып, олардың екі тілдегі баламаларын ұсынады; сөздердің синонимдік пен антонимдік қатарын тауып алуға көмегін туғызады; грамматикадан әр түрлі жаттығулар беріледі» [2, 88].

Соның нәтижесінде тіл үйренуші компьютермен еркін жұмыс істей отырып, өз бетімен ойлануға дағдыланады, оқу қабілеті артып, білім нәтижесіне көз жеткізеді.

Компьютер арқылы электронды оқулықты орыс бөлімдерінде қазақ тілін оқыту үрдісінде жандандырып, сапасын арттыра түседі. Сондықтан да сабақта электрондық оқулықтарды қолдану арқылы монологтық айтылым, сұхбаттық айтылым, тыңдап түсіну, оқылым, жазылым сияқты айтылымның барлық түрін қамтитын жұмыстарды жүргізуге болады. Сол кезде тіл үйренуші өтілген материалдар негізінде белгілі бір лексикалық минимум көлемінде әңгіме жүргізе алуға және толыққанды хабар жасай ала білуге үйренуі қажет.

Қазіргі кезде компьютерді оқу үрдісінде пайдаланудың педагогикалық психология тұрғысынан тиімділігі жөнінде көп жазылып, айтылып жүр. Тіл үйренушілердің есту, көру, сөйлеу қабілеттерін дамытуда және электронды оқулықтағы көрнекіліктерді пайдалану мидың қабығында қосымша тітіркендіргіштердің пайда болуына әсер етеді. К.Ә Тілегенова «Орыс тілді аудиторыда қазақ тілін оқытуда компьютердің алатын орны» атты мақаласында компьютердің тілді оқыту барысында көру түйсіктері мен қабылдауларының алатын орны туралы: «...зерттеу жұмыстары көрсеткендей, көру жүйесі адам үшін доминант болып саналады: сырттан қабылданатын мәліметтің 90 пайызы көру мүшелері арқылы енеді. Ғалымдар көру тірегінің есту тірегіне қарағанда мықтырақ болатындығы дәлелденген. Олардың айтуы бойынша, хабарды тек қана есту арқылы қабылдау адамды тез шаршатады және мәлімет тез ұмтылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін көру техника құралы компьютерді қолдану өте тиімді», - дейді [3, 186].

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың мақсаты–тіл үйренушілерге ақпараттық білім бере отырып, олардың сөздік қорларын, ойлау қабілеттерін дамыту. Егер әрбір оқытушы сабақ барысында интерактивті тақтаға мультимедиалық проектор көмегімен көрнекі құралдарды пайдаланса, студенттердің тілді үйренуге ынта-жігері арта түсері анық. Интерактивті тақтамен және проектормен жұмыс кезінде бейне слайдтар және компьютерлік анимациялар жасауға мүмкіндік аламыз, сонымен қатар, тақта алдындағы жұмысыңыз бормен жұмыс істеп отырған секілді қарапайым да жеңіл болады.

«Интерактивті құралдардың көмегімен материалдарды беруде қандай мүмкіндіктерге қол жеткіземіз?

- тұсаукесер (презентация), баяндамашының өз баяндамасын толық жеткізуіне мүмкіндігі;
- оқу материалын көрсету, экран суреттермен қоса жазбаша мәліметтер бере алу мүмкіндігі;
- дәріс кезінде интерактивті тақтада берілген оқу материалын жазып алып, бірнеше рет пайдалана алу мүмкіндігі;
- интерактивті тақтаға жазылған барлық мәліметтерді сақтап, басып, электронды пошта арқылы жіберу мүмкіндігі.

Интерактивті тақтаның артықшылығына тоқталатын болсақ:

- арнайы бейнекамераларды пайдалана аламыз;
- мәтіндермен, объектілермен жұмыс істей аламыз, кез келген ақпараттарды сақтай Illuminate live бағдарламасы бойынша әлемнің әр мемлекеттеріндегі серіктестерге тұсаукесер өткізіп, өз жұмысымызға оңай және тез пікірлер ала аламыз;



- интерактивті тақтамен жұмыс істеу барысында тыңдаушылардың зейін аударуын жақсартады, оқу материалы ттттез меңгеріледі, нәтижесінде әр тыңдаушының оқу үлгерімдері артады;
- Activate көмегімен тест өткізіп, нәтижесін экранға шығарып оқушылар назарына ұсына аламыз» [4, 8].

Қазіргі кезде көптеген жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқыту үрдісі пайдаланыла бастады. Қашықтықтан оқыту үрдісінде студент (тыңдаушы) оқу орнынан тыс болады, мұнда да сырттай оқу түріндегі сияқты студент пен білім алушының арасындағы байланыс құралдары әртүрлі: пошта, телефон, компьютер және т.б. Қашықтықтан оқыту экономикалық жағынан тиімді деп есептеледі. Әлемдік білім беру жүйесінің орташа есебі бойынша қашықтықтан оқыту дәстүрлі білім беру түрлеріне қарағанда 50% төмен екені анықталды. Қашықтықтан оқытуды жүзеге асырудың негізгі әдістері электронды оқулықтар мен «Қашықтықтан оқытудың жер серіктестігі» арнасы болып табылады [5, 56].

Электронды оқулықтың басты мақсаты – студенттердің білім сапасын арттыру, оқытушыларға ғылыми - әдістемелік көмек көрсету. Электронды оқулықтар барысында біз дәстүрлі сабақтың ауқымын кеңейтіп, ақпараттық ортаны едәуір жоғарылатып, білім беру үрдісін көру арқылы қабылдауын қамтамасыз етеміз, яғни бұл басты ерекшелігі және тиімділігі студент пен оқытушының арасындағы байланыс көзбен көру арқылы жүзеге асады [6, 53].

Қашықтықтан оқытудың әдістемелік ерекшелігі – тіл үйренуші қалай болғанда да, тапсырманы өз бетімен орындайды және кез келген сәтте оқытушыдан қажет көмегін ала алады. Оқытушы студенттерге қазақ тілінде шығатын газет-журналдардың сервер мекенжайларын ұсына алады.

Тапсырмалар мен жаттығулар оқытудың басты жұмыстарының бірі болып табылады. Оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу сияқты элементтеріне сүйенеді. Орындалған тапсырманы тесті оқытушыға электронды пошта арқылы жіберіп отырады. Содан соң оқытушы тестіні тексергеннен кейін әр студентке шолу ақпаратын жібереді. Сол арқылы тіл үйренуші өзінің алған білім дәрежесін көріп, кемшіліктерін бағалап, бақылау жұмысын кейбір жағдайларда қайта жазуға мүмкіндік алады [7, 66].

Интернетте қазақ тілін оқу, қайталау түрінде ғана пайдалануға болмайды. Сонымен бірге түрлі жарнамалық қызметте де қолдануға болады. Мысалы, қазақ тілін тиімді және сапалы оқыту үшін жарық көрген ғылыми - әдістемелік еңбек пайда болса, оған жарнама жасау қызметінде немесе қазақ тілін өз бетімен үйренушілер үшін, қазақ тілін оқыту үшін әдістемелік нұсқаулар мен құралдарды тарату үшін интернеттің атқаратын рөлі ерекше [8, 118].

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Омарова А.Қ. Қазақ тілін оқытуда мультимедиа технологиясын қолдану // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2006. – № 1 (91). – 117 б.
- 2 Байтасова С.Қ. Компьютер технология әдістерін практикалық сабақта қолдану // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2006. – № 1 (91). – 87 б.
- 3 Тілегенова К.Ә. Орыс тілді аудиторияда қазақ тілін оқытуда компьютердің алатын орны // Мемлекеттік тілді қолдану іс-жүзінде – государственный язык в действии, 1836.
- 4 Сұлтанова Ш. Интерактивті технологиялар – білім беру саласында // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. – 2010. – №6. – 7 б.
- 5 Ерменбаева Л. Қазақ тілін дүниежүзілік өрмек (Web) арқылы оқыту // Қазақстан мектебі. – 2004. - №10. - 55 б.



- 6 Кенже Мухлис. Компьютерлік технологияны оқыту процесінде қолданылу ерекшеліктері // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. – 2006. – №10 – 52 б.
- 7 Нұржанова Ә. Қашықтықтан оқытудың кейбір мәселелері // Қазақстан мектебі. – 2007. № 11 – 12. – 66 б.
- 8 Жамашева Ж. Қашықтықтан оқыту-ақпаратты тиімді таратудың жаңа нысандарының бірі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2007. – № 8. – 118 б.

### РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается значимость применения информационно-коммуникативной технологии при обучении языку, так как она помогает учащимся создавать свою базу знаний, улучшать их творчество и совершенствовать творческие способности. Важное значение имеет использование новых информационных технологий в преподавании казахского языка.

### RESUME

This article helps to enrich student's knowledge, to increase activity level and to develop creative abilities through using informative – communicative technologies. It is very essential to use new technologies in teaching the Kazakh language.



## А.М. Картаева

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
филол. ғыл. д-ры, профессор

## А.Қ. Сейпутанова

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
филол. ғыл. канд., доцент

# М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы шығармашылық психология мәселесі

## Аннотация

Мақалада М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы шығармашылық психология мәселесі қарастырылған. Әдебиеттану ғылымындағы шығармашылық психология мәселесінің теориялық анықтамасы беріліп, оның «Абай жолы» роман-эпопеясындағы көрінісі нақты мысалдармен дәлелденеді. Жазушының эпопеяны жазу барысында орыс, батыс әдебиетінің тарихи туындыларын саралап, О.Форш, Ю.Тынянов және басқалар тудырған шығармашыл тұлғалар туралы романдарының тәжірибесімен салыстырады. Эпопеядағы негізгі қаһарман тарихи тұлғаның ішкі жан дүниесін терең бейнелеу әдісіне, шығармашылық психологиясын ашу шеберлігіне талдау жасайды.

*Түйін сөздер:* әдеби шығармашылық, шығармашылық психология, әдебиеттану, тарихи роман, ақындық тұлға.

Әдебиеттану ғылымында шығарманың психология мәселесіне қазақ әдебиетінің энциклопедиялық анықтамалығында мынадай анықтама берілген: «Суреткерлік өмірді танудағы, мәдени байлықты жасаушы ретіндегі жеке психологиясы, жаңа бір туындының қиялда туғанынан бастап, оның аяқталуына дейінгі динамика, яғни көркем шығарма жасаудағы жалпы және жекелеген заңдылық процесі, шығармашылық психологияның ерекшелігін зерттейтін әдеби, ғылыми көзқарас. Шығарманың психологиясының жалпы психологиядан өзгешелігі жазушының шындықты бейнелеу процесін жете үйрену және оларды ерекше бір көркемдік түрде жүзеге асыра білуі, сондай-ақ жазу тәсілінде, психологиялық принципте тек психологиялық тұрғыдан ғана келмей, әдебиеттану, эстетика және басқа да іргелес қажетті пәндерді пайдалана білуде болса керек» [1, 560].

Әдеби шығармашылық – адам іс-әрекетінің бір түрі. Бұл мәселе ғылыми тұрғыда жеткілікті зерттелген. Кез келген іс-әрекеттің міндетті түрде екі кезеңі болады: мақсат қою және міндетті орындау, мақсатқа жету. Әдеби даму іс-әрекетте ой-қиялмен шығармашылыққа мақсат

кою ой-қиялмен болса, ал шығарма тудыру процесі – сол мақсатқа жетудің жолы болып табылады. Әдеби ой-қиялдар әр алуан болғанымен, іс-әрекетте олардың басқа түрлеріне қойылатын мақсаттарын ерекшелендіретін ортақ қасиеттері болады. Сондықтан әдеби туынды жазудың мақсаты туралы бұл жерде сөз болып отыр. “Бұл мақсат – шындық өмірдің эстетикалық аспектісін ашуға ұмтылу және туындысы арқылы адамдарға әсер ету. Әдебиет пен өнердегі әр түрлі ағымдардың өкілдері эстетикалық қасиетті қайдан тауып және оларға қандай эстетикалық қасиет құнды болып табылатынына байланысты бір-бірінен ерекшеленеді” [2, 97].

Жалпы «шығармашылық дегеніміз бұрын еш уақытта болмаған, тек тыңнан пайда болған, қайта қайталанбайтын сапалы өнер туындысы деп түсінсек, онда шығармашылықты үш түрлі аспектіде – психологиялық, философиялық және эстетикалық тұрғыда қарастырамыз», - дейді М.С. Оразбек [3, 3]. Соның ішінде, шығармашылық психология көркем шығарманың туу процесін, автордың шығарманы жазу кезіндегі психологиясын, яғни елестету, сезіну, түйсіну, қиялдау, меңзеу арқылы сюжеттік оқиғаларды туғызу мүмкіндігін зерттейді [3, 3]. “Психологиялық талдау, ішкі монолог, адам жанының диалектикасын көрсету жөнінен “Абай жолы” эпопеясы әлем әдебиетіндегі барлық ғасырларда барлық халықтар жасаған ең үздік шығармалармен қатар тұрды” [4, 246].

Шынымен-ақ, эпопея авторы ақынның, әрі ағартушының ішкі жан-дүниесіне, рухани әлеміне үңіле отырып, басты кейіпкер Абайдың сенім ұялататын көркем бейнесін жасады. Осындағы рухани әлем дегеніміздің өзі не? К. Оразбектің “Шығармашылық тұлға және авторлық позицияның арақатынасы” атты докторлық диссертациясында мынадай анықтама беріледі: “Рухани әлем – ол адамның жан дүниесіндегі рухани, моральдық құндылығы, адамгершілік парасаты” [3, 15]. Яғни ақын өзі сезініп-түйсінген, терең толғандырып ойлантқан өмірдегі белгілі бір оқиғаны іштей қорытып, рухани және көркемдік әлеміне астастыра отырып эстетикалық дүние тудырады.

Көркем шығармадағы образ жасау тәсілінің бірі – адамның күйініш-сүйінішін суреттеу деп алып, белгілі ғалым З.Қабдолов: “Адамның ішкі тұңғық тереңін, адам психологиясының көзге ілінбес нәзік қалтарыстарын, адамға тән құштарлықтың жан түсінбес қиын құпиясын жарқ еткізіп ашып, қопара көрсеткен осынау керемет зергерлік образ жасаудың тағы бір тамаша тәсілі – озғын үлгісі. Адамның сезімін, күйіну не сүйіну халін суреттеу деп осыны айтады. Бұл – орасан қиын тәсіл. Бұл тәсілді тек тарлан таланттар ғана игере алады”, - дейді [5, 117].

“Психология – адамның ішкі дүниесі, әрекет үстіндегі жан тебіренісі, ой толқындары, қуанышы, күйзелісі, сезімдердің алуан сапалы құбылуы, дамуы, өрістеуі. Бұл жалпы адам баласына тән психологиялық процестер” [6, 64]. Ал психологиялық талдау – шығармашылық өнерге күш беретін ең маңызды қасиеттің бірі. Өз кейіпкерінің шығармашылық психологиясын зор эмоционалдық күшпен ашуы, поэтикалық ойдың туындауының үздіксіз процесін жан-жақты көрсетуі Әуезов шеберлігінің үлкен жетістігі болып саналады.

Бұл жөнінде жазушының өзі былай дейді: “... ақынның өмірін, күресін, өскен ортасын өз басынан кешкен өмір тіршілігінің нақтылы деректері арқылы тарихи жағынан дәл, дұрыс суреттеп көрсету керек. Ондай деректердің ішінде қоғамдық мәні бар ірілері де, жеке басқа, семьяға ғана тән ұсақтары да болуы мүмкін, бірақ соның бәрі геройдың жан дүниесіне жиналып, оның ой-сезімінен, ақыл сарабынан өтуі шарт. Одан әрі соның бәрі ақынның шығармасында сәулеленіп, оның дәуірін бейнелеуге тиіс...” [7, 25].

М. Әуезовтің адамзат баласына тән табиғи және психологиялық құбылыстарды асқан шеберлікпен бейнелеудегі көркемдік жаңалығын таза теориялық тұрғыдан таныған жазушы З. Шашкин болды. Ол өзінің “Мұхтармен кездесулерім” атты мақаласында былай дейді: “...Мұхтар Әуезов қазақ прозасында бұрын ешкім баспаған тыңды игерді!... Адамның ішкі жан күйін, тебіреніс толқынын беру үшін жазушы айқын образдарды,





нақтылы дәлме-дәл сөздерді тапқыр қолданады. Бұл ретте Әуезов өзінің психологиялық суреттеудің нағыз шебері екенін танытты, қазақ прозасындағы психологиялық мектептің шын мәніндегі көш басшысы бола білді” [8, 222].

Ромэн Ролланның белгілі “Жан-Кристоф” шығармасында қоғамдық өмірмен кең қарым-қатынасқа түскен кейіпкердің туғаннан өмірінің соңғы кезеңіне дейінгі тарихы көрсетіледі. Әуезов Роллан кейіпкерінің жан-жақты, көп түрлі поэтикалық әлемі, данышпанның шығармашыл ізденімпаздығының психологиясы қызықтырғанын атап көрсетеді. М.Әуезов негізгі қаһарман ретінде зерделі тарихи тұлғаны таңдауы, оның ішкі жан дүниесіне терең талдау жасауы үлкен көркемдік батылдық болатын.

О.Форш, Ю.Тынянов және басқалар тудырған шығармашыл тұлғалар туралы романдар бұл мәселелерді жаңаша шешті. “Әуезов эпопеяны жазуға кіріскен уақытта, кеңес әдебиетінде бұқара халықтың күресі, халықтың шығармашыл даналары, оны тудырушы күш туралы шығармалар туындап жатты. 1936 жылы “Петр I”, “Пушкин” романдары жарық көрді. 1939 жылы Сергеев-Ценскийдің “Севастопольская страда” атты патриоттық эпопеясы шықты, А.Толстой “Хмурое утро” бойынша жұмысын бастады, В.Шишиков “Емельян Пугачев” және т.б. шығармаларды жазды. Совет әдебиетінде “халық – тарих қаһарманы” мәселесі тарихи роман жанрында көрініс тапты. Тарихшы – ақындар тарихқа терең бойлай енді, қазіргі кезеңнен алшақ кетпеді. А.Толстой “Он сегізінші жыл” шығармаларынан кейін “Петр I-нің” 2 бөлімін, бұдан кейін “Хмурое утроны” бітіріп, “Петр I-нің үшінші кітабына көшті” [9, 289].

Алғашында, жазушы айтқандай, оның өзінде Абайды көркем-жинақтық, барынша ойдан шығарылған халық ақыны образының прототипі қылу, оған жаңа есім беру ойы ұшқын еткен. Мұның өзі Абай шығармашылығының сол кезде көптеген анық, даулы, тарихи дәйексіз қырларының болғандығынан тәрізді.

Тынянов пен Әуезовтің тарихи деректерге қатынасы өте ұқсас болды, дегенмен Тынянов тарихи құжаттардың түпнұсқасымен, замандастар мемуарларымен, олардың хаттарымен, мемлекеттік архивпен жұмыс істеді, ал Әуезовте тек қана Абай шығармалары, тарихи таным, “хатқа түспеген” халық жадындағы Абайды білген, көзі тірі аз ғана куәгерлер болды. “Мен Абай туралы романды жазуға кіріскенде, уақытты жібергеніме, Абайды білген адамдардың аз қалғанына, олардың ол туралы аз есте сақтағандығына өкіндім”, - деп жазады Әуезов.

Романға байланысты жүргізілген жұмыс түрлеріне арналған бірқатар мақалаларында Әуезов өзінің, басқа романшылармен салыстырғанда, тарихи тұлғаны танытуда кездескен қиыншылықтары туралы айтады. Шынында да, мемуарлардың, басылған мағлұматтардың жоқтығын Абайды білген адамдардың естеліктері толықтырды. Бірақ мұның да өз қиындықтары болды.

“Абай” романының бастауында Абай поэзиясымен қатар замандастарының әңгімелері болды. Бұл эпопеяның өзіндік тарихилығының негізгі бір мезеттері. Ақын образы халық санасы арқылы сараланған күйде қабылданды.

Тынянов пен Әуезовтің жиналған деректерге қатысы көпшілік жағдайда ұқсас. Әуезов Абай замандастарының әңгімелеріне сыни тұрғыда қарады, өйткені олардың арасында оның қастары да бар еді. Бұдан басқа, әңгімелер “бір деректерді нақты хабарласа, екіншілерін аңыздық түрде суреттеді”.

Әуезов жиналған деректердің барынша дәйектісін сұрыптады, оларды Абай поэзиясымен “салыстыра”, “поэтикалық сезімталдық пен тарихи тәсілге” сүйене отырып, көпшілігіне сенімді түрде қарады, көпшілігін теріске шығарды.

Тынянов құжатқа қиялының шарықтауына, шығармашылық ойының, адам характерін психологиялық тұрғыдан қабылдауға негіз болатын тірек ретінде сүйенді. “Құжат аяқталған тұста – мен бастаймын, - деп жазды ол. Барлық өмірдің құжатталуы туралы елестету – ештеңеге негізделмеген: әйелі мен балаларының денсаулығы тіркеледі, ал адамның өзі көрінбейді. Және содан соң адамның өзі – ол қанша жасырса, кейде оның

хаттары асығыс жазбаларға ұқсас. Адам негізгісін айтпайды. Ол үшін айтуға, оның істерімен айналысуға тура келеді, ең аз құжаттармен шектелуге тура келеді. Мен құжаттардың негізгісін терең танымағанда немесе оларды иеленбегендігі түпкі негізге жетпеген кезімде арланамын. Сонымен қатар, Тыняновтың шығармашылық шешімі “Уәзір Мұхтарда” “тарих қаһарман психологиясының мазмұны ретінде” берілуіне әкелді. Және де “роман-биографияны роман-тарихқа дейін көтеру үшін” бұл көркем мәнерден шешімді түрде тарту керек болды.

«Әуезов “бұл кітаптың ең осал жері, Грибоедов онда халықтан қол үзген күйде беріледі” деп көрсетеді. Тынянов совет романшыларының ішінде бірінші болып жаңа жанрды тудырды. Роман-өмірбаянның әлемдік реалистік дәстүр тәжірибесі белгілі мөлшерде оған көмектесті және “біздің ойымызша, оның кейіпкерлері характерінің берілуін негіздеді.

Әуезов өзінен алдыңғылардың тәжірибесін жаңаша қарастыруға және өзінің шығармашылық ізденістеріне басқа бағыт беруді мақсат етті. Бұл жағдайда, “ақын және оның халықпен, тарихпен қарым-қатынасы” мәселесі оның ойында алдыңғы қатарлы орынды иеленді» [9, 291].

Әуезовтің тарихи романға көзқарасы “Абай” романын жазу үстінде және замандастар тәжірибесін шығармашылықпен меңгеру процесінде қалыптасты. Оларды өмірбаяндық деректерге қатынасы анықтады.

Абай поэзиясында XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақ халқының өмірі көрініс тапқан. Халық тарихын сол кездегі Қазақстанның Ресейге қосылуына, таптық күрестің өрістеуі мен патриархальды-феодалдық құрылыстың ыдырауына байланысты оқиғалар анықтады. Қазақ даласында қалың бұқараның таптық санасын қайраған меңіреу, жасырын күрес жүріп жатты.

Халық өмірінің осы кезеңін суреттеу нысанына алған романшы, оның рухани өміріндегі даланы толқытқан оқиғалар әсерінен болған өзгерістерді ашып көрсетуі керек еді. Халық өз тарихын сол кезде негізінен материалдық ескерткіштерде, қолжазбалар мен кітаптарда емес, өзінің үміті мен мақсатын көрсететін, ең құдіретті өнерде, ауызша поэтикалық сөз өнерінде сақтады. Және мұның өзі романда көрініс тапты. Жазушы психологиялық тұрғыдан ақын халқын басқаша көрсете алмады.

Ұлттық психологияның басты белгілерінің бірі – поэтикалық образдармен ойлау мәнері – эпопея жанрындағы Әуезов ұсынған жаңашыл дәстүрлерді анықтады. Эпикалық дәстүрдің жаңаруы, оның ұлттық поэтикалық мәнері, символдар, гипербола, аллегория көпшілік жағдайда және тарихилық сипаты ретінде “Абай жолында” айқындалаған.

“Абай жолы” роман-эпопеясындағы алуан түрлі образдардың жасалу сырына үңілген жайда ұлы жазушының өз кейіпкерінің жан толқынысын, сезім иірімін ашатын шеберліктің сан-алуан әдіс-үлгісін алдыға тартқанын көруге болады. Халық өмірінің өткен дәуірдегі жарты ғасырлық тарихынан сыр шерткенде, сол сан тарау әдістің үздік үлгісі етіп өнер мен өнерпаздар тұлғасын ерекше сомдай білуі арқылы жан сезімді қиял кеңістігінің алыс қиырына жетелеп, еріксіз баурап, тылсым күйіне батырады. М.Әуезов өлең образын, ақын тұлғасын бейнелегенде, оны халық өмірінің психологиясының, талант табиғатының көрінісі ретінде беруді мақсат тұтқан.

Автор Абайдың өмір құбылыстары мен нақтылы фактілерден үлкен мағына жинақтап, қорыта келіп, жанынан терең ойлар тудыра білгендігін шеберлікпен көрсете білген. Оқырманды Абай образы әлемнің рухани құндылықтарын терең түйсіне білген, сол құндылықтармен айналасындағы адамдарға күш-қайрат беретін адам ретінде таныстырады.

Жазушы алыстан көрінетін таудың биік шыңындай қатпар-қатпар, қалтарыс-бұлтарыстары көп, Абайдың күрделі рухани жан дүниесін, сыртқы портретін де дәуірдің саяси-әлеуметтік, тұрмыстық-этнографиялық, моральдық-этикалық ерекшелігіне сай айшықтап, өзінше ой түйеді. Сондықтан Абайдың дүниетанымы, Абай характері роман-



эпопеяда бөлімнен-бөлімге, кітаптан-кітапқа өсіп, бірте-бірте ұшталып, кемелдене түседі. Соған орай, қаламгер өз романында Абай портретіне тән сипаттар мен сапалық өзгерістерді, әлеуметтік-психологиялық жағдайды, топтар мен таптардың талас-тартысында әлсін-әлсін көрсетіп, шиеленісті оқиғаның даму барысында біртіндеп толықтырып отырады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна LTD ЖШС, 2005. – 576 б.
- 2 Никифорова О.И. Исследования по психологии художественного творчества. – Москва: Московский университет, 1972. – 155 с.
- 3 Оразбек М.С. Көркем прозадағы шығармашылық тұлға мен авторлық позицияның арақатынасы. (1980–2000 жылдар әдебиеті бойынша): филол. ғыл.докт... автореф.: – Алматы, 2007. – 36 б.
- 4 Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана: Елорда, 2003. – 424 б.
- 5 Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. - Алматы: Жазушы, 1983. – 2 т. - 456б.
- 6 Мырзағалиев Қ. “Абай жолындағы” психологиялық иірімдер // Ақиқат. - №4. - 1996. – Б. 63-66.
- 7 Мырзахметов М. Патшалық Россияның ұлт аймақтағы саясаты // Қазақ әдебиеті. - 1990. – № 4. - Б.11.
- 8 Шашкин З. Мұхтармен кездесулерім / Кітапта: Біздің Мұхтар. – Алматы: Жазушы, 1976. - 432 б.
- 9 Лизунова Е. Современный казахский роман. – Алма-Ата: АН ССР, 1964. - 305 с.

### РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается проблема творческого психологизма в романе-эпопее «Путь Абая» М. Ауэзова. Дается теоретическое определение проблемы творческого психологизма в литературоведении и ее отражение в роман-эпопее «Путь Абая» доказана на конкретных примерах. Писатель в ходе написания эпопеи, изучив исторические произведения русской, западной литератур, сопоставляет их с опытом романов о творческих личностях, созданных О.Форшем, Ю.Тыняновым и другими писателями. Дает анализ методу глубокого отображения внутреннего духовного мира главного героя эпопеи - исторической личности, мастерству раскрытия творческой психологии.

### RESUME

The authors of the article consider a problem of creative psychologism in M.Auezov's epic novel «The path of Abay». They theoretically define problems of creative psychologism in literary studies and the reflection of it is proved on certain examples in the novel. In the course of writing the epic novel, the writer studied historical compositions of Russian, western literature and juxtaposed it with an experience of novels written by O. Forsch, Y. Tynyanov and others. The analysis of the method of depicting the inner world of a protagonist, who is in fact a historical personality, as well as the skills of revelation of creative psychology are given.

### Аннотация

Мақалада бүгінгі әдебиеттанудағы жаңа зерттеу нысаны болып табылатын метамәтінділік туралы тұжырымдар талданып, авыторлар тарапынан өзіндік пікірлер ұсынылады.

Метамәтіннің әдебиеттануда түсіндірілуі романтизм теоретиктерінің еңбектеріне орын алып, структуралистер мен постструктуралистер тұжырымдарында жалғасын тапқанына тоқтала келе, бүгінгі әдеби талдаулар үшін маңыздылығы туралы ой қорытылады.

*Түйін сөздер:* мәтін, метамәтін, интермәтін, романтизм, символика, метадикурс, протомәтін.

### Ж.Ә. Аймұхамбет

Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті,  
филол. ғыл. д-ры, профессор

### С.Ш. Айтуғанова

Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті,  
филол. ғыл. канд., профессор

## Әдебиеттану аспектісіндегі метамәтін түсініктемесі

Мәтіндер арасындағы байланыс бүгінгі әдебиеттану ғылымында жаңа зерттеу нысанына айналып отырғаны белгілі. Интермәтін ұғымынан туындайтын гипермәтін, архимәтін, метамәтін, парамәтін мәселелері өз алдына жекелей зерттеулерді қажет ететіні белгілі. Осы аталған ұғымдардың ішінде біз метамәтінді, яки метамәтінділікті қалай пайымдаймыз?

Метамәтін туралы семиотик, лингвист ғалымдар бірсыпыра тұжырымдарын ұсынып келеді. Сонымен бірге мифологияны зерттеушілер миф мотивтеріне негізделген шығармалар құрылымынан метамәтін белгілерін анықтай отырып, перимәтін және метамәтін деп бөле қарауды да ұсынды.

«Метамәтін» ұғымының әдебиеттанудағы түсіндірілуіне келейік. Бұл ұғымның бүгінгі күнде қабылдану мағынасына жуық келетін алғашқы тұжырымдарды ХІХ ғасырдағы еңбектерден табамыз. Атап көрсетсек, неміс романтизмінің теоретигі Фридрих Шлегель «поэзиядағы поэзия» терминін ұсынады. Ол бұл тіркесті трансцендентальді поэзияны сипаттау мақсатында қолданған екен.

«Бұл поэзия шығармашылық қабілеттің поэтикалық теориясына қазіргі ақындарда кездесетін, Пиндарда бар, гректің лирикалық фрагменттері мен ежелгі элегияда, сондай-ақ жаңа заман ақыны Гетеде кездесетін суреткер рефлексиясы мен өзіндік ғажайып бейнелену сияқты трансцендентальді материалдар мен алдына ала тәжірибелерді біріктіре отырып, өзін өзі бейнелеуі және барлық жағдайда поэзия бола отырып, бір мезгілде поэзиядағы поэзия бола алуы



керек» деп түсіндіреді Ф. Шлегель өз пайымын [1, 301-302].

Метамәтін ұғымының шеңберінде метапоэзия, металирика ұғымдары айқындалады. Қазіргі әдебиеттанудың өзекті бір мәселесі қатарында метапоэзияны айтуға болады. Жалпы метапоэзия туралы неміс зерттеушісі Армин Пауль Франктің «Теория в поэме и теории как поэма» («Theorie im Gedicht und Theorie als Gedicht») [2] және Е.Мюллер-Цеттельманнның «Лирика и металирика» («Lyrik und Metalyrik») [3] еңбектерінде қарастырылған. Армин Пауль Франк өлең туралы өлеңді сипаттайтын «поэтологиялық өлең» терминін ұсынады [2, 138]. Ал, Ева Мюллер-Цеттельманн лирикадағы метамәтінділік мәселесін нысанға ала отырып, металириканы «лириканың тақырып арқылы өзіндік бейнеленуі» дейді [3, 170]. Армин Пауль Франктің ұсынған бұл терминінің ғылыми айналымға енгені өте маңызды деп білеміз. Бұл ұғымға сәйкес талдау нысанына алынатын өлеңдер қазақ поэзиясында баршылық. XIX ғасыр ақыны Дулат Бабатайұлының «Жырымды менің сұрасаң // Тұманың тұнық суынан», «Жанымды шаң басқанда // Тұнық жырман жуынам» деп келетін толғау жолдары «поэтологиялық өлеңнің» сипатына жақын келеді деуге болады. XIX ғасырдың ақыны Кемпірбайдың әйгілі бақұлдасуында (Әсетен қоштасуы):

Әсетжан, осы аурудан өлем білем,  
Алланың аманатын берем білем.  
Кеудемнен көкала үйрек «қош» деп ұшты,  
Сол шіркін кәрі жолдас өлең білем.

Басымда отырды өксіп, қимай, тоқтап,  
Кете алмай бөтен жаққа айналсоқтап.  
«Серігім, қош, аман бол, Кемпірбай! – деп,  
Жылады бұрынғы өткен күнді жоқтап, -

деп сипатталатын өлең образына қатысты да поэтологиялық тұрғыдағы жаңа талдау қажет. Сондай-ақ, Абай Құнанбайұлының «Өлең сөздің патшасы», «Сылдырап өңкей келісім» өлеңдерін осы поэтологиялық өлең ұғымымен атап, түстей аламыз. Ұлы ақын шығармашылығынан өлеңге, оның табиғатына қатысты танымдық-поэтикалық пайымдаулар көптеп кездеседі.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.  
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,  
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең, -

деп, өлеңнің ұлттың рухани өмірінде алар маңызды орнын жырлаған ақын, сөздің құдыретін рухани болмыспен ажырамас бірлікте көрсетеді. Мұндай тақырыптағы өлеңдері тұтасымен «поэтологиялық өлең», «метапоэзия» ұғымдары аясында қарастыруға сұранып тұр. Мұқағали Мақатаевтің («Қалқам, мен Лермонтов, Пушкин де емен», «Өлең деген тумайды жайшылықта»), Фариза Оңғарсынованың («Өлең»), т.б. өлең туралы өлеңдер Франк айтып отырған «поэтологиялық өлең» топтамасына кірері анық. Аталған поэзиялық үлгілерді Е.Мюллер-Цеттельманнның «метапоэзия», «металирика» туралы концепциялары тұрғысынан да түсіндіріп, талдауға болады.

«Метамәтінділік немесе «мәтін туралы мәтін» конструкциясының табиғаты интермәтінділік байланыстың, дәйексөз, аллюзия, тақырып, эпиграф болсын, кез келген түрін сипаттайды. Бұлардың бәрі жекелеген мәтіннің «бөгде» мәнмәтінде көрсетілу қызметін анықтайды. Дегенмен, бұл төрт жағдайда біз имплицитті метамәтінділікпен жұмыс істеуімізге тура келеді. Олармен салыстырғанда, мазмұндап беру, вариация, бөгде мәтінді жазып аяқтау және премәтінмен интермәтінді ойын, премәтін туралы эксплицитті мәліметті немесе «мәтіндегі мәтін туралы мәтін» конструкциясын танытады», - дейді мәтіндер байланысын зерттеушілердің бірі Н.А. Фатеева [4, 142-143].



Пьеге-Гро Натали метамәтінділік туралы ойларын өзінің «Введение в теорию интертекстуальность» атты еңбегінде келтіреді. Ол Ж.Женнет тұжырымы негізінде, метамәтін көп жағдайда өз бойына дәйексөздерді жинақтайтынын айта отырып, мұндай жағдайда метамәтінділік пен интермәтінділік интерференциялық қарым-қатынаста болады деп көрсетеді [5, 55]. Сондай-ақ метамәтінділік пен интермәтінділіктің арасындағы жіктелу көркем шығармалардың өзара байланысы туралы ұқсас концепцияларды қайта қарау тенденциясын туындататынын айтады [5, 222]. Шындығында да, интермәтіннен туындады дегенімізбен, метамәтіннің өзіндік қызмет аясы, ерекшелігі бар екенін айғақтай түсетін дәлелдер баршылық. Бізге осы бағытта тереңірек талдаулар жасай отырып, метамәтін табиғатын айқындайтын белгілерді жүйелеп, нақты тұжырымдар жасау қажет.

«Метатмәтінділік (metatextuahle) – екі мәтінді біріктіруші түсініктеменің мәтіндермен өзара байланысы (туындаған мәтін метамәтін деп аталады) [5, 227]. Н. Пьеге-Гро аталмыш еңбегінің «Негізгі түсініктер» бөлімінде осы анықтаманы ұсынады.

«Метамәтін сөйлеушінің мәтінін бір жағынан дұрыс ұғынуға жәрдемдесе, екінші жағынан, мәтін бөліктерін өзара байланыстыруды қамтамасыз етеді», - дейді лингвист ғалым Н.Уәли [6, 52].

Метамәтін тек мәтіннің ішінде ғана әрекет етеді, оның дербес болуы мүмкін емес. Егер оны мәтіннен бөліп алса, түсініксіз болып қалады. Мәтін құрылымының мағыналық бөлшектері – базалық (түпкі, бастапқы) мәтін және метамәтін. Бұл екеуі бір-бірін толықтырып тұрады, әрі бір-бірімен байланысы бинарлық оппозициялық сипатта болуы да мүмкін.

«Лингвистер үшін метамәтін – гетерегонды (әртекті) компоненттерден тұратын қосмәтін; семиотиктер үшін – бастапқы, әуелгі тілдің мағынасын ашатын кілт; ал, әдебиеттануда метамәтін аясына тек мән-мағынаға бағытталған мәтін ғана емес, ол туралы автордың сөзі де кіреді. Мета айтылымның кәдімгі қос дауысты сөзден айырмашылығы – мұнда эстетикалық шекара автор мен қаһарманның емес, әуелгі автор мен «автор бейнесінің» ара жігін анықтайды. Метамәтіннің арқасында, әуелгі автор шығарманы тудырушыны меншікті образына айналдырады», – деп жазады мета мәтіннің теориялық тұжырымдарын ұсынып жүрген Ким Хен Ен [7, 205].

Метамәтін туралы сөз болғанда жалпы мәтін құрылымын анықтай түсу мақсат етіледі. Зерттеушілер әдеби аудармаға қатысты алғандағы мәтіндер арақатынасын анықтауда да метамәтін ұғымына соқпай өтпейді.

Өткен XX ғасырдың 60-70 жылдарында көркем аударма мәселелері тұрғысынан түпнұсқа және аударма мәтіндердің арақатынасына қатысты бірсыпыра зерттеулер жарық көрді. 70-жылдардан кейін де бұл мәселе жалғасын тауып, осы бағытта кең көлемдегі зерттеулер жазылды. Олардың ішінде чех зерттеушісі А. Поповичтің еңбегін атай аламыз. Аударма мәтін басқа әдеби мәтіндерге қатысты алғанда ерекше мәтін болып санала ма деген сауалға жауапты А.Попович «мета» ұғымы аясынан табады. Сөйтіп, мәтіндер арасындағы әртүрлі байланыс тәсілдері типологиясын анықтауды алдына міндет етіп қояды. Осылайша ол барлық мәтіндерді протомәтін және метамәтін деп жіктейді. Протомәтін, екінші сөзбен айтқанда, түпмәтін. Метамәтінді протомәтіннің моделі, екі мәтін арасындағы мәтінаралық инварианттың әрекет ету тәсілі, байланыс нәтижесі деп сипаттайды [8, 184]. Сөйтіп, екі мәтінді біріктіретін құрылым – *протомәтін мен метамәтін* – метамәтін типологиясын туындатады. Бұл құрылымды тек аударма мәтіндерге қатысты ғана емес, тұтастай мәтін құрылымын қарастырғанда негізге алған жөн деп білеміз.

Метамәтін туралы теориялық тұжырымдардың ішінде тек бір бағытта шектелмей, екінші бір тарапқа бастайтындары да кездеседі. Мәселен, В.А.Шаймиев «Метамәтін бе, әлде метадискурс па?» деген сауалды көлденең тартады [9, 563]. Метамәтін туралы анықтамаларды, оның талдамаларын (негізінен Вежбицкаяның) мысалға келтіре отырып,



ол мәтіннен гөрі дискурса назар аударады. Метамәтіндік құрылымға тоқтала келе «Бұл құрылымға ситуативті-прагматикалық мазмұн тән екендігі айқын дәлел. ...Сондықтан қарастырылып отырған құрылым пішіндік тұрғыда метамәтін болып табылады деу қисынды. Шартты түрде алғанда, ол шын мәтінде метамәтін. Ал, мазмұндық, яғни дискурстық тұрғыда, ситуативті-прагматикалық мәнін және мәтіннің дискурстық ерекшелігін ескергенде, бұл құрылым метадискурстық болады. Басқаша айтқанда, шифтерлерге (индикативтік символ) ұқсас мұндай құрылым сөз түсінуді мәтіндік деңгейден дискурстық деңгейге «аударды». Сондықтан да мұндай құрылымды мазмұны және қызметі жағынан метадикурс ретінде сипаттаған орынды» [9, 564] дейді. Ғалымның бұл айтқаны қисынға келеді. Ол мәтіннің метадикурсивті қызметі көпфункционалы деп, репрезентативті, мәтінтүзушілік және медиативті функцияларын атап көрсетеді [9, 564].

#### Метадикурс

- мифтік баяндардың символикалық мәнін түсіндіретін туынды мәтінге (мифті негігі мәтін деп алсақ);

- фольклорлық мұраларда жасырылған мағыналарға;

- ауыз әдебиеті үлгілеріндегі тұспал, ишарамен айтылған әңгімелердің кейінгі мәтіндерде түсіндірілуіне қатысты болып келеді. Мысалға би-шешендер, жыраулар толғауларындағы астарлы сөздерге түсініктеме беретін кейінгі мәтіндерді алуға болады.

Бұқар жырау Қалқаманұлының бір толғауының шығуы туралы аңыз М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында (729-бума, 3-дәптер. Жинаушы Тәшбаев Асылбек, 13.01.1971 тапсырылған) сақталған, сондай-ақ Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» еңбегінде кездеседі.

XV ғасырда өмір сүрген әйгілі Асан қайғы Жәнібек ханға толғауында былай дейді:

Әй, Жәнібек, қарасаң,

*Қилы заман болмай ма,*

*Суда жүрген ақ шортан*

*Қарағай басын шалмай ма,*

Мұны неге білмейсің?! [10, 121]

Мұндағы тұспалды сөздің мәнісі арада үш ғасыр уақыт өткенде, ХҮІІІ ғасырда, Абылай ханның сұрауына жауап ретінде Бұқар жырау тарапынан былай түсіндіріледі (мысал Қ.Халидтің «Тауарих хамса» еңбегінен алынды):

Қарағай судан қашып,

Суға біткен бір дарак.

Шортан суға шыдамсыз

Балықтан шыққан бір қарак.

Ойлама шортан ұшпас деп,

Қарағайға шықпас деп [11,110].

Қ.Халид еңбегінде Жәнібек ханға айтылған толғаудың тағы бір нұсқасы бар. Оны автор 1871 жылы Құдабай ақынмен кездескенін, оның Қойшан деген кісіден естігенім еді деп айтқанын келтіреді. Ол өлең мынадай:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,

Заман азып, заң түзіп жаман болар.

*Қарағайдың басына шортан шығып,*

Бабалардың дәурені тамам болар [11, 112].

Екінші нұсқада «қарағайдың басына шортанның шығуы» «ббалар дәуренінің тәмам болуы» деп түсіндіріледі. Екі нұсқада да «қилы заманның» сипаты қарағайдың басын шортанның шалуымен тұспалданады.

Келтірілген екі толғауда алдыңғы мәтіндегі ойға кейінгі мәтінде түсініктеме беріледі. Асан қайғының толғауы протомәтін (түпмәтін) болса, Бұқар жыраудың толғауы – метамәтін. Метамәтін мен метадикурсқа қатысты пікір-тұжырымдар тұрғысынан алғанда ауыз әдебиеті туындысы болып саналатын екі жыраудың толғауы осылай

сипатталады. Бұл мысалда гетергонды құрылымнан тұратын қосмәтінділік те, бастапқы мәтіннің тұспалын түсіндіру де, эстетикалық шекара да бар. Бұқар жыраудың Асан қайғы толғауына түсініктеме беруін, мазмұны және қызметі жағынан метадикурс (В.А.Шаймиев) ретінде де сипаттаған да орынды. Алайда, бұл ұғым біз үшін метамәтінділікпен тікелей байланысты, сол негізде туындап отыр.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Шлегель Ф. Эстетика. Философия. Критика. В 2-х тт. Т 1. М.: Искусство, 1983. – 480 стр.
- 2 Armin P. Frank. Theorie im Gedicht und Theorie als Gedicht. Literaturwissenschaft zwischen Extremen: Aufsätze und Ansätze zu aktuellen Fragen einer unsicher gemachten Disziplin. - Berlin, New York, 1977, pp. 131-169.
- 3 Müller-Zettelmann E. Lyrik und Metalyrik. Theorie einer Gattung und einer Selbstbespiegelung anhand von Beispielen aus der englisch-und deutschsprachigen Dichtkunst (Heidelberg, 2000), p. 170.
- 4 Фатеева Н.А. Интертекст в мире текстов: Контрапункт интертекстуальности. Изд.3-е, стереотипное. – М.: КомКнига, 2007. – 280 с.
- 5 Пьеге-Гро Н. Введение в теорию интертекстуальности: Пер. с фр. / Общ. ред. и вступ. ст. Г. К. Коенкова. – М.: Издательство ЛКИ, 2008. – 240 с.
- 6 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт...диссертацияның авторефераты: 10.02.02. - Алматы, 2007. – 60 б.
- 7 Ким Хён Ён. Теория метатекста и формы ее проявления в поэтике. // Acta Slavica Iaponica. Journal of Slavic Research Center. – Hokkaido, 2004. – № 21. – P. 202–213. Интернетресурс: <http://hdl.handle.net/2115/39437>.
- 8 Попович А. Проблемы художественного перевода. – М.: Высш. шк., 1980. – 199 стр.
- 9 Шаймиев В.А. Так метатекст или метадикурс? // Вестник Башкирского университета. 2012. Т. 17. Стр. 563-565.
- 10 Он ғасыр жырлайды. - Алматы: Дәуір, 2006. – 408 б.
- 11 Халид Қ. Тауарих хамса (Бес тарих). Ауд. Б.Төтенай, А.Жолдасов. - Алматы: Издат Маркет, 2006. – 296 б.

### РЕЗЮМЕ

В статье проанализированы выводы о метатексте, который является новым объектом исследования в литературоведении, а также изложены собственные мнения авторов.

Толкование метатекста в литературоведении изложено в трудах теоретиков романтизма, продолжаясь в выводах структуралистов и постструктуралистов, выделена важность литературного анализа на сегодняшний день.

### RESUME

The authors of the article analyze the conclusions about the metatext, which is a new object of the research in literature studies and also offer their own views.

Explanation of the metatext in literary studies takes place in the works of romantic theorists and are reflected in the conclusions of structuralists and poststructuralists; the importance of nowadays literary analysis is highlighted.



## **Н.Г. Шаймердинова**

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,  
д-р филол. наук, профессор

# **Тюркские языки в формировании языковой ситуации в Республике Казахстан (коммуникативные интенции)**

### **Аннотация**

В статье рассматривается языковая ситуация в Республике Казахстан, в котором после обретения суверенитета кардинально изменилась языковая политика государства, направленная на развитие казахского языка как государственного, русского языка как межнационального, создание условий для развития языков других народов, проживающих в Казахстане. Дается лингвистический анализ письменной речи казахоязычных и русскоязычных респондентов.

*Ключевые слова:* языковая ситуация, полиязычие, тюркские языки, коммуникативная интенция, билингвизм, казахоязычные и русскоязычные респонденты.

С 2015 года языковая политика государства в Республике Казахстан приобрела новое направление, активно пропагандируется идея полиязычия, владение 3-мя языками: казахским, русским, английским. При этом казахский язык по-прежнему остается государственным языком, как отмечено в Конституции и Законе «О языках в РК» суверенного Казахстана с 1991 года. За 25 лет суверенитета выросло новое поколение людей, которые достаточно хорошо владеют казахским языком, 80-90% детских садов, школ, колледжей и вузов с государственным языком обучения. Казахский язык стал ведущим языком науки, здравоохранения, СМИ, сервиса, документации и законодательства, внутренней и внешней политики государства. Чтобы быть успешным в социальном и в карьерном росте русские, немцы, поляки, татары, киргизы, уйгуры и многие другие народы, живущие в Казахстане, изучают и владеют казахским языком, хорошо знают казахскую культуру.

О языковом строительстве, языковой ситуации в Республике Казахстан и функционировании русского и казахского языков в республике подтверждают и данные, полученные в результате исследований Международного проекта «Взаимодействие истории, культуры, языка тюркских народов в

постсоветском Казахстане», осуществляемого нами (кафедрой тюркологии ЕНУ им. Л.Н.Гумилева) совместно с учеными Берлинского Свободного университета и университета Франкфурт-на Майне им. Гёте. В рамках этого проекта были проведены специальные социокультурные исследования истории, культуры, языка тюркских народов, проживающих в Казахстане. Они сводились к следующему: полевые экспедиции в южные, восточные и северные регионы Казахстана, интервьюирование респондентов, запись и документирование разноязычных текстов, образцов устного народного творчества, анкетный опрос, на основании последнего созданы базы данных и специальный сайт [[www.turki.weebly.com](http://www.turki.weebly.com)]. Применительно к нашим исследованиям по данным последней переписи населения 2009 г. всего тюркских народов в Республике Казахстан, включая коренной казахский народ, оказалось 25 [2]:

№	Национальность	Кол-во людей по переписи населения РК 2009г	Необходимое кол-во анкет
1	азербайджанцы	85.292	170
2	балкары	1.798	18
3	башкиры	17.263	100
4	хакасы	223	11
5	чуваши	7.301	73
6	долганы	3	0
7	гагаузы	493	25
8	якуты	119	6
9	караимы	231	12
10	каракалпаки	2.828	28
11	карачаевцы	995	50
12	киргизы	23.274	100
13	кырымчаки	35	7
14	кумыки	481	24
15	ногайцы	276	24
16	татары	204.229	200
17	крымские татары	1.532	15
18	шорцы	96	5
19	тувинцы	37	7
20	турки	97.015	194
21	туркмены	2.234	22
22	узбеки	456.997	200
24	уйгуры	224.713	200

Важным составляющим анкетного опроса проекта является языковой блок, в котором в качестве ключевых вопросов рассматривались вопросы образования, владение родным языком, изучение его в дошкольных, школьных и вузовских программах, использование родного языка, владение казахским и русским языками, отношение к ним и их использование.

*Башкирский язык.* Башкиры, проживающие в РК, также в основном образование получают на русском языке:






Язык	Образование						
	Начальное		Среднее		Высшее		
	Дошко- льное	Началь- ное	Неокончен- ное среднее (техникум, колледж)	Сред- нее	Неокон- ченное высшее	Высшее (бакалав- риат, магистра- тура)	После- вузовское (аспиран- тура, док- торантура)
Рус.	40 чел.	46 чел.	31 чел.	31 чел.	11 чел.	13 чел.	1 чел.
Каз.	3 чел.	3 чел.	-	1 чел.	1 чел.	-	-
Другое	15 чел.	15 чел.	9 чел.	16 чел.	1 чел.	2 чел.	-
Нет данных	34 чел.	28 чел.	52 чел.	44 чел.	79 чел.	72 чел.	91 чел.

Но в то же время из 92 опрошенных информантов 86 человек считают своим родным языком башкирский язык (но 77 информанта признались, что при разговоре на родном языке они смешивают казахский и русский языки) и только 6 человек в качестве родного указали либо казахский, либо русский, либо татарский языки [3, с.209].

Башкиры, меньше чем татары владеют государственным казахским языком - 59 человек (64%) и русским языком - 89 человек (97%), 9 человек знают татарский, 2 человека знают узбекский язык (см. диаграмму)



Коммуникативная компетенция башкир имеет смешанный характер: 24 информанта активно говорят и пишут на башкирском, 26 человек - на русском, 6 человек - на казахском языках. Имеет место также билингвизм 14 чел. - на русском и казахском, 11 чел. - на башкирском и русском; 3 чел. на башкирском и казахском языках (см. диаграмму).



Подобный анализ по употреблению русского и казахского языков, владению родного языка был осуществлен автором и с гагаузами, проживающими в Республике Казахстан [4, с. 278-285].

Для выявления более четкой картины языковой ситуации в Республике Казахстан мы подвергли анализу не только коммуникативные компетенции тюркских народов республики, но и компетенции коренных жителей казахов. В эксперименте приняли участие студенты кафедры тюркологии Евразийского национального университета им. Л.Гумилева специальности: 5В021200 – «Тюркология», всего 75 респондентов, из которых 46 студентов обучаются в группах с государственным языком обучения, что составляет 61,3% и 29 человек - в русских, что составляет 38,7%.



Казахоязычных студентов на 22,6% оказалось больше, чем русскоязычных, что подтверждает тезис: за годы суверенного Казахстана в разы увеличилось казахоязычное дошкольное, школьное и вузовское образование. Вместе с тем определилась характерная РК языковая ситуация, когда казахоязычные коммуниканты хорошо владеют письменной и устной русской речью. Из 46 казахоязычных студентов-тюркологов только 9 студентов в устной коммуникации допустили коммуникативные сбои, а в письменной речи допустили ошибки в языковой системе русского языка, а 30 респондентов, что составляет 65% казахоязычных студентов, достаточно хорошо владеют устной и письменной русской речью. Семь человек из общего числа казахоязычных студентов (46 чел.) являются активными билингвами, обладают свободным переключением кодов с казахского на русский язык, с русского на казахский язык во всех сферах деятельности. Их письменная речь на русском языке грамотна и не нарушает норм русского языка.

Коммуникативные сбои в русской речи казахских информантов наблюдаются в морфолого-синтаксической системе: в употреблении падежно-предложных конструкций имени существительного (непонимание коммуникантами многозначности русских падежей и многообразия их средств выражений), форм числа, употреблении предлогов и родовых форм (в силу отсутствия предлогов и категории рода в казахском языке), видо-временных форм (в силу отсутствия категории вида в казахском языке). Приведем некоторые иллюстрации из текстов студенческих работ (*примечание: коммуникативные нарушения подчеркнуты*):

1. Этот эссе будет незаконченным, потому что мой дверь вдохновений, еще не закрылось (Абдешева Айнур, 2 курс) - ошибки в употреблении рода.
2. В этом мире можно вдохновиться многим у турков, например, ихне кухней, ихне литературой, ихне одеждой (Абдешева Айнур, 2 курс) - грамматические ошибки в употреблении местоимения, орфографические и стилистические ошибки.
3. Пообедав я иду в курс английского. После этого пойду в общежитие (Болыс Аида, 1 курс) - неправильный выбор предлога и формы настоящего времени.



4. Утром я проснусь в 7 часов, позанимаюсь утренней гимнастикой, позавтракаю, выйду из дома и пойду в университет (Мейрбек Арман, 3 курс) - употребление форм будущего времени, вместо форм настоящего времени.
5. Вступать в различные, развивающиеся группы молодых людей, в молодежную политику. Ставить перед собой цели и стремиться достигнуть и включить, внести вклад в свою родину (Толегенова Анар, 2 курс) - смысловые, стилистические ошибки.

Следует отметить, что подобные коммуникативные сбои в устной и письменной речи можно наблюдать на рынках, в сфере сервиса, в учреждениях образования, здравоохранения, культуры, когда из-за переноса столицы из Алматы в Астану казахи из южных, юго-западного, юго-восточных регионов, жители сельской местности мигрировали в новую столицу, а также в северные, центральные области республики.

Русские в Республике Казахстан и казахи с русским языком обучения демонстрируют владение казахским языком намного хуже, чем казахоязычные информанты, что также подтверждает эксперимент со студентами тюркологами.

При освоении казахского языка у русскоговорящих коммуникантов наблюдаются типичные коммуникативные неудачи фонетического, лексического, грамматического характера. В фонетико-фонологической системе коммуникативные сбои обусловлены различием артикуляционных баз казахского и русского языков. Так, фонетические ошибки наблюдаются при произношении специфических звуков казахского языка. В речевой деятельности русскоязычных коммуникантов нарушается краткость гласных [ы], [і] в словах, типа Атырау [Атрау], сабын [сабн] и т.д. В казахской речи русскоязычного коммуниканта гласная [о] редуцируется по аналогии с русской фонемой, что приводит к семантическим искажениям, поэтому отан (родина), звучит как [атан], орман (лес) как [арман], антропонимы Олжас и Шолпан звучат как [Алжас] [Шалпан], что ведет к семантическим искажениям или к нарушениям смысла («атан» означает «кастрированного верблюда»; «арман» - «мечту»). В грамматической системе ошибки наблюдаются в употреблении падежных форм, залоговых и притяжательных форм (например, сопряженность значения обладания родительного падежа с аффиксами притяжательности -ымыз/-іміз/-сы/-сі. Для русской языковой картины мира неприемлемо значение «двойного обладания», поэтому и происходят коммуникативные нарушения в изафетных конструкциях казахского слова: «біздің ауылымыз» звучит как «біздің ауыл» и т.д. Подобные ошибки установлены в письменной речи студентов-тюркологов (*примечание - слова с ошибками подчеркнуты, в скобках даны правильные формы*):

1. ...екіншілер әлемді көру, немесе бықытты отбасына құру (Жаныбек Сымбат, 4 курс) - ошибка в притяжательно-падежной форме.
2. ... әр бала (ның) дені сау болсындығын (болгандығын), ата-анасы да жақын сүйген болсындығын (Жаныбек Сымбат, 4 курс) - ошибка в употреблении Род.п.; болсындығын - неверное образование причастной формы на -ған.
3. Әкесі (әкем) Палодар қаласыңда туыды (туылды), апам Алматыдан болады (Аубакирова Гульдана, 3 курс) - 1) ошибка в употреблении 1 лица притяжательной формы; 2) туыды - неверное употребление страдательного залога.
4. Кешке асты жанұямен бірге қабылдаймын "Вечером вместе с семей принимаю ужин" (Глеубай Айғаным, 2 курс) - семантико-синтагматическая ошибка қабылдау "принимать", можно қонақты қабылдау "принимать гостей".

Ошибки русскоязычных респондентов обусловлены в целом типологической особенностью тюркских языков, в т.ч. казахского языка.

Анализ носителей языков тюркских народов Казахстана, казахского и русского языков показал, что языковая ситуация в Республике складывается из знания носителями языка государственного казахского, межкультурного русского и языков этносов, проживающих в стране, в т.ч. тюркских этносов. Коммуникативная активность жителей Республики Казахстан складывается из владения родного языка, казахского и русского

языков. Тем не менее наблюдаются различные степени владения указанными языками. Русскоязычные респонденты делают гораздо больше коммуникативных нарушений в устной и особенно в письменной казахской речи, чем казахоязычные респонденты. Однако степень владения русским языком далеко не одинаков в разных регионах страны: в северных и центральных, северо-восточных, северо-западных достаточно высокий, напротив, в южных, юго-восточных, юго-западных - невысокий. Казахоязычные коммуниканты в большей степени владеют двумя, тремя языками. С новой языковой политикой государства растет необходимость владения и английским языком, жители Казахстана, в т.ч. казахоязычные коммуниканты могут владеть и четырьмя языками.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Сайт [www.tuyrki.weebly.com](http://www.tuyrki.weebly.com).
- 2 Сайт [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz).
- 3 Шаймердинова Н.Г. Татарская диаспора Казахстана: социокультурные аспекты// Материалы международной научно-практической конференции "Литература и худ.культура тюркских народов в контексте Восток-Запад" - Казань, КФУ, 2015. - С.590-601.
- 4 Невская И.А., Тажибаева С.Ж., Шаймердинова Н.Г., Шенинг К., Тусупов Ж. Тюркский мир Казахстана: исследование языков и создание базы данных Global-Turk//International Journal for Information and Analytics. - Astana, International Turkic Academy, 2016. - 105-116 S.

### ТҮЙІН

Мақалада еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы қазақ тілінің мемлекеттік тіл, орыс тілінің ұлтаралық тіл ретінде дамуына және Қазақстанда тұратын басқа этнос тілдерінің дамуы үшін жағдай жасауға бағытталған жаңа тілдік саясат негізіндегі Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаят қарастырылады. Қазақ тілді және орыс тілді респонденттердің жазбаша сөйленім әрекеттеріне лингвистикалық талдау жасалынады.

### RESUME

The article examines the language situation in the Republic of Kazakhstan, which, after gaining sovereignty, radically changed the language policy of the state aimed at the development of the Kazakh language as a state language, and the Russian language as an interethnic language, creating conditions for the development of the languages of other ethnics living in Kazakhstan. Linguistic analysis of the written speech of Kazakh-speaking and Russian-speaking respondents is given.

### Аннотация

Бұл мақалада Павлодар-Ертіс өңірінен шыққан М.Әлімбаев, И.Байзақов, С.Торайғыров сынды қаламгерлердің шығармаларында кездесетін кірме сөздер арнайы сөз болады. Авторлар ақындар тіліндегі араб-парсы тілінен енген кірме сөздерді іштей тақырыптық топтарға жіктеп көрсетеді.

*Түйін сөздер:* тарих, мәдениет, қарым-қатынас, құбылыс, кірме сөздер, араб-парсы сөздері, мағына, қаламгер, шығарма, лексикалық бірліктер

### Ғ.Қ. Резуанова

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, филол. ғыл. канд., доцент

### В.А. Шнайдер

Инновациялық Еуразия университеті, филол. ғыл. канд., доцент

## Павлодар Ертіс өңірі қаламгерлерінің шығармаларындағы араб-парсы тілдерінен енген сөздер

Тіл адам баласының қатынас құралы болуымен қатар, халықтың мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік күйін, дүниетанымын бейнелеуде маңызды рөл атқарады.

Көркем шығарма ұлттық болмысқа қатысты мәселелерді жинақтайтын күрделі құбылыс, біртұтас дүние ретінде әр ұлттың өзіне тән мәдениетінен, мінезінен, жан-дүниесінен хабар береді және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді.

Мол әдеби мұрасымен, ақындығымен тәнті еткен қаламгерлер қатарында Павлодар-Ертіс өңірінен шыққан М.Әлімбаев, И.Байзақов, С.Торайғыровтарды да айтуымызға болады. Олар – қазақ ұлттық мәдениетінің аса белгілі қайраткерлері. Мәселен, Иса Байзақов суырып салма ақындығымен қатар сазгер, театр қайраткері. Ол жай ақын емес, М.Әуезовше айтқандай, «желпініп, үзілмей соққан сар даланың желі сияқты, сол даладай кең, мол ақындықтың иесі». Иса Байзақовтың тілінде халықтың мәдени өмірі мен тарихы, мындаған жылдар бойы жинақтаған танымы мен білімінің көрінісі жатыр.

Бұл қаламгерлер поэзиясының тілдік табиғатын халқымыздың тарихымен, таным-түсінігімен байланыста қарастыру қазақ тіл білімінде ұлттық танымға негізделген жаңа үрдістегі зерттеудің мәнін ғылыми тұрғыдан байытары сөзсіз. Біз бұл ақындардың шығармаларында қолданылған кірме сөздерді лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан қарасты-



руды мақсат еттік. Себебі қай қаламгерлердің тілінде болмасын, кірме сөздердің қолданысы назар аударып, ерекше сөз етуді қажет етеді. Жалпы, өзге тілдерден сөз қабылдау – тілдердің бәріне де тән құбылыс. Қазақ халқы да өзінің ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып, қарым-қатынаста болған. Осы аралас-құраластықтың, қарым-қатынастың нәтижесін тіліміздің лексикалық қабаттарынан байқаймыз. Сөздік қорымызға енген кейбір сөздердің әбден сіңісіп кеткені соншалық, кейде олардың кірме сөздер екенін де аңғармаймыз. Олар күнделікті тұрмыста, ғылым салаларында, көркем әдебиетте белсенді қолданысқа енген. Қазақ тіліндегі кірме сөздердің басым бөлігін араб, парсы, монғол, орыс сөздері құрайды. Араб және парсылық сөздердің дыбыстық тұлғасы қазақ тілі заңдылықтарына бағынып, тіліміздегі төл сөздер қатарына қосылып кеткен. Лингвистер болмаса, көпшілік ажырата да қоймайды. Павлодар-Ертіс өңірінен шыққан қаламгерлер туындыларын зерттей отырып, олардың тілінде қолданылған бөгде тілдік элементтердің дені – араб, иран, орыс сөздері екенін байқадық. Мәселен, *Мұнартып көңілдің хошын; Көпке куә әріден Бабам көзі – самырсын!; Құлайды емен тік тұрып; Шайқастарда шыдап бақтық қайыспай, Жай түсіріп дұшпанға; Сағынған солдат көңілі хабар күтті, Ынтығып күнді санап, апта санап* («Ақмандайлым»). М.Әлімбаевтың «Ақмандайлым» туындысынан алынған бұл жолдардағы қарамен белгіленген сөздердің қай тілден енгені және олардың білдіретін мағынасын «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» бойынша айқындалық. Мұндағы *хош* [иран] – көңілдің жан сүйсінерліктей жай-күйі, ықылас-зауқы. *Куә* [иран] – болған істің ақиқатын растаушы, шындығына айғақ болушы. *Дұшпан* [иран] – қас жау, қара жақ. *Хабар* [араб] – болған іс, оқиға, сондай-ақ біреулердің хал-жайы жөнінде білдірілген қысқаша мәлімет. *Апта* [иран] – ұзақтығы жеті күн тәулігіне тең уақыт өлшемі. Сол сияқты бұл жолдарды самырсын және емен деген өсімдік атаулары да кездеседі. «Самырсын» – өте биік өсетін қылқан жапырақты ағаш; қарағайдың бір түрі болса, «емен» – шамшат тұқымдасына жататын жалпақ жапырақты көп жылдық ірі ағаш.

И. Байзақовтың «Аспандағы аққуға ән қосайын» өлеңінде де кірме сөздер кездеседі.

Мысалы:

*Қырандай көз айырмай Дауыл қақты,  
Көк найзам күл-күл болды неміс сапты.  
Ол салды айбалтамен, мен сермедім,  
Сынығын найзасының аспанға атты.*

Мұндағы *найза* [иран] – ұшы істік, ағаш сабы бар соғыс құралы. Ал «Клеопатра» өлеңінде де кірме сөздер молынан ұшырасады. Мәселен,

*Ырзамын өміріме көп жасаған,  
Қимайды қу тірлікті итжанды адам.  
Ең соңғы ләззәтімді татып өлем –  
Қойныңды аш, сұлу патшам, енді маған.*

Осы өлең жолдарында қарамен берілген сөздерге тоқталсақ, *патша* [иран] – төңкеріске дейінгі Ресей монархиясының титулы, билік иесінің атағы. Ал «ырза» араб тілінен енген *разы* сөзінің варианты. Л.З. Рүстемовтің «Араб-иран кірме сөздерінің қазақ-орыс түсіндірме сөздігінде» *разы* сөзі екі түрлі мағына беретіндігі айтылған: 1) қанағаттанған, көңілі жай; 2) сүйкімді – келіскен, көңілі жай тапқан [1, 238]. *Ләззат* - араб сөзі. Бұл сөздің беретін мағынасы жан рақаты, сүйсінгендік [2, 444].

*Ақбөпе диуанамен қалды оңаша,  
Қорықпаңыз үшкіремін жас құдаша.  
Ұсынды Әмірқанның сақинасын,  
Шырағым, жазыласың, бек тамаша* («Ақбөпе»).

Осындағы «диуана» сөзі иран тілінен енген. Қазіргі тілде ол ырзығын көптен тілеп кәсіпсіз жүретін діндар, тақуа адам деген мағынада қабылданады. Ал негізінен келгенде, ол иранның «див» - *қатыгез рух* және «-ане» деген сын есім мен үстеу жасайтын



қосымшасы арқылы жасалған. Иран тілінде бұл сөз екі түрлі мағынада жұмсалады: 1) таңғажайып, біраз түсініксіз; 2) қайыршы, сұрамсақ [1, 94].

И.Байзақовтың шығармаларында *пенде, баба, мейман, дарига, мерурет* және т.б. иран сөздері де кездеседі. Кірме сөздердің енді бір тобы араб сөздері болып табылады. Ол сөздерді лексика-семантикалық тұрғыдан жіктегенде жиі қолданылғаны дінге, имандылыққа байланысты лексикалық бірліктер. Мысалы:

*Діннен біз нені білуші ек:*

*Сәресін ішсе үлкендер.*

Сәресі – таңертең, күн шығып келе жатқан кез дегенді білдіретін араб сөзі, қазақ тілінде ораза кезінде аузы берік адамның ауыз бекіту үшін таң алдында ішіп-жейтін асы деген мағынада жұмсалып жүр.

*«Жаным!» десе, жәбірлеп алатындай,*

*Жәбірлесе, айрылып қалатындай,-* деген жолдардағы «жәбірлеу» сөзі арабтың – зорлық-зомбылық, қиянат, қорлық дегенді білдіретін сөзі.

*Ал аязға не дауа?*

*Өн бойыңа он мың ине сұққасын?!*

Мұндағы дауа [араб] – ем, шипа.

*Ал ояну қиямет боп шықпасын?!* дегендегі «қиямет» сөзі де арабтың сөзі. Ол – ислам дініндегі о дүние туралы ұғым дегенді білдіреді.

*Аузынан шыққан соңғы арыз:*

*- Мойнында деген мол парыз!*

Бұл жерде қарамен көрсетілген екі сөз бар: «арыз» және «парыз». Арыз [араб] – өтініш, шағым. Бұл жерде, яки өлең жолында, мұң-мұқтаж, тілек мағынасында жұмсалып тұр. Арабтың «парыз» сөзі сол тілде бес түрлі мағынада қолданылады екен. Ол: 1) болжам; 2) міндет, парыз; 3) талап; 4) салық салу; 5) кесім. Демек, қазақ тілінде парыз сөзі өзінің екінші мағынасында ғана – мұсылманның міндетті түрде өтейтін борышы түрінде қолданылады.

*Қарай алмай, жолай алмай аруға,*

*Кете бардым әдеп сақтап, тыйылып* деген жолдарда кездесетін «әдеп» сөзі де төл тілінде екі түрлі мағынада жұмсалса, қазақ тілінде соның екінші мағынасында – адамдар қарым-қатынасындағы ізгілік нормаларының мүлтіксіз орындалуын білдіретін, қауымдасып өмір сүрудің дәнекері болып табылатын ахлақ ережелерінің жиынтығы мағынасында қолданылады.

*Алғы шепте көрдім мен*

*Ақ қайыңды азап шеккен жастайын.*

Азап [араб] – қайғы, мұң. Қазақ тілінде көбіне шарифат заңдары бойынша істеген күнәсі үшін берілетін жаза ретінде қабылданады.

Ертіс өңірі қаламгерлерінің шығармаларында араб, иран сөздері едәуір кездеседі. С.Торайғыров шығармаларында әдеби тілімізге енгендерімен қатар, қазақ тіліне тереңдеп енбеген, көпшілік халыққа түсініксіз сөздер де қолданыс тапқан. Әдеби тілге енбеген, түрлі стильдік мақсатта қолданылған С.Торайғыров тіліндегі араб, иран сөздеріне тоқталатын болсақ:

Талип (арабша) – шәкірт, оқушы, тәлімгер деген ұғымды білдіреді. Ақынның өлеңінің өзі осылай «Талиптарға» деп аталады.

*Милеттің кел майданға, талиптары,*

*Дерті бар, дәрмені жоқ, гарыптары!*

*Оқыған жастарының арқасында,*

*Көз ашты көрші жұрттың халықтары.*

Сондай-ақ мантық (арабша) – сөз, логика деген ұғымды білдіреді, жазушы қолданысында – «кітап аты».

*Қаниша жыл Хашия мен Мантық шайнап,*

*Керілдесін шатуға («Оқуда мақсат не?»).*

Сол сияқты *хатымкер, мұрит, таунық* т.с.с. сөздер де ұшырасады. Енді осы сөздердің мағыналарына келейік: «хатымгер» (арабша) – белгілі бір оқу орнын бітірген адам. «Мұрит» (арабша) – пірге қол тапсырған адам. «Таунықты» (арабша) – нәрсенің анық-қанығына жеткен кісі; бақытты. Өлең жолдарынан мысалдар келтіретін болсақ:

*Көп жатып, «хатымкер» атын алып,*

*Елге апарып сатуға?*

*Ә! Бұлай болса керек енді:*

*Сәлде, шапан киюге;*

*Мұрит болып ишанға бас июге,*

*Жас басымнан таунықты сопы болып,*

*Сол есімнен тоқты-торым жиюға («Оқуда мақсат не?»).*

Бұдан басқа С.Торайғыров шығармаларында діни сөздер де көптеп ұшырасады. Мысалы: *алхам, жадит, хадим, сүре, дұға* сөздері. Мәселен,

*Бұлардың бар тапқаны көзін сату;*

*Кім өліп, кім жеткенін аңдып жату,*

*Біlmесе де алхамның гибарасын,*

*Жемтік көрсе молдамын, - деп тістей қату («Оқуда мақсат не?»).* Мұнда алхамның гибарасын білмеу деп тұрғаны «кұранның қарасын танымау» деген мағынада.

Ал «Анау-мынау» деген шығармасының мынау бір өлең жолдарында *хадим, жадит* сөздері қиюластырылған. Мәселен, *Мынау жерде хадим тұр, Қарқарада жаны тұр. Ілініп-салынып әлі тұр. Бірер күндік халі тұр. Анау жерде жадиттер, Одан біздер үміткер, Олардан тәлім алмасаң, Көрген күнің болар тар.* Мұндағы «хадим» деген араб сөзі – ескі оқу, ал «жадит» – жаңаша, төте оқу дегенді білдіреді.

Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлу» романында да «*рушді сыныф*», «*игдади сыныф*» сияқты сирек кездесетін кірме сөздер көптеп кездеседі. Шығармадан үзінді келтірелік: «*Мұсылманша оқуды екеуі сабақтас болып оқып рушді сыныфтарын бітіріп, онан соң, ауылнай шkolда оқып тәмамдаған соң Қасенді әкесі гиназияға енгізіп, Ахмет қолының қысқалығынан онан артық ұзай алмай қалғандығына бірсыпыра жыл болып еді. Ахмет одан соң да тағы талпынып оқып, игдади сыныфтарын бітірді*». Мұндағы «рушді сыныф» (араб сөзі) – 5-7 сыныптар көлеміндегі оқу да, «игдади сыныф» (араб сөзі) – 10 класс көлеміндегі оқу. Ал «школа», «гимназия» орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген кірме сөздер.

Шығармада сондай-ақ *шаһыбаз, түкказибан* сияқты кірме сөздер де қолданыс тапқан. Мәселен,

*Оқумен ойы жеткен шаһыбаздары*

*Тұрады-ау атқан оққа көкірек керіп.*

Мұндағы «шаһыбаз» – сабаз деген мағынадағы парсы сөзі. Жоғары санаттағы кісі дегенді білдіреді.

Қаламгер шығармасынан үзінді келтіре отырып, қолданысқа енбеген тағы біраз кірме сөздерді кездестірдік. Мәселен: «*Әне, бір мезгілде Бәйтек молда ұшып тұра келіп, киіз боқшасының ішінен шеттерін тышқан кеміріп тастаған алба-жұлба «Құласітіл масаилін» атты, көзілдірігін киіп:*

*Қане! Дастархан, неке... су, күміс салу керек... куә, - деп белсеніп, сыбанып жұмыла бастады. Тез бір-екі жануарды өкіл сайлап, ауызбен: «алды, берді, тигізді, сүйгізді...» және «Сонда Қамар әйтеуір ақ үстінен қара тани ма деген адам еді деп, бір жағы жұртына шаққандай қып, қапасын бөліп ұжмақ шиммасының тамшысындай сап мөлдіреген көзінің күйікті жасын тырс-тырс өксіп төгіп отырып, мынаны айтты...» («Қамар сұлу»).* Мұндағы «шишма» – бұлақ, бастау деген татар сөзі.

Қорыта келгенде, мысалдардан көріп отырғанымыздай, Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының тілінде әдеби тілімізге енген араб, иран сөздері молынан кездеседі. Сөз



соңында әдеби тілге енген араб, иран сөздері мен әдеби қолданысқа тереңдеп енбеген, сирек қолданыстағы сөздерді бірнеше тақырыптық, мағыналық топтарға жіктеп көрсетуді жөн көрдік:

1. Ислам дініне байланысты діни терминдер: дін (*наным, сенім, илану*), ислам (*VII ғасырда Аравияда Мұхаммед «пайғамбар» негізін салған дін, мұсылмандар діні*), аллах (*құдай*). Құран 1) оқу; 2) ислам дініндегілердің ең басты, қасиетті кітабы); иман 1) наным, сенім; 2) діни. ақ ниеттілік, парасаттылық (қазақ тілінде: арлы, дінге берік (*мәселен: иманды адам екен*); имам 1) алда тұрушы, басшы, бастық, көсем; 2) діни. рухани басшы, намаз басқарушы, жетекші (қазақ тілінде: ислам дінін уағыздаушы, мешіт қызметкері немесе молда); құрбан 1) діни. құрбан шалу, тасаттық; 2) күнәдан тазару; 3) ауысп. жан қию (қазақ тілінде бірінші мағынасында жұмсалады); махшар 1) діни. жиын, топ; 2) діни. ақыр заманда қайтадан тірілген адамдардың жиналатын, олардың күнәсін тексеретін орны, гарасат майданы; дұға 1) жәрдемге шақыру; 2) жалыну, тілеу, өтініш; 3) намаз; 4) қарғыс, қарғау; 5) ауысп. сиқырлы оқу (*жадылық*); шарифат 1) заң ережелері; 2) діни. ислам дінінің Құранға негізделген заңы; шейіт 1) дін жолында, дін үшін соғыста құрбан болған, өлген, қайтыс болған; 2) құрбан, азап шеккен; мінажат 1) діни. құпия намазда құдайға мұңын айтып жалыну, оны мақтау; 2) діни. гимн; 3) құпия әңгіме, құпия кеңес; сәжде 1) діни. тәжім, сәлем, бас ию; 2) бас ұру, тәжім ету; күпір 1) құдайсыздық, дінге сенбеу; құдайды сөгу; 2) рақметі жоқтық; құтпа 1) сөз сөйлеу; 2) уағыз, насихат; уағыз 1) ұқтыру; 2) діни. үгіт, насихат т.б.

2. Атақ-лауазым мен кәсіпке байланысты сөздер: имам – *рухани басшы, намаз басқарушы, жетекші*; халифе 1) ұстаның шәкірті; 2) тарих. медреселердегі аға шәкірт, молдалардың көмекшісі; 3) діни. діннің жолына түскен, ишанның шәкірті, діни жетекші, оған берілетін атақ; зікірші - *зікір салушы*; әскер - *қол, армия*; шайыр 1) ақын; 2) әңгіме айтушы;

3. Әлеуметтік-қоғамдық және саяси атаулар: насихат - *ақыл, кеңес*; арыз I. 1) ұсыныс (*алып-сату жөнінде*); 2) демонстрация, көрсету; 3) баяндау, айтып беру. II арыз – ауысп. өтініш. III арыз – ауысп. шагым. IV арыз - ауысп. мұң, зар; қызмет 1) қызмет ету; 2) жұмыс; 3) лауазым, мансап; 4) көмек; хабар 1) мәлімет; 2) жаңалық; 3) ұзынқұлақ т.б.

4. Ғылым-білімге байланысты сөздер: кітаб – *кітап*; ғылым 1) білім (*жаратылыстың, қоғамның, ойланудың даму заңдылығын білу жүйесі*); 2) теория; ілім - *құбылыстың белгілі бір саласы туралы теориялық қағидалардың жиынтығы*; медіресе - *діни. жоғарғы оқу орны* т.б.

5. Адамның мінез-құлқына байланысты сөздер: хауас – *сезім*; зәки 1) зерек, көреген; 2) ақылды, қабілетті; мұнафиқ - *монтаны, екі жүзді*; изәтлү - *абыройлы, қадірлі*; залым – *залым*; садық - *шынышыл, сенімді*; фасық - *пасық, азғын*; салих - *діндар, салихалы*; құлық 1) мінез, табиғат; 2) көңіл, көңілді күй; 3) ашу, ыза, қаһар; 4) ауысп. әдеп, үлгі, өнеге, жүріс-тұрыс; 5) ауысп. пейіл, ниет; қиянатты - *опасыз, залым*; қайырсыз - *қайыры жоқ, рақымсыз*; қайырымды - *рақымды, мейірімді*; ғибратты – *өнегелі*; момын 1) ислам дінін жақтаушы, мұсылман, дінишіл, діндар; 2) ауысп. бойұсынғыш, жуас, көнгіш, мүләйім т.б.

6. Жақсы қасиеттер мен түрлі сезімдерге байланысты сөздер: һәмма – *қамқорлық*, мәһир – *шебер, маман, әмбебап*; рахым – *ерекше мейірімді*; разы – *разы*; ихлас – *ықылас*; беркет – *берекет*; сәләм – *сәлем, амандық*; шәфақат – *шапқат, мейірім*; ғибадат 1) мәпелеу, қадірлеу, сыйлау; 2) қызмет ету, бас ұру, тәжім ету, табыну т.б.

7. Жаман қасиеттер мен жағымсыз сезімдерге байланысты сөздер: ғайбет - *ғайбат, өсек*; шәрр – *жамандық*; зейінсіздік - *ақылсыздық, ессіздік, санасыздық*; зән 1) *неке бұзар*; 2) ауысп. оңбаған, тұрақсыз; зинашы - *тұрақсыз, бұзық, азғын, бұзылған*; залым 1) *әділсіз, мейірімсіз, қайырымсыз*; 2) *қысымшыл, езуші*; 3) *аса қатал* т.б.

8. Мезгіл-уақытты білдіретін сөздер мен өлшем бірліктерді білдіретін сөздер: тамам - *тәмам, толық*; зерре - *кішкентай* т.б.



Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының тіліндегі иран сөздерін төмендегідей мағыналық топтарға жіктеуге болады:

1. Тұрмыстық зат атаулары: тәбәр – *балта*; шілтер 1) *тор*; 2) *шашақ, әшекей*; шыны – *пияла, фарфордан жасалған кесе*; мақта 1) *мақта тазаланған*; 2) *түрлі маталар тоқитын мақтаның талшығы*; таразы 1) *өлшеуіш*; 2) *ауысп. әділдік, әділсіздіктің шешушісі, сынның сарабы*; бөстек *теріден істелген төсеніш* т.б.

2. Сауда-саттыққа қатысты атаулар: керуен – *көлік пен жүк тасу кәсібі*; базар 1) *сауда-саттық орыны*; 2) *ауысп. қуаныш, қызық, думан*; сауда – *тауар айырбасы, алып сату, затты сату, алу айналымына байланысты әрекет*; баға – *нарық, құн*; пұл – *ақша, теңге*; құн 1) *ауысп. тауар өндіруге жұмсалатын еңбектің мөлшері*; 2) *ауысп. төлем – өлтірілген кісі үшін төленетін айып*; ашраф – *ақша*; харыж – *қарыз* т.б.

3. Кәсіби терминдер: базарған – *базаршы*; саудагер – *алыпсатар, көпес, пайдақор*; саяткер 1) *саятшы, аңшы, сонаршы*; 2) *ауысп. өнері асқан сыншыл, білгіш, ысылған*; кетпенші – *кетпенмен жұмыс істеуші*; пехлеван, табиб, бәдечілер – *сиқыршылар*; дуагер – *дұғалаушы, сиқыршы* т.б.

4. Атақ-дәрежеге байланысты атаулар: фарман – *қолбасшы*; мырза – (парсының задә және арабтың эмир деген сөздерінің қысқарып біріккен түрі) 1) *іс жүргізуші, хатшы*; 2) *бектің баласы, бектен туған бала*; 3) *тарих. ертеде сыпайылықты құрметтеуді білдіру үшін сауатты, білімді кісілердің атына қосып айтылған*; 4) *ауысп. қолы ашық, жомарт*), падшах т.б.

5. Діни терминдер: құдай, пайғамбар, ораза (мұсылман дінінше құдай үшін отыз күн ораза тұту, күндіз тамаққа сабырлық ету); намаз – *діндарлардың құдай алдында күніне бес уақыт өтейтін құлшылық әрекеті*; намазшам – *кешкі намаз уақыты*; намаздыгер – *кешке таман, күн батар алдында оқылатын үшінші намаз*; бейіш – *жұмақ, жаннат*; пері 1) *ертегілердегі сиқыршы әйел*; 2) *ауысп. сұлу* т.б.

6. Туыстық атаулар мен сезімге байланысты атаулар: фәрзәнд – *перзент, бала*; нәбире – *немере*; бәрәдар – *ағайын мағынасын береді*; тамиг – *ашкөздік*; ғани – *разы болу*, т.б.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Рүстемов Л.З. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. - Алма-Ата: «Мектеп», 1989.
- 2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы, 2004.
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581б.
- 4 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: 2006. – 264 б.
- 5 Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 469 б.

## РЕЗЮМЕ

Статья посвящена заимствованным арабским и персидским словам в произведениях писателей и поэтов Павлодарского Прииртышья, в частности, С.Торайгырова, И.Байзакова, М. Алимбаева. Авторы раскрывают историю заимствования иностранных языковых элементов и подразделяют их на несколько тематических групп.

## RESUME

The article is dedicated to the borrowed Arabic and Persian loan-words in the works of writers and poets of Pavlodar Preirtishye, in particular S. Toraighyrov, and I. Bayzakov, M. Alimbayev. The authors expose the history of borrowing of the Arabic and Persian and foreign language elements and subdivide them into a few thematic groups.





## **А.А. Жалмырза**

Евразийский национальный  
университет им. Л.Н. Гумилева  
канд. филол. наук, доцент

# **Анализ по анкетированию социолингвистической ситуации каракалпаков, проживающих в Казахстане**

## **Аннотация**

В этой статье рассматривается краткая история каракалпаков, причина их переселения на казахскую землю, их культура, религия и язык, письменность и литература, а также сохранение данных ценностей в кругу каракалпакской диаспоры, профессия и вопросы сохранения традиций, также подводятся итоги анкетирования международного проекта, проведённого совместно с немецкими и казахстанскими учеными “Взаимодействие тюркских языков и культур в постсоветском Казахстане” и анализируются аудио материалы.

*Ключевые слова:* каракалпаки, диаспора, социолингвистический анализ, анализ по анкетированию, краткая история каракалпаков.

Каракалпаки – это тюркоязычный народ, проживающий в Каракалпакской Республике, находящейся в составе Узбекистана, а также один из 25 тюркских народов, проживающих на территории Республики Казахстан. По мнению исследователей, предками каракалпаков являются племена, кочевавшие от берегов Арыса до берегов реки Жайык, а также заселявшие обширную территорию Северного Кавказа и Долины Дешти Кыпшак. В 16 веке из Большой Ногайской орды отделились 3 народа: казахи, каракалпаки и ногайцы. Со времён этногеографического формирования казахский и каракалпакский народы имели очень тесную связь друг с другом, развиваясь во взаимной поддержке в политико-социальном, экономическом, а также языковом плане между собой. К примеру, в 1723 году после Джунгарского нашествия, во время исторически тяжелого периода для народа “Ақтабан Шубырынды”, каракалпаки, как и казахи, перекочевали во внутренние районы Малой Азии и за пределы границ России,

а также, сплотившись силой с Младшим жузом, оттолкнули калмыков за берега рек Жайык и Жем. Таким образом, они обосновались на территории, которую занимают и по сей день. Каракалпаки наиболее компактно проживают в Мангыстауской, Южно-Казахстанской, Жамбылской областях. То есть в областях, граничащих с Каракалпакской Республикой.

Невозможно точно ответить на вопрос, когда и зачем каракалпаки начали перекочевывать на территорию Казахстана. Этнолингвистическая связь между родственными казахским и каракалпакским народами прослеживается длительное время.

Согласно историческим источникам, люди на территории Каракалпакстана проживали уже в эпоху неолита. На надгробиях могилы Дария I, относящихся к V веку до н.э., сказано, что на территории Приаралья и низовьев Сырдарьи проживали “саки тиграхауда” (саки в остроконечных шапках).

Во II-VI веках н.э. произошла миграция тюркских племен с территории Алтая и Восточного Туркестана. Произошла ассимиляция кочевых тюркских и коренного сакского населения, в результате чего появились две новые этнические общности печенеги и огузы. Именно племена печенегов легли в основу этнического формирования каракалпаков. В исторических источниках племена печенегов в X в. перекочевали с территории современной Каракалпакии в Южно-Русские из-за нового нашествия тюркских племён с Востока. Там они входили в состав Ногайского ханства до его распада. Печенеги возвращаются в родные степи и с этого момента они упоминаются как каракалпаки.

Одна из распространённых версий, основывающаяся на истории названий родов (шесть арысов – Муйтен, Конграт, Кытай, Кыпшак, Кенегес, Мангыт), относит начало формирования каракалпакского этноса к выделению из Ногайской Орды после 1556 года Алтыульской Орды, крайнего юго-восточного участка владений Ногайской Орды, граничившей со Средней Азией во главе с Шейх Мамай-бием. В начале XVII века, каракалпаки предприняли попытку навязать свою политику в Туркестане, захватили ряд городов, в том числе город Ташкент, но правитель каракалпаков по имени Аб-Дал Гаффар был объявлен лжечингизидом и через несколько лет убит казахскими ханами, в результате наибольшая часть каракалпаков попала под власть казахских ханов. Во второй половине XVII века, каракалпаки, населявшие среднее и нижнее течение Сырдарьи приняли подданство одного из потомков Сибирского хана Кучума. Правление династий Кучумовых в среде каракалпаков длилось до второй половины XVIII века, известны имена - Кучук, Жангир, Ишим Мухамед, Каип, Шайбак и др.

В 1723 году началось вторжение джунгар, разгромивших каракалпаков и разоривших их владения, что привело к разделению народа на Верхних и Нижних. Верхние попали в зависимость от джунгар, Нижние сохранили свою независимость, но из-за противостояния с казахскими ханами отошли к берегам Жанадарьи. К концу XVIII века каракалпаки покинули и этот район расселения, и переселились в хивинские владения и дельту Амударьи.

В XVII-XVIII вв. каракалпаки принимали активное участие в политической и военной деятельности Бухарского, Казахского, Хивинского ханств, а также Сибирского ханства, принимали участие в башкирских восстаниях. Главная борьба каракалпаков за независимость происходила в хивинском ханстве. Отмечаются несколько крупных восстаний каракалпаков под предводительством Айдос би в 1827 году, Ерназар Алакоз - 1855-56 гг., Мухаммед Фена - 1858-59 гг. В 1873 году каракалпаки (арыс онторт ру), населявшие правый берег Амударьи, вошли в состав Российской империи, каракалпаки левого берега (арыс конграт) остались в составе хивинского ханства, вновь объединены только в годы советской власти.

Каракалпакская автономная область была образована в 1924 году и вошла в состав Казахской ССР, а в 1930 году – в состав РСФСР. В 1932 году область была преобразована в Каракалпакскую автономную республику, вошедшую в 1936 году в состав Узбекистана.



С 1992 года страна получает название Республика Каракалпакстан. 14 декабря 1990 года сессия Верховного Совета Каракалпакской АССР приняла Декларацию о государственном суверенитете, что предполагает полную независимость государства. Но спустя два года, а именно 9 января 1992 года, Республика Каракалпакстан вошла в состав Узбекистана как автономия.

Каракалпаки относятся к среднеазиатским расовым группам с сильной монголоидной примесью. Наиболее обширные материалы по антропологии современных каракалпаков были собраны А.И. Ярхо. Им исследованы каракалпаки на территории собственно Кара-Калпакии (305 мужчин) и группа каракалпаков, позднее переселившихся в Ферганскую долину (100 мужчин) в 1928 г. [1, 585]. В 1946 г., по поручению Института истории и археологии АН УзССР кандидат наук В.Я. Зезенкова исследовала обе группы каракалпаков (86 мужчин, 139 женщин на территории собственно Кара-Калпакии и 85 мужчин и 115 женщин в Ферганской долине) [2, 21]. Каракалпаки и кипчаки занимают промежуточное положение между соседними монголоидными казахами и слабо монголизованными европеоидами Хорезма – узбеками по ряду таксономически важных признаков; развитию эпикантуса, бороды (материалы Ярхо), горизонтальному профилю лица, высоте корня и крыльев носа, скуловому диаметру, высоте лица морфологической (материалы Ярхо) и поперечному диаметру головы.

На сегодняшний день все представители данного народа являются суннитскими мусульманами, придерживающиеся секты ханафи. Каракалпаки первыми среди тюркских народов приняли исламскую религию, сохранив при этом в обычаях и традициях отголоски огнепоклонничества, зороастризма. Среди участников в международном опросе 86,5% заявили, что проповедуют ислам, придерживаются всех религиозных традиций и заключают браки только с мусульманами [3]. На вопрос о выполнении религиозных обычаев из 45 респондентов ответили следующее: “не придерживаюсь” - 9 человек (20%), “праздную айт, держу пост ораза, даю садака” - 7 человек (15%); придерживаются религиозных праздников - 4 человека (8,8%); читают намаз - 3 человека (6,6%), читают Коран - 3 человека (6,6%); выполняют пять обязанностей - 2 человека (4,4%); редко придерживающиеся - 1 человек (2,2%); информация об ответах оставшихся 16 (35,5%) человек не указана. В этом анализе мы видим, что помимо тех людей, которые не указали информацию о себе, 20 человек (44,4%) выполняют мусульманский долг и придерживаются исламских традиций. На вопрос: “Как происходит обучение служителей Вашей религии (или служителей культа)?” 42 респондента ответили следующее: “не знаю” - 8 человек (19%); “в определенных местах, таких как медресе” - 6 человек (14,2%); “хорошо” - 2 человека (4,7%); “при помощи книг и походов в мечеть” - 2 человека (4,7%); при помощи чтения Корана - 1 человек (2,3%); “не читаю” - 1 человек (2,3%); 22 (52,3%) человека, участвовавшие в опросе не указали свои ответы. Таким образом, отталкиваясь от ответов респондентов на данные вопросы, мы имеем представление о религиозной грамотности только 26% из них.

Каракалпакстан – суверенное государство в составе Республики Узбекистан. Каракалпаки наиболее компактно проживают в Мангыстауской, Южно-Казахстанской, Жамбылской областях. В Мангыстауской области около двух тысяч представителей каракалпакского этноса. Динамика численности населения каракалпакской диаспоры Казахстана по результатам переписи населения: 1970 г. – 463 чел; 1979г. – 620 чел; 1989 г. – 1358 чел; 1999 г. – 1497 чел; 2009 г. – 2828 чел. Согласно материалам агентства по статистике Республики Казахстан, численность каракалпакской диаспоры растёт. При сравнении информации о переписи населения каракалпаков 1970 и 2009 годов, можно увидеть, что их численность возросла на 2365 человек. По данным проведенного социолингвистического исследования, каракалпаки наиболее активно стали выезжать на постоянное жительство в Казахстан, начиная с 1989 г. по 2006 годы. В числе причин, связанных с переездом в Казахстан, респонденты указывают следующие: “учеба”, “в

поисках работы”, “в связи со здоровьем”, “возвращение на родину”. В открытом опросе международного проекта на вопрос: “Когда произошло переселение?” из 42 респондентов 2,38% ответили, что в 1989 году, 2,38% в 1990 году, 2,38% в 1992 году, 7,1% в 2000 году, 9,5% в 2002 году, 2,38% в 2004 году, 2,38% в 2006 году и 4,7% ответили “не помню”, остальные 66,6% участвовавших не указали свои ответы. В настоящее время около трёх тысяч каракалпаков проживают в западных и южных районах Казахстана. 42 респондента, участвовавшие в опросе отметили, что являются жителями следующих областей: 12 человек (32,4%) – Актюбинской области, 11 человек (29,7%) – Жамбылской области, 3 человека (8,1%) – Атырауской области, 2 человека (5,4%) – Карагандинской области, 2 человека (5,4%) – Кызылординской области, 1 человек (2,7%) – Алматинской области, 1 человек (2,7%) – Мангистауской области, 1 человек (2,7%) – города Астана, 1 человек (2,1%) – Акмолинской области, 3 человека (8,1%) – не указали данной информации. Об указанном месте рождения каракалпаков: 17 человек (45,9%) заявили – в Каракалпакстане, 10 человек (27%) – в Узбекистане, 2 человека (5,4%) – в Казахстане, 1 человек (2,7%) – в Кыргызстане, 7 человек (18,9%) – не предоставили информацию. Таким образом, можно сказать, что каракалпаки, как мы и указывали выше, переселились на казахскую землю во времена независимости, и с того времени являются обосновавшимися представителями своей диаспоры.

В Мангистауской области работает каракалпакское этнокультурное объединение “Аллар жолы», которое было создано в 1999 году. С 2001 года в Южном Казахстане функционирует Общественное Объединение “Южно-Казахстанский областной Каракалпакский культурный центр” и с 2004 года в городе Шымкент работает Общественное Объединение “Каракалпакский национально-культурный центр”. Все члены данных объединений активно участвуют в общественной жизни республики. Чтобы познакомить с жизнью каракалпаков в Мангистауской области издавалась газета “Айдын жол” (“Счастливый путь”) на каракалпакском, казахском и русском языках. Все права каракалпакского народа, как и ряда других этнических групп, проживающих на территории нашей страны, защищены. Анализируя следующий вопрос анкетирования: “Какие традиции характерны для Вашего этноса?”, можно выявить следующие результаты: 20 человек (47,6%) ответили - “характерные казахскому этносу»; 4 человека (9,5%) - “празднование Патия»; 3 человека (7,1%) “схожие с казахами и узбеками»; 3 человека (7,1%) - “характерные мусульманам»; 3 человека (7,1%) - “не знаю»; 2 человека (4,7%) – “есть множество традиций, из них я знаю свадебные»; 1 человек (2,3%) – “приготовление национальных блюд»; 1 человек (2,3%) – “все»; ответы 16 человек остались неопределенными. По итогам опроса, множество традиций каракалпакской диаспоры схожи с традициями других среднеазиатских народов, к примеру из бытовых бешик той/кыркынан шагару, шилдеhana, тусау кесер, сүндет той, патия туй, бет ашар, из общенародных праздников – Наурыз, Новый год. Однако у каракалпакской диаспоры также имеется и другие особенности в традициях. Например, у каракалпаков существуют особые обычаи и правила поведения на семейных и общественных трапезах, которые строго соблюдаются до сих пор. Как и большинство восточных народов, каракалпаки едят пищу, по традиции, сидя на полу вокруг скатерти или дастархана. Густую пищу едят руками, бульон подают отдельно, в пиале или чашке. Перед едой полагается полить воду на руки, после чего дают воде стечь с рук. Не полагается стряхивать с рук воду после умывания, так как брызги могут попасть в пищу. По обычаю, первым есть начинает старший по возрасту или положению член семьи или гость. Когда в дом приезжал гость, его обязательно поили кислым молоком или айраном. Обычай пить чай стал распространяться в Каракалпакии, как и во всей Средней Азии только к началу XIX века [4]. На вопрос: “Какие изменения традиций обусловлены влиянием соседних этносов?” были получены следующие ответы: “не знаю” - 21 человек (50%); “в основном повлияли казахские традиции” - 4 человека (9,5%); “никаких изменений нет” - 3 человека (7,1%);



“какие-либо местные” - 1 человек (2,3%); “влияние узбекских традиций” - 1 человек (2,3%); 12 (28,5%) человек оставили данный вопрос без внимания. По данным показателям и подготовленных в ходе научного проекта аудиозаписей, было замечено, что представители каракалпакской диаспоры считают казахов очень близким (почти одним) этносом. По этой причине и не наблюдается больших различий между традициями казахов и каракалпаков. Ответы на вопрос: “Какие возможности предоставляются Вашему этносу соблюдать свои традиции?»: “дано очень много возможностей” - 9 человек (24,4%); “не знаю” - 9 человек (24,4%); “даны все возможности” - 6 человек (14,2%); “выделение выходных дней” - 2 человека (4,7%); “затрудняюсь ответить” - 2 человека (4,7%); “сохранение зависит лично от каждого” - 1 человек (2,3%) и 13 (30,9%) человек не определили свои ответы.

Каракалпакский язык – государственный язык Республики Каракалпакстан, экзогенный язык каракалпакской диаспоры Казахстана. 1 декабря 1989 г. принят «Закон о государственном языке Республики Каракалпакстан». Известный знаток тюркских языков Н.А.Баскаков, сравнивая каракалпакский и ногайский языки и сопоставляя родовой состав, доказывает этническую общность этих народов. Профессор отнёс каракалпакский язык к кыпчакской группе языков. Наиболее близок он к казахскому и ногайскому. Эти три языка Н.А. Баскаков объединяет в особую кыпчакско-ногайскую подгруппу и считает, что он формировался в составе большой ногайской Орды. С другой стороны, в языке есть элементы ираноязычного населения Средней Азии, в частности, хорезмийского языка [5].

Каракалпакский язык используется в таких этнокультурных центрах областей нашей страны как Актюбинской, Жамбылской и Южно-Казахстанской, а также в общественных объединениях и семьях с представителями каракалпакской диаспоры.

В качестве результатов исследования можно определить следующее:

- политико-социальная, экономическая и языковая интеграция между казахами и каракалпаками берет свое начало с давних времен;
- большинство ученых рассматривают историю, религию, культуру, антропологию и язык казахского, каракалпакского и ногайского этносов как очень близкое и похожее явление;
- представители каракалпакской диаспоры в Казахстане расположены на территории Мангистауской, Жамбылской областях, а также на территории центрального Казахстана. Около 50% их них родились в Каракалпакстане.

Население каракалпакской диаспоры в Казахстане с 1970 года до 2009 возросло в шесть раз. Было замечено большое поточное переселение каракалпаков на казахскую землю в 1989-2006 годах по разным причинам. Начиная с 2001 года, в Казахстане ведут деятельность множество каракалпакских объединений. Традиции и обычаи каракалпаков во многом схожи с казахскими, поэтому наблюдается полное сохранение и продолжение многих из них.

Каракалпакский язык является государственным языком Каракалпакской Республики, а также этногенезным языком казахстанских каракалпаков. В каракалпакском языке имеется 2 диалекта. Представители диаспоры свободно владеют казахским языком, который является государственным.

В Казахстане отсутствуют какие-либо ограничения для смешанных браков, поэтому браки среди данных двух народов, являются часто встречающимся явлением. При этом они живут без каких-либо межэтнических столкновений.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Ярхо А.И. Антропологический тип каракалпаков // Труды Хорезмской экспедиции. - М., 1952. Т. 1. - С. 585-609.



- 2 Ошанин Л.В., Зезенкова В.Я. Вопросы этногенеза народов Средней Азии в свете данных антропологии. – Ташкент: Акад. наук УзССР, 1953. - 201 с.
- 3 Сайт проекта <http://tyurki.weebly.com/1056107710791091108311001090107210901099.html>
- 4 Рязанцева Л. [https://www.lada.kz/in\\_details/33991-v-gostyah-u-karakalpakov](https://www.lada.kz/in_details/33991-v-gostyah-u-karakalpakov)
- 5 Баскаков Н.А. (ред.). Каракалпакский язык. Т.П. Фонетика и морфология. - М., 1952.

## ТҮЙІН

Мақалада қарақалпақтардың қысқаша тарихы, қазақ жеріне келу себептері, діні, тілі және бұл құндылықтардың қарақалпақ диаспорасы шеңберінде сақталуы секілді мәселелер қарастырылып, қазақстандық және неміс ғалымдарының бірігіп жүргізген «Пост-кеңестік Қазақстандағы түркі халықтарының тілі мен мәдениетінің арақатынасы» атты халықаралық жобасының сауалнама қорытындылары, аудио материалдары талданды.

## RESUME

This article is devoted to the short history of Qaraqalpaks and why they came to Kazakhstan and their cultures, religion, language are described. The author also describes his view how Qaraqalpak diaspora could save these values, customs and traditions. The author gives project of international questionnaire's conclusions and audio materials titled "Language and Cultures in the Post-Soviet Kazakhstan" made by Kazakhstani and German scientists.



## Г. Жиёмбаева

Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті,  
PhD докторанты

## Ш. Ибраев

Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті,  
филол. ғыл. д-ры, профессор

# Түркі халықтарының мифтері мен эпостарындағы кеңістік ұғымдарының түзілісі

### Аннотация

Аталған мақалада түркі халықтарының мифтері мен эпостарындағы кеңістік ұғымдарының түзілісі жан-жақты қарастырылады.

*Түйін сөздер:* миф, эпос, кеңістік, уақыт, структуралық құрылым.

Қазіргі фольклористика ғылымында миф пен эпос арасындағы типологиялық байланыстардың ерекшеліктерін зерттеудің екі түрлі бағыты айрықша орын алып келеді. Біріншісі – мағыналық өрісті (поле) қамтитын сюжет, мотив, кейіпкер, тақырып және идеялық мазмұнды әлеуметтік, эстетикалық, көркемдік аспектіде зерттеу; екіншісі – мәтіннің структуралық өрісіне тиесілі композиция, уақыт және кеңістік өлшемдері, таңба, символ, семантикалық-құрылымдық ұғымдардың жүйесін анықтауға бағытталған ізденістер тобы.

Сырттай қарағанда, бір-біріне тікелей қатысы жоқ сияқты көрінетін екі бағыттың да зерттеу әдістері мен тәсілдері іс жүзінде бір-біріне ауысып, бірін-бірі толықтырып отыратынын аңғару қиын емес. Себебі мазмұндық ұғымға жататын сюжет пен мотивтің, оқиғалардың әлеуметтік мән-маңызын құрылымдық ұғымға қатысты композициялық және структуралық пландағы ұғымдармен тоқайластырмайынша, немесе, керісінше, композицияның құрылымдық жүйесі сюжеттің уақыт және кеңістік өлшемдеріне жіктеліп, құрамдас бөліктерінің орын тәртібі синхрондық және диахрондық, парадигматикалық және синтагматикалық аспектіде анықталмайынша зерттеу мен нысана (мәтін), объект пен субъект бір-біріне үйлеспейді.

Алайда іс жүзінде мазмұндық талдау бағытындағы зерттеулердің көбі құрылымдық ұғымдар мен өрістерді елемей-ақ «үлкен» қорытындыларға бара беретінін іс жүзінде көріп отырмыз. Бұл осы бағыттағы зерттеулердің басты кемшілігі. Нәтижелерін әрі жүйелі, әрі түбегейлі деп айтуға келмейді. Ары барғанда олар мәтіндердің мазмұнын жинақтау ғана болып шығады.

Бұған қарағанда, структуралық бағыттағы зерттеулердің форма арқылы мазмұннан

туындайтын бірыңғай құбылыстарды жинақтауға ұмтылысы айтарлықтай нәтиже беруде. Структурашылар бір-бірінің «формализмге» бой алдыруын сынға алғанымен, түптеп келгенде, олардың мазмұндық өріске шығуға ұмтылысын байқамау мүмкін емес.

В.Я.Пропттың «Ертегі морфологиясын» сынға алған француз структуралисі Клод Леви-Стростың: «мифтің болмысын стиль де емес, баяндау формасы да емес, синтаксис те емес, ондағы айтылған тарих анықтайды» [1, 187] деген тұжырымы мазмұнның маңыздылығын көрсетсе керек. Мәселе сол мазмұнды қалай қалай сипаттауда ғой.

Структурализмнің бастау негізінде тұрған екі ғалымның да құрылымдық жүйені анықтау мен сипаттау тұғырында (подход) елеулі айырмашылықтардың болғанына қарамастан, түпкі мақсаты эмпирикалық жинақтаудан тарихи мазмұнға, структуралық бірліктерден (структурные единицы) үйлесімді тұтастыққа немесе қарым-қатынас шоғырына бару (большая составляющая единица или пучок отношения) екенін көреміз. Себебі баяндауға негізделген кез келген мазмұнның көрінісі форма (немесе структура) арқылы жүзеге асады. Бұл жағдайды миф, ертегі, эпос сияқты жанрлардан байқау ғана емес, сонымен бірге олардағы түрленген, өзгерген, трансформацияланған, нәтижесінде детерминациялық өндеуге ұшыраған мазмұнның (немесе мазмұн тобының) бірыңғай структуралық құрылым (структурное образование) арқылы көрініс тапқанын ғалымдар жеткілікті түрде дәлелдеп шықты.

Осы тұрғыдан келгенде, структуралық сипаттағы ізденістердің түпкі мақсаты мазмұндық өріске шығу, мазмұннан туындайтын тұрақты және тұрақсыз өлшемдерді анықтау екені дау тудырмаса керек. Сондықтан да В.Я.Пропттың қиял-ғажайып ертегілерінің материалында «көптеген сюжеттердің астарында бір ғана композиция, немесе керісінше, бір ғана композицияның негізінде көптеген сюжет жатуы мүмкін» деген қорытындыға келді. Ғалымның дәлелдеуінше, композиция тұрақты, ал сюжет өзгермелі фактор [2, 143].

Түркі халықтарының мифтері мен қаһармандық эпостарын типологиялық аспектіде қарастыруда тұрақты сипаты басым структуралық құрылым тұрғысынан зерттеудің маңызы зор. Себебі белгілі бір құрылым аясында көрініс тапқан сюжеттердің мифтен эпосқа ауысу барысындағы трансформациясы мен детерминациялық түзілісін анықтауға мұндай тұғыр (подход) аса қажет. Бұл жағдай, түптеп келгенде, бөлшектің (элементтің) бүгінмен арақатысы, динамикалық және статикалық белгілері, мәтіннің уақыт және кеңістік өлшемдеріндегі түзілісі сияқты ұғымдарды біртұтас құрылымдық жүйе аясында қарауға мүмкіндік береді.

Осы орайда В.Я.Пропттың чукоттардың шамандық мифтері мен гиляктардың (нивхылардың) ең алғашқы эпос түріне жақын жырларын («настунд») композициялық құрылымы бойынша салыстырып қараған еңбегінде эпостың шамандық мифтен өрбігендігі туралы пікірі бұл мәселені тарихи типологиялық тұрғыдан зерттеуге қозғау салады [2, 300]. Эпостың пайда болуын және оның тарихи дәуірлердегі өзгерісін тұтастай бір бағытта салыстыру үшін чукот мифтерінің В.Я.Пропт келтірген композициялық құрылымын алып қарайық.

Бұл мифтердің барлық оқиғасы чукоттардың дүниетанымы мен сеніміне негізделген екі әлем туралы түсінігіне құрылады. Бірі шаманның өз әлемі (адамдар ортасы), екіншісі бөтендер әлемі (аспан мен жер асты дүниесі). Қаһарман рөліндегі шаман белгілі бір себептермен, көбіне үйлену немесе ұрланған қалыңдығын қайтару мақсатында өз әлемінен өзге әлемге сапарға шығады. Сапар фантастикалық та (арқанмен, түстінмен, даңғарамен көкке көтерілу, су иірімімен төменге түсу т.б.) жол жүру түрінде де сипаттала береді. Жолда ол шалға (кейде жан-жануарларға) кездеседі. Одан кедергілерді жеңетін зат алады, тосқауылдарды еңсеретін ақыл-кеңес алады. Бұл кейіпкердің қызметіне В.Я.Пропт «сый тартушы» («даритель») деген атау береді. Қаһарман өзінің шамандық күшімен (әрекетімен) және сыйға алған заттың көмегімен өзге әлемге барады. Онда қалыңдықтың әкесімен немесе бәсекелес құбыжықтармен (чудовище) сынға түседі, қарсылыққа

ұшырайды. Бұл текетіресте шаман жеңіске жетіп, қалыңдықты алып өз мекеніне қайтады. Кейде артынан қуғыншы шығып, одан да шамандық әрекетінің арқасында құтылып кетеді [2, 301].

Шамандық наным-сенімдерге негізделген бұл мифтердің құрылымындағы маңызды мәселелердің бірі шаманның қалыңдықты басқа дүниеден (рухтар әлемінен) іздейтіндігі. Шаман шырғалаңға (камлание) түсіп, рухтар әлеміне сапар шеккен кезде оның рух-әйелмен кездесетіні және оған қосылатыны Қиыр Шығыс, Сібір және Орталық Азия халықтарының шамандық түсініктерінде кездесетін құбылыс [3, 42]. Бір қызығы, басқа әлемдегі «қалыңдық» шаманмен келісімге келіп, табысқаннан кейін ол басқа да рухтардың иесі (покровитель) қызметін атқарады.

Мифтердегі осы оқиғалардың құрылымдық тәртібі мен қаңқасы (схемасы) белгілі бір мағыналық өзгерістермен гилыт эпостарында да қайталаанады. Ары қарай бұл құрылым Қиыр Шығыс пен Сібір халықтарының архаикалық қаһармандық жырларында да түрлі мағыналық өзгерістермен қолданылады.

В.Я. Пропптың бұл еңбегінің біз үшін маңыздылығы мифтік сюжет қаңқасының эпосқа өтуін дәлелдеуінде. Мұндағы басты мәселе шаманды эпикалық қаһарман алмастырып, рухтар әлемін елес арқылы (воображение) елестететін шамандық түсініктің адамдарды қоршаған кеңістікке түсірілгені. Әрине, бұл кеңістік реалды шындықтың баламасы болудан әлі алыс еді.

Бұл жерде назар аударатын басты мәселе К.Леви-Стросстың зерттеген бір-біріне симметриялық қатынастағы ұғымдардың мифте ғана емес, эпоста да структуралық құрылым ретінде сақталғандығы. Мифтік ойлау жүйесінің толып жатқан бинарлық оппозиция ұғымдарына сүйене отырып жүзеге асатыны фольклорлық мәтіннің табиғатына да тиесі екендігі белгілі болды [4, 467].

Осыдан келіп бинарлық оппозиция ұғымдарын семантикалық өрістерге (семантические поля) жіктеп қарау миф моделі мен эпос сюжетін құрылымы жағынан түрлі өрістерге және қатынастарға (отношение) таратып талдауға мүмкіндік беретіні байқалады. Ондай өрістер мен қатынастарды Т.В.Цивьян космогониялық, кеңістік (пространство), уақыт (время), кейіпкерлер (персонажи), заттық (предметное) т.б. топтарға бөледі [5, 191].

Жоғарыда келтірілген шамандық миф пен эпостың семантикалық өрістерге жіктелуі ең алдымен кеңістік және уақыт категорияларының тұтастығымен сипатталады. Универсалдық мәні бар семиотикалық оппозиция өзіндікі/бөтендікі шаманның (қаһарманның) өз елінен (үйінен, мекенінен, адамдар ортасынан) бөтен жерге барып және қайтуы түріндегі кеңістікте орын алады. Уақыт түзілісі шаманның (қаһарманның) алғашқы сапарда күшін сынауы немесе шамандық шырғалаңы әйел алып, еліне қайтуы сияқты өмірбаяндық (биографиялық) планда көрінеді. Оқиға бірінен бірі туындап, уақыт жағынан бірінен кейін бірі болуы тиіс, хронологиялық тәртібі бойынша бір сызықтың (линейность) бойына орналасады.

Мұндай структуралық құрылым іс жүзінде түркілердің архаикалық және классикалық қаһармандық эпостарының көбіне тән. Бұл қатарда якуттардың қаһармандық эпосы олонхо көнелігі жағынан алғашқы орындарда тұр. Қаһарман сапары бөтен әлемдегі мифтік құбыжықтармен (чудовище «абаасы») күресіне арналады. «Нүргүн-Боотур Екпенді» олонхосындағы абаасы Тимир Ыйысты Хара (Темір Жұтқыш Қара) мен «Қайсар Құлын Құлұстұұр» олонхосындағы абаасы Қытыгырас Баранча келе жатқанда солтүстіктен дауыл тұрып, аспан-жер алай-дүлей болып, от пен су (немесе қар) араласып, даланы өрт шалады немесе сиыр мүйісінен келетін қар басып қалады [6, 28].

Жауды құбыжық етіп бейнелеу Сібірдегі түркі-монғол эпосының ең көне белгілерінен саналады. Алтай, хакас, тыва, шор халықтарының тарихи өмірі мен әлеуметтік қарым-қатысының ары қарай дамуы жау бейнесін мифтен арылтуға (демифологизация) ұласты. Құбыжықтың орнын озбыр хан, зорлықшыл адам (наильник)

т.б. алмастырды [6, 26]. Осы тұрғыдан келгенде, тываның «Алдай-Буучу» эпосындағы Қара-Бұла бейнесін құбыжықтан («мангыс») адамға айналудың («очеловечивания») аралық үлгісі ретінде қарауға болады. Ол – аса қорқынышты, мүйізді құбыжық. Жеңілгеннен кейін адам қалпына түсіп, оның одақтасына айналады [6, 28].

Сібір және Орталық Азия түркілерінің эпосында жау «адамдық бейнеге» түсірілсе де оның іс-әрекетінде, табиғатты тітіреткен жүріс-тұрысында, жойқын күшінде мифтік түсініктердің детерминациялық түзіліске түскен өзгерісін байқаймыз. Бұған жаудың тірі жан кіре алмайтын қамалын, маңайында құбыжықтар, мыстан кемпір (жалмауыз кемпір), ғажайып заттар мен мифтік жануарлардың болуын қосуға болады.

Бұл тұста Сібір түркілерінің эпостық жырларында жау бейнесінің мифтік құбыжықтармен, мифтік ұғымдағы іс-әрекеттермен байланысы анық және бұл эпостар Орталық Азия түркілерінің фольклоры мен ежелгі дәуірлердегі түркілердің мифтік дүниетанымының ортасында аралық жағдайда тұрғанын көреміз. Алтайдың «Маадай-Қара» эпосында Кара-Құла каан (хан) келе жатқанда аяқ астында жатқаншөмшек бұтақтардыңсапырылысқанынан дауыл тұрады, тыныс алғанынан ағаштарды құлатқан аяз катады [7, 985-1008; 1034-1043].

Бұған салыстырып қарағанда, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек эпостарында жау бейнесі тарихи шындыққа, реалды адами қасиеттерге жақындата түседі. Әрине, мұнда да олардың түр-түсін, күшін, батырлығын суреттеуде ерекше ұлғайтып көрсететін гипербола, синекдоха сияқты көркемдік тәсілдер қолданылады. Жау мен эпос қаһарманының күші бір-біріне тең келіп жатады.

Бинарлық оппозицияның өзіндікі сыңарынан мифтен эпосқа өткен және эпикалық дәстүрдің ары қарай даму кезеңдерінде біртіндеп алмастырылған өзгерістерді де көруге болады.

Мифтегі бас кейіпкер шаман, ілкі ата (первопредок), мәдени қаһарман, демиург типтерін біртіндеп мифтен басқа жанрларға және тарихи-қоғамдық өзгерістерге қарай ойысқанда аңшы, мерген, батыр, әділетті қаһарман хан алмастырғаны баяндауға құрылған ертегі және эпос материалында зерттелді [8, 23]. Әрине өзіндікі ұғымы мифтік дүниетанымнан тарихи санаға қарай өткенде әлеуметтік ортаның көріністерімен, аңшылық және көшпелі өмір салтының, моралдық-этикалық норманың, өз елін сыртқы жаудан қорғау сезімінің мазмұндалған белгілерімен көмкеріліп отырғаны анық.

Якут, алтай, тыва халықтарының ертегілері мен қаһармандық эпостарының басты кейіпкерінің бірінің есімі немесе анықтаушы мерген (мэргэн, берген, миргэн) болып келеді. Бұл есім немесе эпитет Орталық Азия түркілерінің де көне саналатын фольклорлық үлгілерінде (миф, ертегі, көне эпос) жиі кездеседі. Аңшылықпен күн көрген мифтік мергеннің эпостық жырда жауға қарсы шабатын қаһарман мергенге айналуы іс жүзінде фольклорлық дәстүрдің үзілмей келе жатқан сабақтастығын айғақтайды [9, 261]. Қырғыздың көне эпосы «Қожашаш», қазақтардың «Құламерген, Жоямерген», «Дотан батыр» эпостары мен «Еділ-Жайық» ертегісінде мергеннің аңшылықпен және батырлықпен көрінетін екі жақты сипаты қатар жүреді.

Сонымен өзіндікі/бөтендікі бинарлық оппозициядағы тел ұғымдар мифтен өтіп эпостың түрлі даму сатыларында да бір-бірімен тығыз байланыста тарихи-әлеуметтік контексте және жанрлық жіктелуде жаңаша мазмұндалып отырды.

Бұған мифтің де, эпостың да сакралдық сипатта болуы өз ерекшелігін енгізіп отырды. Басқаша айтқанда мифті де, эпосты да тудырған орта екеуінде де баяндалған оқиғаларды қандай да бір қияли мазмұнына қарамастан шындық деп қабылдады. Сол үшін де миф моделі эпоста сақталғанымен мазмұны танымастай өзгерді. Тарихи даму өз дәуірінің шындығын енгізді.

Мұнымен салыстырғанда ертегі жанры құрылымымен бірге мазмұндық өрісін де біршама мифке жақын түрде сақтады [10, 442]. Себебі, миф оқиғасына сенбейтін басқа дәуір келгенде ертегі ол оқиғаны болмаған, бірақ қызықты қиял-ғажайып сипаттағы





әңгіме статусына ауыстырды. Бұл жағдай мифтің ертегі жанрында біршама толығырақ сақталуына және миф моделін жалғастыруына мүмкіндік тудырады [2, 149].

Ал эпосқа келетін болсақ, миф мазмұны біртіндеп тарихи шындыққа қарай бет бұрды. Сондықтан да екеуінің баяндауға құрылған табиғи генетикалық байланысы негізінен структуралық құрылымында сақталып қалды.

Миф пен эпос құрылымындағы өзімдікі/басқаныкі оппозициясының тағы бір өзгешілігі, екеуінде де бұл ұғымдардың арасын әрқашан шекара бөлетінін көруге болады. Шекара шетсіз-шексіз теңіз, көл, өзен, су, асқар тау, биік шың, шөл дала, бұйрат-бұйрат құм, сыңсыған орман т.б. табиғи кедергілерден тұрады. Екеуінің де шекара көрінісін жинақтай келе, бинарлық оппозиция жоғары/төмен кеңістіктеріне жүйеленетіні байқалады. Бұлар бірыңғай биік (тау), бірыңғай ойпаң (немесе жазық) ұғымдарына, ал кейде жеке-жеке бір-бірімен кезектесіп отырады. Олардың жинақталған типтік көрінісін қазақтың қаһармандық эпосындағы тұрақты формулалық тіркеспен сипаттайық:

Асқар-асқар таулардан,  
Айдын шалқар көлдерден [9, 261].

Мифте шаман елес дүниесіндегі осындай кедергілерден данғарасының (бубен) көмегімен өтеді, оның аспабы мініп ұшатын көліктің қызметін атқарса, эпоста бұл міндет тұлпар атқа жүктеледі.

Мифтік кеңістіктегі жылдамдықтың қызметін эпоста ұшатын жүйрік тұлпар атқарады. Аттың мифтік мінездемесі эпоста айқын көрініс тапқан. Эпоста жол сипаты мен мөлшері мифтік қашықтықпен өлшенетіндіктен, оны жаратылысы «ғашықтық», ұшатын тұлпар ғана еңсере алады. «Якут және алтай эпостарында аттар күн, ай, бұлт, т.б. аспан көрінісінің ерекшеліктерімен бейнеленеді. Тұлпардың ұзындығы күндік жер, көлденеңі шақырым болатын аса үлкен. Қаһарман мифтегі кеңістік аспан әлемін де, жер астын да осындай тұлпармен аралайды. Қазақтың бақсылық мифінде Қойлыбай бақсы тұлпарлар бәйгесіне қобызын қосып, қобыз бәрінен озып келеді» [11, 95]. Алтайдың «Алып-Манаш» жырында қаһарман уақытша өлген кезде аты аспанға барып, жұлдызға айналады. Батыр тірілген кезде ол жұлдыз қайтадан тұлпар болады [12, 249].

Сонымен, мифтен классикалық қаһармандық эпосқа дейінгі даму жолында структуралық құрылымның кеңістік өрісіндегі сипаттамасында біртұтас типологиялық ортақ жүйенің орын алғанына көз жеткізу мақсатында қысқа шолу жасауға әрекеттендік. Алда мұндай бағыттағы ізденістердің нәтижесін тұрақты ету үшін эпос қатарын молайтып, оларды түрлі семантикалық өріске салып шығуға көлемді зерттеулер жүргізілуі қажет екені даусыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Леви-Стросс К. Структурная антропология. - М.: Наука, 1985. – 512 с.
- 2 Пропп В.Я. Фольклор и действительность. Избранные статьи. - Москва: Наука, 1976. – 233 с.
- 3 Басилов В.Н. Избранники духов. - Москва: Политиздат, 1984. – 208 с.
- 4 Мелетинский Е.М. Мифология и фольклор в трудах К.Леви-Стросса // Леви-Стросс. Структурная антропология. – М.: Наука, 1985. – 512 с.
- 5 Цивьян Т.В. К семантике пространственных элементов в волшебной сказке//Типологические исследования по фольклору. - М: Наука, 1975. - 203 с.
- 6 Пухов И.В. Героический эпос тюрко-монгольских народов Сибири. Общность, сходства, различия // Типология народного эпоса. - М.: Наука, 1975.
- 7 Маадай-Кара. Алтайское героическое сказание. Перевод и комментарий С.С.Суразакова. Подготовка тома, вступительная статья И.В.Пухова. - М.: Наука, 1973.- 474 с.

- 8 Мелетинский Е.М. Происхождение героического эпос. - М.: Наука, 1963. – 462 с.; Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. - М.: Наука, 1976; Мелетинский Е.М. Введение в историческую поэтику эпоса и романа. - М., 1986. – 318 с.
- 9 Ибраев Ш. Түркі эпосының типологиясы. - Астана: «Сарыарқа», 2012. - 336 б.
- 10 Мелетинский Е.М. и др. Проблемы структурного описания волшебной сказки//Труды по знаковым системам. IV. Тарту, 1969; Мелетинский Е.М. Структурно-типологическое изучение сказки // Пропп В.Я. Морфология сказки. Исторические корни волшебной сказки. - М.: Лабиринт, 1998. – 512 с.
- 11 Қазақ бақсы-балгерлері. - Алматы: Ана тілі, 1993.
- 12 Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. - Л:Наука, 1974. – 727 с.

### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются понятия пространства в мифах и эпосах тюркских народов.

### RESUME

This article deals with the concept of space in the myths and epics of the Turkic peoples.



### Аннотация

Данная статья посвящена одному из аспектов сравнительной фразеологии – пословицам концептов «дружба, друг» немецкого и казахского языков. Пословицы двух языков рассматриваются с точки зрения смыслового, структурно - семантического, лексического, структурно – синтаксического и грамматического соответствия.

*Ключевые слова:* пословицы, концепт, менталитет, словосочетание, соответствие.

### Г.И. Кусаинова

Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, канд. филол. наук, старший преподаватель

## Немецкие и казахские пословицы концептов «дружба, друг»

В немецком и казахском языках, как и в любом другом языке, имеются пословицы, в том числе пословицы концептов «дружба, друг».

В лингвистической литературе имеется много определений пословиц. По определению из словаря-справочника лингвистических терминов Розенталь Д.Э., Теленкова М.А., пословица – «образное законченное изречение, имеющее назидательный смысл, обычно характеризующееся особым ритмо-интонационным и фонетическим оформлением (параллелизм построения, стихотворный размер, звуковые повторы, рифма и т.п.)» [1, с. 222]. Автор одного из ранних сборников немецких пословиц Фридрих Зейлер характеризует пословицы как «Im Volksmund umlaufende, in sich geschlossene Sprüche von lehrhafter Tendenz und gehobener Form» [2, с. 143]. В книге «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» пословица интерпретируется как «Үлгі-өнеге ретінде айтылатын, әрі қысқа әрі нұсқа нақыл сөз» [3, с. 577].

Резюмирующей дефиницией вышеприведенных определений является: «Пословица – малая форма народного поэтического творчества, облаченная в краткое, ритмизованное изречение, несущее обобщенную мысль, вывод, иносказание с дидактическим уклоном» [4].

Пословицы любого языка раскрывают душу народа-носителя, показывают его менталитет и мы полностью солидаризуемся с тезисом: «Через пословицы ... можно приблизиться к пониманию мышления народа, к его восприятию тех или иных исторических моментов, заглянуть, если

можно так выразиться, в душу народа» [5]. Последняя цитата по смыслу соотносится с известным тезисом крупнейшего лингвиста-теоретика в мировой науке Вильгельма фон Гумбольдта о связи языка и ментальности народа: «Язык есть как бы внешнее проявление духа народов: язык народа есть его дух, и дух народа есть его язык» [6, с. 88-89].

Пословицы концептов «дружба, друг» рассматриваемых языков раскрывают менталитет немецкого и казахского народов в данной сфере.

В понимании термина «концепт» нами принимаются определения В.З. Демьянкова и И.Ю. Никишиной: «Концепт – это содержательная сторона словесного знака ... , за которой стоит понятие ..., принадлежащее умственной, духовной или жизненно важной материальной сфере существования человека, выработанное и закрепленное общественным опытом народа, имеющее в его жизни исторические корни, социально и субъективно осмысляемое и – через ступень такого осмысления – соотносимое с другими понятиями, ближайше с ним связанными или, во многих случаях, ему противопоставляемыми» [7, с. 606]; «Концепты - мыслительные образы, стоящие за языковыми знаками, означаемые языковых знаков» [8, с. 5].

Языковыми знаками рассматриваемых нами концептов в немецком и казахском языках являются лексемы «достык/татулық – Freundschaft (дружба)» и «дос/жолдас/тамыр – Freund (друг/товарищ)». Данные лексемы трактуются следующим образом: «Дружба — бескорыстные личные взаимоотношения между людьми, основанные на любви, доверии, искренности, взаимных симпатиях, общих интересах и увлечениях. Людей, связанных между собой дружбой, называют друзьями» [9].

В обоих языках имеется довольно много пословиц, репрезентирующих концепты «дружба» и «друг». Их большое количество свидетельствует о значимости понятий «дружба», «друг» для носителей немецкого и казахского языков. Эти понятия значимы и важны вообще для человека, ибо человек помимо близких по крови людей для общения должен иметь друзей, т.е. людей, которые понимают его лучше и с которыми он желает общаться в силу общности интересов и увлечений. В немецком и в казахском языках имеется пословица, которая своим содержанием подчеркивает необходимость иметь друга в жизни: *Ohne Bruder kann man leben, nicht ohne Freund. Жаман туганың болғанша, жақсы жолдасың болсын.*

Пословицы обоих языков рассматриваемых концептов носят антропоцентрический характер, т.к. они, выражая отношения между людьми и имея назидательный характер, обращены к человеку и своим содержанием привлекают его внимание к жизненным моментам, непосредственно касающихся сферы дружбы, друзей, а именно, к тому, кого можно считать другом и как следует относиться к друзьям. Здесь уместно привести слова А. Д. Райхштейна: «Пословица в обобщенном виде констатирует свойства людей ... (‘вот так бывает’), дает им оценку ‘то хорошо, а это плохо’) или предписывает образ действий (‘следует или не следует поступать так-то’)» [10, с. 40 - 41].

В немецком языке пословицы концептов «дружба, друг» нередко дают толкование того, каким бывает хороший/настоящий друг (*Ein wahrer Freund ist jemand, der alles stehen und liegen lässt, wenn du ihn brauchst. Ein wahrer Freund ist jemand, der dich auch verteidigt, wenn du nicht anwesend bist. Die besten Freunde sind die, welche einem ein Lächeln ins Gesicht zaubern, sobald man an sie denkt. Ein wahrer Freund ist ein Mensch, der zwar dein Lachen sieht, aber spürt, dass deine Seele weint*), а в казахском языке пословицы концептов «дружба, друг» содержат часто описание действий друга и следствие/результат его действий (*Жолдасын тастаған – жолда қалар. Досыңды мақтағаның - өзіңді жақтағаның. Ерегескен ел болмайды, есептескен дос болмайды*).

Полных соответствий по смыслу среди немецких и казахских пословиц концептов «дружба» и «друг» также не обнаруживается. В качестве исключения стоит лишь назвать близкую по смыслу пословицу в немецком и в казахском языках, где отмечается, что



хорошо иметь давнего друг: *Alte Freunde und alter Wein sind am besten. Заттың жаңасы жақсы, достың ескісі жақсы.*

Среди немецких и казахских пословиц концептов «дружба, друг» не обнаруживается одинаковых структурно-семантических соответствий, т.е. пословиц, имеющих одинаковую структурно-синтаксическое оформление и одинаковую лексико-семантическую наполняемость (подобно немецким и русским пословицам: *Es ist nicht alles Gold, was glänzt/ Не всё то золото, что блестит. Besser spät als nie/ Лучшее поздно чем никогда. Im gesunden Körper gesunder Geist – В здоровом теле здоровый дух).*

Общим лексическим соответствием пословиц рассматриваемого вида немецкого и казахского языков является наличие в них субстантивных лексем, обозначающих понятия «дружба» и «друг». Данные лексемы могут вступать в валентные связи с атрибутом. В ряде случаев в немецких пословицах обнаруживаются валентные атрибутивные сочетания „ein guter Freund“, «ein wahrer Freund»:

*Ein guter Freund lässt dich dumme Sachen nie alleine machen! Ein guter Freund sagt hinter deinem Rücken nette Dinge über dich. Ein guter Freund ist mehr wert als hundert Verwandte. Auf gute Freunde kann man bauen, und ihnen alles anvertrauen* и др. *Ein wahrer Freund in deiner Welt ist mehr wert als ein Haufen Geld. Ein wahrer Freund ist jemand, der alles stehen und liegen lässt, wenn du ihn brauchst.*

В казахских пословицах такие валентные атрибутивные сочетаемости нами не выявлены. Другие валентные атрибутивные сочетаемости внутри немецких и казахских пословиц концептов «дружба, друг» иллюстрируются такими примерами как

*Echte Freundschaft kann man mit Geld nicht kaufen, deshalb lass mich dir meine schenken. Zu ungleiche Freunde sind wie Hund und Herr. Geflickte Freundschaft wird selten wieder ganz. Große Freundschaft und Geschlecht machen krumme Sachen recht.*

*Жаман жолдастан жақсы дұшпан артық. Қимас досың сұраса, қимасыңды бересің. Айрылар дос ердің артқы қасын сұрайды. Айрылмастай досыңа қайрылмастай сөз айтна.*

Основываясь на наш фактический материал, заметим, что валентные атрибутивные сочетаемости чаще встречаются внутри немецких пословиц, чем внутри казахских пословиц.

В основе построения немецких пословиц концептов «дружба, друг» может лежать сравнение или сравнительная конструкция. Данный факт демонстрируют следующие немецкие пословицы:

*Freundschaft ist wie Geld - leichter zu erwerben als zu behalten. Die Freundschaft ist wie eine Tür zwischen Menschen, die mal knarrt oder klemmt, die aber nie verschlossen ist. Freundschaft ist wie ein Netz, es fängt dich auf, wenn du mal die Balance verlierst. Freundschaften sind wie Porzellanschüsseln: Lässt du sie fallen, zerbrechen sie. Freundschaften sind wie alte Brücken, die uns mit all ihrer Kraft über die Höhen und Tiefen des Lebens tragen.*

Казахских пословиц концептов «друг», «дружба», содержащих сравнения, среди нашего материала не обнаружено.

Крайне редкими являются случаи, когда помимо лексем «Freundschaft/достық» или «Freund/дос» в пословицах обоих языков используются другие одинаковые субстантивные лексемы. Такими лексемами являются немецкие слова «Salz», «Baum» и их казахские соответствия «тұз», «ағаш» в пословицах:

*Freundschaft ist des Lebens Salz* и *Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам. Freunde sind wie Bäume... Es ist nicht von Bedeutung, wie viele man hat, sondern wie tief ihre Wurzeln sind. Freundschaft ist wie ein Baum! Es kommt nicht drauf an, wie hoch er ist, sondern wie tief die Wurzeln sind* и *Ағаш тамырымен, адам досымен мықты.*

В рамках одной пословицы немецкого и казахского языков имеет место использование антонимических слов или слов-противопоставлений, антитез: Каз. *Дұшпан күлдіріп айтады, дос жылатып айтады. Жаман дос жауыңмен бірге шабады. Жаман*



*жолдастан, жақсы дұшпан артық. Дос егіз, дұшпан сегіз. Дос басқа қарайды, дұшпан аяққа қарайды. Екі жақсы қосылса, өлгенінше дос болады, екі жаман қосылса, өлгенінше қас болады. Қасың менен досыңды қас-қабағың танытар.*

Нем. *Mit solchen Freunden braucht man keine Feinde mehr. Willfahren macht Freunde, Wahrsagen Feinde. Meines Freundes Feind ist oft mein bester Freund. Viel Freunde und wenig Nothelfer. Neuem Freund und altem Haus ist nicht viel zu trauen. Weit beherret und nah befreundet.*

Использование синонимических слов в рамках одной пословицы обнаруживается в казахском языке, однако это крайне редкий случай: Дос — ажарың, жолдас — базарың. Примером подобного рода в немецком языке мы не располагаем.

В пословице казахского языка «*Айрылғысы келген дос аяулыңды сұрайды. Айрылар дос ердің артқы қасын сұрайды*» встречается словосочетание «*артқы қас (заднее веко)*», которое обозначает несуществующий в природе факт. Понятие, стоящее за данным словосочетанием, используется в казахском языке, как мы полагаем, для выражения чего-то невозможного. Подобный факт не обнаруживается в немецком языке.

Нередко в пословицах рассматриваемых концептов в обоих языках можно наблюдать повтор одного и того же слова, что используется для создания рифмы:

Каз. *Көргенді кісі көргенін айтар, көргенсіз кісі бергенін айтар. Дос сыртыңнан мақтар, дұшпан көзіңе мақтар. Дұшпан күлдіріп айтады, дос жылатып айтады. Ай көрмесең туысың жат, жыл көрмесең жолдасың жат. Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды.*

Нем. *Freundes Stimme, Gottes Stimme. Alte Wege und alte Freunde soll man in Würden halten. Viel Geld, viel Freunde. Was Fliegen lockt, das lockt auch Freunde.*

*Ein Winter ohne Schnee, ein Frühling ohne Klee, ein Sommer ohne Wespenstich - das wäre eine Freundschaft ohne dich!*

Однако отметим, что повторы слов чаще встречаются в казахском языке, нежели в немецком языке.

Для пословиц концептов «дружба, друг» обоих языков характерна рифма, которая разделяет их отдельные части и благодаря созвучию соединяет их. Примеры:

Каз. *Достың орны - төр, дұшпанның орны – көр. Босқа бергенше досқа бер. Дос болсаң берік бол, досыңа серік бол. Тектімен достас, тексіз доспен қоштас. Дос көтерер көңілді, мал көтерер өлімді. Айырылмас досыңа қайырылмас сөз айтпа. Досыңа ат берме, ат берсең, ақырын жүр деме.*

Нем. *Will ein Freund borgen, vertröst ihn nicht auf morgen. Freundes Gebrechen soll man kennen und tragen, nicht aber nennen und nagen.*

Заметим, что рифма особенно часто встречается в казахских пословицах концептов «дружба, друг».

Относительно синтаксической структуры пословиц, в том числе пословиц концептов «друг», «дружба» немецкого и казахского языков следует сказать, что они, поскольку являются завершёнными высказываниями, представляют собой предикативные образования, предложения. Среди них встречаются как простые, так и сложные предложения. Простые предложения при этом имеют вид распространённого предложения:

Нем. *In der Not erkennt man den Freund. Der Lohn der Freundschaft ist sie selbst. Beim Geld hört die Freundschaft auf. Kleine Geschenke erhalten die Freundschaft.*

*Freundschaft ist keine Dienstleistung. Ein Freund zeigt dir deine Fehler und hat dich trotzdem gern. Ein wahrer Freund in deiner Welt, ist mehr wert als ein Haufen Geld.*

Каз. *Татулық табылмас бақыт. Жолдасты жол айырады. Жолдастының жолы кең. Жалған достан жау артық. Жақсы досқа жақсы мал бер. Досың ұрса аңқылда. Досыңның пышағымен мүйіз кес.*



Пословицы в виде сложных предложений могут быть, как видно из нижестоящих примеров, сложносочиненными и сложноподчиненными. Примеры сложносочиненных предложений:

Нем. *Glück macht Freunde, aber Not bewährt sie. Echte Freundschaft kann man mit Geld nicht kaufen, deshalb lass mich dir meine schenken.*

Каз. *Дос жылатып айтар, дұшпан күлдіріп айтар. Дос басқа қарайды, дұшпан аяққа қарайды. Досыңа өтірік айтпа, дұшпаныңа сырыңды айтпа.*

*Дос сыртыңнан мақтар, дұшпан көзіңе мақтар.*

Нем. *Die Wunde, die ein Freund schlägt, heilt nie. Ein Freund ist ein Mensch, vor dem man laut denken kann. Ein Freund ist immer da, wenn ein falscher Freund nicht da ist. Dem es wohl ergeht, der hat manchen Freund. Wer vor der Hölle wohnt, muß den Teufel zum Freunde haben. Wer zwischen zwei Freunden Richter ist, verliert den einen.*

Каз. *Жаңа дос келгенде, ескі достың көзінен жас шығады. Жолдасың соқыр болса, сен де бір көзіңді қысып қой. Қадіріңді білгің келсе, көршіңнен қарыз сұра. Дос көбейсе дұшпан аяқ астында.*

По цели высказывания предложения бывают повествовательными, вопросительными, побудительными. Подавляющее большинство пословиц концептов «друг», «дружба» немецкого и казахского языков повествовательные предложения. Встречаются в обоих языках побудительные предложения, где глагол стоит в повелительном наклонении. Примеры:

*Stecke dich nicht zwischen Vettern und Freunde, sonst klemmst du dich.*

*Lach mich an, gib mich hin, ist des falschen Freundes Sinn.*

*Досың дос болғанға шаттан, дұшпанмен дос болудан сақтан. Досы көппен сыйлас, досы азбен сырлас. Досыңа өтірік айтпа, дұшпаныңа сырыңды айтпа. Дұшпаныңнан бір сақтан, жаман достан мың сақтан. Қадіріңді білгің келсе, көршіңнен қарыз сұра. Күлме досыңа, келер басыңа. Досыңа ат берме, ат берсең, ақырын жүр деме.*

Отметим, что пословиц в виде побудительных предложений больше встречается в казахском языке.

На основании наших наблюдений над пословицами концептов «дружба, друг» в немецком и казахском языках делаются следующие выводы.

Пословицы концептов «дружба, друг» составляют большую группу во фразеологии немецкого и казахского языков. Они характеризуются лишь отдельными интегральными соответствиями на лексическом, структурно-синтаксическом уровнях.

К соответствию, затрагивающему лексический уровень, относится наличие в составе немецких и казахских пословиц лексем «Freund - дос, Freundschaft - достык». Общим лексическим моментом пословиц концептов «дружба, друг» немецкого и казахского языков можно считать частое употребление анатомических пар слов «Freund – дос и Feind – жау/қас» внутри одной пословицы.

К соответствию структурно-синтаксического плана пословиц рассматриваемого вида обоих языков относится наличие в обоих языках пословиц в виде повествовательных и побудительных предложений и отсутствие пословиц в виде вопросительных предложений. Пословицы обоих языков бывают как простыми предложениями, так и сложными. Простые повествовательные предложения пословиц имеют вид распространенного предложения. Сложные предложения пословиц концептов «дружба, друг» немецкого и казахского языков представлены обеими разновидностями – сложносочиненным предложением и сложноподчиненным предложением.

Что касается других грамматических моментов пословиц концептов «дружба, друг» обоих языков едва ли можно найти какое-либо сходство, что обусловлено принадлежностью немецкого и казахского языков к разным типам языков, а именно, немецкого языка – к флективному типу, а казахского языка – к агглютинативному.

Относительно семантики пословиц рассматриваемых концептов обоих языков, следует подчеркнуть, что абсолютно тождественные и частично тождественные соответствия в немецком и казахском языках отсутствуют, что можно объяснить разным менталитетом носителей данных языков.

Рассматриваемые пословицы немецкого и казахского языков на всех языковых уровнях имеют больше различий, чем совпадений. Данное высказывание находит логическое подтверждение в словах автора первой монографии по сопоставительной немецкой и казахской фразеологии М.Т. Сабитовой о том, что между пословицами немецкого и казахского языков «превалирует различие над сходством» [11, с. 145]. А это значит, что видение мира у немецкого и казахского этносов, в том числе взгляды относительно концептов «дружба», «друг», у них разнятся, не совпадают.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. - Москва «Просвещение», 1985. - 400 с.
- 2 Friedrich Seiler. Deutsche Sprichwörterkunde. München, 1922, S.1-5, 11-18//A.Iskos, A. Lenkova. Lesestoffe zur deutschen Lexikologie. Хрестоматия лексикологии немецкого языка. - Ленинград «Просвещение», 1975. - 280 с.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. - 967 с.
- 4 Пословица. Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Пословица>
- 5 Казахские пословицы и поговорки на казахском языке с переводом на русский язык. Режим доступа: [http://www.bilu.kz/poslovicy\\_pogovorky.php](http://www.bilu.kz/poslovicy_pogovorky.php)
- 6 Гумбольдт Вильгельм. О различии строения человеческих языков и его влиянии на духовное развитие человеческого рода(извлечения)//Избранные труды по языкознанию / Пер. Г.В.Рамишвили. - М.: Прогресс, 1984. - 400 с. Режим доступа: <http://philologos.narod.ru/classics/humboldt.htm#dif>.
- 7 Демьянков В.З.. Термин «концепт» как элемент терминологической культуры // Язык как материя смысла: Сборник статей в честь академика Н.Ю. Шведовой. – М.: Издательский центр «Азбуковник», 2007. - С. 606–622. Режим доступа: [http://www.infolex.ru/FOR\\_SHV.HTM](http://www.infolex.ru/FOR_SHV.HTM)
- 8 Никишина И.Ю. Понятие «концепт» в когнитивной лингвистике. С. 5-7// Язык, сознание, коммуникация: Сб. статей / Отв. ред. В. В. Красных, А. И. Изотов. - М.: МАКС Пресс, 2002. - Вып. 21. - 184 с.
- 9 Значение слов «дружба, друзья». Режим доступа: <https://ru.wikiquote.org/wiki/Дружба>
- 10 Райхштейн А.Д. Немецкие устойчивые фразы. Пособие по лексикологии немецкого языка для студентов старших курсов педагогических институтов. Ленинград, 1971. – 184 с.
- 11 Сабитова М.Т. Основы немецкой и казахской сопоставительной фразеологии. - Алматы, 1999. - 184 с.

### ТҮЙІН

Мақала салыстырмалы фразеология аспектісіне арналған. Неміс және қазақ тілдеріндегі «достық, дос» концепт мақалдары сипатталады. Бұл мақалдар семантикалық, лексикалық, грамматикалық-құрылымдық сәйкестілік тұрғысынан қарастырылады.



## RESUME

This article is dedicated to the interesting aspect of phraseology – to the proverbs concepted on “friendship”, “friend” in German and Kazak languages. The proverbs are considered from semantic, lexical, structured and grammatical accordance point of view.

ӘОЖ 82.08:159.9

### Аннотация

Мақалада ұлттық прозада тұңғыш рет өзіндік даралық стиль қалыптастырып, психологиялық прозаның күрделенген, өсіп өркендеген классикалық үлгісін жасаған М.Әуезовтің суреткерлік шеберлігі айтылады. Әдебиеттану ғылымындағы психологизм мәселесі қарастырылып, М.Әуезовтің көркемдік әдісті қолданудағы ерекшелігіне талдау жасайды. Жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясында психологизмнің шебер үлгісін жасап, әлем әдебиетінің қымбат қазынасына үлкен үлес қосқанын дәлелдейді.

*Түйін сөздер:* психологизм, роман-эпопея, психологиялық проза, жазушы, ақын, кейіпкер.

## А.М. Картаева

С. Аманжолов атындағы  
Шығыс Қазақстан мемлекеттік  
университеті,  
филол. ғыл. д-ры, профессор

## І. Нұратаева

С. Аманжолов атындағы  
Шығыс Қазақстан мемлекеттік  
университеті, магистрант

# М. Әуезов шығармашылы- ғындағы психологизмнің классикалық үлгілері

Әдеби шығарманың көркемдік құрылымына тән қасиет - психологизм. Ұлттық прозада тұңғыш рет өзіндік даралық стиль қалыптастырып, психологиялық прозаның күрделенген, өсіп өркендеген классикалық үлгісін жасаған суреткер. М.Әуезов өзінің 20-30 жылдары жазған әңгімелерінде психологизмді дамытты. Оның алғашқы туындыларының өзі ұлттық әдебиетте шындықты тану мен көркемдік бейнелеудегі өзгеше беталысты белгіледі.

«М.Әуезовтің алғашқы кезде жазылған әңгімелерінен бастап қазіргі қазақ прозасы психологизмді жеке мәселе етіп қарауға, зерттеуге мүмкіндік беріп отыр» [1, 1].

«Адамның жан дүниесін бейнелеу, психологизм, әрине, бір ғана жанрдың, психологиялық романның шеңберімен шектелмейді... Кең мағынадағы психологизм көптеген шығармалардан табылады. М.Ю.Лермонтов Печорин бейнесін мүсіндеуі психологизмнің үздік үлгісі дей аламыз. Қазақ әдебиетіне көз салсақ, «Абай жолы» тарихи роман, «Қан мен тер» әлеуметтік роман дей отырып, М.Әуезов пен Ә.Нұрпейісов адамның психологиясын, әр алуан көңіл күйін мейлінше нанымды, әсерлі бейнелейтініне сүйсінбей қала алмаймыз» [2, 280].

Көркем проза адам психологиясының ішкі иірімдері, күрделі де терең ойлау жүйесі, сана мен сезімдегі жанды қозғалыстарды ашу арқылы идеялық-эстетикалық ізденістердің жаңа жолдарын



ашты. Т.Жұртбаев «Ұлы қаламгердің қилы кезеңі» атты еңбегінде М.Әуезовтің мына пікірін ұсынады: «... Орыс жазушыларында анық сүйетінім: Толстой, Достоевский. Адам жанын соларша қойма ақтарғандай ақтармаған соң, жазушылықтың мәні де жоқ. Прозаға психология араласпаса өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы» [3, 132]. Көркем шығарманың табиғатын түсіну үшін оған терең психологизм қажет. Жазушының көрсеткелі отырған идеясының, суреттеп отырған оқиғасының, кейіпкер бейнесін сомдауының түп негізі психологизммен өріле беріліп, оқырманға әсер ете білуі қажет. Ал оны оқып отырған оқырманның жіті психологиялық қабылдауы, әсіресе, биік талғамы болуы керек.

Белгілі орыс әдебиет зерттеушісі Л.С.Выготскийдің дәлелдегеніндей, шығарма мазмұны өз ой-санаңнан, жан дүниенен өткізіп, терең сезінбей оны түсініп білу, яғни, психологиясыз тану екіталай [4, 23].

Қазақ романдарындағы психологизм мәселесін арнайы зерттеген ғалым Б.Майтановтың еңбегінде былай делінген: «Көркем әдебиеттегі психологизм табиғаты – ғылыми, әдеби мәні мол күрделі мәселе. Ол туралы арнайы зерттеу сипатты пікір Н.Г.Чернышевский, Л.Н.Толстой шығармашылығына қатысты нәзік топшылау тұжырымдарынан басталатын тәрізді. Сыншы тұңғыш рет осынау көркемдік-эстетикалық принциптің мазмұны мен ішкі бағдары туралы терең байламдар түйген еді. Біраз уақыт тасада қалған психологизм бағдары қазіргі таңда, қоғамдық ойдың жаңа белесінде қайта көтеріліп, өмірлік-эстетикалық мағына алып, әдеби процесте қайта өрістеп отыр» [5, 3].

М.Әуезовтің басты шығармасы - «Абай жолы» эпопеясын парақтаған сайын әр беттен осындай сындарлы сымбатқа кезігесің. Психологиялық құбылыстарға келгенде, М.Әуезов адамның қимыл әрекетін, мінез құлықтарын көз алдыға сол қалпынша жайып салады.

М.Әуезов эпопеяда Абай мен Тоғжанның ыстық кездесуіндегі іңкәр жастардың құштарлықта тұрған сәтін Абай өлеңіндегідей шынайы суреттейді. Әсіресе Абай өлеңіндегі «қызарып», «сұрланып», «лүпілдеп жүрегі», «ісініп», «суынып», «қысылып», «құбылып», «сүйісіп», «мас болып» тағы басқа көптеген синтаксистік қайталамалар арқылы жасалған етістіктің бұл түрі адам баласының бойындағы неше алуан мың құбылған сезімдерді жандандырып айқындап тұрғандай. Жазушы ақын өлеңіндегі осы сөздерді екі ғашықтың кездесу сәтіне орайластырып, ғашықтық құмарлықта тұрған жастардың психологиялық сезіміне дөп басады.

М.Әуезов «Абай жолында» Тоғжанды сипаттай келіп, былай дейді: «Әлденеден, белгісіз себептен Тоғжан пішіні қызара түсіп сұрланады. Толқып қайтып тұрған ұяңдық па, басқа ма? Әйтеуір өзінше, өзгеше тыныс алып, лүпіл қағып тұрған бір сезім бар» [6, 109].

Тоғжанның аппақ жүзі, үлкен қара көздері, қырлы мұрны, қалың өрілген қос бұрымы тағы басқа әр алуан қыз бойындағы эмоционалдық толқу мезеттері шеберлікпен өріле беріледі.

Абайдың ақындық шеберлігіне академик Қ.Жұмалиев мынадай баға береді. «... өз сезімінің ұшын көрсетпей, басқа адамдардың ішкі сезімдеріндегі психологиялық моменттерді, сырттан ғана бақылап, сырттан ғана суреттеуші болып көрінуі және сол қаһармандарының басында болған халдерге оқушыларын бой сұндырып, солардай сезіндіре білуі Абайдың үлкен психолог, «жан жүйесінің инженері» екендігін айқындайтын негізгі мәселенің және бірі деуге болады» [7, 312].

Басты психологиялық құбылыс – Абай мен Тоғжанның бір-бірін өз жүрегіндегі отты сезімге лайық биіктен көруге ұмтылысы, ғашық көңілдерін қапысыз тануға ниет қоюы. Сүйіспеншілік сырын Абай ашық түрде, Тоғжан сыпайы, ұяң түрде жеткізеді. Абай өлеңіндегі қос ғашықтың психологиялық сезімдерін жазушы эпопеяда қарасөзбен былай деп өрнектейді. «Абай бұл кезде Тоғжанның жанына қалай жеткенін білген жоқ. Екеуі қалың ағаштың арасында, ай сәулесі үзіліп түсіп тұрған бір алаңқайда кездесті. Бір-біріне

ұмтылып келгенде, Тоғжан жылап жіберіп, Абайдың құшағына кіре берді. Жасқа толған көздерін сүйген жігітінің төсіне басып тұрып қапты. Екі иығы шошынып қысылғандай, дір-дір етті» [7, 213].

Жазушы Тоғжан сымбаты, жүзіндегі қимыл-қозғалысындағы жан сүйсіндіргендей нәзік, таза сұлулық пен осы сұлулықтың жас Абайға әсерін, ол әсермен Абайдың жан дүниесін осынша тереңнен қозғап, табындырып алған сұлулық сырын егіз алып суреттейді. Қаламгер Тоғжанның періштедей таза көркінен Абайдың ішкі толғанысына, ол толғаныстан қайтадан Тоғжанға ауысып отырады, тіпті кей тұстарда бұл екі жайды қатар егіз, бір сәттің аясында алдырып бейнелейді. Оның үстіне осы бір кереметтей сұлулық пен сол сұлулықты танып, сол сұлулыққа табынған жүрек табиғат тамашасы үн қосқанда, кейіпкердің жан дүниесі ерекше көркейе түседі. Махаббат лирикалары Абайдың психолог ақын екендігін дәлелдейді. Ғашықтар келбеті, жан дүниелері, күй-жайы, іс-әрекеттері, сезім толқыныстары мен жүрек соғыстары соншама бір сезімталдық, көрегендікпен айнымай беріледі. Ардан, ұяттан әлі арыла қоймаған саф алтындай таза сезімдер «лүпілдеп жүрегі», «жүрекпен алысып», «жүрегі елжіреп», «жүрекке құйылар», «өргенген жүрек» деген психологиялық образды сөздер арқылы кестеленеді. Мысалы, «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін алайық. Желсіз түн. Нұрын төккен жарық ай. Күркіреп тасыған терең сай, дем ала алмай шошып елең қаққан екі жас, дүрсілдеген жүректер. Табиғат сұлулығы, махаббат сұлулығы. Ғажап бір үйлесіммен тоғысып жатқан жоқ па? Жан дүниесі күнәдан пәк, алғашқы махаббат иелерінің ғана жүрегі гүрілдеп аққан өзенге қосыла дүрсілдеп тұр емес пе? Шынайы ғашықтар сезімін ақын дүрсілдеп соққан жүрек лебімен осылай береді.

Абай мен Тоғжанның соңғы айырылысар шақтағы кездесуін эпопеяда: «Абайдың көз алдында Тоғжанмен ең соңғы айырылысар шағын соншалық ап-ашық айдай айқын боп келеді. Қақ қасында тұрғандай, жаңа ғана болып өткен хал сияқты.

Тоғжан сол бір желсіз, тұнық кеште, жым-жырт сайда ымырт жабылар шақта Абайды өзі іздеп келді. «Жетсін!» деп шақыртқан да өзі болатын», - деп жазушы суреттейді [7, 240].

М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясында Абайдың басындағы осы күйді ішкі сыры ретінде былай деп береді:

- ... Мен өз өмірімнің, қабірге кіргенше ұмытылмас шағын айтсам ол – сүюден кешкен зарым еді. Өлі күнге жадымнан бірде-бір сәт көмескі тартып, ұмытылмайтын, жүрек таңым бар еді. Ол азғантай ғана дәурен сүрген қос ынтызар тірлігі болатын. Ай батқандай жоғалған, маған бұйырмастан кеткен ынтығым! Шын ғашығым – Тоғжан еді. Айрылғаным көп заман болды, бірақ осы күнге шейін кішкентай бір езу тартқан күлкісіне шейін көз алдымда [7, 423].

Сүюден, ұмытудан жалықпаған ақын әңгімесінен оның зарыққан, сағынышты күй кешіп жүрген өкінішті күйін көреміз. Арманы алыста екенін айтып, шарқ ұрған ақынның жан толғанысын жазушы осылай бейнелейді.

Абайдың сүйікті ұлы Әбдірахман мен Мағрипа арасындағы махаббат та эпопеяда аянышты баяндалады. Екі ғашықтың өмірі де трагедиямен аяқталады. Екеуінің арасындағы үлкен қасірет, алдарынан күтіп тұрған сұм ажал бар. Ажалдан қорықпайтын, махаббаты үшін өмірін қиған Мағыштың образы жүрек тебіренерлік қайғылы болып көрінген. «Абай жолы» эпопеясындағы Мағыштың сөзіне көз жіберсек:

- ... Тіршілік шын сүйген жанмен жаныңды қызыққа да, қауіпке де түгел қосқан күні шын жақсы тірлік болса керек. Мен Абай ағамның кітабынан ұққаным рас болса, осылай еді. Жан қиысқан достықты іздеймін. Сіздің басыңызға не келсе, соны бірге көтеріп, өмір кешіп өтсем арманым жоқ! [8, 224].

Әбіштің басындағы бар тауқыметті бірге көруге әзір. Тағдырдың талқысын мойындамаған жүректі қыздың жан қиысқан достықты іздейтініне көзіміз жетеді.

«Абай жолы» эпопеясында М.Әуезов кейіпкердің терең жан азабын былай деп суреттейді: «... Бұл сәтте де шерден туған қасірет өлеңі оралып, құралады. Ол күрсінуден,



жалынудан... шарасыз сенделуден туған күй... сөзбен шыққан жан жалыны. Жүректен атылған, сол жүректің ыстық қаны. ...Әйтеуір тынымсыз да толассыз бір қауіп шошыған жүректі қатал тұяқпен қатты сығымдап алған. Шеңгелдеп қысып, сәт сайын зәр-зарын төктіреді. ... Бірақ Әбіштің жайын ойласа осылайша оңаша, құпия сыбырлап, күйлі шер шертпеске шарасы жоқ» [8, 415].

«Абай жолы» эпопеясындағы Әбдірахманның өмірден қайтар алдындағы әкесі мен жарына жазған хаты жан тебіренерлік аянышты еді. «Мағаштың арабша жазуға көзі түсіп еді, «Аға, қош! Арманым – тілегінді ақтай алмадым... Барымды бере алмай кеттім! Тағы арманым - Мағыш! Қызығым едің!... Ғашық жарым!» [8, 436]. Жазушы суреттеген кейіпкердің психологиялық аянышты күйі хат арқылы бізге танылады. Әбіштің жазған хатынан кейіпкер психологиясының терең жақтарын түсінгендей боламыз.

М.Әуезов эпопеяда Әбіш жайын айтқанда, үнемі кейіпкер жан дүниесіндегі психологиялық әр алуан сезімдердің астаса келуін көрсетеді. «Абай жолы» эпопеясындағы «Қарашығын», «Қапада» тарауларында Әбіштің ауыр сырқаты баяндалып, оның өмірден өтуі аянышты суреттеледі. Әбіш өліміне қайғырған әке зарын, оның қайғыға салынғанын, жұбаныш еткенін, болашақтан үміт күткенін, өзіне тоқтау салғанын, көңіл айтқанын - әр түрлі психологиялық сезімдердің осындай тоғысқан жерін жазушы шебер келтіреді.

Сонымен, М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында психологизмнің шебер үлгісін жасап, әлем әдебиетінің қымбат қазынасына үлкен үлес қосты. Қазақ әдебиетіндегі прозада тұңғыш рет өзіндік даралық стиль қалыптастырып, психологиялық прозаның күрделенген, өсіп-өркендеген классикалық үлгісін жасады. Сондай-ақ М.Әуезов кейінгі әдебиетте, соның ішінде, қазіргі қазақ прозасында психологизм мәселесінің озық дәстүрін қалыптастырды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ержанова Г.Б. Қазіргі қазақ повестеріндегі психологизм мәселелері (70-80 жылдар): Канд. дис. - Алматы, 1994. - 126 б.
- 2 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. - Алматы: Ана тілі, 1998. - 384 б.
- 3 Жұртбаев Т. Ұлы қаламгердің қилы кезеңі // Жұлдыз. - 1991. - №10. - Б.129-149.
- 4 Выготский Л.С. Психология искусства. - Москва: Педагогика, 1987. - 341 с.
- 5 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. - Алматы: Санат, 1996. - 336б.
- 6 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. I т. - Алматы: Жазушы, 1989. - 608 б.
- 7 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2 т. - Алматы: ҚМКӘБ, 1960. - 364 б.
- 8 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. 2 т. – Алматы: Жазушы, 1989. - 616 б.

## РЕЗЮМЕ

В статье говорится о художественном мастерстве М.Ауэзова, создавшего классический образец осложненной развивающей психологической прозы, впервые сформировавшей в национальной прозе своеобразный индивидуальный стиль. Рассматривается проблема психологизма в литературоведении, дается анализ своеобразного использования М. Ауэзовым художественного метода. Раскрывается то, что писатель мастерски создал пример психологизма в романе-эпопее «Путь Абая», внес огромный вклад в богатую сокровищницу мировой литературы.



## RESUME

The article deals with the artistic skill of M.Auezov, who created an iconic piece of complicated, developing psychological prose and formed an individual style in national prose. The issue of psychologism in literary studies is considered. Also, the usage of artistic methods is analysed. Moreover, it is revealed that the poet skillfully created an example of psychologism in the epic novel «The path of Abay» and noted that the poet made a huge contribution to the world's golden treasure of literature.



### Аннотация

Бұл жұмыста авторлар Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларынан мысалдар келтіре отырып, кейіпкер портреті мен мінездеме-портретті арнайы қарастырады. Сол мысалдар арқылы С.Торайғыровтың портрет жасаудың ерекше шебері екендігін көрсетеді. Басқа ақын-жазушылар әйелді сұлу етіп суреттейтін болса, С.Торайғыров, керісінше, «жылтырағанның бәрі алтын емес» дегенге саяды.

*Түйін сөздер:* портрет, мінездеме-портрет, кейіпкер, мінез-құлық, сипаттау, авторлық баяндау.

### Ж.Қ. Балтабаева

Инновациялық Еуразия университетінің колледжі, филол. ғыл. магистрі, оқытушы

### Ғ.Қ. Резуанова

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, филол. ғыл. канд., доцент

## С. Торайғыров қолданысындағы кейіпкер бейнесін беруші тілдік-стильдік тәсіл

Көркем шығарманы талдауда кейіпкерге қатысты айтылып, қатар жүретін термин – портрет. Портрет көркем шығарманың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Портреттің мазмұндық және формалық түрлері, яғни көлемі шағын және көлемдісі болады. Талдау барысында портреттің сөздік құрамын қарастырудың да маңызы бар. Өйткені кейіпкер туралы жан-жақты мәлімет тілдік құралдардың сұрыпталуы мен қолданылуына қарай анықталады. Автордың портрет жасаудағы ерекшелігі кейіпкерді суреттеуде адамға қатысты қандай ерекшеліктерді қамтығанынан байқалады. Мәтіндегі портретте, автор әдетте адамның денесі мен оның мүшелерін, киген киімін, бет өзгерісі мен дене қимылын, тұрған тұрысын сөз етеді. Бұлар портрет компоненттері болып табылады. Әрбір компонентті суреттейтін, сипаттайтын сөздер іріктеледі. Ол сөздер адамның бүкіл сырт тұрпатынан бастап, ішкі сезім, жай-күйлеріне дейін сипаттап шығады. Г.Смағұлова «адамның сыртқы тұрпатын, яғни дене мүшелерін суреттеуде дене мүшелерінің атаулары, яғни соматикалық (грек сөзі – дене) атаулар (соматема) сипаттаса, ал киген киімін вестиалды (латынша – киім-кешек) сөздер (вестема) суреттейді. Қимыл-қозғалысын кинетикалық (грек сөзі – қозғалыс) сөздер (кинетема) тобы суреттейді» дейді [1,72]. Сонымен, портрет – көркем шығарманың тұрақты құрамдас бөліктерінің бірі ретінде



кейіпкердің кескін-келбетін, жүріс-тұрысын, киім киісін суреттеу арқылы толыққанды бейне, кейіпкер мінездемесін жасаушы амалдардың бірі.

Мінездеме-портрет – қаламгерлер шығармаларында жиі кездесетін портрет түрі. Мінездеме-портрет – кейіпкердің сырт тұлғасы мен мінезінің қатар суреттелген түрі. Тұлға мен мінез сәйкестігі – портрет-мінездеменің негізгі белгісі.

Портрет мазмұнының ғана емес, оның құрамының да кейіпкер мінезін беруде үлесі бар. Көркем шығармадағы портреттік суреттеулердің құрамы негізгі үш құрамдас бөліктен (компоненттен) тұрады:

1. адам денесі мен оның мүшелері;
2. киген киімі;
3. бет өзгерісі (мимика), қимылы (жест), дене тұрысы (поза).

Портрет құрамындағы компоненттер жеке қолданылмайды, олардың алдынан компоненттерді түрлі белгілері жағынан айқындайтын сөздер жүреді. Портрет компоненттерінің белгілерін атайтын сөздер сипаттаушы сөздер деп аталады. Сипаттаушы сөздер кейіпкерлердің кескін-келбетін, киген киімін анықтай, түстей танытады. Олар компоненттерді түрлі қырынан айқындап, дәлдейді. Сипаттаушы сөздер екі түрлі белгіні атап көрсете алады:

1) портрет компоненттерінің сыртқы физикалық белгілері (ұзын көйлек, тостаған көз). Бұл топтағы белгілерді «сыртқы белгілер» деп атаймыз.

2) адамның интеллектуалдық, психикалық, эмоциялық белгілері (мейірлі көз, ісмер саусақ, жылы жүз, т.б.). Бұл «ішкі белгілер» деп аталады.

Сонымен кейіпкердің сезімін, күйіну не сүйіну халін түсінуге оның көркем сөзбен жасалған сыртқы пішіні, кескін-кейпі (портрет), мінез-құлқы, наным-сенімі (мінездеу), ішкі ойы (монолог), басқа адамдармен қарым-қатынасы (диалог) көмектеседі [2].

Айтқанымыз түсінікті болу үшін қазақтың біртуар қаламгері С.Торайғыров шығармаларындағы кейіпкерлер бейнесін қарастырайық. Кейіпкерлер жеке тағдырларымен, өзіндік сөз саптауларымен ғана емес, ешкімге ұқсамайтын кескін-келбеттерімен, киім-киістерімен, жүріс-тұрыстарымен де есте қалатынын аңғаруға болады. Автор өз кейіпкерлерінің бейнесін жасауда олардың портретін, киім-киісін, жүріс-тұрысын суреттеуге айрықша көңіл бөледі. Мәселен, *«Жіңішке сымға тартқан әні қандай. Балауыз балбыраған тәні қандай. Ақыл, ой, мінез, көрік түгел келіп, Толықсып толып тұрған сәні қандай. Ертікен іші-баурыңды көзі қандай, Бал тамған майда бұлбұл сөзі қандай. Жұп-жұмсақ, бып-биязы ішке кіріп, Жайтаңдап жан күйдірген көзі қандай! Күлгенде көзіңді алып кірсіз тісі, Қайнамас оны көріп кімнің іші? Алмас қылыш жүзінде аударылған, Сүйгізіп көлеңкесі әрбір ісі. Нұрлы жүз жан-жағына сәуле шашып, Бойының мінсіздігі онан асып. Өзгеден сып-сыпайы һәм сүйкімді, Ең арты жүрсе-дағы аяқ басып. Толған ай шілдедегі жалт-жұлт еткен Мүбәда көрген кісі қиыр шеттен. Көлеңкесі күйдіріп күні-түні, Есінен екі-үш айда әрең кеткен»* [3].

Жоғарыдағы мысалдан көргеніміздей Сұлтанмахмұт кейіпкер портретін берудің асқан шебері. С.Торайғыров шығармаларында ерекше көзге түсер тәсілдің бірі, көркемдік компоненттерден ерекше көзге түсетіні де осы – портрет екендігін айтуымызға болады. Қаламгер әр қаһарманының, эпизодтық тұлғасының қайталанбас кескінін немесе әр тұстағы жан толқуымен тамырлас жаңа өрнектерін шебер кестелей біледі. Мәселен, «Қамар сұлу» романындағы Жорға Нұрымның портреті: *«Нұрымның зұлымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен былш-былш насыбай, ішпей мас, әрі нас елу шамасында жасы бар, қой сақтардың басындай басы бар, жай форманың өзі сұп-суық бүйі секілді түксиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, добыра сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді»* [3].

Бұдан ары қарай Нұрымның бейнесі былайша ашыла түседі: *«Бұл өзі жеті атасынан бері уызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық*



*етпеген, басы сәждеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді-бірге атыстырып, елін қан жылатумен шынжыр балақ, шұбар төс, қанды ауыз атанған бір жауыз еді» [3].*

Демек, С.Торайғыров кейіпкерлердің сырт бейнесін, бет-әлпетін суреттегенде соған қоса кейіпкерлерінің киімін, мінезін, тіпті қасына ерген адамдарына дейін бүге-шігесін қалдырмай жан-жақты сипаттап береді және осындай суреттеу оның шығармаларында жиі кездеседі.

«Қамар сұлу» романындағы Жорға Нұрымның портреті көбіне қарапайым сөздер арқылы жасалады. Нұрым портретінің қарапайым сөздермен берілуі оның мінезі мен бейнесіне байланысты болып тұр. Өзі надан жауыз адамды әсем сөздермен сипаттау еш мүмкін емес. Романда қарапайым сөз арқылы Нұрымның бейнесі аша отырып, автор өзінің оны жақтырмайтын көзқарасын мысқылмен қоса өрбітеді: *“Бұл өзі жеті атасынан бері уызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, басы сәждеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді-бірге атыстырып, елін қан жылатумен шынжыр балақ, шұбар төс, қанды ауыз атанған бір жауыз еді. Белгілі: қазақта ондай залым адамдардың өзіне қауіптілеу орынды күзеттіріп, сорпа-сумен алдап қоятын иттері болатын. Сол арсылдатып қойған иттерінің ең басты төбеті - біздің Оспан би еді. Сол кезде бұл екеуінің залымдығына бір өлеңшінің айтқаны есімде қалыпты:*

*Халқыңды қан жылаттың Жорға Нұрым.*

*Болдың гой заманымда сорға Нұрым!*

*Оспан деген жұтқышы тағы шықты,*

*Бара-бара қайтерсің, қайран күнім!.. [3]*

*деп, әрі қарай Нұрымның зұлымдығын әшкерелей түседі.*

Портрет кейіпкер бейнесін беруде маңызды қызмет атқарады. Ғалымдар көркем әдебиеттегі портретті екіге бөледі: ситуациялық және жалпы портрет. Жалпы портретте көркем бейненің өзіне тән үнемі болып тұратын сипат белгілері суреттелсе, ситуациялық портрет кейіпкердің бір сәттік эмоциялық кейпін береді. Мәселен, *«Басы репетейсіз үлкен, мойны қылдырықтай, шибұт, қамытаяқ, не әкесі сияқты қойкөз аққұба емес, не шешесі сияқты қараторы емес. Қоңқақ мұрын, мойыл көз жалпақ сары» [3]. Немесе «Бұл – мұрнының ұшы қылыштан кетіліп, танауы сәңірейген, көсе, жасы елудің жуан ішіндегі, жалпақ бет, селдір бурыл мұртты қарт адам еді» [3].*

Сұлтанмахмұттың тағы бір ерекшелігі оған дейінгі ақындар тек жаман әйелдерді шығармаларына арқау етсе, Сұлтанмахмұт «қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады» деген сұрауға жаман қыз бейнесін жасау арқылы жауап береді. «Бүгінгі жаман қыз – ертеңгі жаман әйел» деген қорытынды шығарады.

Сұлтанмахмұттың бұл тақырыптағы өлеңдері мыналар: «Қайқы құйрық, шұбар қыз, істік мұрын» (1907), «Сымбатты сұлуға» (1914). Ақын шығармасын зерттеген А. Еспенбетов былай дейді: «Махмұттың 1907 жылы жазғандарынан бізге жеткені екі шығарма: «Қайқы құйрық шұбар қыз, істік мұрын» және «Таңқы мұрын, быртиған, қара бұжыр». Бірінші өлеңде «Бұлғақтаған ерке-шолжың бай қызының» өрескел мінезі мен келіссіз «сыртқы форымын» сынаса, мал-басының байлығына сеніп жас қызды әйелдікке алмақшы болған «Таңқы мұрын, быртиған, қара бұжыр» бір дәулетті адамды сықақ етеді. Мысалы: *«Қайқы құйрық шұбар қыз, істік мұрын, Кім білсін, қандай екен ішкі сырың. Әдепсіз, молда алдында тасыраят, Біле алмай отыруды әнтек қырын. Бай қызы бұлғақтаған, ерке-шолжың, Күңге лайық кескін мен сыртқы формың, Жібек, торғын жапқанмен көрініп тұр, Жүндеген түйедей боп, қара қайыс».*

Осындағы құйрық, шұбар, істік деген сөздердің өзі тосын қолданыс. Шернияздағы *шот желке, шолақ айдар, күң дер едім* деген сөздер *күңге лайық кескін мен сыртқы формың* деген жолмен бірдей.

